



ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІМІЗ АНТОЛОГИЯСЫ



Алтын Орда дәуіріндегі әдеби жәдігерлер
(діни-дидактикалық шығармалар)



3

ТОМ



«Ұлы дала жауһарлары» сериясы
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры»
еңбегінде көтерген бастамасымен «Рухани жаңғыру»
мемлекеттік бағдарламасының аясында жүзеге асырылды





**«ҰЛЫ ДАЛА ЖАУҒАРЛАРЫ» СЕРИЯСЫНЫҢ
РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ**

Көшербаев Қ.Е., кеңес төрағасы

Әлібекұлы А.

Дербісәлі Ә.Б.

Қалиева А.Қ.

Қасқабасов С.А.

Қирабаев С.С.

Қорабай С.С.

Қыдыр Т.Е.

Матғыжанов К.І.

Сағындықұлы Б.

Хамраев А.Т.

Ыбыраев Ш.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы

БЕС ТОМДЫҚ



АЛТЫМ ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИ ЖӘДІГЕРЛЕР (ДІНИ-ДИДАКТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР)

3 - том



Алматы, 2020

УДК 821.512.122

ББК 84(5Қаз)

Ұ 46

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша шығарылды**

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

К.І.Матыжанов (жалпы редакциясын басқарған),
С.С.Қорабай (жауапты редактор), Т.Е.Қыдыр (жауапты шығарушы),
А.Жұматаева (редактор).

Пікір жазғандар:

Филология ғылымдарының докторы, профессор Х.Миннегулов
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент А.Әлібекұлы

«Ұлы дала жауһарлары» сериясы. «Ежелгі дәуір әдебиетінің антология-
Ұ 46 сы»: Бес томдық. – / Томды құрастырып, баспаға дайындаған: Т.Е.Қыдыр.
– Алматы: Evo Press, 2020.

ISBN 978-601-7588-23-6

Т.3: Алтын Орда дәуіріндегі әдеби жәдігерлер (діни-дидактикалық шығармалар). - 2020. - 576 б.

ISBN 978-601-255-218-8

«Ұлы дала жауһарлары» сериясы. «Ежелгі дәуір әдебиеті» антологиясының 3-томына Алтын Орда дәуірінде жазылған діни-дидактикалық шығармалар еніп отыр.

Кітаптың электронды нұсқасын көрсетілген QR код арқылы танымал порталдар мен сайттардан жүктеп алуға болады.

Антология мектеп оқушыларына, жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттеріне, әдеби мұраны қастерлейтін қалың оқырман қауымға арналған.


УДК 821.512.122

ББК 84(5Қаз)

ISBN 978-601-7588-23-6

ISBN 978-601-255-218-8

© М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2020



Ұлы дала әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді.

Сондықтан біз, біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек.

Екіншіден, мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет...

Үшіншіден, еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет.

*Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы
Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласынан*

МАЗМҰНЫ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАДАН	8
НАСИРУДДИН БҰРҢАНУДДИН РАБҒҰЗИ	
«Қиссасул-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы»).....	14
Аудармасы	18
Транскрипциясы.....	75
Факсимилесі	128
МАХМУД КЕРДЕРІ	
«Нәһжүл-фәрадис» («Жұмақтардың ашық жолы»).....	133
Аудармасы	137
Транскрипциясы.....	193
Факсимилесі	245
ИСЛАМ	
«Мұғинул-мүрид» («Мүридке көмекші»).....	250
Аудармасы	254
Транскрипциясы.....	314
Факсимилесі	369
ХУСАМ КӘТІП	
«Жұмжұма сұлтан».....	374
Аудармасы	376
Транскрипциясы.....	396
Факсимилесі	417
«КЕСІКБАС КІТАБЫ»	
Аудармасы	424
Транскрипциясы.....	436
Факсимилесі	446

М.С.Р.

«СИРАЖУЛ-КУЛУБ»	451
Аудармасы	453
Транскрипциясы.....	473
Факсимилесі	490
«КИТӘБИ МУҚӘДДИМӘИ ӘБУ ЛӘЙС-СӘМӘРҚАНДИ»	
(Әбу Ләйс Самарқандидың кіріспе кітабы).....	495
Аудармасы	496
Транскрипциясы.....	504
Факсимилесі	511
КЕЙБІР ДІНИ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАРДЫҢ СӨЗДІГІ	516
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	562
РЕЗЮМЕ	565
ABSTRACT	571

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ежелгі, ортағасыр кезеңіндегі жазба әдеби ескерткіштерді өңдеу және зерттеу, ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясын дайындау» мемлекеттік тапсырысы шеңберінде орындалатын бес томдық «Ұлы дала жауһарлары» сериясының аясында «Ежелгі дәуір әдебиеті антологиясын» дайындап жарыққа шығаруды жалғастыруда.

Елімізде алғаш рет жүйелі түрде іске асырылып отырған «Ұлы дала жауһарлары» сериясының басты мақсаты – ұлы даланың ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлерін жинақтап, жүйелеп, зерттеп жас ұрпақ назарына ұсыну, түркі халықтарына ортақ ежелгі және орта ғасыр әдеби ескерткіштерін неғұрлым толық жарыққа шығару. Антологияда: а) осы кезге дейін кітап болып басылған әдеби жәдігерлер; ә) қолжазба күйінде сақталған мұралар; б) мүлдем жарияланбай келген жазба әдеби ескерткіштер; в) түрлі себептермен тыйым салынып, осы күнге дейін ғылыми айналымға түспеген шығармалар барынша молынан жинақталады.

«Ұлы дала жауһарлары» сериясының басты ерекшелігі – ежелгі және орта ғасырларда түркі тілінде жазылған әдеби жәдігерлердің біраз бөлігі алғаш рет қазақ тіліне аударылып беріліп отыр. Әдеби жәдігерлердің мәтіндері қолжазба күйінде болсын, баспа бетінде жарық көрген күйінде болсын, түпнұсқа табиғаты барынша сақталып, ғылыми дәлдікті сақтап аударылады және еркін редакторлық өңдеуге жол берілмейді.

Оқырман қауымға ұсынылып отырған «Ұлы дала жауһарлары» сериясы «Ежелгі дәуір әдебиеті антологиясының» үшінші томына Алтын Орда тұсындағы әдеби жәдігерлер – діни-дидактикалық шығармалар беріліп отыр.

Алтын Орда тұсында дүниеге келген сондай шығармалардың бірі – XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басында өмір сүрген түркі ақыны, жазушы Насируддин Бұрхануддин Рабғұзидың «Қиссасул-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы») атты шығармасы. Адам атадан Мұхаммед пайғамбарға дейінгі барша пайғамбарлардың өмір тарихынан мол мәлімет беретін бұл құнды шығарма һижри жыл санағы бойынша осылайша 710 жылы (яғни 1309–1310 жж.) жазылған. Халық арасына бұл еңбек «Қиссасул-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы»), «Қиссасул-әнбие Рабғузи» («Рабғұзидың пайғамбарлар қиссасы»), «Қиссасул-әнбия 'әлэйһи әс-сәләм» («Пайғамбарлар қиссасы (ғ.с.)») және «Қиссаи Рабғузи» («Рабғұзи қиссасы») деген атпен кең тараған.

XIV ғасырда дүниеге келген бұл әдеби жәдігерге деген қызығушылық әріден басталды. Шығарманы әр жылдары П.М.Мелиоранский, А.В.Ерофеев,

С.Е.Малов, Н.П.Остроумов, Н.Ф.Катанов, В.В.Радлов, Н.И.Ильминский, В.Р.Розен, М.М.Габдерәхимов, Ғ.Х.Арифған, Ә.Н.Нәжіп, Ә.Р.Тенишев, Г.Г.Фитрат, Н.Маллаев, Э.Фазылов, И.Остонакулов, Х.Сафарова және Н.Хажиева секілді түркітанушылармен бірге, I.Jalil, S.Cagatay, K.Gronbech, J.Schinkewitsch, J.Thuri, F.Köprülü, Н.Е.Boeschoten, M.V.Damme сияқты Батыс ориенталистері мен түрік ғалымдары зерттеді. Сондай-ақ, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, А.Қыраубаева, Н.Келімбетов, Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, Н.Сағындықов, Т.Қыдыр секілді қазақ ғалымдары да Рабғұзи мұрасын әдеби һәм тілдік тұрғыдан зерттеуде өз үлестерін қосты.

Рабғұзи шығармасының ең көне қолжазбасы Лондондағы Британия музейінің кітапханасында сақтаулы тұр. Осы нұсқа XV ғасырда жазылған болып, бүгінгі ғылымға белгілі ең толық әрі көне нұсқа болып саналады. XVI ғасырда көшірілген нұсқасы Санкт-Петербургтағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында сақтаулы. Сондай-ақ, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазандағы Шамсуддин Хусаинов пен Ташкенттегі Хасан Арифджанов баспаханаларында да бірнеше рет жарық көрген.

Осы аталған нұсқалардың ішіндегі ең көнесі әрі толық сақталғаны – Лондон нұсқасы. Шығыстанушы К.Гренбектің Лондон нұсқасының көшірмесін (факсимилесін) жариялауы (1948 ж.) бұл салаға үлкен қозғау салды. Осы нұсқаның негізінде УзССР ФА Х.Сулайманов атындағы Қолжазбалар институты 1991 жылы мәтінді жарияласа, 1997 жылы Түркиядағы Ататүрік атындағы Тіл академиясы Рабғұзи шығармасының көшірме мәтінімен бірге транскрипциясын жарыққа шығарды.

Соңғы жылдары Н.Сағындықовтың аударған «Рабғұзи қиссасынан» жекелеген үзінділер «Ежелгі дәуір әдебиеті» атты хрестоматияға енгізілсе, жазушы Р.Мұқанованың жасаған тәржімасы «Қисса-сул-Әнбия-и Адам-атадан Мұхаммед ғалайһи - уәссәләмға дейін» деген атпен жарияланды.

«Рабғұзи қиссасының» тематикасы, идеялық бағыты негізінен діни сипатта болғанымен де, шығармада автор тарапынан қосылған аңыз-әпсаналар, хикаялар да жиі кездеседі.

Алтын Орда жазба мұрасынан саналатын Махмуд ибн Ғали әл-Булғари әс-Сараи әл-Кердерінің «Нәһжул-фәрадис» («Жұмақтардың ашық жолы») атты шығармасы 1358 жылы жазылған.

Құнды шығарманы әр жылдары А.Самойлович, Ш.Марджани, Ш.Абилов, Э.Наджип, Б.Яфаров, Я.Кемаль, Э.Фазылов, Ф.Нуриева, С.Вахиди секілді түркітанушыларымен бірге, Я.Экман, З.Уәлиди, Е.Блоше, Ф.Көпрүлү, У.Киуаметдин сияқты Батыс және түрік ғалымдары да бұл әдеби жәдігерді зерттеуде өз үлестерін қосты.

XIV ғасырда, анығы 1358 жылы соңғы нүктесі қойылған бұл шығарма біздің күнімізге дейін бірнеше нұсқада жетіп келді. Бүгінде бұл шығарманың қолжазбалары Санкт-Петербург (бір), Уфа (бір), Ульянов (бір), Астрахан (бір), Қазан (жеті), Стамбул секілді қалалардағы кітапханаларда сақталған.

«Нәһжүл-фәрадістін» композициялық құрылымы негізінен үлкен төрт баптан тұрады. Әр бапта он бөлім бар. Әр бап белгілі бір тақырыпты көтерген. Ішкі бөлімдерде сол тақырыптың мазмұны ашылған. Бұл туралы Махмуд әл-Кердери: «Осы хадиске сүйеніп, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) хадистерінен сенімді кітаптардан қырық хадисті топтастырды. Және осы хадистерге лайықты хикаяларды пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) ахуалынан, тағы әділ халифтар жағдайынан, ғұлама және машайық ахуалынан құрастырып, бұл кітапты төрт бапқа бөлдік. Және әр бапты он бөлімге бөлдік және әр бөлімнің басына бір хадисті келтірдік. (Осылайша) пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) хадистерінен жиынтығы қырық хадис болады. Алғашқы бабы – Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) қасиеттері туралы болады; Екінші бабы – әділ халифтар, әһлі бәйт және төрт имамның ерекшеліктері туралы болады; Үшінші бабы – Хақ Тағаланың құзыретіне жақындатар игі амалдар туралы болады; Төртінші бабы – Хақ Тағаланың құзыретінен алшақтатар жауыз амалдар туралы болады», – деп шығарманың басты мазмұнымен таныстырып шығады.

Жоғарыда айтылғандай, әр бөлім Мұхаммед пайғамбардың бір хадисімен басталып отырған. Автор сол бөлімде пайғамбар өсиетінің хақтығын сахаба, табиндер мен әулие-әнбиелердің даналық сөздерімен, сондай-ақ олардың өмірлеріне қатысты қызықты хикаяларымен жеткізуге тырысқан. Бір бөлім бір тақырыпқа ғана арналғандықтан автордың айтар ойы тиянақты, жинақы берілген. Ахлақ, тәлім-тәрбие секілді адами асыл қасиеттерден тұратын бұл еңбегін жазарда Махмуд әл-Кердери Ислам әлеміне танымал болған мұхаддис, фақиһ ғалымдардың еңбегін көптеп пайдаланған. Шығарманың соңында автор өзі қараған бірнеше еңбектің атын атайды.

Алтын Орда тұсында жазылған діни шығармалардың бірі – «Мұғинул-мүрид» («Мүридке көмекші»). Ислам дінінің негізгі ұстындары мен сопылықтың сырлы әлемі өлең сөзбен өрнектелген бұл шығарма XIV ғасырда Хорезм аймағында дүниеге келген. Ғылымға белгілі жалғыз нұсқа Бұрсадағы Жазба және баспа ескі шығармалар кітапханасында сақталған. Шығарманы әр жылдары З.У.Тоған, Ф.Көпрулу, Ж.Екман, А.Бодроглети, А.Караманоглы, Н.Халимов, Ч.Гөкленов, Р.Топарлы, М.Аргуншаһ секілді ғалымдар зерттеп, өз пікірлерін білдірген.

Шығарма һижри жыл санағы бойынша 713-ші жылы (1313 ж.) Рамазан айында хатқа түскен және бастан-аяқ төрттаған өлең формасымен жазылған. Жәдігердің ұйқасы аруз өлшеміне құрылған. Шығарма авторы Исламның рүкіндері мен

шариғаттың негізгі шарттарын өлең сөзбен жеткізуге тырысқандықтан да, оны қарапайым ұйқаспен беруге тырысқан. Шығарма 407 төрттағаннан тұрады, яғни 1628 жол, сондай-ақ, негізгі төрт бөлімнің аясында қарастыруға болады. Алғашқы бөлімде Алла мен елшісіне мадақ айтылған (1–48 жолға дейін), екінші жартысында шариғат шарттары сөз болса (49–1064 жолға дейін), үшінші жартысында сопылықтың сырлы әлемі өлең сөзбен өрнектелген (1065–1508 жолға дейін), соңғы жағында Аллаға шүкіршілік етіліп, кітаптың жазылу тарихы мен себебі ашып айтылған (1509–1628 жолға дейін).

«Мүридке көмекші» шығармасы негізінен шариғат пен тариқат мәселелерін қамтиды. Бастан-аяқ бір ұйқаспен жазылып шыққан бұл жыр жолдарында Исламның негізгі ұстындары иман, намаз, ораза, зекет мәселелері кеңінен қамтылған, сонымен бірге әрбір мұсылман үшін маңызды болып табылатын аң аулау, сауда-саттық, сыйлық беру, ұйықтау және әдеп мәселелері де жеке-жеке талданған. Шығарманың екінші бөлімі бүтіндей сопылыққа арналып, онда тариқат пен хақиқат мәселелері, кемелдікке жету жолындағы жүрек пен нәпсінің орны, сондай-ақ тариқатта жүру әдебі де көтерілген. Шығарманың аты айтып тұрғандай-ақ, бұл жәдігерді әрбір жеке тұлғаның әдеп кітабы десек те болады.

Алтын Орда тұсында дүниеге келген шығармалардың бірі – «Жұмжұма». Иса пайғамбар мен бас сүйек арасындағы қызықты оқиға суреттелген бұл дастан һижри жыл санағы бойынша 770 жылы (1369–1370 жж.) жазылған. Авторы – Хусам Кәтіп. Автордың бұдан басқа қандай еңбектер жазғандығы туралы мәлімет жоқ. Бұл шығарма біздің заманымызға дейін бірнеше қолжазбада жетіп келді (Қазан, Санкт-Петербург және т.б.). Бас сүйек (Жұмжұма – парсы тілінде бас сүйек дегенді білдіреді) дастанының сюжеті қызық болғандықтан бұл тақырып төңірегінде қалам тербеген ақындар аз болған жоқ. Бергін келе ел арасына «Кесікбас» ретінде тараған дастанның негізгі сюжеттері «Жұмжұмамен» астарласып жатқандығын аңғару қиын емес. Орта Азия түркілерін айтпағанның өзінде, Кіші Азиядағы түркілер тарапынан да қызығушылық артып, османлы түркішесімен де осы сарындас бірнеше дастандар жазылған. Парсы ақыны Аттар шығармашылығынан бастау алған бұл сюжет (кейбір деректерде сюжеттің генезисін Аттардан таратады), орта ғасырда Хусам Кәтіп тарапынан «Жұмжұма» деген атпен дүниеге келген де, бергін келе халықтың өңдеуінен өтіп, жекелеген өзгерістерге ұшырап, «Кесікбас» деген атпен кең тараған. Хаттатар мен кәтіптер тарапынан біздің заманымызға дейін жетіп келген нұсқалар 1910 жылы Қазандағы В.Л.Домбровский типографиясынан «Қиссә-е Жумжумә» яғни «Жұмжұма қиссасы» деген атпен жарық көрді.

Алтын Орда тұсында жазылған шығарманың бірі – «Кесікбас кітабы». Осы дастанды жіті зерттеген Я.С.Ахметгалиеваның жазуы бойынша, бұл дастан XIII–XIV ғғ. жазылған. Өкінішке қарай, бұл шығарманың анық қай жылдары жазылғандығы, әрі оның нақты авторы кім болғандығы туралы ғылымда әлі күнге дейін ортақ пікір қалыптасқан жоқ. Кейбір зерттеушілер Алтын Орда тұсында дүниеге келген бұл жәдігерді Мәуләнә Тәбризиге телісе, енді бір ғалымдар дастанның авторы ретінде Кірдечі Әли деп көрсетеді.

Бұл авторлар тек қолжазбаны көшіруші не баспаға ұсынушы ғана болып, оның шынайы авторы тарих қойнауына сіңіп, тіптен басқа шайыр болып шықпасына ешкім де кепілдік бере алмаса керек. Ең бастысы, шығарманың орта ғасырда Алтын Орда тұсында барша түркі халықтарына түсінікті түркі жазба тілінде жазылып, бергін келе бірнеше хаттат тарапынан біздің заманымызға дейін жетуі дер едік. Себебі біздегі бар деректерге қарағанда, «Кесікбас кітабы» дастанымен тіркелген қолжазбалар Бакуде (1 нұсқа), Санкт-Петербургде (10), Қазанда (жалпы саны 30) бар екен. Сондай-ақ XX ғасырдың басында Қазан баспаханасында басылып, қалың оқырманға жол тартқанына қарап, бұл дастанның қашан да оқырмандар тарапынан сұранысқа ие болғанын аңғаруға болады.

Алтын Орда тұсында дүниеге келген діни жәдігерлердің бірі – «Сиражул-қулуб» («Көңілдер шырағы»). Таухид пен ақидаға қатысты мәселелер сұрақ-жауап түрінде берілген бұл жазба ескерткіштің авторы туралы нақты дерек жоқ. Түркі жазба тілінде жазылған бұл жәдігердің араб және ұйғыр әріптерімен көшірілген нұсқалары бар. Араб әріпімен жазылған нұсқасында (Мәскеу нұсқасы) еңбектің һижри жыл санағы бойынша 961 жылы (1554 ж.) жумадил-ахир айында көшіріліп жазылғандығы айтылған. Алайда осы қолжазбаны алғаш рет ғылым әлеміне таныстырған Ә.Нәжіп шығармадағы сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылу ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, ескерткіштің XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басында жазылу мүмкіндігін алға тартқан. Түркі жазба тілінде жазылған бұл еңбекті әр жылдары Ә.Нәжіп, А.Щербак, М.Глаусон, З.У.Тоған, Е.Фазилов, М.Гайнетдинов, Р.Топарлы секілді ғалымдар зерттеп, өзі пікірлерін білдірген.

Әуел баста араб тілінде жазылған еңбек бергін келе ажам (парсы, түркі) халықтарының тілдеріне аударыла бастаған. Орта ғасырда бір еңбекке бірнеше ғалымның қатар қалам тартқанын ескерсек, онда бұл еңбектің сол заманда қандай сұранысқа ие болғандығын аңғаруға болады. Шығарманың түркі жазба тілінде араб һәм ұйғыр әріптерімен қатар жазылғандығы соны меңзейді.

Діндегі ең негізгі мәселе – таухид пен ақида. Діни көзқарас пен таным мәселелерін толық игермейінше шынайы кемелдену болмайды. Шарифат амалдары қаншалықты толық атқарылып жатса да діни көзқарас ақиқатқа

негізделмейінше, аласу көп болатындығын ғалымдар жарыса отырып жазған. Сондықтан да сұрақ-жауап түрінде берілген бұл еңбекте әлемнің жаратылысынан бастап, пенденің алдындағы міндеттерге дейін толық қамтылған.

Алтын Орда тұсындағы мәмлүк-қыпшақтар жазба ескерткіштерінің бірі – «Китәби мукәддимәи Әбә Ләйс Сәмәрқанди» («Әбу Ләйс Самарқандидың кіріспе кітабы»). Әбу Ханифа фикһтық мектебінің ғалымы, фақиһ Әбу Ләйс Самарқандидың дәрет пен намазға қатысты еңбегі түркі жазба тіліне тәржімаланып, мәмлүктердің соңғы сұлтаны Әбу Нәсір Кансу әл-Гауриге (1500–1517 жж.) тарту ретінде ұсынылған. Дәрет пен намаздың парыз, уәжібінен бастап, сүннет, әдептеріне дейін толық қамтыған бұл еңбектің Имам Ағзам мәзһабында алатын орны ерекше. Сондықтан да Ханафи құқықтық мектебін берік ұстанған мәмлүк-қыпшақтары араб тіліндегі бұл еңбекті өз тілдеріне аударып, ел бірлігі мен тұрақтылығының кепілі ретінде сұлтан әл-Гауриге ұсынған. Бұл ескерткіштің ғылымға белгілі бірнеше нұсқалары бар (Париж, Стамбул). Сол қолжазбалардың бірінде кәтіптің (қолжазбаны көшіруші) Есенбай ибн Садун екендігі айтылған. Алайда бұл, тек қана, көшірушінің аты ма, әлде аудармашының өзі ме, ол жағы белгісіз.

Мәмлүктер билігі тұсында дүниеге келген бұл еңбекті әр жылдары А.Заянчковский, К.Менгес, Я.Экман, Х.Кун, Р.Топарлы, Ә.Құрышжанов, М.Сабыр секілді ғалымдар зерттеп, шығарманың тілі мен мәдени құндылығына қатысты өз пікірлерін білдірген.

«Китәби мукәддимәи Әбә Ләйс Сәмәрқанди» – араб тілінен жолма-жол аударылған. 47 беттен тұратын қолжазбаның әр бетінде 12 жол орын алған. Әуелі арабшасы жазылып, астына түркі тілінде беріліп, жоласты тәржімаланған. Еңбекте намаз бен дәретке қатысты мәселелер ғана қамтылған.

Жәдігерлерді түпнұсқадан қазақ тіліне аударып, томға дайындаған – филология ғылымдарының кандидаты Төрәлі Қыдыр.

Том соңында берілген ғылыми қосымша жинаққа енген көне түркі әдеби жәдігерлеріне жазылған түсініктемелерді және орыс, ағылшын тілдеріндегі түйіндемелерді қамтиды.

НАСИРУДДИН БҰРҒАНУДДИН РАБҒҰЗИ **«Қиссасул-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы»)**

Алтын Орда тұсында дүниеге келген шығармалардың бірі – Насируддин Бұрхануддин Рабғұзидың «Қиссасул-әнбия» атты туындысы. Халық арасына бұл еңбек «Қиссасул-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы»), «Қиссасул-әнбие Рабғузи» («Рабғұзидың пайғамбарлар қиссасы»), «Қиссасул-әнбия 'әләйһи әс-сәләм» («Пайғамбарлар қиссасы (ғ.с.)») және «Қиссаи Рабғузи» («Рабғұзи қиссасы») деген атпен кең тараған. Бұл әдеби жәдігердің әртүрлі аталуына басты себеп – мұсылман халықтарында пайғамбарлар тарихына арналған діни-танымдық еңбектер өте көп болғандықтан да, шығарманы авторымен қоса айту белең алған. Оған түрткі болған автордың «...іздегенге оңай, тілекишіге сүйеніш болсын деп «Қиссаси әр-Рабғұзи» (деп) ат қойдық¹» деген жолдары, сондай-ақ туындының ең көне нұсқасын (бұл нұсқа ХҮ ғасырға тиесілі) хатқа түсіруші Мұхаммед Уәзири деген кәтибтің «Ұлы Жаратушы патша әлемнің қолдауымен «Рабғұзи қиссасы» қасиетті айдың жиырма жетінші (27) күні сәске уақытта Алланың мейірімінен үміт етуші әлсіз қажы... Мұхаммед Уәзиридің қолымен тамам болды²», деп жазуы себеп болса керек. Сонымен қатар, ХІХ–ХХ ғасырларда Қазан және Ташкент баспаханаларында бірнеше рет жарық көрген бұл еңбек ел арасына осындай әртүрлі атпен кең тараған.

ХІV ғасырда дүниеге келген бұл әдеби жәдігерге деген қызығушылық әріден басталды. Шығарманы әр жылдары П.М.Мелиоранский, А.В.Ерофеев, С.Е.Малов, Н.П.Остроумов, Н.Ф.Катанов, В.В.Радлов, Н.И.Ильминский, В.Р.Розен, М.М.Габдерәхимов, Ғ.Х.Арифған, Ә.Н.Нәжіп, Ә.Р.Тенишев, Г.Г.Фитрат, Н.Маллаев, Э.Фазылов секілді түркітанушылармен бірге, I.Jalil, S.Sagatay, K.Gronbech, J.Schinkewitsch, J.Thuri, F.Köprülü, H.E.Boeschoten, M.V.Damme сияқты Батыс ориенталистері мен түрік ғалымдары зерттеді. Сондай-ақ, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншіәлиев, А.Қыраубаева, Н.Келімбетов, Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, Н.Сағындықов секілді қазақ ғалымдары да Рабғұзи мұрасын әдеби һәм тілдік тұрғыдан зерттеуде өз үлестерін қосты. Әсіресе, әдебиеттанушы А.Қыраубаеваның «Ғасырлар мұрасы» (1988 ж.) атты кітабында бұл шығарма көркемдік жағынан зерделенгенін ерекше атап өткен жөн.

¹ Әдеби жәдігерлер. 20 томдық. Насируддин Бұрхануддин Рабғұзи. Пайғамбарлар қиссасы. 8 том. Алматы: Таймас, 2008. 480 б. 12 бетте.

² Бұл да сонда, 452 бетте.

Сондай-ақ, соңғы жылдары бауырлас түркі тілдес ғалымдардың Рабғұзи мұрасын ұлттық дүниетаным тұрғысынан қайта қарастыруға ден қойғаны байқалады. И.Остонақұлов, Х.Сафарова және Н.Хажиева³ секілді жас ғалымдардың осы салада кандидаттық диссертация жазғаны соны меңзейді.

Рабғұзи шығармасының ең көне қолжазбасы Лондондағы Британия музейінің кітапханасында сақтаулы тұр. Осы нұсқа XV ғасырда жазылған болып, бүгінгі ғылымға белгілі ең толық әрі көне нұсқа болып саналады. XVI ғасырда көшірілген нұсқасы Санкт-Петербургтағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында сақталған. Қолда бар мәліметтерге қарағанда, осы кітапханада Рабғұзидың шығармасына қатысты 6 қолжазба, Швецияда 2 қолжазба, Париж бен Бакуде бір-бір қолжазбадан сақталған. Түркітанушы К.Гренбек Лондон нұсқасын 1948 жылы Копенгагенде бастырып шығарған. Кейінірек келесі бір мәтін Н.И.Ильминскийдің атсалысуымен 1859 жылы Қазанда басылды. Жекелеген үзінділерін 1897 жылы М.Мелиоранский, 1930 жылы С.Малов жарыққа шығарды. Сонымен бірге, Л.Будагов пен В.Радловтың белгілі сөздіктерінде де бұл жәдігердің лексикалық материалдары берілген. Сондай-ақ, «Пайғамбарлар қиссасының» кейбір үзінділері Н.П.Остроумовтың (1874), Н.Ф.Катановтың (1894) зерттеулерінде де қамтылған⁴.

Бұлардан басқа XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазандағы Шамсуддин Хусаинов пен Ташкенттегі Хасан Арифджанов баспаханаларында да бірнеше рет жарық көрген⁵. Пайғамбарлар тарихын егжей-тегжейлі талдап берген бұл кітапқа оқырмандар әрқашан қызығушылық танытып отырған. Сондықтан да бұл шығарманың құрастырушысы да, бастырушысы да көп болған. Мысалы, 1907 жылы Қазан шаһарында Исмайыл Намсуддиновтің баспасында басылған «Қисасул-әнбияны» шығарушы Ахмеджан Жалмұхамедов болса, 479 беттен тұратын 1914 жылы Қазандағы Каримовтар баспасында жарық көрген нұсқаны дайындаған Имамолла Салахбан молла Шәріп «Қазақтары» деген азамат⁶.

³ Остонақұлов И. Қисас ар-Рабғузий – адабий асар: Автореферат (кандид.). Тошкент, 1993; Сафарова Х. Рабғузийнинг «Қиссаи Юсуф Сиддик алайхис-салом: Автореферат (кандид.). Самарқанд, 2001; Насыева Н. Näsirəddin Rəbquzinin Qisəsül-ənbiya əsəri və dili (nam. diss. avtoref.) Bakı, 1992.

⁴ Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. Алматы: Мектеп, 1988. – 19 бетте.

⁵ Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы: Мектеп, 1971. – 34 бетте.; Елеуқенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихы. Алматы: Санат, 1999. - 192 б.

⁶ Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Алматы: Жазушы, 1986. – 19 бетте.

Осы аталған нұсқалардың ішіндегі ең көнесі әрі толық сақталғаны – Лондон нұсқасы. Ал, Ресей Ғылым Академиясы Шығыстану институтының Ленинград бөлімінде С-245 нөмірмен сақтаулы тұрған нұсқаның алғашқы және соңғы беттері жоғалғандықтан, кейінірек басқа мәтіндер негізінде қайта толықтырылған. Соның өзінде де бір нұсқамен екінші мәтіннің арасындағы айырмашылықтар кездесіп отырады. XIX–XX ғғ. Қазан және Ташкентте басылған литографиялар мағына жағынан бір-бірінен онша ашақ кете қоймағанымен де, кейбір өлең жолдары мен хикаялардың өзгеріске ұшырағанын жоққа шығаруға болмайды.

Шығыстанушы К.Гренбектің Лондон нұсқасының көшірмесін (факсимилесін) жариялауы (1948 ж.) бұл салаға үлкен қозғау салды. Осы нұсқаның негізінде УзССР ФА Х.Сулайманов атындағы Қолжазбалар институты 1991 жылы мәтінді жарияласа, 1997 жылы Түркиядағы Ататүрік атындағы Тіл академиясы Рабғұзи шығармасының көшірме мәтінімен бірге транскрипциясын жарыққа шығарды.

Соңғы жылдары Н.Сағындықовтың аударған «Рабғұзи қиссасынан» жеке-леген үзінділер «Ежелгі дәуір әдебиеті» атты христоматияға енгізілсе⁷, жазушы Р.Мұқанованың жасаған тәржімасы «Қиссасул-Әнбия-и Адам-атадан Мұхаммед ғалайһи - уәссәләмға дейін» деген атпен жарияланды.

ҚР «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Әдеби жәдігерлер» сериясының сегізінші томы Рабғұзи мұрасына арналды. «Насируддин Бурхануддин Рабғұзи. «Пайғамбарлар қиссасы» деген айдармен жарыққа шыққан бұл басылымның басты ерекшелігі – ғылымға белгілі ең көне қолжазба саналатын Лондон нұсқасы негізінде дайындалған болатын⁸.

Сондай-ақ, Түркістан облысы (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы) әкімшілігі тарапынан қолға алынған «Қазыналы Оңтүстік» көптомдықтары аясында да Рабғұзидың бұл әдеби мұрасы жарық көрді.

Шығарма авторының қай жылдары өмір сүргендігі, бұдан басқа қандай еңбектер жазғандығы туралы толық мәлімет сақталмаған. Тек туындының бас жағында: «...бұл кітапты жазған, құлшылық жолында төзген, күнәһарлық даласын кезген, азығы жоқ, күнәсі көп Рабат оғзызының қазысы Бұрхан ұлы Насируддин ұрнағы, (Сатараллаһу 'әйбиһи уә нәууәра қалбәһу⁹)¹⁰» деген мәлімет

⁷ Ежелгі дәуір әдебиеті (Құрастырған және өмірбаяндық деректерді жазған А.Қыраубаева). Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.

⁸ Әдеби жәдігерлер. 20 томдық. Насируддин Бурхануддин Рабғұзи. Пайғамбарлар қиссасы. 8 том. Алматы: Таймас, 2008. 480 б.

⁹ Оның айыбын Алла жапсын және жүрегін нұрландырсын

¹⁰ Бұл да сонда, 10 бетте.

келтірілген. Бұл жолдардан шығарма авторының толық аты-жөні Насируддин Бұрхануддин Рабғұзи екендігі, әрі Рабат оғызының қазысы болғандығы белгілі болады. Ал шығарманың соңғы жағында: «Қожамыз раббани ілімдердің галымы, дін ілімінің білгір ұстазы, мәселелерді шешуші, гажайыптардың кілті, имамдардың имамы, шаригаттың сүйеніші, хас пен тобырдың қарайтын қайнар бұлағы, халал мен харамды ажыратып беруші – Насируддин Рабғұзи¹¹» деп кәтіп тарапынан жазылған жолдардан Рабғұзидың өз заманының белді оқымыстыларының бірі болғанын аңғарамыз. Егер Рабғұзи терең білімді дін гұламасы болмағанда, сол заманның ел билеушілері оған пайгамбарлар тарихын жазып бер деп өтінбейтіні және оның өзі мұндай үлкен еңбекті жазуға батылы барып, қол ұрмайтыны белгілі.

Шығарма негізінен ірі қиссалардан тұрады. Әр қисса белгілі бір пайгамбардың өмір тарихына арналған. Сондай-ақ шығарманың соңғы бөлігінде Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли және Хасан, Хусеиннің соңғы өмірін суреттеген қисса бар. Әр қиссада сол баяндалушы пайгамбардың өміріне қатысты қызықты тәмсіл-мысалдар қысқа хикаялармен толықтырылып отырған. Сондай-ақ, ішінара пайда, андату, риуаят, сұрақ-жауап секілді қысқа-қысқа әңгімелер де орын алған.

Антологияға гылымда Гренбек нұсқасы аталып кеткен Лондондағы ең көне қолжазба пайдаланылып, әдеби жәдігердің алғашқы қиссалары аударылып берілді.

¹¹ Бұл да сонда, 450 бетте.

АУДАРМАСЫ

Сансыз хәмді сәнәлар, барша мактауларға ие ол мейірімді Алла Тағала күдіретімен бізді адам (етіп) жаратты, мал (етіп) жаратпады. «Уә ләқад кәррәмнә бәни Әдәмә» («Расында біз Адам балаларын ардақты еттік»).

Жаратқаннан кейін ерекше мейірімімен ер жаратты, әйел жаратпады. «Әләйһиннә дәрәжәтун» («Әйелдерге қарағанда олардың дәрежелері артық») және тағы бізді тура жолға салды. Тура жолмен сүйіншілеп, жаман жолдан қайтарды. «Уә иннә һазә сирати мустақимән фәттәби'уһу» («Әрине, бұл менің жолым, тура етіп қойылған, бұл жолға кіріңдер»). Содан соң әуелгі жақсылығымен біз әлсіздерге Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) ны пайғамбар етті. «Ләқад жәәкум расулун мин әнфусиқум» («Расында сендерге өздеріңнен болған елші келді»), яғни мұндыларды Мұхаммед Мұстафаға үммет қылды. Өзге үмметтерден бізді артық қылды. «Кунтум хәйра умматин ухрижәт линнәс» («Сендер адамдар үшін жаратылған ең жақсы үмметсіңдер»). Сондай кереметпен бізді барша жаратылыстан көрікті (етіп) жаратты. «Уә суәракум фә әхсәнә суәракум уә әл-хәмду лилләһи 'әлә мә әулә фә ни'мә әр-раббу уә ни'мә әл-мәулә» («Алла Тағала айтады: Ол сендерді көрікті етті және көріктеріңді көркем етті. Берген нәрсесі үшін Аллаға шүкір. Ол сондай жақсы жаратушы, сондай жақсы дос»).

Мадақ пен тахият, салауат пен ғибадат әділ сөзді, сұлу жүзді, «Ләәмрукә» («Сенің өміріңмен ант етемін») тәжді (тәжін кигенге), «Ләу ләкә ләмә халақту әл-әфләк» («Егер сен болмағаныңда, әлемді жаратпаған болар едім») сыйлы, «Субхәнә әлләзи әсра» («Оны) түнде алып жүрген сол Алла пәк») миғражды (болған Мұхаммед (ғ.с.) ға болсын).

Ол (Мұхаммед пайғамбар) – өзі мойынсұнғыш, зікірі мәртебелі, үмметіне шапағатшы «Уаллаһу йә'симукә мин ән-нәс» («Және Алла сені адамдардан сақтайды») хош иісті, «Уә иннәкә лә' әлә хулуқин 'әзимин» («Әрине, сен ұлы мінезді адамсың») мінез-құлықты, «Лә тәмши фил әрзи мәрахан» («Сен жерде керіліп жүрме») жүруші, «Уә изә сәләкә 'ибәди әнни фә инни қариб» («Және егер пенделерім сенен мені сұраса, мен өте жақынмын») деуші, «Уә әммәс-сәилә фә лә тәнхәр» («Және алайда қайырышыға жекіме») қаһарлы, «Мә зәғәл бәсру уә мә тәғә» («Көз тоймады және шектен аспады») жігерлі, «Уә кәнә қабә қаусәйни әу 'әднә» («Екі жебе аралығындай жақындады немесе одан да жақынырақ») көтерілуші, «Уә ләсәуфә йу'тикә раббука фәтәрза» («Және тез уақытта жаратушың берер саған және сен одан разы боларсың») шапағатшы, «Әт-тәибунә уә әл-'әбидунә уә әл-хәмидунә» («Олар тәубе етушілер, құлшылық қылушылар және шүкір етушілер») үмметті,

«Уә мин әл-лэйли фәтәхәжжәд биһи нәфиләтән» («Түннің бір жартысында Құранмен (оқумен) ояу отыр, (бұл) саған нәпіл») намазды, «Фә әухә илә 'әбдиһи мә әухә» («Алла пендесіне айтқан сырын айтты немесе берген уахыын берді») сырлы, «Лә ухси сәнәән 'әлэйкә» («Саған деген мадақты айтып тауыса алмаймын») жалынышты, «Қум әл-лэйлә илә қалилән» («Түнімен тұрып тұр (намаз оқы.), тек аз бөлімінде») тұрушы, «Лишләфи қурайшин» («Жақындастырмақ үшін Құрайыш (тайпасын)») туысты, «Әс-сабиринә әс-садиқин» («Сабырлылар мен шынайы берілгендер...») қолдаулы, «Уә жи'нә бикә әлә хәуләи шәһидән» («Біз сені оларға куә етіп жібердік») айғақты, «'Әсә ән йәб'әсәкә раббука» («Мүмкін, саған жаратушың жіберер (ұлы мақамды)») бақытты, «Әлэйсә Аллаһу бикәфин 'әбдуһу» («Алла пендесіне кепілдік етуші емес пе?!») ілтипат етуші, «Уә иннәкә ләтәһди илә сиратин мустақимин» («Әрине, Сен тура жолға бастайсың») тура жолға жетелеуші, «Шәһру рамазән әлләзи унзилә фиһи әл-Қурәнү» («Рамазан айы сондай бір ай, ол айда Құран түсірілген») аятты, «Иқтәрабәту әс-сә'әту уә ән-ниәққә әл-қамәру» («Қиямет жақындады және ай екіге бөлінді») ишаратты, «Иннә әрсәлнәкә шәһидән уә мубәшишрән» («Әрине, біз сені куәлік беруші және сүйіншілеуші үшін жібердік») сүйіншілеуші, пайғамбарлар туысы, сопылар жетекшісі Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с).

Дін шарифат амалын биік қылған Мұстафа,
 Күпір, зұлмат тауларын жерге көмген Мұстафа.
 Ол ата-анасын арттырып үммет үшін,
 Жалынып Хақтан шапағат сұрап алған Мұстафа.
 Қауымы назын көтере алмай көкке ұшқан Иса ол,
 Үмметіне болысып жерде қалған Мұстафа.
 Ол жиырма үш жыл еңбектеніп, көрмеді күні-күн ұйқысын,
 Күнәһар үммет күнәсін Хақтан сұраған Мұстафа.
 Ол қиямет күнінде, шапағат қаруын бойға асып,
 Жалбарына тұрып, жалына күнәлі болған Мұстафа.
 Елшілер миғраж түнінде Бәйт Мақдисқа келіп,
 Әр шапағат өтерде басшы болған Мұстафа.
 Түсер екен Мұстафаны қолынан тұтып Жебірейіл,
 Жоқтағанда Жебірейілді жолда салған Мұстафа.

Төрт досыңа, тоғыз әйеліңе, екі немере ағаңа, бақыт иесі хәм жәннәт тұрғыны болған ұлдарыңа жалынды сәлем болсын. «Уә сәллиму тәслимән кәсиран».

Әммә бә'д (сонымен), бұл кітапты жазған, құлшылық жолында төзген, күнәһарлық даласын кезген, азығы жоқ, күнәсі көп Рабат оғызының қазысы Бұрхан ұлы Насируддин ұрпағы, (*Сатараллаһу 'әләйһи әссаләмәтә уә рахимә шиябәһу*) былай дейді. (*Әжәлл ут-таж ул-'умара уә мухиббул-'улама*) бектер ұрпағы, жігіттер сардары, ұлы атты, құтты затты, ізгі мінезді, ислам сауытты, моғол текті, мұсылман дінді, адамзат сүйеніші, мүміндер қуанышы, беделі ұлы, ақылы теңіз бегіміз Насируддин Тоқбұға *саббатуллаһу 'әлә динил-исләм уә сәләмуһу*.

Насируддин Тоқбұғабектің мадағы:

Дұрыс арман, тура қылық,
 Пәк, таза шектен аса
 Көктен ұлырақ беделі.
 Мұрасы бектік дінінде,
 Сұрар оны ұстап жаға,
 Қуанышы ақырет мүлкі.
 Әсілі моғол екен текті,
 Ислам үшін тұтты жаға,
 Болды Расулдың үмметі.
 Құлшылық етер түн-күндізі,
 Алар сабақ мұсхафқа қарап,
 Құран оқу әдеті.
 Тәспі тартарда қуанып,
 Інжу болар жасы ағып,
 Есітілсе Құран аяты.
 Еретін шексіз барша,
 Тура сөйлер сөзді ұға,
 Артық қажетті жолы.
 Раббыдан сый болып оған,
 Хақ береді құтты баға,
 Көрікті сұлу бейнесі.
 Ізгі амалмен жүріп,
 Дос қызығар, дұшпан қарап,
 Артар баршадан құрметі.
 Күндіз оқыр, түнде тұрар,
 Құлшылық етер кірер мешітке,
 Арыстан жүзді сәулеті.

Жасы кіші, жолы ұлы,
 Заты анық бек Токбұға
 Ол Насируддин көниясы.
 Ел билесін, жүз жасасын,
 Болып бағынышты Жаратушысына,
 Бұдан артар жақындығы.

Тарих жүз елуге кірген алғашқы жылдары хат-хабар тасушы жетіп: «Пайғамбарлар киссаларына шексіз ықыласым бар. Әр жерде кейбірі тура, кейбірі қате, біразы анық, біразы шала, бірінің сөзі аз, енді бірінің мақсаты қысқа екені баршаға белгілі. Енді сенің қолыңнан шыққан, қаламыңнан дүниеге келген, сенің кітабың, сенің туындың болған бізге «Қисас ул-әнбия» болса, оқуға керек, үйренбекке ыңғайлы болар еді» деген ұсыныс-тілек болды. Өзімді қаншалықты бұл іске әлсіз, мұндай амалға лайық еместігімді жақсы білсем де, өзімді зорлап, уақыт болсын деп бұл ауыр іске қол ұрдым. Алла Тағаладан соңына дейін медет сұрап, кітапты бастадық. Мұндағы мақсат пайғамбарлар киссасы еді, алайда Адам (ата) нан бұрынырақ жаратылған (зағтар) бар болғандықтан, содан бастауымыздың пайдасы артығырақ болсын деп, тәртіп бойынша жаратылғаннан бастадық. Іздегенге оңай, тілекшіге сүйеніш болсын деп «Қисаси әр-Рабғузи» (деп) ат қойдық. «*Уаллаһу әл-муәффақу әл-итмәмә уә һуә уәлиһу әл-ин'әм уә әл-икрам*». «*Қалә Расулүллаһи саллаллаһу 'әләйһи уә сәлләм: кунту кәнзән хафийән фә хәләқту хәлқә*» («Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Алла: Мен бір жасырылған қазына едім, мені танысын деп халықты жараттым» деген», – деді»). Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с) айтты: Хақ Сұбхану уә Тағала былай деп жарлық етті: Мен бір жасырын қазына едім, менің Тәңірлігімді білуші ешкім жоқ еді, менен пайда алсын деп болмысты жараттым. Мен олардан пайда алайын деп жаратпадым.

КӨК ПЕН ЖЕРДІҢ ЖАРАТЫЛУЫ ЖАЙЛЫ

Хабарда былай келеді: Алла Тағала баршадан бұрын бір гауһар жаратты. Ол гауһарды жаратқан соң, сол гауһарға айбатпен қарап еді, гауһар еріді. Су болған соң, содан кейін желді жаратты. Судың үстіне түскен соң көбіктенді. Ол көбіктен түтін шықты, ол түтіннен аспанды жаратты. «*Йәумә тәти әс-сәмәу бидуханин мубинин*» («Аспан анық бір түтін келтірген күні...»). Ол су Алла Тағаланың айбатынан қайнап қоюланды. Ол көбіктен Қағба орнындай жер жаратты. Содан кейін көкті жаратқалы кірісті. «*Суммә истәуә илә әс-сәмәи фә сәуәхуннә сәб'ә сәмәүәтин*» («Сосын аспан жаққа қарады және оларды жеті қабат аспан етіп жаратты»). Көкті жаратып болғаннан кейін, ол жаратылған

жерді батыстан шығысқа дейін созып, кең етті. «Уә әл-әрза бә'дә зәликә дәхәһә» («Және жерді содан соң төседі»). Бұл жерлер мен көктер бір қабат еді, күдіреті бірлө көкті жерден айырды, әрқайсысы жеті қабат болды. «Аллаһу әлләзи хәләқә сәб'ә сәмәуәтин уә мин әл-әрзи мисләһуннә» («Алла сондай, Ол жеті аспанды жаратты және жерді де сонша (етіп жаратты)»). Бұл жеті жер су үстіне жаратылғанда көркеймеді, теңселе бастады. Оны көркейту үшін тауларды оның үстіне қазық қылып жаратты. «Әләм нәж'әл әл-әрза миһәдән» («Әлде біз жерді төсек қылып бермедік пе?!»). Және Алла Тағала барша әлемді алты күнде жаратты. «Уә ләқад хәләқнә әс-сәмәуәти уә әл-әрза уә мә бәйнәһумә фи ситтәти әйһәмин» («Расында біз аспандарды, жерді және ортасындағы барлық нәрселерді алты күнде жараттық»).

Хабарда былай келеді: Жексенбі күні көктерді жаратты. Дүйсенбі күні аспанда айды, күнді, жұлдыздарды жаратты. Сейсенбі күні әлем ішінде құс-құрттарды, періштелерді жаратты. Сәрсенбі күні суды жаратты, желді, бұлттарды шығарды, ағаштарды, жем-шөптерді жаратты, өсірді. Несібелерді үлестірді. Бейсенбі күні жұмақ пен тамұқты, мейірім мен азаб періштелерін жаратты, хорларды (хор қыздарын) жаратты. Жұма күні Адамды жаратты. Сенбі күні еш нәрсе жаратпады. Бұл барша нәрселерді, тағы мыңдаған заттарды көзді ашып-жұмғанша жаратуға күдіреті бар еді.

Алты күнде жарату себебі – Мен күдіретіммен үй, шаруа қылмаймын, сендер әлсіздіктеріңнен асықпастан, бірте-бірте жасаңдар деп құлдарына тәлім берді. «Қала Расулұллаһи (с.ғ.с.): Әл-әжжәләту мин әш-шәйтән уә әттәни мин әр-Рахмән» («Алланың елшісі деді: Асығыс шайтанның ісі, асықпау Рахманның (Алланың) ісі»).

АСПАНДАРДЫҢ СИПАТЫ

Алғашқы қабат көк (аспан) жасыл зүмірредтен жасалған. Аты – Рафик. Періштелер өз бейнесінде, үлкендерінің аты – Исмайыл. Екінші қабат көк күмістен жасалған. Аты – Рукға. Періштелер бүркіт бейнесінде, үлкендерінің аты – Рақабил. Үшінші қабат көк жақұттан жасалған. Аты – Қайдам. Періштелері сиыр бейнесінде, үлкендерінің аты – Кукәбил. Төртінші қабат ақ інжуден жасалған. Аты – Мағун. Үлкендерінің аты – Нубяйыл. Бесінші қабат көк алтыннан жасалған. Аты – Ратқа. Періштелері хор бейнесінде, үлкендерінің аты – Сифтбайыл. Алтыншы қабат көк, сары жақұттан жасалған. Аты – Заха. Періштелері қызметкер бейнесінде, үлкендерінің аты – Рағбайыл. Жетінші қабат көк нұрдан жасалған. Аты – Ариба. Періштелері адам бейнесінде, үлкендерінің аты – Нурбайыл.

ЖЕРЛЕРДІҢ СИПАТЫ

Алғашқы кабат жердің аты – Рамка. Ақым атты жел үстінде жетпіс мың мұрындықпен. Әрбір мұрындығы жетпіс мың періштенің қолында. Екінші кабат жер аты – Жулза. Оның ішінде тамұқ шаяндары бар, кара түйе секілді, құйрықтары найза сияқты. Әрбірінде алты жүз алпыс арқа, әрбір арқасында алты жүз алпыс бас, әрбір баста алты жүз алпыс улы алма. Соның біреуін бұ дүниеге берсе, барша әлем халқы өлетін еді. Үшінші кабат жер – Арқа. Оның ішінде тамұқ өрмекшілері (бар), әрбіреуі Қаф тауынан да үлкен. Төртінші кабат жердің аты – Харна. Оның ішінде тамұқ жыландары бар. Әрбір жыланның мың тісі бар. Әрбір тісі құрма ағашы секілді, әрбір тістің түбінде у тола он сегіз алма бар. Бесінші кабат жердің аты – Малса. Іші толған тамұқ тастары. Алтыншы кабат жердің аты – Сижжин. Оның ішінде тамұқтағылардың жаны бар. Жетінші кабат жердің аты – Ажиба. Ібіліс сонда тұрады. Әр жылы бір шығып, қайта кіреді. Әрбір күннің қалыңдығы (ұзақтығы) бес жүз жылдық жер, арасы да сонша. Және қалыңдығы да сондай, арасы да сонша.

(Ей, адам баласы), «*Әл-қаулу фи халқи әл-мәләикәти уә әл-жинни уә әл-инси*» («*періштелер, жындар және адамдардың жаратылуы туралы сөз*») Алла Тағала періштелерді оттың нұрынан, перілерді оттың жалынынан жаратқанын біл. Тегі бір болғанымен де, үш жағдаймен айырмашылығы бар. Біріншісі, періштелер нұрдан, перілер оттан жаралды. Екінші, періштелер мәләк (періште) атанды, перілер жын атанды. Үшінші, періштелер орны жоғарғы көкте, перілер жерде болды.

Хабарда былай келеді: Алла Тағала тамұқ ішінде екі халық жаратты, бірі – еркек арыстан бейнелі, аты Жаблит, және бірі – сырты бөріге ұқсайды, аты Таблит. Жаблиттің құйрығы жылан секілді, Таблиттің құйрығы шаян сияқты. Жаратушы Алланың жарлығымен ол екеуінің құйрығы тамұққа түсті. Тамұқ ішіндегі жыланның бәрі Жаблиттің құйрығынан болса, шаянның бәрі Таблиттің құйрығынан (жаратылған).

Таблитті некелеп Жаблитке бер деген жарлық Жебірейілге болды. Барша мақұлықтардың ішінде алғаш болып некелескен солар еді, олардан бұрын некелесу болған жоқ. Жаблит пен Таблит екеуі қосылған соң, екі-екіден балалары туылды. Бірі ұл, бірі қыз. Жаблит ол қызды бірге туған ұлға бертін. Жетінші кабат балалары туылғанда, ол ұлға Харис деген ат қойды. Бұл Харис өте аяр еді. Жаблит ол қызды Харисқа берейін дегенде, Алла Тағаладан: «Бұдан кейін бірге туған ұлға бермегін. Оңынан және солынан туғанға бергін» деген жарлық болды. Ол үкімді орындады. Жаблит Хариспен бірге туған қызды басқа ұлға берді, Харис өкпелеп, басқа қызды алмады. Тамұқтың бір бұрышында отырып,

құлшылыққа бел байлады. Неше жылдар құлшылық қылған соң, Алла Тағала (оны) бесінші қабаттағы жерге шығарды. Онда да көп құлшылық қылған соң, алтыншы қабаттағы жерге шығарды. Осылайша әрбір жерде құлшылық қыла берген соң, бұ дүниеге шығарды. Бұ дүниеде (де) соншалықты құлшылық қылды, тіпті Шығыстан Батысқа дейін ол Харис сәжде қылмаған бір қарыс жер қалмады. Одан кейін Алла Тағала Харисты көкке шығарды. Осылайша жетінші қабат көкке (де) жетті. Және жұмаққа кірген соң, жұмақта өз еркі өзінде болып, періштелерге ұстаз болды. Харис атын өзгертіп, Өзәзіл деп ат қойды. Қаласа жұмаққа кіретін, қаласа көкке шығатын еді. Анадан туылғалы бері үш мың жыл жасады. Басқа ғалымдар айтады: «Өзәзіл періште еді. *«Уә из қалә раббукә лилмәләикәти усжудули Әдәмә фә сәждеду иллә Иблис» («Сол уақытта жаратушың періштелерге: Адамға сәжде қылыңдар, – деді. Бәрі сәжде қылды, алайда Ібіліс сәжде жасамады»)*. Бұл жарлықта Өзәзіл бар еді. Тағы басқа ғалымдар: «Өзәзіл Жанн ұрпағы еді», – дейді. *«Әл-Иблису кәнә мин әл-жинни» («Ібіліс жынндардан еді»)*.

Содан кейін жер бетінде оттан Жанн атты топ жаратты. *«Уә әл-жәәнә хәләқнәһу мин қаблу мин нәри әс-сәмуми» («Және одан ілгері біз жалындап тұрған оттан жынндарды жараттық»)*.

Қалбидің риуаят етуінше, дүниені жетпіс мың жыл солар ұстаған. Абдолла ибн Аббастың риуаятынша, он сегіз мың жыл ұстаған.

Жаратқанға қарсы шыққанда, оларды қуатын. Жан ибн әл-Жан атты халыққа берді. Он сегіз мың жыл өмір сүрді. Және күнәһарлық жасағанда оларды қуып, періштелерге берді. Жетпіс мың жыл періште түсті. Өзәзіл солармен бірге еді. Жеті мың жыл билікті ұстады. Дүниеге көңіл берген соң, Жаратушы оларды қаламады. «Менен басқаға көңіл қойдындар, сендерді жіберемін, басқа халық жаратамын, бұл патшалықты соларға беремін», деді. *«Инни жә'илун фи әл-әрзи хәлифәтән» («Әрине, мен жер бетінде халифа (орынбасар) жаратпақшымын»)* деген (Алладан) жарлық келді.

Тағы (бір) хабарда былай келеді: Жаратушы Алла дүниені жаратқан уақытта жер патшалығын құстарға берді. (Жерді) жеті мың жыл құстар тұрды. Одан кейін Жин ибн әл-Жанға берді, жеті мың жыл тағы олар тұрды. Қылмыс, күнә көп қылды. Қан төккен соң, олардан алып періштелерге берді. Жеті мың жыл өткен соң, олардың да уақыты бітіп, «Мен жер бетіне халифа (орынбасар) жаратамын» деген жарлық келді. *«Инни жә'илун фи әл-әрзи хәлифәтән» («Әрине, мен жер бетінде халифа (орынбасар) жаратпақшымын»)*.

Періштелер бұл жарлықты естіген соң қатты қайғыға батып: «Тәңірім, жер бетінде бұзық, қан төгушілерді жаратасың, біз тәспі, тәһлил және құлшылық қылғандардан алып, жер патшалығын оларға бересің бе?» – деді. *«Инни ә'ләму мәлә тә'ләмун» («Менің білгенімді, сендер білмейсіңдер»)* деген жарлық келді.

САУАЛ: Періштелер Адам мен оның ұлдарын көрмеген еді, (бірақ) бұзықтық қылатынын, қан төгетінін қайдан білді?

ЖАУАП: Адамды көрмеген еді, алайда Жин ибн әл-Жанды көрген еді, күнәларын білетін. Солармен салыстыра отырып айтты.

САУАЛ: Жаратушы Тағаланың *«Инни ә'ләму мә лә тә'ләмун»* («Менің білгенімді сендер білмейсіңдер») деп айтуында қандай мағына бар еді?

ЖАУАП: Мен Мұхаммед Мұстафаның Адам ұлдарының бірі болатындығын, бұ әлем мен о дүниені, айды, күнді, барша нәрселерді соны сүйгенім үшін жаратқанымды білемін. Достың кім екенін мен білемін, сендер білмейсіңдер.

Басқа ЖАУАБЫ мынау, Алла Тағала айтар: *«Инни ә'ләму әннә 'ибәдәтәкүм мәшубун биәл-'ужби из құлтум нәхну уә фәсәдуһум мәшубун бил-'узри уә әл-фәсәду бил-'узри әхәббу иләйиә мин әл-'ибәдәти мә'ә әл-'ужби»* («Мен сендердің құлшылықтарыңның өзімішлдікпен араласқанын білемін. Себебі сендер «біз» дедіңдер. Және олардың күнәлары кешіріммен араласқан. Кешірімді күнә менің алдымда өзімішлдік құлшылықтан артық»).

Мағынасы мынау: Сендердің құлшылықтарың өзімішлдікпен байланысты. «Нәхну» деп өздерің айттыңдар. Алайда Адам ұлдарының бұзықтығы кешірімге негізделген. Кешірімге негізделген бұзықтық менің құзыретімде өзімішлдікке негізделген құлшылықтан артық тұрады.

АДАМ САФИ (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

Ол – топырақтан жаратқан, құдіретпен жан берген, биік көкке көтерген, жұмақ ішіне кірген, Хауадай жұп берілген, Ібілістің арбауына ілінген, жарық жұмақтан қуылған, қараңғы дүниеге енген, *«Раббәнә заләмнә әнфусәнә»* («Ей, Жаратушымыз, біз өзімізге өзіміз зұлымдық жасадық») деп үш жүз жыл жылаған, *«Уә лә тәқрабә һәзиһи әш-шәжәратә»* («Және мына ағашқа жолама») жарлығын естіген, *«Суммә ижтәбәху раббуһу»* («Кейін Жаратушысы оны таңдап алды») тәжін басына қойған, *«Инна-ллаһә истәфә Әдәмә»* («Расында Алла Адамды таңдап алды») шапанын киген, *«Усәсуду ли Әдәмә»* («Адамға сәәжде қылыңдар») құрметімен мейірімге бөленген, *«Уә 'әлләмә Әдәмә әл-әсмә-ә кулләһә»* («Және үйретті Алла Адамға барша заттардың аттарын») шарапатына ие болған – АДАМ САФИ, ОЛ – ХАЛИФӘИ УӘФИЙ (КӘМІЛ ХАЛИФА).

Хақ жаратты таңсық Адамды өзгеше жер көркінен,
Өзге бейне берді солай әлем ішінде қолынан.
Тағын көтеріп періште жұмақ ішіне кіргізіп,
Айналғанда шықпады әсте оның еркінен.

Шықты Хауамен бірге болып, хош нығметке бөленді,
 Ішті олар жұмақ шарабын, жеді ет еркімен.
 Білді есімдер ілімін, етіп берді белгілі,
 Барша тілде сөйлер арабша, парсыша, түркиден.
 Өткізді бес жүз жыл онда жұбымен қуанып,
 Ішті шәрбәт сусынын, жеді нығмет тәркіден.
 Мінді жұмақ пырағын, кезді оның төңірегін,
 Киім киді бойына һәм басқа ұрды бөркінен.
 Азды Ібіліс айласымен берер еді жалғзын,
 Екі бидай жеді, шықты сегіз жұмақ мүлкінен.

«Қалә Расулуллаһи саллаллаһу 'әләйһи уә сәлләм: Мән әрадә ән йәнзура 'әжәибә әд-дунья фәл-йәнзур илә қиссәти Әдәмә 'әләйһи әс-сәлләм» («Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Кімде-кім дүние гәжайыптарын көрмекші болса, Адам (ғ.с.) қиссасына қарасын», – деді»).

Алла Тағала Адамды жаратпақшы болған уақытта Жебірейілге: «Барып, жер бетінен бір уыс топырақ алып кел», – деп бұйрық берді. Жебірейіл келіп алғалы тұрған уақытта жер (Жебірейілге): «Менен топырақ алма», – деп өтінді. Жебірейіл өтінішін алып (қабылдап), топырақ алмады. Исафилді жіберді, одан да өтінді, ол да топырақ алмады. Кейін Микәилді жіберді, одан да өтінді, ол да топырақ алмады. Кейін Әзірейілді жіберді, одан да өтінді. Әзірейіл: «Сенің өтінішіңнен маған Алла Тағаланың бұйрығы артық», – деді. Кең жер бетінен бір уыс топырақ алды. Шығыстан Батысқа дейінгі қырық қари (қол ұшынан шынтаққа дейінгі өлшеу бірлігі) жер құрғақ еді. Құзыреттен (Жаратушыдан): «Ей, Әзірейіл, көңілің қатты екен. Тағдырды солай еттім, барша жаны бардың жанын саған алдыртамын», – деген жарлық келді.

Ол топырақта суы тынық, ақ, қара, тәтті, ащы, сары, жасыл, қызыл, көк, қатты, жұмсақ және таза, топан – бәрі бар еді. Сол себепті де Адам ұлдары бір-біріне ұқсамайды, бірі таза, бірі лас, бірі ауру, бірі сау, бірі ақ, бірі қара, бірі сары, бірі қызыл, бірі жақсы, бірі ессіз, бірі шырын сөзді, бірі ащы сөзді, бірі қатты көңілді, бірі жұмсақ көңілді (болып жаратылды). Әзірейіл жаңағы топырақты Мекке мен Тайф арасындағы Дахна деген жерге қойды. Қырық жыл сол топыраққа жаңбыр жауды, отыз тоғыз жыл қайғы жаңбыры жауды да, бір жыл қуаныш жаңбыры жауды. Сондықтан Адамға қуаныштан қайғы артық болды. Қырық жылдан кейін (Алла) құдіретімен топырақтан басы Тайфқа ұқсайтын, аяғы Мекке секілді бейне жасады.

САУАЛ: Мекке Тайфтан артық. Адамның басы Тайф секілді, аяғы Мекке сияқты болуында не хикмет бар?

ЖАУАП: Алла Тағала Адам (ғ.с.) сүйсе, беті Меккеге қарай болсын деп қалады.

МӘСЕЛЕ: Шарифатта осы сияқты бір мәселе бар. Ол мәселе мынау: Біздің мәсәпта жатып намаз оқитын болса, аяғын Мекке жаққа созып жатады. Себебі, егер намаз ішінде жазылып кететін болса, отырып намаз қылады. (сонда) сүйсе жүзі құбыла жақта болады.

САУАЛ: Адамды топырақтан жаратпақта қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Алла Тағала Адамды жаратамын деп үндеу салғанында, барлық заттар бас көтеріп: «Адамды менен жарат», – деп таласты. Тау: «Мен үлкенмін», – деді, теңіз: «Мен айбаттымын», – деді, алтын: «Мен құрметтімін», – деді, аспан: «Мен биікпін», – деді. Барша нәрселер бас көтеріп өздерін мақтады. Сол кезде жер өзін кішіпейіл ұстап: «Мен баршадан әлсізбін, аяқ астындамын, менде мақтанатын нәрсе жоқ», – дегенінде, «Мен Адамды топырақтан жаратамын», – деген жарлық келді. Адамды топырақтан жаратты.

Хабарда былай келеді: Бір күні Ібіліс жетпіс мың періштемен көктен Адам топырағына келді, қолымен Адамның ішін қағып, ішінің бос екенін көрді. Періштелерге: «Мұны жолдан азғыру онай болады», – деді. Және: «Егер Алла Тағала сендерге ерік берсе, не істейсіңдер?» – деді. Баршасы: «Мойынсұнамыз», – деді. Ібіліс: «*Уаллаһи ләйн салләтһу ләсәйтһуһу уә ин салләтәни 'әләйһи ләхләктһуһу*» («Алла атымен ант етемін, егер Алла оны менің үстімнен басшы етіп қойса, мен оған мойынсұнбаймын, егер мені оның үстінен басшы етіп қойса, оны өлтіремін»), – деді.

Оның мағынасы мынау: Жаратушы Алла оны маған басшы етсе, мойынсұнбаймын, мені оның үстінен басшы етсе, (оны) өлтіремін. (Осы сөзді айтысымен-ақ) сол мезетте кәпір болды. «*Уә кәнә ми әл-кәфирин*») («Кәпірлерден болды») делінеді. Тағы қырық жылдан кейін жанға Адамның тәніне кіргін деген жарлық болды. Жан Адам басының үстінде тұрып, кіруді қаламады. «Мен биікпін, төменге қалай кірейін?!» – деді. Жебірейіл (ғ.с.) келіп: «Ей, әзіз жан, Алла Тағаланың атымен кіргін», – деді. Жан Жаратушының атын есітісімен кірді.

Тағы бір риуаятта былайша келеді: Жан Адамның басына кіріп, екі жүз жыл айналды. Содан кейін көзіне кіргенінде, көздеріне жан бітіп, өзінің қара топырақтан жаратылғанын көрді. Жаратушы құдіретін көрмек үшін көз жаратты. Мұрнына келгенінде бір түшкірді. Жебірейілге: «Адамның мұрнынан шыққан мақтанышын аманат сақта», – деген жарлық болды. Содан тоқтамастан аузына келді. Илхәм болып: «*Әл-хәмду лилләһи рабби әл-әләминә*» («Екі әлемнің Раббысы Аллаға шүкір»), – деді. Алла Тағала: «*Йәрхәмүкә раббүкә уә лизәлікә халәктүкә*» («Жаратушың саған мейірім етсін, мен сені сол үшін жараттым»), – деп жарылқайды.

Оның мағынасы мынау: Жаратушы саған мейірім кылсын, мен сені сол үшін жараттым. Содан кейін жан көкейіне келді. Ғашықты сүймекке тырысты, сүйе алмады. Сол жолдан Алла Тағала: *«Уә хуликә әл-инсәну әжулән»* («Адам асығушы етіп жаратылды»), – деді. Содан кейін қарнына келгенінде, қарны тамақ сұрады. Жан ішіне жайылды. Сүйек, ет, тері, тамыр, сіңірлер пайда болды. Қозғала бастады. Адамның терісі сондай әдемі еді. Күн санап көркейе берді.

Қорлықты білдіргісі келгенде, терісі солды және тері білдірді. Ол терінің белгісі саусақтар ұшында қалды. Бұл тырнақтар содан болды.

САУАЛ: Жан кірерде бір сағатта кірді, шығарда қиыншылықпен шығар, оның хикметі неде?

ЖАУАП: Кірерде Алла Тағаладан *«Ярхәмкә рабби»* («Раббым мейірім етсін») жарлығын есіткендіктен оңай болды. Шығарда тағы мейірім қуанышын есітпейінше шықпаймын дейді. Көрмейсің бе, кімде-кімнің бағы бар болса, *«Уә әбиширу биәл-жәннәти әл-ләти кунтум ту'әдун»* («Сендерге уәде етілген жәннәт сүйіншіленсін»), қуанышын есітіп оңай шығады, (егер) кімде-кімнің соры бес елі болса, жаны қиналып шығады. *«Нә'uzu билләһи мин зәликә»* («Мұндайдан Аллаға сыйынамын»).

Адам Сафи онда жеті күн отырды. Содан кейін Алла Тағала қызыл алтыннан жаратылған, гауһармен безелген бір тақ берді. Сондай киімдермен киіндірді. Басына алтын тәж берді. Ол таққа отырды. Жеті жүз мың періштелер Алла Тағаланың жарлығымен Адамның төңірегіне келіп қызметінде болды. Ол тақ «Мәсжид ул-Харам» секілді еді. Тақтың үстінде Қағба сияқты бір күрсі бар еді. Он иғаштай (шамамен 9 км келетін қашықтық бірлігі) жер «Харам» деп аталды. Алла Тағала Адамды барша әдеміліктермен безендірді. Тістерінен көздің нұры секілді нұр шашырайтын. Мұхаммед әл-Мұстафаның нұры Адамның алдында толған айдай толысатын еді. Адам ол нұрдың жарқырағанын көріп, бұл нұрды мен бір көрсем деп армандағанында, Алла Тағаланың әмірімен ол нұр Адамның алдынан оң жағына өтті. Және желкесіне қонды, кейін Адам қолына. Қолын ол нұрға соза берді. Нұр одан көтеріліп, шаһадат саусағының ұшына қонды. Адам саусағын жоғары көтеріп, оған тамсана қарап: *«Лә иләһә иллаллаһу Мухәммәдун Расулуллаһи»* («Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі»), – деді. Алғаш рет саусақты көтеріп шаһадат кәлимасын (қуәлік сөзін) айту Адам ұлдарына сүннет болды. Одан кейін әмір болды. Періштелер Адамды көкке көтерді. Жебірейіл Мәймун атты бір ат әкелді. Жұпардан жаратылған еді. Адам мінді. Жебірейіл тізгінін, Микәйіл оңынан, Исрафил солынан ұстап көктерді аралатты. Періштелер жолыққанда Адам: *«Әссәләму 'әләйкә йә, мәләикәтуллаһи»* («Ассалаумағалайкүм, ей, Алланың періштелері»), – деп сәлемдесетін еді. Періштелер: *«'Әләйкүм-сәләму уә рахматуллаһи уә бәрақәтуһу»* («Сізге де

Алланың сәлемі, мейірім және берекесі жаусын»), – деп жауап беретін. Алла Тағала: «Бұл сенің тәхиятын болады және қияметке дейін сенің мұсылман ұлдарынның тахияты болады», – деп әмір берді. Адамды жұмаққа кіргізген уақытта (ол) нығметін, хорларын, сарайларын көрді. Алайда, өзі секілді ешкім болмағандықтан, көңілі толмаған киіктей болып жұмақта жүретін. Жаратушы Алла Адамға ұйқы берді. Ұйқылы-ояу жатқан Адамның қабырғасының оң жағынан Хауаны жаратты.

САУАЛ: Хауаны Адамның ұйқылы-ояу жатқанында жаратқанында қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Адам ояу болса, қабырғасы ауыратын еді. Сол себептен Хауаны дұшпан білетін. Егер ұйқыда болса, өзінен жаратылғанын білмесе, оны жақсы көрмейтін еді. Осылай ол сүйікті болар. Алла Тағала Хауаны қисық сүйектен жаратты. Сол үшін «Әйелдер түзелмес қисық сүйек» деген сөз халық арасында мақалға айналды. Адам Хауаның өзінен жаратылғанын көрген соң, Адамның махаббаты оянды. Хауа өте сұлу еді.

Хабарда былай келеді: Алла Тағала сұлулықты жүзге бөлді. Токсан тоғызын Хауаға берді. Бір үлесін барша адамзатқа берді. Ол бір үлесті және онға бөлді. Тоғызын Жүсіпке, бір үлесін адамзатқа берді. Адам Хауаны өзі секілді бейнеде көргенінде қызығушылығы оянып: «Маған жақын кел», – деп шақырды. Хауа: «Мені қаласаң, сен (өзің) келгін», – деді. Адам шыдай алмай Хауаға келді. Егер бір сағат сабыр қылғанында, Хауа келетін еді. Сол себепті ердің әйелге баруы сүннет болды. Алайда, жұмаққа кірген уақытта әйелдер күйеулеріне келеді. Адам Хауаға келгенінде, Жебірейіл (ғ.с.): «Ей, Адам, Хауа сенікі, некелеспейінше дұрыс болмас», – деді. Мәулә Тағала өз пәк затымен Адам мен Хауаның некесіне құтпа оқыды. Сол құтпа мынау:

«Әл-хәмду сәнәий Аллаһу исмий әр-рахмәну мифтәху хәзәиний әр-рахим мифтәху тәжәуузий 'әни әл-'усәти уә әл-музнибин әл-'әзамәту изарий уәл-кибрйәу ридәий әл-'иззу уә әл-жуду мәхәий уә әл-жәмәлу уә әл-жәләлу сәнәий уә әл-халқу куллиһум 'әбиди уә мәий уә әл-әнбийәу уә әр-расулу әнбийәи уә әсфийәи уә Мухәммәдун хәбиби уә нәби уә уммәтуһу хайру әл-умәми уә ахиббәий инни қад зәууәжсту әл-әшйә лийәстәдиллу биһә 'әлә уәхдәнийәти әшһиду мәләикәти уә хәмәлту 'арши уә суккәну сәмәуәти инни зәууәжсту Хәууә әмәти Әдәмә бәди'ә фтирәти уә сун'ә қудрати би садақи тәсбиһи уә тәһлили уә билә саллә бәни (Әдәмә) йә Әдәму удхул жәннәти уә кул мин сәмәрәти уә лә тәқрабә һәзиһиш-шәжәрәтә. Әссәләму 'әләйкүмә уә рахмәти уә әл-хәмду лилләһи раббил 'әләмин» («Хәмді менің мақтауым, менің есімім Алла, Рахман – менің қазыналарымның кілті, Рахым – күнәһарларымның күнәсін кешу кілті. Ұлылық менің қажетім, ұлықтық менің киімім, әзіздік және жомарттық менің сұлулығым, сұлулық

және ұлылық менің мәртебем. Адамдардың бәрі менің құлдарым, пайғамбарлар менің елшілерім және таңдаған пенделерім. Мұхаммед менің сүйіктім және пайғамбарым және оның үмметі үмметтердің жақсысы және менің сүйген достарым. Мен, расында, менің бірлігіме дәлел болсын деп (салыстыра отырып) барлық заттарды жұбымен жараттым. Менің періштелерім, менің арсымды көтеріп тұрушылар және менің аспанымдағы жасаушылар, куә болыңдар, Мен, шынымен, құлым Хауаны құдіретімнің өрнегі және жаратқандарымның азжайыбы болған Адамға қостым. Маған тәспі айту («Сұбханаллаһ» деп) және тәһлил айту («Лә иләһә илаллаһ» деп) тағы адам балаларының намаз оқуы мәһір болды. Ей, Адам, жаннатыма кір, жемістерімді же. Мына ағашқа жақындамаңдар. Екеуіңе менің сәлемім және кеңшілігім болсын. Адамдардың жаратушысы болған Аллаға шүкір»).

Хабарда былай келеді: Адамнан сұрады: «Не үшін Адам аталдың?». Жауап берді: «*Лиэнни хулиқту мин әдими әл-әрзи*» («Себебі мен жер жынысынан жаратылдым»). Араб тілінде оны «адим» деп атайды. Хауадан: «Не үшін Хауа аталдың?» – деп сұрады. «*Лиәннәһә хулиқат мин әл-хәйин*» («Себебі мен тіриден жаратылдым»), – деп жауап берді. Араб тілінде тірі жанды «хәй» деп атайды.

Кейбіреулер: «Адам топырақтан жаратылды. Топырақ тұрған сайын әдемі болады. Және Хауа еттен жаратылды. Ет ұзақ тұрса сасиды. Сол себепті әйел қартайса сұрықсыз болады», – дейді.

Адам мен Хауа некелескенде: «*Йә Әдәмә усқун әнтә уә зәужукә әл-жәннәтә уә кулә минһә рағадән хайсу шитумә уә лә тәқрабә һәзиһи ши-шәжәратә фә тәкунә мин әз-залимин*» («Ей, Адам, сен және әйелің екеуің осы жаннатта тұрыңдар және ондағы жемістерден қалағандарыңша жеңдер және мына ағашқа жақындамаңдар. (Егер жақындасаңдар) залымдардан боласыңдар»), – деген жарлық келді.

Мағынасы мынау: Ей, Адам, жұбыңмен жұмаққа кіріңдер, нығметтерін жеңдер. Мына ағашқа жоламаңдар, залым боласындар.

Сенімді деректерде ол ағаштың бидай ағашы екендігі айтылады. Алайда, Хауаның жер бетінде не жұмақта жаратылғандығы туралы ғұламалар арасында тартыс бар.

Ол кезде Өзәзіл жұмақта еркін (жүретін) еді. Барша періштелерге ілім үйрететін. Бір күні «Ләухул махфузда» періштелердің бірі малғұн болатындығын көрді. Оны білген періштелердің бәрі қорықты. Өзәзілге келіп: «Сен ұстазымызсың, біз қатты қорқып жатырмыз, дұға қыл, Алла Тағала бізді қарғысынан сақтасын», – деп айтты. Өзәзіл дұға жасады, періштелер «әмин» деді. Алла Тағала оның дұғасымен барша періштелерді лағынеттен құтқарды, өзі лағынетке кірді. «Періштелер иығында Адамды нұрдан жасалған тақ үстіне отырғызып алып,

жұмақтың ішін аралатады», – деген жарлық келді. Себебі Адам жаратылғанға дейін, «Адам ұлдары бұзықтық қылады, қан төгеді», – деп ғайбаттады. «Біз тәспі және құлшылық қыламыз» деп өздерін ақтады. Алла олардан мұндай сөзді күтпеді. «Сендер Адамды ғайбаттадыңдар, сауаптарын ауысты», – деп үкім берді. Ол сауаптар Адам ұлдарына берілді. Ол ғайбаттың жазасы сол болар. Бір күні барша періштелерге: «Адам тағын көтеріп, қызметтеріңе кірісіндер», – деген жарлық болды. Содан кейін Алла Тағала «Әсмә ілімін» («Есімдер ілімін») Адамға үйретті. Барлық нәрсені періштелерге көрсетіп: «Егер рас сөйлесендер, мыналардың аты не екенін айтып беріңдер», – деді. «*Уә 'әлләмә Әдәмә әл-әсмәә кулләһә суммә аразәһум 'әлә әл-мәләикәти фә қалә әнбиуни биәсмәи һәәуләәи ин кунтум садиқинә*» («Және Адамға барлық заттың атын үйретті, кейін оларды періштелерге көрсетті және «Егер сендер рас сөйлесендер, мына заттардың атын маған айтып беріңдер», – деді)).

Періштелер әлсіздік танытып: «*Қалу субхәнәкә лә 'илмә ләнә иллә мә 'әлләмтәнә*» («Сен үйреткеннен артық білмейміз»), – деді.

Және Адамға: «*Йә, Әдәму әнбиуһум би әсмәиһим*» («Ей, Адам, мыналарға мына заттардың атын айтып бер») деген жарлық болды.

Адам: «Мынау ағаш, мынау тас, мынау су», – деп аттарын айтып берді. Барша заттың атын барлық тілде баяндады. «*Әләм әқул ләқум инни ә'ләму мә лә тә'ләмуна*» («Ей, періштелер, мен білгенді сендер білмейсіңдер демедім бе?!»), – деген жарлық келді.

Адам – ғалым, сендер – құл (құлшылық қылушы) екендіктерің енді сендерге белгілі болды. Менің құзырымда мың құлдан (құлшылық қылушыдан) бір ғалым артық. Құл қайда болса да, ғалымға қызмет қылуы керек. Ол махдум (қызмет қылуға лайық жан), сендер қызметші болыңдар. Ол мешіт, сендер сәжде етуші болыңдар. Адамға сәжде қылыңдар. «*Усжуду ли Әдәмә*» («Адамға сәжде етіңдер»). Барлық періштелер сәжде қылды. «*Фә сәжәдә әл-мәләикәту куллуһум әжмә 'унә*» («Періштелердің бәрі бірдей сәжде жасады»).

САУАЛ: «*Фә сәжәдә әл-мәләикәту*» («Періштелер сәжде жасады...»), – деді. Тағы «*куллуһум*» және «*әжмә'ин*» деді. Бұлардан қандай пайда бар?

ЖАУАП: Пайдасы сол, «*мәләикә*» деп «*куллуһум*»-ді қоса айтпағанда, «періштелердің біразы сәжде қылды, біразы сәжде жасамады» деген мағына шығатын. «*Фә сәжәдә әл-мәләикәту куллуһум*», яғни періштелердің бәрі сәжде жасады. Пайдасы сол, «*әжмә'ин*» дегенде, періштелердің онды-солды сәжде қылу мүмкіндігі болар еді. Періштелердің бәрі бір рет – бірден сәжде қылды, (тек) жалғыз Әзәзіл сәжде жасамады. «*Иллә Иблисә әбә уә истәкбәра уә кәнә мин әл-кәфирин*» («Тек Ібіліс тәкаппарланып сәжде жасамастан, кәпірлерден болды»).

Мойынсұнбады, (өзін) жоғары ұстады, кәпірлер санатынан болды. Періштелер сәжде қылғанында, Ібілістің сәжде жасамастан тік тұрғанын көріп, шүкіршілік етіп қуанғанынан және бір сәжде қылды. Бүгін намаздағы екі рет сәжде жасау содан қалды.

Хабарда былай келеді: Жұмақ ішінде жарты күн қалды. Ол жаһанның бір күні мен бұ әлемнің жылымен бес жүз жыл (айырмашылық) бар. Топырақтан жаратылғаннан жұмаққа дейін барғанша мың екі жүз қырық жыл бар. Әзәзіл сәжде жасамағанда, «Не үшін сәжде жасамадың?» – деген дауыс келді. *«Мә мәнә'әкә» («Неңдей нәрсе бөгет болды?»)*. Ібіліс: «Мен одан артықпын», – деді. *«Хәләқтәни мин нәрин уә хәләқтәһу мин тин» («Мені оттан жараттың, оны қара топырақтан жараттың»)*. Әзәзіл бұл сөзді айтқанында, оның «Әзәзіл» аты өшіп, «Ібіліс» деген ат берілді. Мағынасы «үмітсіз» деген. Қарғысқа ұшыраған Ібіліс отты топырақтан артық санады. Топырақтың оттан артық екенін білмеді. Оның дәлелі от – ұры, не нәрсені отқа берсе, (күйдіріп) жоқ қылады, қайтармайды.

Алайда, топыраққа бір уыс салсаң, онды жүз есе қылып қайтарады.

ПАЙДА: Ібіліс (оған Алланың лағынеті болсын) отпен мақтанды. Алланың сөзі: *«Хәләқтәни мин нәрин» («Мені оттан жараттың»)* деп. Сондықтан отта жанатын болды. Адам Жаратушыға арқа сүйеді, сол себепті барар жағы Алла болды. *«Мән ифтәхәра бишәйин 'уқибә биһи» («Кімде-кім бірер нәрсемен мақтанса, сол нәрсемен азапталады»)*. «Кім не нәрсемен қуанса, сонымен қуанады», – деді. Ібіліс айтты: «Тәңірім, жүз мың жыл құлшылық қылдым, соның қайтарымын маған бергін». «Не қалайсың?», – деген дауыс келді. Ібіліс қияметке дейін ұзақ өмір сұрады. *«Рабби фәнзирни илә йәуми йуб'әсунә» («Ей, Жаратушым, олар тірілетін күнге дейін маған уақыт бер»)*.

Муфәссирлер айтады: Ол сормандай, Алла құзыретінде қулық қылды, қияметке дейін өмір сұрады. Өлілер тірілгенге дейін өмір сүрсем, маған кейін өлім келмейді деген оның мақсаты еді. Алла Тағала оның сырын біліп қойып: *«Фәиннәкә мин әл-мунзәринә илә уәйми әл-уәқти әл-мә'луми» («Әрине, сен белгілі мерзімге дейін уақыт берілгендерденсің»)*. «Біз саған белгілі күнге дейін өмір бердік, (алайда) сен қалаған уақытқа дейін бермедім», – деді.

Тағы бір қасиетті тәпсірде былайша баяндалады: *«Илә йәуми йуб'әсунә» («Белгілі күндерге дейін...»)* деудегі мақсаты мынау еді: Бүгін Тәңірі періштелері мықты. Олармен күресуге шамам жоқ. Өлілер тірілгенге дейін өмірім болса, оған дейін Жебірейіл, Исафил, Әзірейіл тағы басқа періштелердің бәрі өлетін болса, Тәңірі жалғыз қалған уақытқа онымен соғысатын едім деген ниеті бар еді.

САУАЛ: Ібіліс қарғысқа ұшыраған соң, жұмаққа кіруіне не себеп болды?

ЖАУАП: Алла Тағала: «Саған Адам ұлдарының үстінен жеңіс бердім», – деді. Расул (ғ.с.) ның: *«Иннәш-шәйтәнә тәжри фи бәни Әдәмә кәмә тәжри*

әд-дәму» (яғни) «Қан адамның тәнінде қалай жүрсе, шайтан да солай жүреді» дегенін көрмейсің бе?!

САУАЛ: Адам мен Хауаның бидай ағашынан жегенінде қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Алла Тағала Адамды жаратқанға дейін жер бетінде халифа (орын-басар) жаратамын «*Инни жә'илун фи әл-әрзи хәлифәтән*» деді. Бидайдан жеудегі мақсат (жұмақтан) шығуға себеп еді.

Тағы бір ЖАУАП: Алла Тағала тағдырды жазды. Дүниеде адамның азығы бидай болуын қалады. Барлық нығметтерді жеңдер, бидай жемендер (деді). Үлкендердің алдында бермегенін жеу күнә болады.

САУАЛ: Адамды жұмаққа кіргізуде қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Жұмаққа кіргізгенде Адам ұлдары Адам (ата) ның белінде еді.

САУАЛ: Егер мүміндер өз орындарын көру үшін жұмаққа кірсе, кәпірлер де Адамның белінде болатын. Олардың кірмегінде қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Мүміндер орындарын (барар жерін) көрсін, дүниеге келгенінде құлшылықтары одан әрі көбейтсін, ал кәпірлер тозаққа барғанында жұмақта көрген нығметтер үшін іші күйсін деген (хикмет жатыр).

Тағы бір ХИКМЕТ: Жұмаққа кірмектегі хикмет мынау еді: Тәңір Тағала мұсылмандардың тәнін, малын саудаға салып жұмақ беретінін ежелде үкім етті. (Алайда) шарифатта көрмеген нәрсені саудаға салу дұрыс болмағандықтан, жұмаққа кіргізді. Және делдалын көрсетті. Сауда мен келісім дұрыс болуы үшін жұмаққа кіргізді. «*Инналаһа иштәра мин әл-мумининә әнфусәһум уә әмуәләһум биәһнә ләһум әл-жәһнәтә*» («Әрине, Алла Тағала мүміндерден жандары мен малдарын оларға жаннан беріп сатып алды»).

Кәмә қалә әш-шә'иру:

Нәфсут тука әл-муштәра
Уә әл-муштәри Раббу әл-'уәра
Уә жинәнуһу әсмануһу
Уәл Мустафа диләлуһу
Ләкин сәккәһу Тәурату
Инжилу, Забуру, Фурқануһу.

Шайыр айтқанындай:

Сатылатын нәрсе – діндардың жаны,
Оның сатып алушысы – адамзаттың Жаратушысы.
Оның бағасы – Алланың жаннаты,
Оның дәлелі – Алланың сенімді елшісі.
Айғақтаған оны Тәурат,
Инжіл, Забур және Құран.

Сатқан Алла Тағала, алған Алла Тағала, сатылған мүмін (мұсылман). Оның тәні мен малының бағасы, делдалы – Мұхаммед әл-Мұстафа.

Ғұламалардың арасында Адам ұрпағы белінен шығарғанында қайда еді деген мәселеде тартыс бар. Кейбірі: «Жұмакқа кіргенге дейін еді», – дейді. Біразы: «Жұмакқа» десе, енді бірі: «Жұмактан шыққанда», – дейді. Алла Тағала Адам ұлдарын адам бейнесінде шымал секілді майда етіп белінен шығарды. Бәрі ақылды да емес, мұсылман да емес, кәпір де емес еді. Жаратушыдан: *«Мен сендердің Жаратушыларың емеспін бе?»* (яғни) *«Әләсту бираббикум?»* деген сауал келді. Бәрі: «Йя», – деді. *«Қалу бәлә»*. Адам оларды көргенінде: «Тәңірім, бұлар кімдер?» – деді. «Бұлар сенің қияметке дейінгі ұлдарың, ұрпақтарың» деген жауап келді. Адам олардың бәрін көргенінде: «Тәңірім, бұлар жер бетіне қалай сияды?» – деді. «Ей, Адам, оларды төрт ұлыс қыламын. Бір ұлысы аталардың белінде, бір ұлысы аналардың ішінде, бір ұлысы жер бетінде, бір ұлысы жер қойнында» деген жауап келді. Адам оларға қарағанында бірін соқыр, бірін ақсақ, бірін ауру, бірін сал көрді. «Тәңірім, бұларды неге бірдей жаратпадың?» – деді. «Ей, Адам, маған шүкір қылсын деп, жұмақты оған кірушілер үшін жараттым, тозақты оған кірушілер үшін жараттым. Соқыр жаратпасам, көзі саулар шүкір қылмайтын еді» деген жауап келді. Біразын жұмақтың оң жағына, біразын тозақтың сол жағына тұрғызды. *«Һәуләйи фи әл-жәннәти уә лә убәли уә һәуләйи фи ән-нәри уә лә убәли»* (*«Әне олар жаннатта және мен назар аудармаймын, әне олар тозақта және мен назар аудармаймын»*) деген дауыс келді.

Тағы бір риуаятта былай айтылады: Дүниені көріп келіндер деп, бәрін дүниеге жіберді. Келді, дүниені көрді. Біразы сонда қалып, қалғаны қайтып келді. «Басқалар қайда?», – деген дауыс келді. Олар: «Дүниені көрді, көңілдері дүниені қалады, сонда қалды», – деді. «Жұмакқа барып, жұмақтың не нәрсе екенін көріңдер», – деген жарлық келді. Барды, жұмақты көрді, олардың көпшілігі сонда қалды. «Басқалар қайда?», – деген жарлық келді. «Тәңірім, олар жұмақты қалады, сонда қалды», – деді.

«Дүниеде қалғандар кәпірлер еді, жұмақтар қалғандар мүміндердің сауатсызы еді», – дейді. Жұмақта қалмастан құзыретке келгендері хас құлдар еді. «Дүниеге көңіл қоймадыңдар, жұмақты қаламадыңдар, енді не тілейсіндер?» – деген жарлық келді. «Тәңірім, бізге дүние қажет емес, ақырет керек емес, бізге Сен керексің», – деді. «Кімде-кім мені қаласа, менің қазынамда қандай ауыр қиыншылық болса, сол ауыртпалықты соған беремін», – деген жарлық келді. «Ол қиыншылық бергенінде Сен бізбен бірге боласың ба?» – деп сұрады. «Боламын», – деді. «Тәңірім, қиыншылық келгенінде Сен бізбен бірге болсаң, қандай ауыртпашылық жіберсең де, қабылдаймыз», – деді. (Пайғамбар) (ғ.с.) айтады: *«Иннә әшәддә әл-бәләйй 'әлә әл-әнбиййәи суммә 'әлә әл-әулиййәи суммә 'әлә*

әл-әмсәл...» («Расында, қиыншылықтың ең үлкені пайғамбарларға, одан кейін әулиелерге келеді және одан кейін тәртібімен...»).

Хабарда былай келеді: Шайкы Шибли дүниеден өткенінде, түсінде «хәлің қалай?» деп сұрады. (Ол төмендегіше) жауап берді: «Мені көмгеннен кейін Мүнкір-Нәнкір (ғ.с.) келіп: «Тәңірің кім?» – деп сұрады. «Менің Тәңірім сол – атамыз Адамды нұрлы такка отырғызып, көк періштелерін атамыздың қарсысында сәжде қылдырды, Жебірейіл, Микәйіл, Исрафил, Әзірейіл бірге еді. Сендер сәжде қылғандарыңда мен барша бауырларыммен бірге сендерге карап тұрған едім». Олар бір-біріне карап: «Бұл баршаның сөзін айтып тұр, жалғыз өзінің сөзін сөйлемеді, жүріндер кетейік», – деді. *«Лау райтәһүмә кәйфә йәхрабәни минни» («Егер ол екеуінің менен қандай қашқанын көргеніңде еді»).* Егер сәл кідіріп тұрғандарыңда оларды ұстап: «Сендердің Тәңірлерің кім?» – деп сұрар едім. Қандай жауап берсе де, оларды дәлелмен ұстар едім».

Және мақсатқа (өз сөзімізге) қайтайық. Ібіліс қарғысқа ұшырағанында, жаннаттан қуылып, қайта кірмес болды. Адам мен Хауаның дұшпандығы көңілінде қайнады. Қулық-сұмдықпен жұмақтан шығармаққа бел байлады. Ол кезде жылан көрікті әдемі түйеге ұқсайтын еді. Қызыл, жасыл және түрлі түсті канаттары бар еді. Хауа (Алла одан разы болсын) жыланның көрікті бейнесіне қызығып, онымен сөйлесетін еді. Ібіліс оны біліп, жыланнан: «Мені жұмаққа кіргізгін, Хауамен сөйлессейін», – деп өтінді. Жылан қорқып, көнбеді. Ібіліс: «Аузыңды аш, мен кірейін», – деді. Жылан аузын ашты. Ібіліс жылан тілінің астына жасырынды. Жұмаққа кірді. Жылан Адам мен Хауаның тағының алдына қарсы тұрып, тілінің астынан Ібіліс сөйледі. Адам жылан сөзін тыңдамаған соң, Хауаға бұрылды. «Әйел көңілі жұмсақ болар» деп Хауаға: «Бұл бидай ағашынан Тәңір сендерді не үшін тыйғанын білесің бе?» – деді.

Хауа: «Білмеймін», – деді.

Ібіліс: «Бұл ағаштан жесе жұмақта мәңгі қалады, өлмейді және жұмақ мүлкінен айрылмайды деп тыйым салды», – деді. *«Һәл 'әдуллукә 'әлә шәжәрати әл-хұлди уә мүлкін лә йәблә» («(Ей, Адам), саған жемісін жесе мәңгі бақи қалатын ағашты және таусылмайтын патшалықты көрсетейін бе?»).*

Хауаның ол сөзге көңілі ауып, (орнынан) тұрды. Он қадам ағашқа жақындады. Бір бұтақ сындырып, Адамға әкелді де : «Мына бұтақ тәтті екен, мен жедім – зиян болмады, сен де же», – деді. Адам сол сәтте келісімді ұмытты. *«Фә нәсийә уә ләм нәжид ләһу 'әзмән» («Сонымен ол (Адам) ұмытты және одан ұқыптылық таппадық»).* Ол дәнді аузына салды, шайнады, жұтқыншаққа келгенінде баяғы уәдені есіне алды. Ішіне қарай жұтпады, сыртқа шығара алмады. (Ішке) кірмесін деп қолымен тамағын ұстады. Ол дән тамағында домалақ болып қалды. Сол

себепті ерлердің тамағында сол домалак бар, әйелдерде жоқ. Бұл қорлық белгілі болғанында бастарынан тәж құлады.

ХИКМЕТ: Яхия ибн Мааз әл-Рази айтады: Қажылыққа жол алдым. Жалғыз өзім аңғар ішінде қаранғы түнде шаршап-шалдығып келе жатқанымда (бір) дауыс естідім. Дауыс шыққан жаққа қарадым, тікен арасында бір қарияның қатты жылап отырғанын көрдім. «Не болды, неге жылайсың?» – деп сұрадым. «Қалай жыламайың, періштелерге мұғалім болдым, жұмақта ерікті едім. Жер мен көкте көп құлшылық қылдым. Ақыры қарғысқа лайық болдым», – деді. Ібіліс екенін білдім. «Бір сәжде неге жасамадың?» – дедім.

(Ібіліс): «Маған сәжде қыл деді, қылмадым. Адамға бидай жеме деді, жеді. Ақырет болса екеумізге керек, кешірсе, екеумізді де кешіруі керек еді. Адамды кешірді, кешірімін қабыл алды. «*Фә нәсийә уә ләм нәжид ләһу 'әзмән*» («Сонымен ол (Адам) ұмытты және одан ұқыптылық таппадық»). Мені кешірмеді, қарабет қылды. «*Уәстәкбәра уә кәнә мин әл-кәфирин*» («Ол тәкаппарланды және кәпірлерден болды»), – деді.

«Адамды кешіріп, сені кешірмеуінде қандай хикмет бар», – деп сұрадым. «Ежелде Адам туралы ілтипат бар еді, оны кешірді. Мен туралы ілтипаты жоқ еді, мені қуды», – деп жауап берді. Сондықтан да «*Инайәту әл-әзәли кифәйәту әл-әбәди*» («Ежелде болған ілтипат мәңгілікке жарайды») деп, босқа айтпаса керек.

ХИКМЕТ: Хауа бидай ағашын жеген уақытта, сол ағаш жылады. Қан секілді нәрсе ақты. Сондай жағдай Хауада пайда болды. Қияметке дейін әйелдерге хайыз мирас болды.

САУАЛ: Хайыздың мерзімі он күн болуында қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Бидай алуға барып келгенше он қадам болды. Сол үшін он күн болды.

САУАЛ: Ұзағы он күн, кемі үш күн болуында қандай хикмет бар?

ЖАУАП: Ол бидай үш нәрсемен іске асты. Аяқпен барды, қолымен алды, аузымен жеді. Сол үшін кемі үш күн болды.

САУАЛ: Истихаза деген не?

ЖАУАП: Адам Хауаның тәубелері қабыл болғанынша асығып жылағаны хайыз болды. Тәубеден соң жылады, жылағаны истихаза болды, тазалық берді.

САУАЛ: Нифас деген не?

ЖАУАП: Хауа бидай ағашын алып келгенше қырық дем алды. Әрбір дем сайын бір күн лас болды.

Және мақсатқа (өз сөзімізге) қайтайық. Адам мен Хауаға қорлық болғанында тәжден, киімнен (айрылып) жалаңаш қалды. Қолдарымен әуреттерін жауып, ағаштан-ағашқа жапырақ іздеп жүгіре бастады. Қай ағашқа барса да, жапырақ бермеді. «*Уә тәфиқа йәхсифәни 'әләйһә мин уәрақи әл-жәннәти*» («Және олар

жаннат ағаштарының жапырақтарынан оның (әуреттерінің) үстін жаба бастады»).

Адам жүгіріп бара жатқанда жиде ағашы сынып, Адамның шашын ұстап: «Қайда барасың?» – деді. «Жібермеймін», – деді. «Жіберсем, Аллаға күнәһар боламын», – деді. Сол себептен Адам ұлдары ағаштарды екенде, сусыз қалсын деп, жиде ағашын судан алысқа екті.

ХИКМЕТ: Барлық ағашта от бар. «*Фи калли шәжәратин нәрун. Уәис тәжмәраһу... уә әл-ғәффар*» («Әрбір ағашта от бар. Ғәффар (Алла) оны жалынды қылған»). Ағаш су ішпесе, от оны өлтіреді. Алла Тағала өлмесін деп, жиденің отын өшірді. Сол үшін де тоқушылар киім жанбасын деп, киім тоқуды содан жасайды.

«Ей, Адам, менен қашып жүрсің бе?» деген жарлық келді.

(Адам ата): «Тәңірім, ұялғанымнан Сенен Саған қашып жүрмін», – деді. Жәбірейіл Адамның қолынан ұстап құзыретке алып келді. «Ей, Адам, сені топырақтан жаратпадым ба, мағрифатпен құрметтемедім бе, көрікті бейнеде жасамадым ба, періштелерге көтертпедім бе, жұмаққа кіргізбедім бе, нығметтерді бермедім бе, Хауаны саған жұп қылмадым ба, бидай ағашын жемендер демедім бе, шайтанды сендерге дұшпан деп айтпадым ба?!» – деген жарлық болды. «*Иннәш-шәйтәнә ләкумә 'әдәуун мубинун*» («Расында шайтан сен екеуіңе ашық дұшпан»). «Не үшін бидай жедің?»

(Адам ата): «Тәңірім, ол үкімді кім шығарды, ол тағдырды кім белгіледі?» – деді.

«Мен белгіледім, мен тағдыр еттім. Алайда, менің тағдырым, үкімім, қазам ғайып болар, бұйрығым, жарлығым ашық болар. Ашықты қойып ғайыпқа не үшін араластың?» – деген жарлық келді.

(Адам ата): «Тәңірім, солай үкім шығардың, тағдырды белгіледің, мені кешіргін, мені жарылқағын», – деді.

«Сені кешірдім, сенен кейін ұрпақтарың осылай кешірім сұраса, оларды да жарылқаймын. Енді жұмақтан шық», – деген жарлық келді.

Хабарда былай келеді: Әнжір ағашы Адам мен Хауаға бес жапырақ берді, денелерін жасырды. Таң атқан соң сол бес жапырақтың бірін киік жеді, жұпар болды, бірін сиыр жеді, әнбар болды, бірін ара жеді, бал болды, бірін құрт жеді, жібек болды, бірін Адам жерге екті, жүн болды. Қияметке дейін ұрпақтарына кебін болды.

НҮКТЕ: Алла Тағала Адамға жапырақ беру үшін әнжір ағашын дайындады. Барлық жеміс (көкөніс, жеміс-жидек) үш түрлі болады: алма, алмұрт секілді бірінің сырты (ғана) желінеді; бірінің іші желініп, сырты желінбейді жаңғақ, бадам секілді; бірінің іші де желінбес (мұнда ішіндегі дәннің айтып отырған бо-

лар. – Т.К.), қабығы да желінбес қауын, қарбыз секілді. Алайда, әнжірдің сырты да, іші де желінер.

Адамға, Хауаға, Ібіліске, тауысқа және жыланға жұмактан шығуға жарлық келді. *«Кулнәһи битуминзә жәми'ән. Раббәнә заләмнә әнфусәнә уә ин ләм тәғфир ләнә уә тәрхәмнә ләнәкунәннә мин әл-хасиринә»* («Бұл жерден бәрің де түсіңдер дедік. Ей, Жаратушымыз, біз өзімізге зұлымдық қылдық, егер сен біздің күнәмізді кешірмесең және бізге мейірімің келмесе, онда зиян шегушілерден болып қаламыз»). Адам мен Хауа зорлықпен жалына-жалбарына (жұмактан) шықты.

Адам Үндістанда Анжалус атты жердегі Сарандиб тауына, Хауа Жиддә тауына түсті. Ібіліс Басраға түсті, сондықтан онда жөйттер көп болды. Жылан Исфахан жеріне түсті, сондықтан да исфаһандық сараң болады. Тауыс Мишанға түсті. Бәрінің жағдайлары қиындады. Адам, Хауа жалғыз қалды. Ібіліс малғұн болды, жыланның әдемі бейнесі өзгерді, осылайша жорғалап жүретін, ащы топырақ жейтін болды. Адам түскен жерінде көп жылады. Жүз иғаштық жерде көз жасынан ағаштар өсті, жолдар, бұлақтар пайда болды. Адамның көз жасы тамған жерден жем-шөп, ащы-тәтті дәрілер шықты. Хауаның көз жасы тамған жерден алоэ, қалампырмоншақ, сүмбіл, қына, оспа өсті. Адам ұрпағына қияметке дейін мирас болып қалды. Сонда Ібіліс жер бетіндегі аң-құстарды жиып: «Жер бетіне кім келсе де, сендерге ұқсамайды. Сендерді тұқымдарыңмен бірге құртады, бәрің жиылып оны өлтіріңдер. Өлтірмесендер тыныштық жоқ», – деді. Бәрі жиылып келді. Бірінші болып сича (құс аты) Адамның басына қонып, шашын жұла бастады. Сол үшін де Адам ұрпағы сичаны ұстап, жүнін жұлып, пісіреді. Адам аң-құстарды көріп қорықты. «Ей, Адам, олардың біреуін шақырып, қолыңмен басын сипа», – деген жарлық келді. Адам итті шақырды. Ит Адамға үйреніп, аң-құстардың бәрін қуды. Сол күннен бастап ит Адам ұрпағымен бірге қалды. Басқа мықтылармен қас болды. «Ей, Адам, саған кешірім керек болса, Меккеге бар. Мен үшін бір үй тұрғыз», – деген тағы жарлық болды.

(Адам): «Тәңірім, ол жерді мен білмеймін, қайда?» – деді. Алла Тағала бір құсты жолбасшы етіп берді. Аты араб тілінде Ахял еді, түркі тілінде көкқарға. Ол ұшып, Адам артынан жүріп отырды.

Хабарда былай келеді: Расул (ғ.с.): «Алты құсты өлтірмендер: біріншісі – Адамға жолбасшы болғаны үшін көкқарғаны, екіншісі – Сүлейменге кеңес бергені үшін қарынжаны, үшіншісі – «Хашыр» сүресінің соңын оқығаны үшін қарлығашты, (кейбіреулер «Бәйт әл-Муқаддас» шабуылға ұшырағанда жылағаны үшін. Сондықтан да мойны ақ болды дейді), төртіншісі – Сүлейменге елші болғаны үшін хұдхұдты, бесіншісі – Намруд отына су әкелгені үшін су бақасын, алтыншысы – бал арасы. Онда адамзатқа шипа көп», – деді.

Адам Мекке жеріне келіп, бір үй тұрғызды. Биіктігі... Сурах деген, белгілісі «Бәйт әл-Мә'мур» атты (яғни осы атпен белгілі болды). Ол үйдің айналасында тауаф қылды. Алла Адамнан (дұғасын) қабыл қылып, күнәсін кешірді. Нұх топаны басқан кезде Алла Тағаланың жарлығымен Жебірейіл ол үйді көтеріп, төртінші қабат көкке алып шықты. Адам Үндістанға нығметтерінің көптігі үшін қайтып барды. Хауаның қолын ұстап, екеуі барды. Алла Тағала сегіз қой берді. Оның жетеуі саулық, біреуі қошқар (еді). Хауа ол қойлардың жүнін иірді. Адам тоқыды. Екеуі киім тігіп киді. Жер бетінде қойдан берекелі басқа жануар жоқ дейді.

Расул (ғ.с.): «*Әш-шәту бәрақәтун уә әш-шәтани бәрақәтәни уә сәләсу шийа-хин кәнзун*», яғни «*Бір қой – береке, екі қой – екі береке, үш қой – қазына*», – деді.

Адамның қатты қарны ашты. Жебірейіл Алланың жарлығымен жаннаттан бірі қызыл, бірі қара екі сиыр әкелді. Жебірейіл жұмақтан үш уыс бидай алып келді, үшке бөлді. «Екеуі саған, біреуі Хауаға», – деді. Әр уыс жүз мың сиыр еді. Ол сиырлар жұмақтан шыққанында (қатты) жылады, көздері жастан істі. Ілгері салғаны ноқат шықты, кейінгі салғаны ясмиқ (дұққакты өсімдік) өсті. Жебірейіл үш уыс бидайды алып келгенінде, Адам мен Хауа бәрін екті. Адамның еккені бидай болды да, Хауаның еккенінен арпа шықты. Сол сәтте бірдей өсті. Адам: «Жейін бе?» – деді. Жебірейіл: «Жоқ, ексін», – деді. Екті. «Жейін бе?» – деді. «Ұр», – деді. Ұрды. «Жейін бе?» – деді. «Ез», – деді. Езді. «Жейін бе?» – деді. «Суыр», – деді. Суырды. «Жейін бе?» – деді. «Үгіт», – деді. Үгітті. «Жейін бе?» – деді. «Иле», – деді. Иледі. «Жейін бе?» – деді. «Пісір», – деді. «Жейін бе?» – деді. «Ей, Адам, күннің екі үлесі бар еді, бір үлесі қалды. Сабыр қыл, күн батсын. Бір күн ораза ұста. Ол күн Ашура күні еді. Мен сенімен үш іс қылайын, сенен разы болайын, күнәнді жарылқайын, жұмаққа кіргізейін» деген жарлық келді. Адам ол жеуге пісірілген нанды жемекші болғанында, Жебірейіл келді. Екі үлесін Адамға, бір үлесін Хауаға берді. Сол үшін де ер кісіге екі үлес, әйелге бір үлес тиетін болды. Адам өз үлесінің бәрін жеді, Хауа жартысын жеп, қалғанын алып қойды. Жебірейіл келіп: «Ей, Адам, сенің жегеніңдей Хауа да жегенінде ұрпағың қияметке дейін құрғақшылық көрмейтін», – еді деді. Адам ол жерде пісірілген нанды жегенінде іші ауырды. Жебірейіл Адам қолын ұстап, тысқа алып шықты. Адам босады. Жаман (сасық) иіс шықты. «Ей, Жебірейіл, бұл не?» – деп сұрады. Жебірейіл: «Ол сенің қорлығыңның (күнәнің) салдары», – деді. Содан кейін Жебірейіл Адамның басынан ұрды. Адамның басы жетпіс қари қысқарды, оған дейін басы көкке жететін еді. Хауа Жиддә тауында қарны ашқанында, теңіз жағасына келіп, балық аулап, от үстінде пісіріп жейтін. Адам екі жүз жыл жылады. Екі жүз жылдан кейін екеуі Арафат тауында кездесті. Адамнан жүкті болды, жүгі жеңіл (болды) «*Хәмәләт хәмлән хәфифән*» («*Оған (ол әйелге) жеңіл бір*

жүк пайда болды»). Ауыр болғанында «*Фә ләмлә әсқаләт дә'әуә-ллаһа*» («Сол жүктілік ауырлағанда екеуі де Аллаға жалынды...»).

Ібіліс Хауаға келіп: «Ішінде не бар?» – деді.

(Хауа): «Білмеймін», – деді.

Ібіліс: «Ішіндегі сиыр, жылқы (мал) болады ма?» – деді. Хауа бұ сөзге ашыланды. Ібіліс: «Мен пәк, сенімді адаммын, Алла Тағаланың алдында құрметім бар, ішіндегі нәресте сен секілді пәк азамат болып тұса, менің атымды қоясың ба, дұға қылайың?» – деді.

Хауа: «Сенің атың кім?» – деп сұрады.

(Ібіліс): «Менің атым Харис», – деді. Ол нәресте туылғанында атын Харис деп қойды. Хауа сол сәтте-ақ қайтыс болды.

Ша'бий (Алла одан разы болсын) риуаят етеді: Ібілістің көзі шала, шала аяғында кебісі бар. Пайғамбар (ғ.с.) дүниеден өткенінде, Әли (кәррамаллаһу уәжһәһу) тақтай үстіне қойып жумақшы болғанында, көктен: «*Йә 'Әли лә тәғсилу Мұххәмәдән фә иннәһу тахирун мутаххарун*» («Ей, Әли, Мұхаммедті жумандар, себебі ол пәк әрі тазаланған»), яғни «Мұхаммедті жумандар, Мұхаммед пәк» деген дауыс келді. Әли: «Осылай болу керек екен деп, менің басым қатты. «Мұхаммедті жууға тыйым салатын сен кімсің? Жуу сүннетін Мұхаммедтің өзі тағайындаған», – деп сұрадым. «Йә, Әли, оны айтқан Ібіліс еді. Мұхаммедті көре алмайды, сен жу» деген ғайыптан тағы дауыс келді. Әли оған жақсы дұға қылды. «*Жәзәкә-ллаһу хәйран кәсиран*», яғни «Ібілістен маған хабар бергенің үшін Алла Тағала саған көп жақсылық берсін» (деді). «Сен кімсің», – деп сұрады. «Мен Мұхаммедтің жаназасына келген Қызырмын», – деді.

Хабарда келеді: Хауа бір ұл, бір қыздан егіз жетпіс құрсақ бала көтерді. Алайда Қабыл ұрпағы жеті мың ер-әйел, Әбіл ұрпағы қырық жеті мың болды. Адам жыл сайын құрбандық шалатын еді. Қайсы құрбан қабыл болса, көктен от келіп, соны өртейтін. Қабыл болмаса от келмейтін еді. Адам нан жейтін еді, нан азайды. «Барып, құс аула» деген жарлық келді. Аулап, бір қырғауыл және бір бүркіт ұстады. Оларды бауыздап, отқа пісірді. Қырғауыл пісті, бүркіт піспеді. Адамның ашуы келді. Бүркітті отқа көмді, бәрі жанып кетті. Адам қырғауыл маған тура келмес деп қайғырды. Қырғауыл Хауа атына, ал бүркіт Адам атына еді. Қырғауылдан Хауаға бергенінде ол қайғырды. Жебірейіл келіп: «Ей, Адам, қайғырма, бұл құстың орнына басқа құс берейін. Бұл құс саған және сенің ұрпағыңа қияметке дейін харам болды», – деді. Адам осылайша құрбандық шалатын еді, от келіп күйдіретін еді. Барша пайғамбарлар шарифатында құрбаны отқа жағу еді. Біздің пайғамбар Мұхаммед әл-Мұстафаға келгенінде, бұл шарифатта құрбандықты өртеу харам болды, жеу халал болды.

САУАЛ: Құрбанды жағу неге харам болды?

ЖАУАП: Бұрынғы үмметтердің құрбаны қабыл болса, күйетін еді, қабыл болмаса, күймейтін еді. Халық арасында алауыздық пайда болатын. Ей, Мұхаммед, үмметтеріңнің арасында алауыздық тумасын деп, сенің шарифатыңда құрбандықты өртеуді харам қылдым.

ПАЙДА: Бүгін бұ дүниеде Мұхаммед үмметінің алауыздықта болуын қаламадым, ертеңгі күні қияметте ғарасат алаңында алдыңғы және кейінгі халық арасында мүмінді арандатпаса, ғажап болар еді!

Тағы бір ПАЙДА: Бүгін бұ дүниеде мұсылманның құрбандығын өртеуді харам қылды. Йә, Раббы, ақыретте мүміннің тәнін тамұқ отына харам қылса, таңданатын еш нәрсесі де жоқ.

Адам ерте тұрып, бидай теріп жүргенінде сиырды бір ұрды. Сиыр жүзін Адамға бұрып: «Ей, Адам, мені неге ұрасың? Кім күнә қылса, соны ұрғын», – деді. Адам оның қайдан сөйлеп тұрғанын білді. «Е, ғажап, таңданыспен періштелеріңе сәжде қылатын еді. Кетейік, мына сиыр менімен сөз жарыстырып отыр», – деп Адам ұзақ жылады.

ҚАБЫЛ МЕН ӘБІЛ ҚИССАСЫ

«Уәтлу 'алайһим нәбәә ибнәй Әдәмә из қаррабә құрбәнән фә ту куббилә мин әхәдиһимә» («Сен оларға Адамның екі ұлының оқиғасын ақиқат етіп оқып бер. Ол екеуі құрбандық шалғанында, олардың тек біреуінің құрбандығы қабылданды...»), яғни Алла: «Ей, Мұхаммед, оларға Адамның екі ұлының сөзін сол кездегі құрбандығы туралы айтып бер. Біреуінің құрбандығы қабыл болды, екіншісінікі қабыл болмады. Енді мен сені өлтіремін», – деді. Ол қисса мынау: Адамның кейін туған ұлдарының бірін Әбдулмуғис, қызын Әмәт ул-Муғиса деп атады. Бұл екеуі туылғанда Адамның ұрпағы қырық мың бәнд болған еді «Уә әл-бәнду фи әл-луғати ... 'әшәрату әлфә ражулин» («Бәнд сөзі он мың ер (адам) деген мағына береді»). Қабыл туылғанда онымен бірге өте сұлу бір қыз туылды. Аты Иқлима еді. Екі жылдан кейін Әбіл туылды. Онымен бірге туылған Әбуда атты қыз өте сұрықсыз еді. Адам өз шарифаты бойынша Қабылмен туылған қызды Әбілге беретін болды. Әбілмен бірге туылған қызды Қабылға бермекші болғанда, Қабыл көнбеді. «Менімен бірге туылған қызды аламын», – деді.

Адам: «Шарифатта олай болмайды», – деді.

Қабыл: «Бұл маған қарындас болса, ол да маған қарындас болады», – деп дауласқанда, Адам: «Олай болса екеуің құрбандық шалындар, қайсыңның құрбандығын қабыл болса, Иқлиманы сол алсын», – деді.

Әбіл қой бағатын еді, (ол) семіз қой әкеліп, аяқтарын байлап, құрбандық шалатын жерге қойды. Көктен от келіп, Әбілдің құрбандығын өртеді. Қабылдың

төңірегіне жоламады. Ібіліс Қабылға келіп: «Әбілдің құрбандығының қабыл болуының себебі Алла Тағаланың құзыретінде оның ізет-құрметі бар. Әкең Адам да оны жақсы көреді әрі Адамның бұл жер халифалығын Әбілге берсе деген арманы бар», – деді.

Қабыл ашуланып: «Мен Әбілді өлтірейін. Қыз да, халифалық та маған қалсын», – деді. Қабыл Әбілді өлтірмекке бел байлады. Қалай өлтірерін білмейтін еді. Бір күні далада Ібілісті көрді. Адам бейнесінде бір құсты алып барады екен. Бір тас қойды. Құсты тастың үстіне қойып, екінші бір таспен ұрды. Қабыл соны көріп өлтіруді үйренді. Қабыл Әбілге: «Мен сені өлтіремін», – деді. Әбіл: «Мен саған қарсы шықпаймын, Алла Тағаладан қорқамын», – деді.

«Ләин бәсәттә иләйһә йәдәкә литәқтуләни мән әнә бибәситин йәдийә иләйкә лиәқтуләкә инни әхафуллаһа раббу әл-'әләминә» («Егер сен мені өлтіру үшін қол созсаң, мен сені өлтіруге талпынбаймын. Әрине, мен адамдардың жаратушысы Алладан қорқамын»). Әбіл құм үстінде ұйықтап жатқанында бір таспен ұрып өлтірді. Қияметке дейін адам өлтіру, қан төгу Қабылдан қалды.

Хабарда былай келеді: Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (ғ.с.): *«Мән сәннә суннәтән хәсәнәтән фә ләһу әжруһә уә әжру мән 'әмилә биһә илә йәуми әл-қиямәти уә мән сәннә суннәтән сәйийәтән фәләһу уизруһә уә уизру мән 'әмилә биһә илә йәуми әл-қиямәти» («Кімде-кім жақсы әдет шығарса, соған сол әдеттің сауабы қияметке дейін болады әрі сол жақсы әдетке амал еткендердің де сауабы соған болады. Және кімде-кім бір жаман әдетті шығарса, соған сол әдеттің күнәсі қияметке дейін болады әрі сол жаман әдетке амал еткендердің де күнәсі сол адамға болады»)*, – деген.

Қабыл Әбілді өлтіргенде жиырма жаста еді. Аң-құстар Әбілге жол алды. Қабыл Әбілді қапқа салып көтеріп жүретін еді. Сол кезде Тәңір жарлығымен екі қарға келіп, бір-бірімен шұқысып, біреуі өлді. Тірі қалған қарға тұмсығымен жерді қазып, өлген қарғаны көмді. Қабыл оны көріп: «Менің қарғадай да ақылым жоқ екен», – деп өкінді. Алла Тағала үш жағдай туралы Мұхаммед Мұстафа (ғ.с.) ға хабар берді. *«Фә бә'әсаллаһу ғурабән йәбхәсу фи әл-әрзи лийурийәһу кәйфә йуәри сәу'әтә әхиһи қала йә уәйләтә ә'әжәзту ән әкунә мислә һәзәл ғураби фә уәрийә сәу'әтә әхи фә әсбәхә мин ән-нәдиминә» («Кейін Алла Тағала бір қарғаны жіберді. Ол (қарға) туысының денесін қалай жерлеу керектігін көрсету үшін жерді қазды. Ол «Аһ, мен бауырымның денесін көмуде осы қарға секілді де бола алмадым» деді де, өкінушілерден болды»).*

Ғұламалар айтады: «Қабыл Әбілді өлтіргеніне өкінген жоқ. Өлтіргеніне өкінсе, тәубеге келіп, кәпір болмайтын еді. Ол өлікті жерге көметінін білмейтіндігіне өкінді. Арқалап жүргені үшін өкінді. Адам қажылыққа баратын кезде «мен кел-

генше сакта» деп Әбилді көкке тапсырып еді, кабылдамады. Жерге өтініп еді, кабылдамады, таулар (да) кабылдамады. Кабыл кабылдап, аманатка киянат кылды, өлтірді. «*Килгә зәликә иннә аразнә әл-әмәнәтә әллә әс-сәмәуәти уә әл-әрзи уә әл-жибали...*» («Расында біз (алыңдар деп) аманатты аспанға, жерге және тауларға көрсеттік»).

Кабыл Әбилді өлтірген күні барша жер-көк қайғырды. Әбилдің қаны жерге судай сінді. Және (Адам) қажылықтын қайтып келгенінде ұлдарының бәрі күтіп алды. Әбилді көрмеді, Кабылдан: «Әбил қайда?» – деп сұрады. Кабыл: «Әбилдің қойлары менің егініме кіріп еді, содан өкініп келмейтін болар», – деді.

Адам: «Сен бұлай дейсін, алайда Әбилдің қаны жерде еңіреп тұрғой», – деді.

Кабыл: «*Әнә қаталтуһу*» («Мен оны өлтірдім»), – деді.

Адам: «Әбилдің қаны төгілген жер бүгін сыртқа шығармаса Тәңірдің лағынеті болсын», – деді. Әбилдің қаны жер бетіне қайнап шықты. Сол күннен бастап қан жерге сінбейтін болды. Сол жерден ақ тікен мен бұта өсті, ажырау болды. Ағайын-туыста мейірім қалмады деп, даланың аң-құстары қашып, тауларға шықты. Адам мен Хауа көп жылады. Адам аза тұтып, мына өлеңді шығарды. Жер бетінде алғаш өлең айтқан Адам еді, сол өлең мынау:

Тағаййәрат ул биләду уә мән 'әләйһә,
Уә уәжһу әл-әрзи му'әйирун Мәсиху
Фә әжәбәһу Иблис лә'нәтуллаһи 'әләйһә
Тағаййәра кулли зи-ләунин уә тә'мин
Уә қад бәшәшти әл-уәжһи әл-мәлиһу
Би қатли Қабилин һабилин әхәһу
Фә йә әсәфә 'әлә әл-уәжһи әс-сәбиһи
Уә бәдәләти әл-әрзу әслән уә хәмтән
Уә фи әл-Фирдәуси әнхәрун сәбиһун
Фә хәл әнә мин хәйәти мустәрихун
Уә йә әсәфә 'әлә һабилин иннәни
Қатилән қад тәзәмәннәһу әз-зариһу
Тәнхә 'әлә әл-биләди уә сәкиниһә
Фә фи әл-Фирдәуси зақә бикә әл-фәсиху
Уә қалбукә мин әзәд-дунийә мурихун
Уә әжәбәку Хәууәу разияллаһу 'әнһә
Туннәжи фә иннәкә шәйтанун ләинун
Йәфизу әл-уәжһу мәл'унун қабихун
Тәуәлли дахри күнтә ләнә 'әдууән
Ләинән лә йәмуту фә тәсмәриху.

Риуаятта былай келеді: Қабыл Әбілді өлтіргенінде, Ібіліс келіп Қабылға: «Алла Тағала не үшін сенін құрбандығыңды қабыл қылмады? Себебі сен отқа табынбайсың, бұтқа сыйынбайсың, арақ ішпейсің, ән айтпайсың», – деді. Қабыл бұл істердің бәрін істеді. Содан кейін Қабыл арақ ішті, бұтқа сыйынды, отқа табынды, ән айта бастады. Адам (одан хабар) білген соң Қабылды істерінен тоқтату үшін қырық мың адам жіберді. Келіп Қабылды көрді, ол дауысты есітіп, баршасы діннен шықты. Қабылмен солай қалды. Бүгіннен қияметке дейінгі барша күнәлі істер Қабылдан қалды. Қиямет күні болған кезде Алла тозақтықтарды тозаққа кіргізсе, өз жағдайларын көрген соң, Алла Тағалаға жалынып: *«(Хәбәран 'әнһум) Раббәнә әринә әлләзәйни әзәлләнә мин әл-жинни уә әл-инси нәжж'әлһумә тәхтә әқдиминә лийәкунә мин әл-әсфәлин»* («(Олардың тілімен) ей, Раббымыз, жындардан және адамдардан, біздерді тура жолдан тайдырғандарды біздерге көрсет, біз оларды аяғымыздың астына алайық, олар ең жаман қорланғандардан болсын»). Ол екеуі Ібіліс пен Қабыл. Сол кезде: «Ей, Ібіліс, тамұқтағы(лар) сені қалап жатыр» деген дауыс келер. Ібіліс: «Мен де оларды қалаймын» дер. Алла Тағала тамұқ ішінде бір мінбе тұрғызады. Ібіліс сол мінбеге шығып: *«Иини кәфәрту бимә әширактумуни мин қабул...»* («Әрине, мен бұдан алдын маған серік қосқан нәрселеріңізден бездім...»), – дер айқайлап. Тамұқтықтар оған қалай жауап беретінін білмейді, баршасы үмітсіз болады.

(Кейбіреулер) Қабыл Әбілді өлтіргеннен кейін Иқлиманың қолынан ұстап Иемен жаққа барып, отқа табына бастады дейді. Адам ұрпағынан кімде-кім өтер болса, (оларға) бір тас лақтыратын. Бір баласы соқыр болды. Оның да бір ұлы бар еді. Қабылдың қасына келді. Ол бала соқыр әкесіне: «Сенің бауырыңды осы өлтірді», – деді. Соқыр бір тас алып, Қабылды ұрып өлтірді. Бала: «Әкенді қалай өлтірдің» дегенінде, оны да бір соқты. Ол бала да өлді. Оны көріп жылай бастады.

Қабыл ұлдарының көбі нәпсі жолында қайтыс болды. Бәрі бұзықтық жасағандар, арақ ішкендер, ән айтқандар, отқа табынғандар.

Тағы бір хабарда былай айтылады: Адам Алладан «Жер менің еркімде болсын» деп сұрады. «Адам не десе, соны істе» деген жерге жарлық болды. Адам: *«Йә, әрзу, хузиһи»* (яғни) *«Ей, жер, жұт»*, – деді. Қабылды тобығына дейін жұтты.

Қабыл қорқып: «Ей, әке, мейірім жаса», – деді.

(Әкесі): «Сен бауырыңа мейірім жасамадың, мен саған қалай мейірім жасайын?» – деді. Және: *«Йә, әрзу, хузиһи»*, – деді. Жер Қабылды тізесіне дейін жұтты.

(Қабыл): «Ей, әке, сен жұмақта күнә жасағаныңда жалындың, Алла сені кешірді. Мені де кешіруін сұрашы», – деді жалынып.

Адам: «Мен бидай жедім, сен қан төктің, қалай кешіреді?» – деді де: *«Йә, әрзу, хузиһи»*, – деді және. Жер Қабылды беліне дейін жұтты.

(Қабыл): «Ей, әке, сен Алланың жүз мың мейірімі бар деп айтар едің, тоқсан тоғызы барша әлемдегі мұсылмандарға тиесілі, біреуі барша тірі жандыларға деген едің. Сұрашы, маған сол бір үлестен берсін», – деді.

Адам: «Сен бауырыңа мейірім жасамадың, ол мейірімнен саған үлес берілмейді», – деп айтты да және: «*Йә, әрзу, хузиһи*», – деді. Жер Қабылды тамағына дейін жұтты. Қабыл Адамнан үмітін үзді. Қабыл: «Тәңірім, әкемнен сенің Рахман, Рахым деген екі атын бар екенін естідім. Ол рахмандығыңмен (мейірімінмен) мені бұл азаптан құтқар. Құтқармасаң, Рахман атыңды өзіннен өшір», – деді. «Ей, Қабыл, мен баршаны азаптан құтқарамын. Рахман атымды өшірмеймін», – деген дауыс келді. Жерге «Қабылды жібер» деген жарлық келді. Жаратушының жарлығымен жіберді. Бір періште келіп, Тәңірдің жарлығымен Қабылдың аяғын ұстап, жеті жол шығыстан батысқа дейін сүйреді, есінен танды, қайтыс болды.

ШИС (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

Қабылдан кейін жүз отыз жыл өтті. Шис туды. Шис сарбани тілінде «Хибатуллаһ», яғни «Тәңір әкесі» деген мағына береді. «Әбілді алғаныммен, орнына Шисты бердім», – деді. Мұстафаның нұры Адам белінен Хауа мейіріміне барды. Шис туылғанда ол нұр Шис беліне барды. Адам Шисты қатты жақсы көретін. «Ей, Шис, бұл нұр – сүйіктім Мұхаммед Мұстафаның нұры. Ұлдарыңа өсиет қыл, жұптарымен некелессін», – деді. Алла Тағала Адамға мың өнер үйретіп еді. Шиска барлық өнерлердің ішіндегі оңайы деп тоқымашылықты «Үй ішінде көлгеде отырып істегін» деді. Өзге бауырлары: «Шис үйде отырып жұмыс істейді, біз далада қыс, жаз демей еңбектенеміз. Біз де тоқымашылық үйренейік», – деді. Адам оны есітіп: «Тәңірім, тоқымашылықты бұлардың көңіліне жау етіп бергін», – деп дұға жасады. Алла Тағала бәрінің көңіліне жау етті. Тағы: «Тоқымашылықтың берекесі жоқ. Сол үшін тоқымашылар Зәмзәм суына дәрет сындырды», – деді. Және: «Амалдары жаман болғаны үшін берекесіз», – деді.

Былай хикая етеді: Біреу Расул (ғ.с.) ға келіп: «Ей, Расулұлла, менің малым көбейді. Азайсын деп тырысып, жаман еңбектенудемін. Біреуге беруді көңілім қаламайды, не істейін?» – деді. Расул (ғ.с.): «Барып ағаштың көзінен таяқ ұста», – деді. Солай істеп еді, малы таусылды.

Тағы (бір деректе), Мәриям ана (Алла одан разы болсын) жөйттерден қашқанында тоқымашылардан жол сұрады делінеді. (Олар) теріс жолға бағытады. Тікенді жерге түсті. Оларды қарғады.

Тағы (бір деректе) кешіп өткенінде денесін көрейік деп, терең суға жіберді дейді. Мәриям: «Тәңірім, өнерлерінен берекесін ал», – деп дұға жасады.

Тағы (бір деректе) Салих пайғамбардың інгенін тоқымашылар өлтірді дейді.

«Уә кәнә фи әл-мәдинәти тис'әту рахтин» («Ол қалада тоғыз ер адам бар еді, олар...»).

Тағы (біреулер) тоқымашылық ізгі өнер (дейді). Барша өлі мен тіріге жарайды дейді.

Хабарда келеді: Расул (ғ.с.): «*Ни'мә әл-әмәлу әл-ғәзлу лисәи уммәти уә ни'мә әл-әмәлу әл-хийәтәту лирижәли уммәти ләй лә әл-кизбу фиһим*» («Әйел үмметтеріме тоқыма қандай жақсы өнер, ер үмметтеріме тігіңшілік қандай жақсы өнер, егер де оларда өтірік болмаса»).

Тағы (біреулер) тоқымашыда алты ерекшелік бар: бірінші – бәрі де өнерпаз, екінші – жомарт, үшінші – шынайы дос, төртінші – кішіпейіл, бесінші – өлі-тірі (бәрі) оларға мұқтаж, алтыншы – бәрінің жолы болғыш дейді.

Тағы (біреулер) Балх патшалығында бір шынайы діндар ғалым бар еді дейді. Шайқы Шақиқ (Алла одан разы болсын) оны тоқымашы екенін есітіп, көргелі барды. Шайқының алдынан шықты. Ғалым: «Ей, шайқы, келуіңмен бізге қуаныш сыйладың», – деді.

Шайқы: «Қалай?» – деді.

Тоқымашы ғалым: «Сенің келуің Алла тағдыры еді. Алла тағдыры сүйікті болар», – деді.

Шайқы Шақиқ тоқымашының үйіне кіргенінде қазық көрді. «Бұл не?» – деп сұрады.

Тоқымашы: «*Уәтәд ул-истиқамат* («Төзімділік қазығы») дейді», – деді. «*Иннә әл-ләзинә қалу раббуналлаһу суммә истақаму*» («Ол адамдар айтады: «Алла біздің жаратушымыз», кейін (істері) жақсы болды»).

Шайқы Шақиқ және: «Мынау ненің ізі?» – деп сұрады.

Тоқымашы: «Бұл «*Хәблүллаһи*» («Алланың жібі»), – деді. «*Уә и'тәсиму би хәблилләһи жәми'ән*» («Бәріңіз бірдей Алла Тағаланың туралық жібін берік ұстаңдар»).

Шайқы Шақиқ: «Мына жерге жайып қойған бөзің қандай бөз?» – деп тағы сұрады.

Тоқымашы: «Бұл тіршілігім», – деді.

Шайқы Шақиқ: «Мынау не қылған қамыс?» – деп сұрады.

Тоқымашы: «Бұл сенім, онымен өзімді дүниеден алыстатамын», – деді.

Шайқы Шақиқ: «Мынау қандай құс?» – деп сұрады.

Тоқымашы: «Бұл менің құлшылығым мен қайратым», – деді.

Шайқы Шақиқ: «Мынау қандай ілгіш?» – деп сұрады.

Тоқымашы: «Бұнымен ықылас, амалымды бекітемін», – деді.

Шайқы Шақиқ: «Мына бесік тұсында ілінген не?» – деп сұрады.

Тоқымашы: «Бұл түн-күн», – деді.

Шайқы Шакик: «Мына аяғындағы аяққап қандай ағаш», – деп сұрады.

Тоқымашы: «Бұл қауіп пен ержүректік, біраз қауіптенемін, біраз ержүректікке сүйенемін», – деді.

Шайқы Шакик: «Бұл істі қылғаныңа неше жыл болды?» – деп сұрады.

Тоқымашы: «Отыз жыл болды», – деді.

Шайқы Шакик (Алла одан разы болсын): «Берік бол, бұ істі қойма, сені жұмаққа жетелейді», – деді.

ХИКАЯ: Омар Хаттаб (Алла одан разы болсын) бір мешітке кірді. Бір қауға сақал малдас құрып отырғанын көрді. Омар (Алла одан разы болсын): «Қайдан келдің?» – деді.

Ол: «Ирак елінен, яғни Ирактан келдім», – деді.

Омар Хаттаб: «Қандай өнерің бар?» – деп сұрады.

Ол: «Хабикпін», – деді. Араб тілінде тоқымашы деген мағына береді.

Омар Хаттаб: «Не үшін келдің?» – деп сұрады.

Ол: «Үйренгелі келдім, яғни ілім үйренгелі келдім», – деді.

Омар (Алла одан разы болсын) жолдастарына бұрылып: «Расул (ғ.с.) ның қашан тоқымашы көрсеңдер, қашыңдар дегенін естімедіңдер ме?» – деді. Бәрі қауға сақалдан қашты.

ХИКАЯ: Имам Шайқы Жуйбари (Алла одан разы болсын) бір күні шәкірттерімен отыр еді. Біреу айбаттана есікті қақты. Бұл кім болса да мына төртеудің бірі: не қауға сақал, не тоқымашы, не мұғалім, не жағымсыз хабар әкелген біреу. Көрді, расында солай екен.

Хабарда былай келеді: Адам Сафидің өмірі мың жыл уәделі еді. Мисак күнінде бастарында нұр шашырайтын бір қауымды көрді. «Ей, Раббым, бұлар кімдер?» – деді.

«Бұлар сенің ұрпағыңның ішіндегі пайғамбарлар», – деді Ол (Алла). Олардың арасында біреуді көрді, бәрінен оның нұры артық еді.

Адам ата: «Тәңірім, бұл кім?» – деді.

«Дәуіт пайғамбар (ғ.с.)», – деді Ол.

Адам ата: «Тәңірім, мұның жасы қанша болады?» – деді.

«Алпыс жыл» деген жарлық келді.

Адам ата: «Жаратушым, мұның жасын ұзарт» деп дұға қылды.

«Тағдыры солай, қалам сонша жазды» деген жарлық келді.

Адам: «Тәңірім, менің өмірім мың жыл. Қырық жылын Дәуітке бердім», – деді. Жарлық болды, бұл сөз куәмен хатқа түсті. Әзірейіл жанын алғалы келгенінде Адам: «Асықпа, тағы қырық жыл өмірім бар», – деді.

Әзірейіл: «Ол қырық жылды Дәуітке бердің», – деді. Адам оны ұмытып еді, есіне түсті. Алла Тағала ол келісімді періштелер куәлігінде жарылқады. Дәуіттің

жүз жылы аяқталды. Адам дүниеден өтті. Жеті жылдан кейін Хауаның да өмірі бітті. Осы секілді келісімдер қияметке дейін мирас (болып) қалды. Жебірейіл жұмақтан Адамға кебін кигізді. «Әкенді жу», – деді Шиска. Шис жуды.

Кебінге орады, Жебірейілге: «Намаз оқы», – деді. Жебірейіл: «Сен намаз оқы, халифа сенсің», – деді. Үш тәкпірмен сауап артық болсын деп, төрт тәкпірмен намаз оқыды. Содан кейін бұл сүннет: кебіндеу, намаз оқу, жерге көму қияметке дейін сүннет болып қалды. Адамнан кейін қырық бес жылдан соң Шиска пайғамбарлық келді. Екі жүз жетпіс жыл халықты үгіттеді. Содан соң дүниеден өтті. Одан кейін жұрттың бәрі бұтқа табынушы болды.

Хабарда былай келеді: Шис дүниеден өткен соң, ешкім шарифат сөзін айтушы болмады. Барша шарифатты қойды. Бәрі надан болды. Жаратушыға қалай құлшылық етуді білмеді. Бір күні бір мешітте Адам суретін салып, соған табына бастады. Әркім қалағанынша пұт жасады. Біреу ағаштан, біреу тастан, біреу алтыннан, біреу күмістен. Үш жүз жыл осылайша жасады. Содан кейін Алла Тағала оларға Ыдырыс пайғамбар (ғ.с.) ды жіберді. Бұл қисса мынау.

МЫНАУ ЫДЫРЫС (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

Ыдырыс пайғамбар (ғ.с.) – өмірі ұзақ, дидары қайратты, Әзірейілмен тартысқан, Ризуанмен бетпе-бет келген, дүниеден құстай ұшқан, тамұққа кіріп шыққан, Сираттан жылдам өткен, жұмақ есігін ашқан, өзі әзіз, *«Иннәһу кәнә сиддиқан нәбийән уә рафә'нәһу мәканән 'әлийән»* («Расында ол шыншыл пайғамбар еді және біз оларды биік мәртебеге көтердік»), орны ұлық, пәк затты Ахнух есімді – Ыдырыс пайғамбар (ғ.с.).

Айтайын Ыдырыс пайғамбар сөздерін,
 Ақылды ер жан-тәнімен оны тыңдайды.
 Ілімі артық ғалым еді құшшылықта екінші,
 Даналықпен ұлы ғалым ілімді тез алады.
 Ілім, даналық, діндарлық, пәктік пен амал сабағы,
 Құлшылығына барша әлем біл мұны әркез таңдайды.
 Өзі білген ілімін өзге ешкім білмеді,
 Көп құлшылық қылғанын тек халық тыңдайды.
 Өліп-тірілді, тамұққа кірді, шықты ол және,
 Жұмаққа кірді, қалды бір күн онда, мұңаяр.

Аты Ахнух еді, көп сабақ оқығаны үшін аталды. Өзі тірі еді, ең алғаш киім киген сол еді. Әрбір ине қадағанда тәспі айтатын. Бәрінің құлшылығы

М.С.С.

қандай болса, оның құлшылығы да соншалықты еді. Барлық періштелер оның құлшылығын таңдайтын. Періштелердің бірі Ыдырысты көруге құштар еді. Кейбір ғалымдардың айтуынша, (ол періште) Әзірейіл еді. Кейбірі басқа періште екенін айтады. Алла Тағаладан Ыдырысты көруге рұқсат сұрады. Ыдырысты келіп көрді. Ыдырыс ораза ұстап жүр еді. Ауыз ашатын уақытта жұмақтан несібе келді.

Ыдырыс: «Кел, тамақ же», – деді.

(Періште): «Жемеймін», – деді. Періште екенін білмеді. Төрт күн Ыдырыспен тұрды, еш нәрсе жемеді. Ыдырыс: «Далаға шығайық, көңілің ашылсын», – деп, далаға шығып, егін екті. Періште: «Мына егіннен егейік», – деді. «Субханаллаһи, халалға кел дедім келмедің, неге мені харамға үгіттейсің». Одан өтті. Бір жүзім көрді. Періште: «Үзіп алып жесем бола ма?» – деді. Ыдырыс жаңағы жауапты айтты. Содан кейін бір семіз қойды көрді. Періште жаңағы сөзді айтты. Ыдырыс (тағы) солай жауап берді. Ыдырыс оның адамзат баласы емес екенін біліп: «Адамсың ба әлде періштемісің?» – деп сұрады.

«Періштемін, сені қалап едім, Алла Тағаладан сені көруге рұқсат сұрадым», – деді.

Ыдырыс: «Бұл кереметің құрметі үшін мені өзіңмен бірге көкке алып шық, сондағы ғажайыптарды көрейін, тағы да құлшылығым көбейсін», – деді.

Періште: «Бұған шамам жоқ, Жаратушыдан рұқсат сұрайын», – деді. Жарлық (рұқсат) келді. Төртінші қабат көкке келді. Әзірейілді сонда көріп: «Ей, Әзірейіл, жан беру ащылығын есітіп едім, менің жанымды ал, жан берудің ащылығының қандай болатынын біліп, соған лайықты құлшылық етейін», – деді.

Әзірейіл: «Бұл менің құзырымдағы іс емес. Жаратушыдан сұрап көрейін», – деді. Жарлық келді (рұқсат болды). Ыдырыстың жанын алды. Кейін Алла Тағалаға: «Менің махаббатым үшін Ыдырысты тірілт», – деп қатты жалынды. Алла Тағала Ыдырысты тірілтті. Және Әзірейілге: «Мені тамұққа кіргіз, ондағы қорқынышты азаптарды көрейін», – деді. Әзірейіл: «Бұл менің қолымда емес», – деді. Жаратушыдан жарлық болды, тамұққа кірді. Тамұқтың азаптарын көрді. Тағы: «Мені жұмаққа кіргіз, нығметтерін көрейін», – деді. Әзірейіл: «Ол менің құзырымдағы іс емес», – деді. Жаратушыдан жарлық келді, жұмақ есігінің алдына келгенде Әзірейіл: «Кір, бірақ қайта шығатын бол», – деді. Ыдырыс (шартын) қабылдады, нығметтерін көргенінде шығуды қаламады. Шарттың бұзылуын лайық деп тапастан, қулыққа көшті. Аяғындағы кебісін бір ағаштың түбіне қалдырды. Содан кейін шықты. Кейін «Кебісімді қалдырыппын» деп өкінді. Айламен қайта кірді. Әзірейіл бір сағат, екі сағат күтті. Қайтып шықпады.

Әзірейіл: «Неге шықпайсың?» – деді.

Ыдырыс: «Сөзімде тұрып шықтым, енді шықпаймын», – деді. Бір ағашты ұстап, Әзірейілмен сөз жарыстырды. Тағы бір періште келіп: «Ей, Ыдырыс, кіруге әлі уақыт болған жоқ», – деді.

Ыдырыс: «Маған уақыт келді, себебі *«Құлду нәфсин зәйқату әл-мәути»* («Барлық жаны бар нәрсе өлім татиды (өледі»)). Мен өлдім *«Уә ин минкум иллә уәридуһә»* («Сендердің әрқайсысың, әрине, оның (тозақтың) алдына келесіңдер») мен де кірдім». Тағы айтты. Және басқа жерде: *«Уә мәһум минһә бимухражсин»* («Олар ол жерден шығарылмайды»), – деген. «Кірдім, шықпаймын», – деді. Жұмақ ішінен: *«Садақа ʻәбди хәллу бәйни йә бәйнәһу фи әл-жәһәннәти»* («Менің пендем дұрыс айтады, оны тыныш қойыңдар, менің мейіріміммен жаннатқа кірсін»), яғни «Менің құлым рас сөйледі. Қойыңдар, жұмақта қалсын. Менің жарлығыммен кірді» деген дауыс естілді. Ыдырыс бүгін де жұмақта (тұрады). Кейбір ғалымдардың айтуынша, ол төртінші қабат көкте екен.

Хабарда былай келеді: Төрт пайғамбар тірі. Екеуі көкте – Иса мен Ыдырыс, екеуі жерде – Қызыр мен Илияс (ғ.с.). Алайда, бұл төртеуінің үшеуі қайтыс болады, (тек) Ыдырыс өлмейді. Себебі ол бір рет өліп, жұмақта қалды. *«Лимән әл-мулку әл-йәуми лилләһи әл-уәхиди әл-қәһһари»* («Бүгін үкім кімнің қолында. Жалғыз Алланың қолында») күніне дейін.

Тағы айтады: Жұмақ халқына өлім жоқ, сондай-ақ тамұқ халқына да өлім жоқ. Өсу мен үрейдің бәрі бар. Алайда, сол үшін жұмақ халқына сауап жоқ. Тамұқ халқына азап жоқ. Хорлар (қыздары) мен Ыдырысқа өсу мен үрей жоқ. *«Уаллаһу ә'ләму»* («Алла біледі»).

Қабылдың соқыр баласы бар еді. Сол баласының бір жас ұлы бар еді. Ол да соқыр еді. Әкесі қолын ұстап жүргенде Қабылмен кездесіп қалды. Жас бала әкесіне: «Мына кісі менің немере ағамды өлтірген», – деді. Соқыр таспен Қабылды ұрды. Қабыл өлді. Жас бала: «Әкеңді не үшін өлтірдің» дегенде, тағы бір тас алып, жас баланы (өз баласын) да таспен ұрып өлтірді. Сол кезде періштелер: «Тәңірім, біз Адамды жаратудан бұрын Адам ұрпағы Жин ибн әл-Жан(н) секілді қан төгетінін айтпадық па?» – деді.

«Адам ұлдарын айыптамаңдар. Сендер жер бетінде болсаңдар, солар секілді жаратылғандарыңда сендер солай істер едіңдер» деген жарлық келді.

Періштелер: «Алла сақтасын, біз олай істемейміз», – деді.

«Ей, періштелер, сендердің ішінде кім ғалым әрі діндар болса, (бері) әкеліңдер», – деген жарлық келді. Үш періштені таңдады. Бірінің аты – Узза, екіншісі – Узая, үшінші – Өзасыл еді. Олардың нәпсісін алған Алла Тағала нәпсісін қайтарғанда, олар бұрынғы хәліне қайта келді. Ол екеуі жерде қалды. «Дүниеге барып, маған құлшылық етіңдер, күнәдан қашыңдар, халық арасында туралықты жайыңдар» деген жарлық берді.

«Күш жұмсамаңдар, зина жасамаңдар, қан төкпендер, арақ ішпендер, қиянат жасамаңдар. Күндіз осы істермен болыңдар (өздерінді тыйыңдар), түнде қиянат жасамаңдар. Күндіз осы істермен болып, түнде көкке көтеріліңдер. Таң атқанша маған құлшылық етіңдер», – деп айтты.

Қолдарында жүзік бар еді. Бір күні бір әйел күйеуімен ұрысып, Узаға келді. Уза ол әйелдің сұлу екенін аңғарды. Ол әйелге жылы шыраймен: «Ей, әйел, сен адасып жүрсің, менімен бірге бол. Мен сенің көңіліңдегідей жасайын», – деді. Әйел де: «Жарайды», – деді. Күйеуі солай істерін білген соң, Узаға барды. Уза солай деді. Әйел тағы да уәде берді. Келіскен жерге келгенінде уәделескендер жасырмастан, бір-біріне айта бастады. Әйелге кезек келгенінде әйел: «Үш істің бірін жасамасандар, сендерге мойынсұнбаймын. Не күйеуімді өлтіресіңдер, не арақ ішесіңдер, не боламаса пұтқа табынасыңдар, немесе қолдарыңдағы жүзікті бересіңдер», – деді. Олар кеңесе келе, егер жүзік берсек, көкке шыға алмай қаламыз, ең оңайы арақ ішу деп шешті. Мас болды. Күйеуін өлтірді, зина да жасады, әйел жүзікті алып, көкке ұшты. Періштелерге пәрмен болды, ол әйелді өлтірді, өзге бейнеге ауысты. Араб тілінде атын Зухра дейтін, парсы тілінде Нахид, ибрит тілінде Бидхут, түркі тілінде Сақит. Жарлық болып, періштелерге аспан есігі ашылып: «Ғалым мен діндарларға қараңдар», – деді. Бәрі тәубеге келді. «Тәңірім, сен бізден артық білесің», – деді. Уза мен Узамастығы тараған соң қолдарыңдағы қанды көрді, зина жасағандарын, арақ ішкендерін, жүзіктен айрылғандарын білді. «Құзыретте қаражүзді болдық» деп қайғырып жылады. Алла Тағала бізді бес нәрседен қайтарды: қан төгуден, өсім жеуден, зина жасаудан, күш көрсетуден (зорлық жасаудан), арақ ішуден. Бұл істерді жасадық деп, Адам ұрпағы үшін кешірім сұрады: *«Әлләзинә йәхмилиунә әл-’әршә уә мән хәуләһу йусәббихунә бихәмди раббихим уә йуминунә биһи уә йәстәғфирунә лилләзинә әмәну»* («Арсыны көтеріп тұрғандар және оның айналасындағылар Жаратушының мадағы мен тәспісін айтып тұрады және Оған (Аллаға) иман келтіреді және мүміндердің күнәларының кешірілуін сұрайды»). Оған дейін кешірім сұрамайтын еді. «Біз көкте кезімізде жер бетіндегі бір құлдың құлшылығын көкке шығаратын еді. Барша жер халқының құлшылығымен бірдей болатын. Ол кім еді?» – деп сұрады. Ол – Ыдырыс пайғамбар (ғ.с.) еді. Оған барып: «Бізді шапағат ет, бізді Алла Тағала жарылқасын», – деді. Ыдырыс дұға жасады. «Ей, Ыдырыс, оларға айт: дүние азабын қалай ма әлде ақырет азабын (қалай ма)?», – деген жарлық келді. Ыдырыс осы сөзді айтқанында: «Ей, Ыдырыс, барша азабын қабылдайық, айтып бер», – деді. Ыдырыс: «Ақырет азабы мәңгілік, дүние азабын қалаңдар», – деді. Жебірейіл келіп оларды Бабыл құдығына алып барды. Қылмен асып қойды. Екінті намазынан кейін күн шапағы батқанша қинайды. Кейбіреулер: «Таң атқанша арпалысар дейді. Ол жерден

Бізге өкініш еңбек ішінде қалмады еш төзімі.
«Уәснә' ал-фулкә» («Кеме жаса») әмірімен жасады үш
 кабатты бір кеме,
 Оны мінді халыққа жеткенде топан судың айбаты.
 Жауды жаңбыр, соқты жел, астан-кестен алты ай,
 Көрсө осылай бұдан артық Жаратушымыздың құдіреті.
 Өзі қалды, үш ұл һәм үш келін жетегі,
 Барша өлді, сап тыйылды күпір, жамандық, зұлматы.

Ыдырыс ұлы Мәнусалық Мәлік ұлы Нұх (ғ.с.). Анасының аты Шамха бинт Анурш еді. Адам (ата) ға дейін он ата еді, бәрі мұсылман болатын. (Шын) есімі Яшқир, қайғырып жылай берген соң Нұх аталды. Қайғыруына мынандай жағдай себеп болғандығы айтылады: Бір күні Ібіліс: «Ей, Нұх, мен туралы іс қылдың. Егер істерім, жолдастарым, серігім жиылып келсе де, бұл жерде білмес еді», – деді. Нұх: «Қалай ол...?» – деді. Ібіліс: «Сен дұға жасадың, қауымың опат болды. Бәрі тозақта менімен жолдас болды. Сабыр қылғанында біреуі иман келтіріп, саған еретін еді», – деді. Нұх (ғ.с.) күні-түн қайғырды. «Е..., сабыр қылғанымда, біреуі иман келтіретін еді, маған мұншалықты ауыр тимейтін еді», – деп өкінді.

Нұх батыстан шығысқа дейін барша халыққа пайғамбар еді. (Жер бетінде) халықтан бос бір қарыс та орын жоқ еді. Бір кесек жерден үш жүз жүк бидай шығатын еді, жүз батпан бидай бір жылға азық болатын.

Хикая қылады: Шығыстан батысқа дейін үздіксіз үй еді, шатырдан-шатырға (жүріп) шығыстан батысқа дейін барса болатын. Жер бетінде астық, диқаншылықтан (бос) жер қалмады. Қара малға топырақ артып, биік таулардың басына төгіп, егін егетін.

Хикаяда былай келеді: Шығыстан батысқа дейін қай жерге таяқ тастаса да, адамның басына түсетін. (Егер) мысық шатырдан-шатырға секіріп жүрсө жүз иғаш (шамамен 6 км келетін өлшем бірлігі) жүретіндігі тағы бір деректе айтылады. Гүлденгені соншалық, жалғыз Алланың бірлігін мойындамады. Нұх уақытындағы гүлдену қияметке дейін болмайды.

(Тағы бір деректе) айтылады: Жебірейіл (Нұхқа) пайғамбарлық әкелді. Нұх: «Дүние өте кең, кәпірлер көп. Мен қайда барып Сенің бірлігіңді айтайын», – деді. «Ей, Нұх, сенен айту, Менен естірту» деген жарлық келді. Нұх иманға шақырды. Нұхтың күнде шығып: «Иман етіндер, Жаратушының бірлігін мойындандар, менің пайғамбарлығыма сеніндер», – деген сөзін жел шығыстан батысқа дейін жеткізетін. Кәпірлер Нұхты ұра бастады. Қатты ұрғаны соншалық, сүйектері сынды. Қанар ішінде бөздей қақсағанындай, сүйектері тері ішінде солай қақсайтын. Жамбастаса түнде Алла Тағала шипа беретін. Күнде Жебірейіл келіп: «Ей, Нұх,

кәпірлерге барып *«Лә иләһә иллаллаһу Нухун расулуллаһты»* («Алладан басқа тәңірі жоқ, Нұх Алланың елшісі») айт» дейтін. Барып айтатын, олар ұратын. Нұх: «Тәңірім, күндіз-түні сенің жарлығыңды айттым, тыңдамады, ашық айттым, есітпеді. Сыр ішінде кеңес бердім (астарлап айттым), қабылдамады. *«Рабби шини дә'әуту қауми ләйлән уә нәһаран фә ләм йәзидһум ду'әий иллә фираран»* («Ей, Жаратушым, мен қауымымды күндіз-түні (дінге) шақырдым, алайда менің үгіт-насихатым олардың ашуын одан әрі арттырды»).

Елу мыннан аз жыл үгіттеді, сексен адам мұсылман болып, иман келтірді. Жартысы ер адам, жартысы әйел кісіден басқа ешкім мұсылман болмады. Күн сайын еңбегі ауырлай берді. Нұхтың әйелі кәпір еді. Бір күні бір қария бір баласын жетектеп Нұхқа келді. Нұхтың жүзіне түкіріп, тілімен балағаттады. Ол баласына қарап: «Мына Нұх жынды. Аталарымыз мұның сөзін тыңдамады. Бүгін мен қалай істесем, сен де менен кейін солай істе», – деп өсиет қылды. Нұх оны көрді, сөзін есітті, үмітін бүгіндей үзді. Намысқа тиді, дұға қылып: «Тәңірім, бірде-бір кәпірді жер бетінде тірі қалдырма», – деді. *«Рабби лә тәзәр 'әлә әл-әрзи мин әл-кәфирина дәийәран»* («Ей, Раббым, жер бетінде бірде-бір кәпірді қалдырма»). Алла Тағала қырық жыл жаңбыр бермеді, жерден өнім шығармады, әйелге ұл-қыз туғызбады. Қара малдың бәрі өлді, мүмкіндіктері жойылды.

Хабарда былай келеді: Ауж ибн Ұнұқ топанда опат болмады. Себебі «дәийәр» тобында болмады. Дәийәр – тұрғын, ғимарат деген мағына береді. Ауждың үйі – баспанасы жоқ еді, теңіз жағасында тұратын. Топан су тізеден аспады. Сонда Нұхқа: «Дұғанды қабыл алдым, барып шынар ағашын ек», – деген дауыс келді. Терек ағашын да деді. Нұх ағаш отырғызды. Қырық жылда үш ағаш өсті. Ағашты кесті, ешкім әкеле алмады. Аужды жұмсады. Ол ағашты сүйреп алып келді. Жебірейіл Нұхқа үйретті. Ағашты балтамен жарды. Суда жүзіп жүрген үйректі көрсетті. Соған ұқсаған кеме жасай бастады. Кәпірлер оны көріп күлетін еді. *«Сиртә нәжжәран бә'дә мән кунтә нәбийән»* («Сен пайғамбар едің, енді ұста болып қалдың»). (Олар): «Осы күнге дейін пайғамбар едің, енді ұста болдың ба? Мұны не істейсің?» – деп сұраса: «Кеме жасаймын, үстіне мініп суда жүземін» (деп жауап беретін). Кәпірлер: «Ер жасап жатсын ба? Әуелі есек ал», – деп күлетін еді. Алла Тағала: *«Уә кулләмә мәрра 'әләйһи мәләун мин қаумиһи сәхиру минһу»* («Оның қасынан қауымының басшылары өтсе, оны келемеждейтін»), – дейді. Нұх: «Сендер бізді келемеждейсіңдер, Алланың азабы келгенде біз сендерді келемеждейміз», – деп жауап беретін. *«Қалә ин тәсхәру миннә фә иннә нәсхәру минкум кәмә тәсхәрунә фә сәуфә тә'ләмуна»* («Ол (Нұх): «Егер сендер бізді келемеждесеңдер, біздер де сендер келемеждегендей келемеждейміз. Өте жақын арада білесіңдер (кімнің хақ

екендігін))». Нұх: «Топан уәдесі қашан болады?» – деп сұрады. «Қашан сенің тандырыңның ішінде су пайда болса, сонда азапты жіберемін» деген жарлық келді.

Кеме үш қабат еді: бірінші қабат – кара мал, екінші қабат – Нұх қауымы, үшінші қабат – аң-құстар үшін. Нұхтың Сам, Хам, Яфес және Кенан атты төрт ұлы бар еді. Кеме жасады. Ұзындығы үш жүз қари, екі жүз қари еді. Кейбіреулер ұзындығы мың екі жүз қари, ені алты жүз қари, биіктігі алты жүз қари еді дейді. Жүз жиырма төрт мың темір бау (қазық) жасады. Әрбір бауда бір пайғамбардың аты жазулы еді. «Мухәммедун Расуллуллаһи» аты жазылған темір бауды Ібіліс ұрлады. Нұх қанша іздесе де таба алмады. Жөбірейіл келіп, хабар берді. Нұхқа бер десе, алмадым деп ант-су ішті. Жөбірейілдің ашуы келді. Кеменің бір ағашын алып, басына ұрды. Бас-көзі қанға боялды. Қорыққанынан берді. Кеме жасалып болғанда, Нұхтың көпір әйелі тандыр ішіне нан пісірерде тандыр ішінен су шықты. Келіп Нұхқа айтты. Нұх сексен мүмін адаммен кемеге мінді. Төрт ұлы бар еді. Сам, Хам және Яфес мұсылман еді. Кенан көпір еді. «Әрбір жануардан бір жұптан алып кемеге кіргіз. Тұқымы жойылмасын, бір еркек, бір ұрғашыдан. *«Фә услук фиһә мин кулли зәужәйни иснәйни уә әхләкә» («Кемеге әртүрлі жануардан бір еркек, бір ұрғашыдан кіргіз және отбасыңды да»).* Және ұлдарыңды да кіргіз». Нұх: «Тәңірім, ұшар (құсты), жүйрік жануарларды қалай ұстаймын?» – деді. Су бетіне барша жануарлар жиылды. Әрбірінен бір еркек, бір ұрғашыдан алып кемеге жайғастырды. Ұлы Кенанды мінгізейін деп жатқанда: «Кіргізбе, (ол) көпір», – деген жарлық келді.

Нұх: «Тәңірім, отбасыңды кіргіз деп Сен айттын», – деді.

«Ол сенің отбасың емес» деген жарлық келді.

Нұх: «Ей, Кенан, мұсылман бол, кемеге мін, топан су опат етпесін», – деді.

Кенан: «Мен биік тауларға сыйынамын. Тау мені судан құтқарады», – деді. *«Қалә сә'әуи илә жәбәлин йә'симуни мин әл-мә'и» («Ол: «Мен бір тау жақты паналаймын, ол мені судан құтқарады»).*

Нұх: «Бүгін Алладан басқа ешкім де құтқара алмайды», – деді. *«Қалә лә әсимә әл-йәумә мин әмрилләһи иллә мән рахимә» («(Нұх): «Бүгін Алланың азабынан құтқаратын ешкім жоқ, тек Алланың мейіріміне бөленгендер ғана аман қалады», – деді»).* Бұл сөзді айтып бола бергенде су да келді. Кенан опат болатынын білген соң қашып, тауға шықты. Су келді, табанына тиді. Ұлы бар еді, оны аяғымен таптап төбесіне шықты. Ұлы өлді, өзі де суға шөкті, имансыз өтті.

Кейбіреулер «ен бірінші кемеге кірген шымал еді, ең сонынан кірген есек еді» дейді. Есекті сүйреді, кемеге кірмеді, себебі оның құйрығынан Ібіліс тартып тұр еді. Болмаған соң Нұх: «Неше шайтан сенімен бірге болса да, кір», – деді.

Тағы біреулер, Нұх катулана есекке: «Ей, малғұн, кір» дегенінде, Ібіліс есектің құйрығымен ұстап кемеге кірді дейді. Нұх Ібілісті кемеді көргенінде: «Ей, малғұн, кімнің жарлығымен кірдің?» – деп сұрады.

Ібіліс: «Сенің сөзің, жарлығыңмен кірдім», – деді.

Нұх: «Саған кір деп қашан айттым?» – деді.

Ібіліс: «Кір, ей, малғұн, деп айттың. Малғұн есек емес, менмін», – деді.

Мәлік ибн Сүлеймен әл-Хирауий (оған Алланың мейірімі болсын) айтуынша, Нұх пайғамбар адамға зияны болар деп, жылан мен шаянды кемеге алмаған. «Кім сенің атыңды оқыса, оған ешбір зиян тигізбейміз», – деді. (Егер) жылан, шаяннан қорықса *«Сәләмун 'әлә Нухин фи әл-'әләминә иннә кәзәликә әл-мухсининә иннәһу мин 'ибәдинә әл-мумининә»* («Әлемде Нұх пайғамбардың отбасына сәлем (амандық) болсын. Әрине, Біз ізгі амал жасаушыларды осылай сүйінішлейміз. Расында ол Біздің мүмін пенделерімізден еді») (дұғасын) оқып жатсын деген сөз бар.

Нұх: «Тәңірім, арыстан – сиырмен, қасқыр – қоймен, мысық – көгершінмен жау, не істейін?» – деді. «Олардың арасына дұшпандықты салған кім?» – деген жарлық келді. «Сенен жарлық келді, көреалмаушылық, дұшпандық білдірген іздегенін тапты», – деді. Барлық нәрсені (кемеге) мінгізді. Және: «Адамның (Адам атаның) сүйегін алып кел, азап суы тимесін», – деген жарлық келді. Адамның мүрдесін алып келіп кемеге салды. Бір жағында ер адамдар, бір жағында әйелдер еді. Адам (ата) мүрдесі ортада шымылдық болды.

Тағы бір риуаятта (кемені) Жуди тауына тоқтатты дейді, алайда ет-терісі Сарандибта, сүйектері Жудида.

Су кемеңіз шетіне жеткенде Нұх қанша тырысса да, кеме қозғалмады. Жебірейіл: «Ей, Нұх, төрт жағынан төрт көзді атымен қой», – деді. Қойып еді, кеме қозғалды. Бір көзді Атиқ (яғни Әбу Бәкір), екінші көзді Омар, үшінші көзді Оспан, төртінші көзді Әли еді деген сөз бар. *«Тәжри биә'иунинә жәзән ли мән кәнә куфира»* («Өтірікшісің делінген адамға (яғни Нұх пайғамбарға) сый болғанынша, кеме көз алдымызда жүзетін еді»). Ирактан мінді, Меккеге барды. Жеті жыл тауаф қылды. Содан Батысқа, кейін Шығысқа барды. Режеп айының оны күні кемеге мініп еді. Алты ай кемеді болды. Қырық күн-түн жаңбыр жауды, жерден су шықты. *«Фә фәтахнә әбуәбә әс-сәмәи би мәин мунхәмирин уә фәжжәрнә әл-әрсә 'уйунән»* («Аспан есіктерін төгіп құятын суға ашып қойдық және жерден бұлақтарды шығардық»).

Хабарда былай келеді: Нұхқа пайғамбарлық келгенде (ол) жүз жаста еді. Тоғыз жүз елу жыл (Алла дінін) насихаттады. Тағы бір риуаятта төрт жүз жаста еді делінеді. Топан судан кейін үш жүз елу жыл жасады. Бәрі (бәрін қосқанда) мың жеті жүз жыл. Қырық тәулік жаңбыр жауды дейді. Әрбір тамшысы диірмен

тасындай еді. Дүниеде қандай биік тау болса, соның басына қырық қари су жиналды. Кемедегі сексен адамнан басқа дүниеде ешкім тірі қалмады, бәрі қайтыс болды.

Хабарда былай келеді: Үш нәрсе жоқ еді. Кемеде, дарияда болды. Бірінші – мысық, екінші – тышқан, үшінші – доңыз. Тышқан пайда болып, кемені тесе бастады. (Алладан) жарлық болды, Нұх қолымен арыстанның басын сипады. Мұрнынан екі мысық шықты. Ол тышқанды жеді.

Тағы (бірде) айтылады: Тышқан кемені тескенде адамдарда үрей пайда болып, тесікті бітеу қолдан келмеді.

Нұх: «Кім мына тесікті бітесе, соған қалағанын беремін», – деді.

Жылан: «Мен мыналарды бекітейін, су кірмейді. (Сосын) іштегі суларды шығарсын», – деді. «Маған не бересің?» – деді және жылан.

Нұх: «Не қалайсың?» – деді.

Жылан: «Ненің еті тәтті болса, соны бер», – деді. Нұх (ұсынысын) қабылдады. Жылан суға кіріп, тесіктің үстіне жатты, су тоқтады. Ішіндегі суды сыртқа шығарды. Су мәселесі шешілді. Кемеден шыққан соң, жылан келіп Нұхтан (баяғы сұраған) етті сұрады. Нұх: «Барлық жануарлар шықты, жайылып кетті, ет қайдан болсын», – деді. Жылан қатты қалағанда Нұх (ғ.с.) масаға: «Барып, жер бетіндегі барша еттің дәмін тат, жыланға берейік», – деді. Маса барды, кешікті. Жылан сұрады. Нұх ұялғаннан қарлығашты масаны іздеуге жіберді. Қарлығаш келіп, масаны тапты. «Неге кешігіп жүрсің?» дегенде, маса: «Жер беті үлкен екен, айналып кеш қалдым», – деді.

Қарлығаш: «Еттерді жеп көрдің бе? Ненің еті дәмді екен?» – деп сұрады.

Маса: «Бәрінен де адамның еті тәтті екен», – деді.

Қарлығаш: «Ол еттің дәмі аузыңда бар болар, аузыңды ашшы, көрейін», – деді. Маса аузын ашты, қарлығаш масаның аузын іздеген болып, тілін жұлып алды. Содан бері маса тілсіз қалды.

Екеуі Нұх пайғамбарға келді. Масадан қанша сұраса да, сөйлей алмады. Мазасыз ызындады. Қарлығаштан: «Неге сөйлемейді?» – деп сұрады. Қарлығаш: «Менімен сөйлескенде барлық нәрсенің ішінде су бақасының еті тәтті екенін айтты. Кешіккенінен қорқып, сөйлей алмай тұр», – деді. Нұх (ғ.с.) бақаның етін жыланға берді. Егер қарлығаш сол күні ізгі іс жасамағанда, біз – барша адамзат жыланға жем болатын едік.

Және мақсатқа (өз сөзімізге) қайтайық. Нұх (ғ.с.) кемедегілерге: «Жұптарыңызбен шағылыспаңдар, бала-шаға болса, кемеге сыймайды», – деп айтағын еді. Ешкім де жұптаспайтын (шағылыспайтын). Бір мысық жұбымен шағылысып тұрған итті көрді. Келіп Нұхқа айтты. Иттен сұрағанда, ит: «Шағылыспадым» деп мойындамады. Мысық куә бола алмады, өкінді. Біраз

уақыттан кейін иттің шағылысып тұрғанын мысық және көрді. Мысық Аллаға: «Тәңірім, бұл ит сенің пайғамбарыңа жалған сөйлейді және мойындамайды. Құдіретінмен мұны осы жағдайда біраз ұстай тұр, мен барып Нұхқа хабар берейін, өзі келіп көрсін», – деп жалынды. Жаратушы оның дұғасын қабылдады. Нұх келіп көргенше ит сол қалпы қалды. Нұх келіп көрді, ит қатты ұялды. Бүгінге дейін итке сол іс мирас болып қалды. «Мені Нұхқа жамандады. Тәңірім, оны да маскара қыл» деп, ит те дұға жасады. Алла Тағала иттің тілегін орындамады. Қашан мысықтар жұптаспақшы болса, сондай жаман дауыс шығарады. Оны барлық халық біледі. Бұдан кім біреудің айыбын ашса, ол да сол айыпқа ортақтасатыны белгілі болды.

Адамдар мен қара малдардың нәжістері кемеге толды. Әбігерге салған уақытта: «Нұх (ғ.с.) інгеннің арқасынан сипасын» деген жарлық болды. Сипап еді, құйрығын қозғалтып, артынан доңыз шықты. Нәжістердің бәрін жеді. «Бүгінде доңыз етінің харам болуы сол себептен» деген сөз бар. Алты айдан кейін Аужға: «Кемені сүйре», – деді. Кеменің астын ұстауға ешкімнің шамасы келмейтін. Аужды оны ұстау үшін кіргізді. Алла Тағала (оны) опат етпеді. Содан кейін «*Уә қилә йә әрзу иблә'и мәки уә йә сәмәу әқли'и*» («Ей, жер, суыңды жұт, ей, аспан жаууды тоқтат, деп (жарлық) етілді»). «Суыңды жұт». Көкке жарлық болды: «*Уә истәуәт 'әлә әл-жудий*» («Және кеме Жуди тауының үстіне тоқтады»). «Енді жерге жаума». Жанбыр жаумады, су тартылды. Су жер бетіне сіңді. Жер – домалақ, төңірегі тау. Су тартылғанда тау үстіне қарай жол алды. Төрт жағынан Қап тауына ұрғанда тоқтады. Жердің төңірегі мұхит дариясы болды. Мұхиттан мұхитқа жалғасқан сулар теңіз дариясы болды. Жер бетінде таулар, сайлар, көлдер сол топан суы кезде пайда болған, ал теңіздердің ашылығы мен сасықтығы сол топанда қайтыс болғандардан (салдарынан) еді. «Мен Нұх кемесін тауға тоқтатамын» деген дауыс келді. Барша таулар; «Кеме бізге тоқтайды», – деп таласты. Жуди тауы барлық таудан аласа еді. «Маған мұндай құрмет қайдан болсын» деп өзін кішіпейіл ұстады. Жаратушы оны жіберді. Кеме оған шайқалумен құрметтелді.

Нұх (ғ.с.): «Судың деңгейі қандай, жер ашылды ма, кім барып хабар алып келеді?!» – деді.

Қара қарға: «Мен барайын», – деді.

Нұх: «Біреуді кепілдікке қой», – деді. Қораз кепіл болды. Қарға барды, өліктер көп екен. Соларды жеп кешікті. Қораз көшеге шығу үшін кемеге кіріп, кеменің үстіне шығып, канат қағып іздей бастады. Қарға қайтып келмеді. Нұх (ғ.с.) тауықты алып қалды. Сол себептен тауық ұшпайтын болып, адамдармен бірге қалды деген сөз бар. «*Әл-қәфәләту әуәлуһә мәләмәтун уә әусәтуһә нәдәмәтун уә әхируһә гарамәттун фә мән ләм йусаддиқ фә әл-йүжәрриб*» («Кепілдік (яғни

бір нәрсеге кепіл болу) басы мәміле, ортасы өкініш, ал соңы төлем төлеу. Кімде-кім сенбесе сынап көрсін»), кепілдіктің басы мәміле, ортасы өкініш, соны төлем. Кімде-кім сенбесе, сынап (тәжірибе жасап) көрсін. Нұх (ғ.с.) қарғаға дұға қылды. Алла Тағала алдында ауыр машақатта, үреймен өмірі аяқталды. Ол жолда бара жатып, оң-солына қарайтын.

Содан кейін Нұх (ғ.с.) бір хабар алып кел деп, көгершінді жіберді. Барды, суы сінген бір сай жер бар еді, сонда қонды, аяғы балшық болды. Сол сәтте-ақ қайтып келді. Аяғындағы балшықты көрсетті. Ол балшық аяғында түк болды. Бүгінде аяғы түктілер соның ұрпағы.

Тағы бір риуаятта: Көгершін келіп, суы құрғаған жерге қонды. Азап суы сасық болғаны үшін, аяғы қызыл болды деген сөз бар. Тұмсығымен зәйтүн ағашының жапырағын алып келді. Нұхқа көрсетті. Нұх оған (оның құрметіне): «Адамзат саған мейірімшіл болып, үйінен орын берсін», – деп дұға жасады. Көгершін: «Тағы бұйымтайым бар», – деді. Нұх дұға жасады. Алла Тағала мойнына бір алқа кереметін жасады.

Нұхқа кемеден түс деген жарлық болғанда *«Йә Нуху иқбит би сәләмин минәә»* («Ей, Нұх, Бізден болған амандықпен түс»), Нұх кемеден шықты. Сол күні сексен адам – қырық ер адам және қырық әйел Шам аймағындағы теңіз жағасына бір кент тұрғызды. Оны «Қарият ус-сәмәнинә» деп атады. Алты ай су ішінде жүргенде жел сокпап еді. Бірден шығып жел сокқанда, жараспады. Әлсіреді. Жеті адамнан басқасының бәрі қайтыс болды. Тек Нұх ұлдары және үш келіні қалды. Жер бетінде бұл жеті адамнан басқа ешкім қалмады. Бүгінгі жақсы-жаман, мұсылман-кәпір халықтың бәрі Нұх ұрпағынан тарайды. Үлкен ұлы – Сам, ортаншысы – Хам, үшіншісі – Яфес. Бір күні Нұх (ғ.с.) жатқанында, жел соқты. Нұхтың етегі ашылып, әуреті көрінді. Хам оны көріп қалды. Сам Хамның бетіне басты. Яфес оны көріп, киімімен жапты. Алла Тағала сол жазасы үшін Хамның беліндегі ұрығын қара қылды. Ұрпағы қара (нәсілді) болды. Ұялғаннан әйелі қолын алды. Теңіз жағасында бөлініп, қамыстан үй жасады. Осылайша одан үнділер, хабашилар, негрлер тарайды. Алайда, араб пен ажам халқы Самнан тарайды. Хамды Үндістанға жіберді. Самды араб пен ажам аймағына жіберді. Яфесті Түркістан жаққа жіберді. Барша түркілер Яфестен тарайды. Осы жолмен түркілер құрметті және сыйлы болды. Осы туралы Әбу Исхак Нишапури құрастырған «Қиссаси әл-әнбия» ішінде жазылған.

Кейбір ғалымдар Йәжүж-Мәжүждің Яфес ұрпағынан тарағанын айтады.

Қағб риуаят етеді: Адам ұйықтағанында түс көрді. Ұрығы жерге тамды, топыраққа сінді. Алла Тағала ол судан Йәжүж-Мәжүжді жаратты. Бізге ата жағынан қосылып, бауыр болады. Алайда Хауа жағынан қосылмайды, өгей.

Абдулла ибн Аббас (Алла одан разы болсын) Адам ұлдарының он топқа бөлінетінін, сонын тоғызы Йәжүж-Мәжүж, қалған бір тобына барша адамзат баласы жататынын айтады.

ХИКАЯ: Нұхтың бір қызы бар еді. Біреу қолын сұрап келгенде, берейін деді. Тағы біреу келді, оған да беремін деді. Және біреу сұрап келгенде, оған да беретінін айтты. Төртінші адам келгенде, оған да беремін деді. Баршасы қызды алғалы келді. Нұх (ғ.с.) қайғырып, үйіне кірді. Үйінде бір қаншық иті және бір комағай есегі бар еді. Алла Тағаланың құдіретімен екеуі қыз болды. Жұмақтан бір хор қызы келді. Бұл төрт қызды төрт күйеуге берді. Бәрі де әдемі еді. Өз қызын тани алмады. Бірнеше күн өткен соң қыздарын көргелі барды.

Бір күйеу баласынан: «Жұбайыңмен қалайсың?» – деп сұрады.

«Жақсы, тек ішіп-жемейді», – деді. Нұх оның хор қызы екенін білді. Екінші күйеу баласына келіп: «Жұбайыңмен қалайсың?» – деді. «Қаншық», – деді. Нұх оның ит екенін білді. Үшіншіге барып: «Жұбайыңмен қалайсың?» – деп сұрады. «Жейді-ішеді, есектей жатады», – деді. Нұх оның есек екенін білді. Төртіншіге барып: «Жұбайыңмен қалайсың?» – деп сұрады. «Мен одан разымын, пайғамбарлар ұрпағы», – деді. Нұх (ғ.с.) оның өз қызы екенін білді. Алып келген сыйлығын соған берді.

Хабарда былай келеді: Бір күні Жебірейіл келді. Нұхтың өмірі соңына таяғанда: «Ей, Нұх, пайғамбарлардың ішінде сенің өмірің ұзақ болды. Дүниені қалай ұқтың?» – деп сұрады. Нұх: «Дүние екі есікті сарайға ұқсайды. Біріншісінен кірдім, ал екіншісінен шықтым», – деді.

Нұх жүз жасқа келгенінде пайғамбарлық келгені айтылады. Елу мыңнан аз жыл (Алла дініне) үгіттеді. Топан судан кейін үш жүз жыл жасады. Тағы бірде Адамнан топан суға дейін екі мың екі жүз жыл өткені айтылады. Содан соң Нұх дүниеден өтті. Үш жүз жыл халық Нұхтың шарифатымен жүрді. Көпшілігі кәпір болды. Шарифатты ұстанушы ешкім қалмады. Үш жүз жылдан кейін Хұт пайғамбар келді.

АУЖ ИБН УНУҚ ҚИССАСЫ

Унуқ Адамның қызы еді. Ауж ибн Унуқтың ұлы еді. Бойы ұзын еді. Топанда суға шөкпеді, себебі топан су оның тізесіне жетпеді. Тау үстінде отырып, теңізден қолымен балық ұстап, оны күнге қарсы ұстап, пісіріп жейтін. Ар-ұятты еді. Өте әділ болатын. Үлкен жастағы әйел алды. Бір жас қызды алды. Адамзат баласы көрмейтін, жан-жануар жетпейтін бір биік тастың үстіне қойды. Есейгенде Ауж одан қашып кетті. Таудың бір жағына келді. Қыздың көзі бір жігітке түсіп, соған ғашық болды. Жігіт те оны ұнатып қалды. Қосылуға шара болмады.

Жігіт бір кемпірге мұнын айтты. Кемпір: «Бір ағашка сен кіргенше сандық жасат. Аузын құлыппен бекітіп қойсын. Сен оған кір», – деді. Біреу сол сандықты көтеріп, таудың етегіне қойды. Кемпір сандықтың жанында отырды. Ауж келгенде кемпір жылап: «Ей, ұлым, сандықтың ішінде біреудің аманаты бар. Саған берейін. Басқаларға сенбеймін», – деді. Ауж оны алып, әйелінің қасына қойып, кетіп қалды. Әйел сандықтың құлпын ашып, жігітті шығарды. Бірнеше күн бірге болды. Біраз уақыттан кейін Ауж қайтып келді. Жерге біреудің түкіргенін көрді. «Мұны кім істеді?» – деп сұрады.

Әйелі: «Мен істедім», – деді.

«Онда тағы істеші», – деді Ауж. Істеп еді, оған ұқсамады. Ауж: «Бүгін шындықтан басқа ешкім құтқара алмас», – деді. Әйел қорыққанынан шынын айтты. Ауж оны (жігітті) сандықтан шығарып, әйелімен қойды. Кемпірді іздеп барды. Алып келді, отырғызды. Үстіне дәрет сындырып еді, нәжістің астында қалып өлді.

Риуаят етеді: Қайсы елге өкпелесе, бір аяғын кенттің бір басына, екінші аяғын кенттің мына басына қоятын да, кенттің үстіне дәрет сындыратын, түскен нәжістен барлық тұрғындары қайтыс болатын.

ХИКАЯ: Ауж, Мұса Кәлім заманына дейін өмір сүрді. Төрт иғаш (шамамен 6 км келетін өлшем бірлігі) жерді алып тұрған Мұсаның әскерін көрді. Сол кезде әскердің көлеміндей бір тауды басына дейін көтеріп әскердің үстіне тастағалы тұрғанда, Алла Тағала Хұдхұд құсын жіберді. (Хұдхұд) келіп Ауждың басы тұсынан ол тауды тесті. Басы тауға кіріп, мойнына алқа болды. Одан кейін Мұсаға «ұр» деген жарлық болды. Мұсамен соғыса алмады. Мұсаның бойы он екі қари еді. Таяғы да соншалықты еді. Ол жүгіріп оны екі қари тағы секіріп ұрды, басына тиді. Ауж жерге құлады. Мұса қауымы жабылып өлтірді. Бір аяғын алды. Ұзындығы төрт иғаштық жер еді. Теңізге көпір жасады деген сөз бар.

ХҰТ (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

Нұх (ғ.с.) ұлы Сам ұлы Ирам ұлы Ауаз ұлы Ад ұлы әл-Жұлұт ұлы Риях ұлы Абдулла ұлы Хұт (ғ.с.). Бес пайғамбардың арабтан шыққандығы айтылады. Олар: Худ, Салих, Шис, Исмайыл және Мұхаммед (ғ.с.).

Ол – «*Уә илә 'әдин әхәһум Худән*» («Және Ад қауымына олардың бауыры Хұтты (жібердік)») шапанын киген, «*Йә қауми у'буду Аллаһа*» («Ей, менің қауымым, Аллаға құлшылық етіндер») деп жарлық жеткізген, «*Йә, Худу мә житәнә бибәйинәтин*» («Олар: «Ей, Хұт, сен бізге ешбір айғақ әкелмедің») айғағын есіткен, «*Фә и'тинә бимә тә'идунә*» («Уәде қылған нәрсеңді алып кел») сөзін тыңдаған, «*Уә убәллиғукум мә урсилту биһи*» («Және мен сендерге

алтып келген нәрсемді жеткізудемін») деп сөйлеген, «Уә ләкинни аракум қаумән тәжхәлунә» («Алайда, сендерді надан халық көремін») деп жауабын берген – Хұт (ғ.с.).

Нұхтан кейін Хұт пайғамбар болды үш жүз жыл өтіп,
 Жүрер еді көп халайық шарифаттан қашып.
 Күндіз-түні Хұт жеткізді Тәңіріміздің жарлығын,
 «Сегіз жұмаққа кіргін» деп, хақты жалғаннан айырып.
 Раббыдан танып, жолдан азып, ұсынбады дінге мойын,
 Хақтан қашып, халыққа жалынып, пұтқа сыйынып, арақ ішіп.
 Алмады Хұттың сөзін, қайтпады Жаратушыға,
 Ешкім де айтпаған сөз айтты сондай ғажап.
 Айтты: «Йә, қауми у'бәдуллаһа» («Ей, қауымым, Аллаға
 құлшылық етіңдер»), Одан өзге Тәңірі жоқ,
 Сыйынған Хақ құзыретіне жылады жасын төгіп.
 Жағдайы ушыққанда үн жеткізді жалынып,
 Айтты еңіреп: «Әнтә рабби қадирун хайиун мужиб».
 («Сен Жаратушымы, құдіреттісің, тірісің һәм тілектерді
 орындаушысың»)
 Жеті түн, сегіз күнде Жаратушы опат етті халықты,
 Шаршап-шалдықса да адтықтарға жол ашып.

Хұт пайғамбар (ғ.с.) тоғыз жасында Ад қауымына келді «Уә илә 'әдин әхәһум Худән» («Және Ад қауымына олардың бауыры Хұтты (жібердік)»).

(Кейбіреулер) «Ад – патшалықтың аты» десе, (енді біреулер) «Және қауымның аты», «Елдің аты», «Олардың атасының аты» дейді. Нұх (ғ.с.) ұлы Сам ұлы Ерам ұлы Ад тұрған жерлерінде Ахнақ қауымының түйелері бар еді. Хұт сол түйелерге мініп барып, оларды иманға, исламға шақыратын еді. Олар Хұтты түйеден құлатып: «Сен бізді құдайларымыздан айыруға келдің бе?» – дейтін. «Ә житәнә литәфикәнә ән әлихәтәнә» («Сен бізді құдайларымыздың құлшылығынан қайтару үшін келдің бе?»). Бәрі ұзын бойлы еді. Төрт жүз қари бойлары басына дейін секіріп тепкенде, тізелеріне дейін жететін еді. Бойларына, күштеріне жараса пұттар жасайтын. Күштеріне сеніп: «Біздей күшті бар ма екен?» – деп масаттанатын. «Мән әшәдду миннә қууәтән» («Бізден күшті кім бар?»). Бойы үш жүз қари болатын алтыннан, күмістен пұттар жасады. Хұт оларға: «Йә, қауми у'будуллаһа мә ләкум мин иләһун ғайруһу» («Ей, қауымым, Аллаға асығыңдар, сендер үшін Одан басқа құдай жоқ» дегенінде, (олар): «Рас сөйлесен, азап жібер», – деп қабылдамайтын. Хұт: «Азаптың келетінін Алла

біледі. *«Иннамә әл-'илму 'индаллаһи»* («Оны білу тек Алланың құзырында»). Асырмаймын, сендерге жеткізушімін. *«Убәллигукум мә урсилту биһи»* («Мен сендерге алып келген нәрсемді жеткіземін»), сендерді мойынсынбаушы ретінде көрудемін. *«Уә ләкинни әрақум қаумән тәжхәлунә»* («Алайда, сендерді надан қауым (ретінде) көремін»), – деді.

Барша халық тәкаппар еді. Биік қабырғалар тұрғызып, әдемі көріну үшін биік жартастарға сарайлар салатын. Әлсіз майда халықтарды келеке етіп, басынатын. Оларды сол себепті адтықтар деп атады, арабша өте ұсақ деген сөз. Олар және бес ерекшелігі жағынан өзге халықтардың айырмашылығы бар еді: күшті, бойлы, нығмет, уақыт және күнәһар.

Хұт: «Қорқындар, тәубеге келіндер, олай болмаған жағдайда сендерді апатқа ұшыратады», – деді.

Олар: «Сенің Тәңірін бізді немен өлтіреді?» – деді.

Хұт (ғ.с.): «Ол сендерге жел болып келіп, бәріңді де дауылмен апатқа ұшыратады», – деп тілімен ысылдап көрсетті. Хұттың ол іс-әрекетінен пайда болмады. (Олардың) ұлдары есейген сайын бұзылды. Қырық жеті жыл үгіттеді, тындамады. «Біз сенің сөзіңе бола құдайларымыздан бас тартпаймыз», – деді. Жиналып: «Бізге жел келеді дейді, дайындалайық», – деп кеңесіп, дайындалып, әбігерге түсті. Ұл-қыздарын, қара малдарын тауға жіберді. Бір ауыртпашылық бола қалса, олардың әдеті Меккеге адам жіберіп, құрбандық шалып, жалынып-жалбарынатын. Бұл жолы Мазид ибн Сағд, Лұқпан ибн Ад (бұл хәкім Лұқпан емес, басқа адам) және Қайыл ибн Омар үшеуін аттандырды. Олар басқа жолдас-тарымен бірге Меккеге барды. Бұл Мазид пен Лұқпан екеуі іштей мұсылман еді. Меккеде олардың Муауия атты туыстары бар еді. Мал-дүниесі бар, қолы ашық еді. Оның үйінде қонақ болды. Бір ай ішіп-жеп, араққа тойып, әнге құмартып, ойын-сауыққа батты. Хұт пайғамбардың дұғасымен оларға Алла Тағала үш ай бойына жаңбыр бермеді, әлсіреді. Үшеуі құрбандық шалып, жаңбыр тілеу үшін барып еді. Муауия олардан жалығып, екі әншіге қарап: «Сен екеуің ән айтып, би билегендерінде (олардың) жаңбыр тілеуге келгендерін, кешігіп жатқандарын айтып беріндер. Соны түсініп, үйлеріне қайтсын», – деді. Әншілер солай ән айтты. Олар мұны есітіп, не үшін келгендері естеріне түсті. Қағбаға келіп, құрбандық шалды. Қайыл: *«Аллаһумма ин кәнә һудун садиқан фә исқинә»* («Ей, Алла, егер Хұттың айтқандары рас болса, онда бізді сугар (су бер)»), – деді. Алла Тағала үш түрлі бұлт жіберді: ақ, қызыл және қара. «Ей, Қайыл, мына бұлттардың біреуін таңда» деген дауыс есігілді. Қайыл бұлттарға қарап: «Ақ бұлтта еш нәрсе жоқ, қызыл бұлтта не барын білмеймін, қара бұлт жаңбырлы болар», – деп, соны таңдады. Ол азап бұлтты еді. *«Ихтәрту рамадан»* («Мен құлды ықтияр қылдым») деген дауыс есігілді.

Оның мағынасы мынау: Қара бұлтты қаладың, (енді) Адта ешкім тірі қалмайды, әке баласы қырылады. Бәну Лудия деп, егер ұрпағы қалса, оларға қалар. Бұлар Адтын басынан емес, Адтын соңынан деді.

Мазид ибн Сағд: «Тәңірім, мен олардың дінінде емеспін. Сенің дінінде ұста», – деді.

Лұқпан ибн Ад: «Тәңірім, маған ұзақ жас бер», – деді.

«Неше жас қалайсың?» – деді.

«Каркастың (өлекселермен күн көретін жыртқыш құс) жасы керек», – деді. Әрбір каркас үш жүз жыл жасайды. Лұқпан бір каркас баласын алып қартайғанша асырады, тағы біреуін солай асырады. Лубид атты шымалға ұласты. Өлімі жақындаған уақытта тау басына алып барып, солармен бірге ұшсын деп, басқа каркастардың арасына қойды. Басқалар ұшты, Лубид қалды, сол жерде бірден өлді. Лұқпан да жан берді.

Ол қара бұлтта жетпіс мың найзағай ойнайтын еді. Әрбір найзағай жетпіс екі періштенің қолында еді. Хазрамаут жеріне келді. Ең бірінші Миз деген бір кемпір көрді. Сол үшін жеті түн, сегіз күнді «Әйиәми әжуз» («Мыстан кемпір күндері») деп атайды. Жебірейіл Алланың жарлығымен желге жауапты болған періштеге: «Желдің есігін аш», – деді. «Қанша ашайын?» – деді. Жебірейіл: «Сыыр мұрнының тесігіндей», – деді.

«Сондай көлемде ашсам, жер бетінде, тау-топырақ, теңіз, ағаштар қалмайды», – деді періште.

«Бір кішкентай жүзіктей», – деді. Періште жаңағыдай жауап берді. «Иненің көзіндей аш», – деді. Ашып еді, қатты жел тұрды. «*Уә амма 'Әдун фә ухлику би рихин сәрсәрин 'әтийәтин*» («Алайда, Ад (қауымы) болса, олар өте тез соғатын суық желмен апатқа ұшыратылды»). Араб тілінде «‘адий» – өте шығу деген мағына береді, яғни періштелердің сөзінен өте кешті. Амалика оты зиян тигізбеді.

Одан кейін (жел) қаттырақ соқты. Хұттың айналасына бір сызық тартылды. Хұтқа зияндық болмады. Сол сәтте жел жетіп келді. «*Хәрракәтнә риху Худ*» («Біздерді Хұттың желі теңселтті»), яғни «Хұттың желі бізді теңселте бастады», – деді. Содан соң жел сай-шұңқырға кірді. Аяқтарын тізелеріне дейін жерге, тасқа көмді. Жел келіп, аяқтары астына кірді, топырақтарды аша бастады. Әуелі терілерін тілді, еттерін тазалап алды. Тек сүйектері қалды. Содан кейін киімдері шешілді. Біразы тау үңгірлеріне кіріп жасырынды. Жел онда да кіріп көтеріп шығарып, үй шатырларына соғып опат етті. Содан соң сүйектерін сайларға көмді. Ол топырақтарды үстіне бастырып тастады. Топырақтың астында қалды. Қалхан атты күшті біреу бар еді. Ол: «Мен барайын, желді тоқтатайын, бәрін құтқарайын» деп келді. Жел шыққан жолды екі

қолымен ұстады. Қолын шынтағына дейін тасқа көмді. Көкірегін желге берді. Жан дауысы шығып, айқайлап: *«Ләм йәбқа иллә Халхан»* (*«Қалхан (есімді ба- тырдан)нан басқа ешкім қалмады»*), – деді. Жел оны тасымен бірге көтерді. Асланға көтеріп, тасқа ұрып опат етті. Олардың арасына (бірге) көмді. Содан кейін құм, топырақтарды төбеге жиды. Жел сәрсенбі күні басталды. Жеті түн, сегіз күн соқты. Және сәрсенбі күні ақшам уақытында басылды. Ол жеті түн, сегіз күнге *«Әйиәми әжуз»* (*«Мыстан кемпір күндері»*) деп атайды. *«Уә әммә 'Әдун фә ухликә би рихин сәрсәрин 'әтийәтин сәххәраһә 'әләйһим сәб'ә ләйәлин уә сәмәнийәтә әйиәмин хусумән»* (*«Алайда, Ад (қауымы) болса, олар өте тез соғатын желмен апатқа ұшыратылды. Алла желді олардың үстіне жеті түн, сегіз күн бойына соғатын етіп қойған еді»*).

Хұт (ғ.с.) үңгірден шығып, оларға келді. Топырақтың астында бәрі тірідей жылап-еңіреп, бірінің дауысын бірі есітіп, мына пәленше, мынау төленше деп жатты. Ол туралы Алла Тағала хабар береді. *«Кә-әннәһум ә'жәзу нәхлин хәуийәтин»* (*«Олар құрма ағашының іші кәуек төңкелеріне ұқсайтын еді»*), қырық тәулік бойына топырақ астында еңіреп жатты. Содан кейін Ад хабарын оларға біреу айтып берді. Мазид пен Лұқпан екеуі Аллаға шүкіршілік қылды. Қайыл оны есітіп қайғырып: *«Ей, көк Тәңір, егер бұл сөз рас болса, мені де опат қыл»*, – деді. Жел келіп, Қайылды көтеріп, аспанға ұшырды да, жерге соғып опат етті. Одан кейін елу жыл өтті.

САЛИХ ПАЙҒАМБАР (Ғ.С.) ҚИССАСЫ

«Уә илә Сәмудә әхәһум Салихән» (*«Және Самуд (тайпасына) олардың бауыры Салихты (жібердік)»*), шапанын киген, *«Фәстәғфируһу суммә тубу иләйһи»* (*«Одан кешірім сұраңдар, кейін Оған тәубе етіңдер»*) деп, қауымына үгіт-насихат берген, *«Әтәнһәнә ән нә'будә мә йә'буду әбәунә»* (*«Сен бізді ата-балаларымыз құлшылық етіп келген нәрсеге құлшылық етуден қайтармақшысың ба?»*) жауабын естіген, *«Фә қалә ләһум расулуллаһи нәқаталлаһи уә суқйәһә»* (*«Оларға Алланың елшісі айтты: Алланың түйесін және оның ішкен уақытын (құрметтеңдер)»*) ұсынысы болған, тастан дұға жасап інген шығарған, *«Рабби қарибун мүжибун»* (*«Расында менің Жаратушым жақын, қабыл етуші»*) деп, Хақ дінге шақырған – Салих пайғамбар (ғ.с.).

Ақыл салып келгін, тыңда, Салих пайғамбар қиссасын,
Болғанын бастан-аяқ айтайын мен баршасын.
Хақ пайғамбарлық бергенінде тез жүгірді қауымына,
Жүрді күн-түн, алды Самуттың тайпасын.

Қылды иман үгітін, жасады бір мұғжиза,
 Болды Хақтан, шықты інген жарып таудың арасын.
 Бота туды, барша сонда оны тандана көрді,
 Күн кезектеп су тасыды ішті әркім үлесін.
 (Бас) тартты Хақтан баршасы, қылды көп күнә іс,
 Ұқпастан Салих сөзін һәм осы інген қиссасын.
 Келді жүгіріп екі тоқымашы, бір аяғын кесті олар,
 Ботасы еңіреп қайтты асты үш майын.
 Үш күн ішінде болды сары, қызыл және қап-қара,
 Құдіретімен Жаратушы Қадыр жазалады баршасын.

Нұх (ғ.с.) ұлы Сам ұлы Ерам ұлы Ад ұлы Самут ұлы Хам ұлы Фасих ұлы Асаф ұлы Убай ұлы Салих (ғ.с.). Ад және Самут екі патша еді. Нұх ұлы Сам ұлдарынан осы екеуінен көп ұрпағы болды. Ад және Самут тайпалары Нұх ұрпағынан. Ад тайпасы (кейіннен) Самут тайпасы аталды. Хұт қауымы Ад бірінші болды. Самут тайпасы – Ад тайпасының соңы. Ад халқы Самут халқынан көбірек еді. Сам мен Хижаз арасында Жахд жерінде отыратын еді. Самут халқы Ад халқындай ұзын бойлы еді. Таулар ішінде үңгір қазып үйлер салатын. *«Уә кәну йәттәхизунә мин әл-жибәли буйутән әминин»* («Олар тыныштықта тұру үшін тауларға үйлер салатын»). Бір биік тау етегінде олардың суы бар еді, оларға тап болғанша барша пұттарға сыйынатын. Алла Тағала Салихты оларға жіберді. *«Уә илә Сәмудә әхәһум Салихән»* («Сәмуд қауымына олардың бауыры Салихты жібердік»). Салих олардың ұрпағы болғаны үшін «әхәһум» («олардың бауыры») деп жарылқады. Салих оларды мұсылмандыққа шақырды. Салихқа пайғамбарлық келместен бұрын (қауымдастары) біздің пұтқа табын дейтін еді. Салих көнбесе, әлі кішкентай, есейсе осы жолға кірер дейтін. Пайғамбарлық келген соң, «пұтқа табынбандар, мұсылман болыңдар» деді. «Ей, Салих, біз сені дінімізге кіретін шығар деп үміттенетін едік. *«Йә, Салиху қад күнтә финә мәржууән қаблә һәзә»* («Ей, Салих, алғашында сен біздің арамызда үміт етілген адам едің»). Енді бізге аталарымыздың дінін қойып, басқа дінге шақырасың ба? *«Ә тәнһәнә ән нә'будә мә йә'буду әбәунә»* («Сен бізді ата-бабаларымыз табынып келген нәрсеге табынуымызды тоқтатпақшысың ба?»). Біз бұл сөзге келмейміз», – деді. *«Уә иннәнә ләфи шәккин миммә тәд'унәнә иләйһи мурибин»* («Әрине, біз сен үгіттеп таратып жатқан дінге қатты күмәніміз бар»).

Уаһаб ибн әл-Яманий риуаят етеді: Нұх қауымы топанда опат болған соң, Нұхтың үш ұлы қалды. Нұх (ғ.с.) өлерінде ұлдарына өсиет айтты. Әлемнің ортасын Самға берді. Хамды Батысқа жіберді. Яфесті Шығысқа жіберді.

Түркілер Яфес ұрпағы, ал баскалар Сам ұрпағынан екендігі айтылады. Сам Мукалдаса жерінде еді. Самут Хижаз жерінде еді. Әрбір тайпаның патшалары бар болатын. Бұл Самут халқы меккеліктермен шын берілген еді. Меккеде Муауия ибн Бәкір атты үш жүз мың ер әскері бар еді. Хижаз жеріндегі ақсақалдар жиылып: «Бізге бұл дұшпанмен соғысатын бір патша керек» деп кенесті. Ханда ибн Омар атты біреуді өздеріне патша етіп тағайындады. Патша билікті қолға алған соң, өзіне қызыл алтыннан, екі көзі жақұттан істелген пұт жасап алды. Бұл пұттың төрт беті бар еді. Бірі – адам, бірі – арыстан, бірі – құс, бір ат бейнесінде еді. Бұл пұтқа арнап бір үй тұрғызды. Ұзындығы екі жүз қари, ені жүз қари еді. Шатыры жәзеден (ақық кенінен шығатын ақ, қызыл, сары калы бар қара тас), ақықтан еді. Бұл үйге жүз есік салды. Қызыл алтын және гауһармен безендірілген алоэ ағашынан бір тақ жасатты. Бір таққа төрт аяқ жасатты: бір аяғы зүміреттен, бір аяғы жәзеден, бір аяғы ақықтан, бір аяғы хрустальдан. Түрлі түсті матамен қаптады. Ол таққа отырды, соған сәжде қылды. Барша тайпаға адам жіберді. Барша патшаларды әскерімен жинады. «Бұл менің құдайым, бұған сәжде қылыңдар», – деді. Патшалар ол төрт жүз есіктен кірді. Ол пұтқа сәжде жасады. Біреуі пұттың аузына қарап: «Мен сізден ризамын», – деп сөйледі. Барлығы сүйсініп басын көтерді. Ханда ибн Омар: «Әр жылы бір рет келіп бұған сәжде қылыңдар», – деді. Самут халқы ол үйден шығып сөйлесті. Бірнешеуі: «Біздің құдайымыздың түрі біз секілді еді», – деді. Айтысты, соғысты, жетпіс мың адам өлді. Бұл хабар Ханда ибн Омарға жетті. Аттанып, оларға келіп: «Қай жағың бұл істі жасасандар да, өздеріне жасалыңдар», – деді. Олар: «Ей, патша, бізге бұл құдай керек емес. Бізді соғысқа мәжбүрледі. Бізді ұрыстырмайтын басқа құдайға табынамыз», – деді.

Пұт жасауға тас әкелу үшін Қарра тауына адам жіберді. Ібіліс (оған Алланың қарғысы болсын) Қарра тауына олардан бұрын келді. Әдемі, таза ақ тасты кесіп қойды. Олар келіп, сол тасты алып барып, пұт қашап алды. Ұзындығы қырық қари, ені сегіз қари еді. Басы алтыннан, көздері жақұттан, тістері інжуден еді. Түрлі киімдер кигізіп, оны таққа отырғызды. Оны Абхар деп атады. «Ей, патша, пұтқа бір адам қызметші болса», – деді. Хан да айналасына қарап еді, Қасур ибн Убайда деген адамға көзі түсті. «Мынау жарайды ма?» – деді. Разы болды. Қасурды ол пұтқа қызметші қылды. Қырық жыл қызмет қылды. Бір күні Ібіліс періштелерден Қасур ұрпағынан Салих атты пайғамбардың шығатынын есітті. Бұл кәпірлер оның қолында. Ол қауымның баршасы ол пұтқа жиналады. Ібіліс (оған Алланың қарғысы болсын) келіп пұттың аузына кірді. Қатты айқайлап: «Ей, менің құлдарым, бұл Қасур менің қызметіме жарамас, оны зынданға тастаңдар», – деді. Оны зынданға тастаған соң, басқа біреуді қызметші етіп қойды. Қасур қырық жыл зынданда жатты. Қырық жылдан кейін Жәбірейілге «Қасурды зын-

даннан шығар» деген (Алладан) жарлық болды. Зынданды екіге жарып: «Ей, Қасур, зынданнан шық», – деді. Қасур зынданнан шықты. Көңілінде: «Қырық жыл Абхарға қызмет еттім, қырық жыл зынданда жаттым. Енді құтылдым. Бұл жерден кетейін», – деп түйді. Тауға барды. Тау ішінде бір үңгірге кездесті. Шаршап еді, ұйықтады. (Содан) қырық жыл ұйықтады. Алла Тағала оны бір періштеге қорытты. Қасурдың үйінде Заум есімді әйелі бар еді. (Кейбір деректе есімі Сахур деп айтылады.) Біраз уақыт өткен соң бұл әйел жынды болды. Кезіп жүретін еді. Өзі әдемі болатын. Халық оған мейірім жасады. Бір түні сарайына қарға сияқты бір құс келіп: «Ей, Заум, Қасурды көруді қаласаң, менімен жүр», – деді. Заум артынан жүріп отырды. Үңгірге келді. Құс: «Күйеуіңді шақыр», – деді. Заум бар дауысымен Қасурды шақырды. Үңгір жаңғырды. Қасур: «Кір», – деді. Заум (Сахур) кірді, Қасурды көрді. «Ей, Қасур, бірнеше жылдан бері осында екенсің. Неге маған келмедің?» – деді.

Қасур: «Абхар зынданынан құтылып, бір түн мұнда жаттым», – деді.

Заум: «Бір жүз жиырма жылдан бері сен жоқсың», – деді. Осылай сөйлесіп отырғанда Қасурдың әйеліне махаббаты оянды. Екеуі қауышты. Заум Салих пайғамбарға жүкті болды. Сол сәтте Қасур қайтыс болды. Заум қайғылы қайтты. Ол құс: «Бұл үңгірден шық», – деді. Заум шықты. Ол үңгір белгісіз (ғайып) болды.

Құс және: «Ей, Заум, ішіндегі нәрестені қайдан алдың деп, қатты сұраса, оларды осы үңгірге алып кел. Алла Тағала олардың азабынан құтқарады», – деді.

Заум: «Сен қандай құссың?» – деді.

«Мен құзғынмын», – деді.

«Басың неге ағарған?» – деп сұрады.

«Қабылдың Әбілді өлтіруіне мен себеп болдым. Алла Тағала маған қандай жаза береді екен деп ойлаумен басым ағарды», – деді.

«Тұмсығың неге сары?» – деді.

«Жұмақтағы шафраннан жедім», – деді.

«Аяғың неге жасыл?» – деп сұрады және.

«Мың жыл Туба ағашына отырдым», – деді.

«Ішің неге қара?» – деді және.

«Бір күні тамұқтың үстінен өтіп бара жатқанымда, отының ыстығынан осылай болды», – деді. Тағы көрінбей кетті. Заум (яғни Сахур) үйіне келді. Тоғыз айдан кейін мухаррам айының дүйсенбі күні түнде Салих пайғамбар дүниеге келді. Анасы Салихты құндақтап, өз еліне алып барды. «Бұл нәрестені қайдан алдың?» – деп сұрады патша. Заум болған оқиғаны айтып берді. Патша аң-таң қалды. «Ей, патша, маған сенбесең, кел саған көрсетейін», – деді.

Патша ол үңгірге барды. Заум айқайлап Қасурды шақырды. Үңгір ашылды. Екеуі кірді. Алла Тағала Қасурды тұрғызды. «Ей, Жанда, бұл менің балам», – деді

Tä`ala ul kafirlärni häläk kыlҗай erdi. Ulär Bärs ibn Йafäs ibn Nux `äläйhis-sälam uruyındin tururlär. Ukuşräyi Йa`zuž uä Mä`zuž tururlär. Kamuy tämuylуylär turur. Bү ikі šähärniң дәruazäsi bar. Tekmä дәruazädin йänä bir дәruazäҗa bir йуҗаçlyk er erdi Tekmä bir kapуdä kečä etmiş myң er sakçy йatur erdi. Tіrіk barynčä uläҗa äzін kezіk tegmäс. Аймышlar, Hud uä Salixdä kezін bäri мүlk тäläшdi. `äräbdä eҗ ilkі tugäl `alämnі tutgän Nämrud ibn Kän`an erdi.

Аймышlar, kačan Žäbrail Salix kaumigä ün kылды ersä, kamuy öldilär. Äzaklaryn astyndän ot çykdy. Kamuyyny kuйurdi. «*Innä ärsälnä `äläühim säüхätän uäxidätän fä känu käхäšimi әl-muxtäziri*» («*Rasynda, bız olarҗa bir dauys žiberdik, olar malxanada хайуандар астында калып, езілген шөптеү болып калды*»).

Аймышlar, `äräbniң `adätі bar Йazidä teuägä, койҗа kutan etärlär. Ž`äräbni, kuruy ut-emnі kutan іčidä tušäйurlär. Йылky kara anyң üzä йaturlär. Äzak altynda ušänur bozun bulur. Teңri äzzä uä žäl-la Sämur bozunyny aҗa uxšätib «*Fä känu käхäšimi әl-muxtäziri*» («*Olar malxanada хайуандар астында калып езілген шөптеү болып калды*») teb Йarlykar.

Taky bir riuaйätdä kylur, `Äbduallah ibn `Äbbas räziйallahu `änhuma: Xäk Tä`ala ikі bozunny bir `äzab birlä häläk kылmady, illa Salix kaumyny, taky Šu`äйb kaumyny ot birlä häläk kылды. Änčäsi bar. Salix bozunygä ot äzaklary altynda çykdy. Šu`äйb bozunygä kökdin endi. Anda kezін Salix Šam uilaйätiҗä bardy, Anda ornädi. On säkkіз йыл tіrildi. Йänä bir riuaйätdä, kyrk йыл. Salixdä kezін Ibrahim päйҗambäҗa tegi хeч päйҗambär йok erdi.

ФАКСИМИЛЕСІ



—*Handwritten signature or mark*—

عليك نبار ليغ قم الليل الاقنلا قوبوشلوع المشركين صحت دجهونوهم
 تو قوشلوع لاطلاق قرش قد انش ليغ الصابرين والصابدين
 قولوش لوع دجيتا بك على هو لا رشيداشما دست ليغ عنى ان
 يبعك ربك سعادت ليغ فاعبد ربك عبادت ليغ واكن لكه عباد
 هر اظ مستقيم هامت ليغ اقربت الاله والسن القراشات ليغ
 انا ارسلك كشاهدا ومبشرات رت ليغ اوزر مطيع ذكرى ربيع
 امت قه شنيع انبا قنيسى اصيفا قدوسى اول صدر حنق وحنقا
 بدر خطه وفا محمد مصطفى صلى الله وسلم دين ستر بختى رايتنى على قبلنا
 كفو فطمت بوعلا رنى بزكا جالفار مصطفى اول تابلا انرا من له روبا ۲۰ صحت ادجوى
 بالباريت صدى شاعلى ساتقور الفار مصطفى قوجى عارن كور دما دى كوكا افقا عر اول
 اخته غر بولوشونان بردا قالفار مصطفى اول قنابتك رشاشيك قورينى قوريشانى
 بالنابوتورغان يلى من عاصه بولغفار مصطفى اول كرم اوج ييل ايكاب كورنادر توم اول قوبوسين
 عاصى املا ووقنى قى دوقلغان مصطفى سادجى لار مواج قوشندا بيت محمد س كليب
 بزجا عاصى اول ياوردا باش جى بولغفار مصطفى انار ايركاه مصطفى ايندار ايلكاه جزيل
 يوتلا نوردا جزيل بولدا سالفار مصطفى ادكوشج اول قور سلام لار قور تى نادر
 و تو خور خان لى واكي غر سيداشبان اهل اجنه نشرين ليغ اوغلا
 محمد صواب الله عليهم اجمعين محمد سوزر عداز بولسا بولدا كاه
 طاعت بولندا ايركان معكسيت باباين كوكاه از از غلوع كوب
 كاهز قوشلوع سباط اوغوز لوع براب اوغلا قاضى ناصر سى الله عظيم
 محمد سادجى ابتور شكمه ابراهيل تاج الاعراب كاه انسا بيلكار
 اوروز نيت لار اريغ اولوع آت ليغ قوشلوع ديت ليغ بختى

لله هديهم الى

مصطفى

تطينى

حنقه

МАХМУД КЕРДЕРІ

«Нәһжүл-фәрадис» («Жұмақтардың ашық жолы»)

Түркі халықтарының сөз өнеріне деген ерекше ықыласының нәтижесінде XIII–XV ғғ. бір жағы Сараи ордасы, екінші жағы Хорезм аймағымен ұштасып жатқан кең байтақ өлкеде түркі жазба тілінде (оғыз-қыпшақ-қарлұқ, қыпшақ-оғыз-қарлұқ, оғыз-қыпшақ, қыпшақ-оғыз диалектілері негізінде) бірнеше діни-дидактикалық, діни-танымдық, сопылық және ғашықтық көркем шығармалар жазылды. Солардың бірі – Махмуд бин Ғали әл-Булғари әс-Сараи әл-Кердеридің (?-1360 ж.) діни-дидактикалық сарында жазылған «Нәһжүл-фәрадис» (Жұмақтардың ашық жолы) атты туындысы.

Шығарма авторының аты-жөні – Ғали ұлы Махмуд. Автордың әл-Булғари әс-Сараи әл-Кердери деген тахаллусын ғалымдар Махмудтың Булғарда туылып, Алтын Орданың орталығы болған Сараида өмір сүргендігін алға тартады. Ал осындағы әл-Кердер деген атауға келгенде ғалымдар пікірі үшке бөлінген. З.У.Тоган, Ф.Көпрүлү, Я.Кемал секілді ғалымдар әл-Кердери деген атауды автордың көне Хорезм төңірегіндегі Кердер шаһарынан білім алғандығымен байланыстырады¹. 1930 жылы Қырым нұсқасын жариялаған Я.Кемал: «Курдер находится в Хорезме на востоке от Куне-Ургенч между современными Ене-Калем и Чимбаем; в прежнее время он считался известным городом»², – деп, Махмуд бин Ғалиды Хорезм аймағында болған десе, Б.Яфаров: «Кәрд сүзе күп әсирдә Болгар сүзе белән бәйләнен йори. Ш.Мәржәниненң «Мостафаад әл-Әхбар» кітабында Кәрд Болгар... иска алына, шулай ук Ленинградта Көнчыгышыны өйрену институтында В 344 шифрындагы кулъязма эчендә Кәрд Болгарны мактаган фарсыча шигыр бар. Менә бу мәгълүматлар Болгар илендә берәр авыл я шәһәр яки Болгар шәһәре тирәсендәге район түгелме икән дигән фикергә китерә»³, – деп, Кердердің Болгар төңірегінде болуы мүмкін бір жер екендігі туралы өзінің ойын ортаға салған. Десек те, белгілі түркітанушы ғалым Ә.Нәжіптің «Нәһжүл-Фәрадисің» Санкт-Петербург нұсқасын зерделей келе: «Как известно, многие из казахских родов и племен входили тогда в состав Золотой Орды. Племена, входившие в состав «киши жуз» кочевали в непосредственной близости от культурных центров государства в низовьях

¹ Наджип Э. Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур. Туркестан, 2007. 246 с.; Eckmann J. Nehcül-Feradis. Uştmaһlarınғ ашуғ yolu /Cennetlerin ачık yolu/. Ankara, 2004. v s.; Нуриева Ф. «Нахдж ал-фарадис» Махмуда ал-Булғари. Казань, 1999. 28 с.

² Наджип Э. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. Туркестан: Туран, 2004. – 246 с.

³ Нуриева Ф. «Нахдж ал-фарадис» Махмуда ал-Булғари. Казань, 1999. – 30 б.

Волги. «Киши жуз» в свою очередь распадался на 1) «Алим улы»; 2) «Бай улы»; 3) «Жети уру». «Жети уру» распадался на семь крупных родов, одним из которых и был род «Курдер». Следовательно, мы нашего автора можем по происхождения связать с родом Курдер. Тогда мы уточнили бы его биографию так: Махмуд бин Али родился в Булгаре, жил и творил в Сарае и происходил из рода Курдер»⁴, – деген ойы көңілге қонымды екенін ерекше атап өткен жөн.

Мұхаммед пайғамбардың өсиеттерін негізгі ұстын етіп алған Махмуд әл-Кердери бұл туындысын сол дәуірде кеңінен тараған «Арбагин» үлгісімен жазып шыққан. Хадис ілімінің «алтын ғасыры» аталған IX–X ғғ. көптеген мұхаддистер пайғамбардың айтқан сөздері мен істеген іс-әрекеттерін топтастырып, сол жинақталған өсиеттердің Алла елиісі Мұхаммедке қанишалықты қатыстылығын анықтау барысында оларды «сахих» (дұрыс), «хасан» (жақсы) және «зайф» (әлсіз) деп жүйелеген болатын. Сол кезеңдерде «Мұхаддистер әмірі» атанған Имам Бұхаридан бастап, Имам Муслим, Имам Термизи секілді ғұламалар өздерінің «Сахих» жинақтарын Ислам әлеміне ұсынса, олардың артыниша Әбу Дәут, Ибн Мажжа сияқты көптеген хадистанушылар да таңдамалы хадистер жинағын мұсылман жамағатына тарту етті. Пайғамбардың: «Кімде-кім менің хадистерімнен қырық хадисті естімегендерге жеткізсе, жұмақтық болады», – деген өсиетін берік ұстанған мұсылман қауымы Алла елиісінің өсиеттерін кейінгі ұрпаққа сап қалпында жеткізуге тырысқан. Қолына қалам ұстаған ақын-шайырлар даналық сөздерді көркем сөзбен жеткізуге кірісті. Соның негізінде орта ғасырда кеңінен тараған «Арбагин» (Қырықтық) жанры дүниеге келді. Шығыс мұсылман шайырларын айтпағанның өзінде, түркі дүниесінің Нәсими, Физули және Науаи секілді саңлақтары пайғамбардың таңдамалы қырық хадисін өлең сөзбен өрнектесе, Махмуд әл-Кердери қырық хадисті жеке-жеке талдап, оның терең мазмұнын ашып, қарапайым халыққа ұғынықты болу үшін қара сөзбен жеткізуге күш салған. Осы қырық хадисті берік ұстанған әрбір мұсылман жұмақтық болатынын ұғындыру үшін де автор өз шығармасын «Нәһжүл-фәрадис» яғни «Жұмақтардың ашық жолы» деп атаған.

«Нәһжүл-фәрадистің» композициялық құрылымы негізінен үлкен-үлкен төрт баптан тұрады. Әр бапта он бөлім бар. Әр бап белгілі бір тақырыпты көтерген. Ішкі бөлімдерде сол тақырыптың мазмұны ашылған. Бұл туралы Махмуд әл-Кердери: «Осы хадиске сүйеніп, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) хадистерінен сенімді кітаптардан қырық хадисті топтастырдық. Және осы хадистерге лайықты хикаяларды пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) ахуалынан, тағы Хуләфәи рашидин жағдайынан, ғұлама және машайық ахуа-

⁴ Наджип Э. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. Туркестан: Туран, 2004. – 248 с.

лынан құрастырып, бұл кітапты төрт бапқа бөлдік. Және әр бапты он бөлімге бөлдік және әр бөлімнің басына бір хадисті келтірдік. (Осылайша) пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) хадистерінен жиынтығы қырық хадис болады.

Алғашқы бабы – пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) қасиеттері туралы болады;

Екінші бабы – Хуләфәи рашидин, әһлі бәйт және төрт имамның ерекшеліктері туралы болады;

Үшінші бабы – Хақ Тағаланың құзыретіне жақындатар игі амалдар туралы болады;

Төртінші бабы – Хақ Тағаланың құзыретінен ашақтатар жауыз амалдар туралы болады», – деп, шығарманың басты мазмұнымен таныстырып шығады.

Жоғарыда айтылғандай, әр бөлім Мұхаммед пайғамбардың бір хадисімен басталып отырған. Автор сол бөлімде пайғамбар өсиетінің хақтығын сахаба-табиндер мен әулие-әмбиелердің даналық сөздерімен, сондай-ақ олардың өмірлеріне қатысты қызықты хикаяларымен жеткізуге тырысқан. Бір бөлім бір тақырыпқа ғана арналғандықтан автордың айтар ойы тиянақты, жинақы берілген. Ахлақ, тәлім-тәрбие секілді адами асыл қасиеттерден тұратын бұл еңбегін жазарда Махмуд әл-Кердери Ислам әлеміне танымал болған мұхаддис, факиһ ғалымдардың еңбегін көптеп пайдаланған. Шығарманың соңында автор өзі қараған бірнеше еңбектің атын атайды.

XIV ғасырда оғыз-қыпшақ-қарлұқ тілдерінің негізінде дүниеге келген бұл шығарманы ең алғаш ғылым әлеміне танытқан түркітанушы Ш.Мәржани болатын. Ол өзінің «Мустәфәдул-әхбәр фи әхуали Қазан уә Булғар» (1897 ж.) деген еңбегінде Махмуд әл-Кердеридің бұл туындысы туралы тың мәліметтер ұсынған. Содан кейін Ахмет Зәки Уәлиди Тоған «Narezmde yazılmış eski türkçe eserler» (1926) атты зерттеуінде «Нәһжүл-Фарадисті» Хорезмдік ескерткіштер қатарында қарастырған. Сонымен бірге Ялта шығыс музейінің ғылыми қызметкері Якуб Кемал да 1930 жылы бұл шығарманың Қырымдық нұсқасын «Тюрко-татарская рукопись XIV века «Нехдж-ль-Фарадис» деген атпен жариялаған. Содан бастап ғалымдар назарына іліккен бұл туындыны әр жылдары А.Самойлович, Ш.Абилов, Э.Наджип, Б.Яфаров, Э.Фазылов, С.Вахиди Я.Экман, Е.Блоше, Ф.Көпрүлү, У.Киуаметдин секілді түркітанушылар зерттеген. Шетел ғалымдары шығарманың мәтінін жариялап, шолу мақалалармен ғана шектелсе, кешегі кеңес ғалымдары негізінен шығарманың тілдік жағына баса назар аударған.

Соңғы жылдары бұл шығармаға деген қызығушылық бауырлас түркі халықтарында да артып келеді. Солардың қатарында тілші Ф.Нуриеваның «Нахдж ал-Фарадис» Махмуда ал-Булғари (1999 ж.), «Мәхмүд әл-Болғари. Нәһжел-Фарадис» (2002) деген екі еңбегін ерекше атап өткен жөн.

«Нәһжүл-фәрадистің» біздің заманымызға дейін бірнеше нұсқада жетіп келген. Татарстан орталығы Қазанда жеті (Н.И.Лобачевский атындағы Ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде – 4; Г.Ибрагимов атындағы Тіл, әдебиет және сәнгать институты кітапханасында – 2; Қазан мемлекеттік педагогика университетінде – 1), ал, Уфа, Ульянов және Астраханда бір-бір нұсқасы сақталған. Сонымен бірге Санкт-Петербургтағы Шығыстану институты архивында «Нәһжүл-фәрадистің» екі нұсқасы бар⁵.

Десек те ғылымға белгілі ең көне нұсқа – Стамбулдағы Сулеймания кітапханасының Йени Жәми бөлімінің 879 нөмірде сақталған қолжазба болып есептеледі. Бұл қолжазбаның басқа нұсқалардан басты айырмашылығы – біріншіден, көшірілу тарихы жағынан автор заманына жақындығы болса, екіншіден, толық нұсқада сақталуы дер едік (Бұл нұсқа 34×25 см. пішімде, әр бетте 17 жолдан тұратын 222 парақ, яғни 444 беттен тұрады). Қою қара сиямен жазылып, кейбір жерлер ерекшеленіп қызылмен берілген бұл нұсқа тікелей автор тарапынан жазылмағанымен де, соның көзі тірісінде көшірілген. Насх көркемжазуымен көшірілген қолжазбаның соңында кәтіп (көшіруші): «Бұл кітап тарих жеті жүз алтыс бірде, Алланың қасиетті айы – Жумәдул-улә айының алтыншы күні сәске (біздің жыл санақ бойынша 1360 жылы наурыздың 22-сі – Т.Қ.) уақытында аяқталды. Және бұл кітаптың авторы осы жексенбі күні өткініші дүниеден мәңгілік дүниеге аттанды», – деп, шығарма авторының екі-үш күн ғана бұрын дүниеден өткеніне тоқталған.

Бүгінгі ғылымға белгілі бұл қолжазбаны ғылым әлеміне танытқан Зәки Уәлиди Тоған болғанымен де, көне нұсқаға жарық өмір сыйлаған түркітанушы Я.Экман болатын. Ол Стамбул нұсқасын 1956 жылы Түркияда жариялады. Содан бері де бірнеше рет жарық көрді.

Сонымен бірге 1928 жылы Қырымнан табылған қолжазба да, көшірілу тарихы жағынан көне нұсқа болып есептеледі (1390 жылы Мұхаммед ұлы Қасым тарапынан көшірілген). Бұл нұсқа туралы алғаш мәлімет берген Ялта шығыс музейінің қызметкері Я.Кемал болатын. Өкінішке қарай, 549 беттен тұратын қолжазба жоғалған.

Көнеден жеткен шығарманың кейбір нұсқалары біздің заманымызға дейін жетіп келмегенімен де, негізгі деген сенімді қолжазбаның сол қалпы сақталуы көңілімізге қуаныш ұялатады. Әрі жазылу тарихы жағынан автор өмір сүрген заманға жақындығы да Стамбул нұсқасының канондық мәтін екендігін толықтай айғақтай түседі. Сондықтан да антологияға Стамбул нұсқасы пайдаланылып, әдеби жәдігердің алғашқы бабының сегіз бөлімі аударылып берілді.

⁵ Мәхмүд әл-Болғари. Нәһжел-Фәрадис. Казан, 2002. – 5 б.

АУДАРМАСЫ

Омар ұлы Абдулла (Алла одан разы болсын) пайғамбардан (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) риуаят етеді: Бір мұсылман не муәххид менің хадистерімнен қырық хадисті естімегендерге жеткізсе, білмегендерге үйретсе, Хақ Тағала оны ғалымдар қатарына жазады және қиямет күні болғанда (сендік және жүректе бекіттік) шәһидтер қатарында тұрғызады. Және біреу мен айтпаған хадисті менің айтпағанымды біліп әдейі менің атымнан жалған сөйлеп, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) айтты десе, тамұқтан отыратын жерін дайындай берсін деді.

Осы хадиске сүйеніп, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) хадистерінен сенімді кітаптардан қырық хадисті топтастырдық. Және осы хадистерге лайықты хикаяларды пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) ахуалынан, тағы Хуләфәи рашидин жағдайынан, ғұлама және машайық ахуалынан құрастырып, бұл кітапты төрт бапқа бөлдік. Және әр бапты он бөлімге бөлдік және әр бөлімнің басына бір хадисті келтірдік. (Осылайша) пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) хадистерінен жиынтығы қырық хадис болады.

Алғашқы бабы – пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) қасиеттері туралы болады;

Екінші бабы – Хуләфәи рашидин, әһлі бәйт және төрт имамның ерекшеліктері туралы болады;

Үшінші бабы – Хақ Тағаланың құзыретіне жақындатар игі амалдар туралы болады;

Төртінші бабы – Хақ Тағаланың құзыретінен алшақтатар жауыз амалдар туралы болады.

Және бұл кітапқа «Нәһджул фәрадис» деп ат бердік. Мағынасы: «Жұмақтардың ашық жолы» деген сөз. Бұл кітапты оқығандар осы кітап сөздерімен амал қылады және бұл кітап оларға Хақ Тағаланың жұмақтарына жол сілтеуші болады деп үміттенеміз. Сол амал қылғандар берекесінің арқасында Хақ Тағала осы кітапты құрастырған күнәһар һәм айыпты құлды жарылқасын.

امين رب العلمين

(Әлемдердің раббысы, Қабыл ал!).

**АЛҒАШҚЫ БАП
ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ (АЛЛАНЫҢ ОҒАН СӘЛЕМІ БОЛСЫН)
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ БАЯНДАЛАДЫ**

**Алғашқы бөлім
Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын)
ерекшелігі туралы баяндалады**

Имам Бағауи (Алланың оған мейірімі болсын) «Мәсабиһ» атты кітабында бұ(л) хадисті келтіріпті:

قال رسول الله صلى الله عليه وسلم ان الله تعالى اصطفى كنانة من ولّى اسماعيل و اصطفى قريشا من كنانة واصطفى من قريش بنى هاشم واصطفانى من بنى هاشم

Бұ(л) хадистің мағынасы мынау: Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі болсын): «Тәңрі Тағала Исмайыл пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) ұлдарынан Кинана атты тайпасынан Құрайыш тайпасын таңдады. Және Құрайыш тайпасынан Хашим атты адамның ұлдарын таңдады. Және Хашим атты адамның ұлдарынан мені таңдады, шығарды», – деді.

Сол себепті де пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) Мұстафа (деген) ат берілді. Мұстафа араб тілінде «таңдалған» деген (сөз).

Шейх Имам Исхак Киләбәзи (Алланың оған мейірімі болсын) «Тә`риф» деген кітабында айтады: Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) сырына ешкім қанық болмады. Мысалы бір ыдыста тола су болса және сол ыдыстың аузы жабулы болса, ешкім сол ыдыстың ішіндегі суды көрмесе, алайда сыртындағы белгісін көріп, ол ыдыстың ішінде су бар екенін білетіні секілді Мұхаммед Алла елшісінің нұрлары мен сырларына ешкім де қалағанынша қанық болмаса да, пайғамбарымыздың (Алланың оған сәлемі болсын) иләһи нұрлардың көрінісі және раббани сырлардың қайнары екенін білді.

Шейх Әбу Йәзид Бистами (Алланың оған мейірімі болсын) айтты: Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) берілген нұрлардың (бір) түйіршегі халыққа көрінгенде еді, көзі зағип біреудің күнге (қарсы) қарап тұруға шыдамы жетпейтіні секілді, ешкім де оған (пайғамбардың нұрына) шыдай алмайтын еді. Сол себепті де Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі болсын) хабар беріп жарылқады:

لى مع الله وقت لا يسعنى فيه ملك مقرب و لا نبى مرسل

Мағынасы мынау: Хақ Тағала мен менің (ортамда) бір уақыт бар, ол уақыт ішіне ешбір жақын періште мен елші пайғамбар сыймайды.

Абдулла ибн Масғуд (Алла одан разы болсын) айтады: Қашан мына аят түскен уақытта (Алланың сөзі):

ان الله ملائكته يصلون على النبي يا ايها الذين آمنوا صلوا عليه وسلموا تسليماً (33;56)

Мағынасы мынау: «Расында Тәңрі Тағала пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) мейірім етеді және жасаған айып-күнәларын жарылқайды. Хақ Тағала пайғамбарынан (Алланың оған сәлемі болсын) разы болады. Және періштелер Тәңрі Тағаладан пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) жасаған айып-күнәларын жарылқауын сұрайды және пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) салауат айтады. Ей, мүміндер, сіздер пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) мадақ пен салауат айта беріңдер», – деп әмір келіп еді, сахабалар: «Йә, Алланың елшісі, сізге сәлем беруді білдік. Әрқашан «Әс-сәлам `әләйкә, йә, Расулуллаһ» («Ей, Алланың елшісі, саған Алланың сәлемі болсын»), деп айтамыз. Алайда қалай салауат айту керек екенін білмейміз», – деп айтты. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, жарандарым, біліңдер, хабардар болыңдар, егер маған салауат айтатын болсаңдар, былайша айтыңдар деді:

اللهم صلّ على محمد و على آل محمد و بارک على محمد و على آل محمد كما صليت و بارکت ابراهيم و على آل ابراهيم إنک حميد مجيد

(«Ей, Алла, Ибраһимға және оның ұрпақтарына игілік етіп, береке бергенің сияқты Мұхаммед пен оның ұрпақтарына да игілік жасап, Мұхаммед пен оның ұрпақтарына береке бер. Шын мәнінде Сен мақтаулы, әрі жоғарысың»).

Қандай да бір мүмін не муәххид бұ(л) мадақ пен салауатты маған шын сеніммен бір рет айтар болса, Хақ Тағала оған он мейірім етеді».

Және білгін, хабардар болғын, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) рәби`ул әууәл айының он екісі дүйсенбі күн туылды. Есеп білген ғұламалар Иса пайғамбардан (Алланың оған сәлемі болсын) алты жүз жиырма жыл өткен соң Алла елшісі Мұхаммед дүниеге келді деді. Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) әкесі Абдулла пайғамбар тумастан бұрын дүниеден өтіп еді, алайда үлкен атасы Әбді Мүтәліп бар еді. Пайғамбарды (Алланың оған сәлемі болсын) Әбді Мүтәліп Халиме атты сүт анасына емізу үшін берді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) алты жасқа жеткенінде анасы Әминә қайтыс болды. Пайғамбар үлкен атасы Әбді Мүтәліптің қасында тұратын. Сегіз жасқа келгенінде Әбді Мүтәліп кесел болып, пайғамбарды ұлы Әбу Тәліпке тапсырды. Және (Әбді Мүтәліп) қайтыс болды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) жиырма (бес) жасқа жеткенде Әбу Тәліп Хадиша әйелді пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) қосты. Хадиша (Алла одан разы болсын) қырық үш жаста еді. Хадиша әйел (Алла одан разы болсын) пайғамбардан сегіз бала дүниеге әкелді: төрт ұл және төрт қыз. Ұлы Абдулла, Қасым, Тайиб, Заһир. Бұл төртеуі де кішкентай кезде дүниеден өтті. Тағы төрт қызының бірі Зейнеп, Рұқайя, Үммү Күлсім және Фатима. Зейнепті пайғамбар Әбул Ас деген адамға қосты. Ол Зейнеп пайғамбардан (Алланың оған сәлемі болсын) бұрын

қайтыс болды. Тағы Рұқайяны Оспанға берді. Ол да пайғамбардан (Алланың оған сәлемі болсын) бұрын дүниеден өтіп еді, Үммү Күлсімді Оспанға тағы берді. Сол себепті Оспанға (Алла одан разы болсын) сахаба «Зиннурреин» дейтін, яғни пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) екі көз қарашығына үйленді деп. Үммү Күлсім де пайғамбардан (Алланың оған сәлемі болсын) бұрын қайтыс болды. Фатиманы Әлиге үйлендірді, алайда Фатима (Алла одан разы болсын) пайғамбардан (Алланың оған сәлемі болсын) алты ай кейін дүниеден өтті.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) қырық жасқа келді. Ережеп айының жетінші күн жұма түнінде Хира тауындағы үңгірде еді, Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) пайда болды. Және сенбі түні һәм пайда болды, тағы жексенбі түні һәм пайда болды. Дүйсенбі түні болып еді, Хақ Тағаланың пәрменімен Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) пайғамбарлықты тапсырды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) қабылдады. Және сол түні Кисра патшалығының сарайы сілкінді және он төрт қамалы құлады. Әлемде небір мұғтар жаққызған оттар бар еді, баршасы сол түні сөнді. Сауа атты елдің дариясы сол түні тартылды. Жұма күні пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) халайыққа: «Хақ Тағала маған пайғамбарлық нәсіп қылды», – деп хабар берді. Әуелі әйелдерден мұсылман болған Хадиша (Алла одан разы болсын) еді, жастардан алғаш мұсылман болған Әли (Алла одан разы болсын) еді. Жарандардан алғаш мұсылман болған Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын), ал құлдардан алғаш мұсылман болған Зәйд (Алла одан разы болсын) еді.

Алла елшісі Мұхаммедке пайғамбарлық келгеннен кейін Әбу Тәліп алты жыл екі ай тірі болып, содан кейін дүниеден өтті. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Әбу Тәліптің қазасына қатты қайғырды. Немере ағасы еді. Кәпірлер одан қорқып пайғамбарға көп ауыртпашылық жеткізе алмап еді. Көп тәрбиелеп, иман келтірместен ақиретке аттанғанына (пайғамбар) көп қайғырды. Әбу Тәліптің соңғы уақыты жақындағанда пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) (оның) халін сұрағалы барды. Қараса, Әбу Жәһіл (Алланың оған лағынеті болсын) жарандарымен отыр екен. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, немере ағам, мені көп тәрбиеледіңіз, енді сіздің кәлима шәһадатты («куәлік сөзін») айтуыңызды қалар едім, қиямет күні бізге шапағат қылу нәсіп болар еді», – дегенінде, Әбу Жәһіл қарады. Әбу Жәһіл: «Өміріңізде атаңыз Әбді Мүтәліптің дінімен жүріп, соңғы сәтте қайтасыз ба?», – деді. (Әбу Тәліптің): «Ей, Мұхаммед, мен атам Әбді Мүтәліптің дінімен өлермін», – дегенінде, (пайғамбардың) көңілі жарым, мазасыз күй кешіп еді, (мына) аят түсті. (Алланың сөзі):

(28;56) إِنَّكَ لَا تَهْدِي مِنْ أَحِبِّبٍ وَ لَكِنَّ اللَّهَ يَهْدِي مَنْ يَشَاءُ

(Мағынасы): Ей, Мұхаммед, сен оны жақсы көресің, көндіре алмайсың. Кімді қаласа, (соны) көндірген Тәңрі Тағала мен боламын, деп айтты.

Және Әбу Тәліптің қазасынан үш күн қалып еді, Хадиша (Алла одан разы болсын) дүниеден өткеннен кейін, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) тоғыз әйел алды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) дүниеден өтерінде (артында) тоғыз әйел қалды. (Олар): Айша, Шафия, Умму Сәлама, Хәбибә, Зейнеп, Мәймуна, Жуәйриә, Шафийә және Сәуда (Алла олардың бәрінен разы болсын). Және екі қызметшісі бар еді. Бірі Мәрийә атты, одан Ибраһим есімді ұл болды, кішкентай кезінде қайтыс болды. Тағы бірі Райхан еді, одан ұл-қыз болмады. Қандай ұл-қыз болса да, баршасы Хадиша (Алла одан разы болсын) әйелден болды. Басқа әйелдерінен болмады.

Пайғамбар жиырма тоғыз ғазуат қылды. Тоғыз ғазуатта өзі кәпірлермен ұрысты, жиырма ғазуатта сахабалар соғысты, өзі қатыспады. Және қырық жасында уахи келді. Уахи келгеннен кейін Меккеде он үш жыл тұрды, содан кейін Мединеге барды. Мединеде он жыл тұрды. Алпыс жасына келгенінде пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) дүниеден өтті. Он сегіз күн ауырды. Рәби'ул азууәл айының он бірінші күн жексенбі күні еді, ақиретке аттанды.

و صَلَّى اللهُ عَلَى سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ وَآلِ أَجْمَعِينَ

(«Қожамыз Мұхаммед пен оның барша әулетіне Алланың игілігі болсын»).

Екінші бөлім

Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) уахи келгені туралы баяндалады

Имам Сағани (Алланың оған мейірімі болсын) «Мәшәрикул әнуар» атты кітабының ішінде мына хадисті келтіріпті:

روى عن ابى هريرة رضى الله عنه عن رسول الله عليه وسلم أنه قال إن الدين بدأ غربياً و سيعود الدين كما بدأ فطوبى للغرباء

Бұл хадистің мағынасы мынау: «Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Бұл мұсылмандық діні ғаріптікпен пайда болды, қиямет күні тағы ғаріптікпен қайтады. Ғаріптерге сүйінші болсын!», – деген болатын.

Айша (Алла одан разы болсын) айтады: Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) пайғамбарлық келместен бұрын шын түстер көре бастады. Қандай түс көрсе, өзі жоритын еді. Сол түстерді жорығаны анық дұрыс келетін, ешбір қате шықпайтын еді.

Бір күні пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Хадишаға (Алла одан разы болсын): «Ей, Хадиша, көктен дауыс естідім, қатты қорықтым», – деді. Хадиша (Алла одан разы болсын): «Йә, Мұхаммед, еш қорықпа! Хақ Тағала сені

зая етпейді», – деп еді, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Хадиша, көңілім жалғыз отыруды қалайды. Маған азық дайындап бер. Хира тауында бір үнгір бар, сол үнгірдің ішінде бірнеше күн жалғыз отырайын», – деді. Хадиша (Алла одан разы болсын) азық дайындап берді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) сол азықты алып барды және сол үнгірдің ішінде бірнеше күн жалғыз қалды. Жаңағы азық таусылды. Және келіп: «Ей, Хадиша, маған жалғыз отырғандық ұнап қалды», – деп, қашан да тамақ алып барып жалғыз отыратын еді. Бір күні келді де Хадишаға (Алла одан разы болсын): «Ей, Хадиша, көктен айбатты дауыс көп келетін болды. Қорқатын болдым, жалғыздық рахатын тата алмаспын. Не істейін?», – деді. Хадиша (Алла одан разы болсын): «Ей, Мұхаммед, еш қорықпа! Бұл істің соңы қайырлы болады, Хақ Тағала сені зая кетірмейді», – деді. (Пайғамбар) азық алып, Хира тауының үнгірінде отырды. Бір күні сол үнгірдің ішінде отырғанда біреу пайда болып, пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) қасына келді. «Ей, Мұхаммед, оқы!» – деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Мен оқыған емеспін (оқи алмаймын)», – деп едім, мені ұстап, қатты қысқаны соншалық, шыдамым таусылды. Және әмір беріп: «Ей, Мұхаммед, оқы!», – деді. Мен: «Оқыған емеспін (оқи алмаймын)», – деп едім, екінші рет мені ұстап қатты қысқаны соншалық, төзімім қалмады. Және босатып: «Ей, Мұхаммед, оқы!», – деді. Мен: «Оллаһи, мен оқыған емеспін (оқи алмаймын)», – деп едім, маған: «Айт», – деді:

اقرا باسم ربك الذى خلق خلق الانسان من علق اقرأ وربك الاكram الذى علم بالقلم علم الانسان ما لم يعلم
(96;1-5)

Ол осы жерге дейін оқып еді, мен де оқыдым.

Бұл аят алғаш түскен аят деп айтады.

Мағынасы мынау:

اقرا باسم ربك الذى خلق

«Йә, Мұхаммед, он сегіз мың әлемді жаратқан Бір және Бардың аятын оқы!».

خلق الانسان من علق

«Ол Тәңірдің аятын оқы, адам ұлдарын бір ұйыған қаннан жаратты».

اقرا وربك الاكram الذى علم بالقلم

«Оқы, ей, Мұхаммед және сенің Жаратушың сондай бір зат адам ұлдарына хатты қаламмен үйретті».

علم الانسان ما لم يعلم

«Адам ұлдарына білмегендерін үйретті», – деді.

Және көзімнен ғайып болып еді, мен қорқыныш пен үрейден сол үнгірден шыққан қалпы дірілдеп: «Ей, Хадиша, мені тонға бүркеп жатқыз, халім ауыр-

лады», – дедім. Мені орап жатқызды. Біраз жатқаннан кейін өзіме келдім. Сол үнгірде болған бар жағдайды айтып бердім. Хадиша (Алла одан разы болсын): «Ей, Мұхаммед, қорықпа, ісің қайырлы болады. Хақ Тағала сені зая етпейді, себебі сенің жақсы әдеттерің бар. Жат-танысты жақсы көресің, жалған сөйлемейсің, адамдардың еңбегін сыйлайсың және қонақтарды құрметтейсің, міскіндерге көмектесесің, сол үшін де Тәңрі Тағала саған жамандық жасамайды», – деп жұбатып еді, пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) көңілі орнына түсті. Содан кейін Хадиша (Алла одан разы болсын): «Ей, Мұхаммед, тұр, барайық. Менің әкемнің бауырының Уарақа ибн Нәуфал деген ұлы бар. Үлкен жаста, екі көзі көрмей қалған. Исаның (Алланың оған сәлемі болсын) дінін ұстанады. Көп ілім біледі. Інжіл оқиды», – деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Хадишамен барды. (Сонда) пайғамбар көргенінің бәрін айтып беріп еді. Ол (Уарақа): «Ей, Мұхаммед, саған сүйінші болсын, сенің көргенің Мұса пайғамбарға, Иса пайғамбарға және басқа пайғамбарларға келген Жебірейіл. Ей, Мұхаммед, ақыр заман пайғамбары сен боласың. Інжілде сенің сипатың бар, Тәуратта да бар. Пайғамбарлардың соңы сен боласың, алайда барша пайғамбарлардың ұлығы боласың. Егер мен жас болғанымда еді, сені Мекке кәпірлері Меккеден қуып шыққанында сенің қасыңда болар едім, саған көмектесер едім», – деп еді, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Уарақа, мені Меккеден шығара ма?», – деді. Уарақа: «Йя, ей, Алланың елшісі, сені Меккеден шығарады. Кәпірлер көп азап пен машақат жеткізеді. Содан кейін Хақ Тағала саған көмек береді. Дінің күшейеді, ахуалың мықты болады», – деп еді, пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) көңілі орнына түсті. Содан бірнеше күн өткеннен кейін Уарақа ибн Нәуфал дүниеден өтті.

Және пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Бір күні Хира тауында едім. «Ей, Мұхаммед, ей, Мұхаммед!», – деген құлағымда дауыс келді. Төрт жағыма қарадым, ешкімді көрмедім. Жоғарыға қарасам, көк пен жердің арасында бір үлкен тақ құрылыпты, сол тақтың үстінде жүзі күндей жарқыраған Жебірейіл отыр. Көріп, көңіліме қорқыныш сезімі кіріп, қалтырай бастадым. Қайта Хадиша әйелге келіп: «Ей, Хадиша, мені тонға бүрке, көңіліме және үрей кірді», – деп едім, мені орап жатқызды. Қарасам, көкте Жебірейіл тағы пайда болып, былай деді:

يَايَا الْمَدَنِيِّ قُمْ فَانْزِرْ وَ رَبِّكَ وَكَبِيرٌ وَ ثِيَابُكَ فَطَهَّرْ وَ الرَّجْزُ فَاهْجُرْ وَ لَا تَمَنَّ أَنْ تَسْتَكْثُرَ وَ لِرَبِّكَ فَاصْبِرْ (74:1-7)

Мағынасы мынау:

«Ей, тонға оранып жатқан пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын)».

يَايَا الْمَدَنِيِّ

قُمْ فَانْزِرْ

«Тұр, Құрайыш кәпірлерін Тәңірінің азабынан қорқыт».

و رَبِّكَ وَكَبِيرٍ

«Раббыңды ұлықта және намаздың басында «Аллаһу әкбәр» деп намаз баста».

و ثِيَابِكَ فَطَهَّرْ

«Тоныңды нәжістен тазарт!».

Ибн Аббастың (Алла одан разы болсын) айтуынша (бұл аяттың) мағынасы: «Ей, Мұхаммед, тәніңді күнәдан тазарт» деген.

و الرَّجْزِ فَاهْجُرْ

«Жаман істерді қой және шайтан уәсуәсін қой».

و لَا تَمَنَّوْا تَسْتَكْتَفِرُوا

«Ғибадат, құлшылық қылсаң, Раббыңа міндет қылма, құлшылығыңды көп көрме».

و لِرَبِّكَ فَاصْبِرْ

«Тәңірге құлшылық қылғаныңда нәпсіңе сабырлық бер және халыққа пайғамбарлықты жеткізгеніңде сабыр сақта, тағы кәпірлер назарына Хақ сөзді, (Оның) жарлығын жеткізгеніңде сабырлы бол!», – деп еді, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) дереу тұрып, халыққа Хақ Тағаланың жарлығын жеткізе бастады, кәпірлерді тамұқ отынан қорқыта бастады.

Содан кейін (арада) бірнеше күн өтті. Жебірейіл әсте келмеді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) қатты қайғырды. Хақ Тағаланың сәлемі мен сөзіне деген құлшынысы артты. Бір күні тағы Хира тауына барды. Көп күтті. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) келмеді. Өзін тау басынан лақтырып, опат етсе деп сұрады. Шексіз махаббатынан Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) келіп: «Ей, Мұхаммед, саған сүйінші болсын, Хақ Тағала мейірімі мен кеңдігін саған сыйлады», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Жебірейіл, ол қандай мейірім мен кеңдік екенін баяндап бер», – деді.

Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Қай жерде Хақ Тағаланың зікірі айтылса, сенің зікірің де қоса айтылады. Және Хақ Тағала саған өз затымен мақтау мен мадақ айтты, сондай-ақ періштелерге: «Менің елшіме мақтау мен мадақ айтыңдар!», – деді. Және үмметтеріне қияметке дейін саған мақтау мен мадақ айтуды бұйырды. Және сенің үмметтеріңді барша пайғамбарлар үмметінен артық қылды, тағы жер жүзін сенің үмметіңе мешіт қылды. Қай жерде намаз оқыса, Хақ Тағала қабылдайды», – деді.

Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) көңілі қуанышқа толды. Содан соң Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) аяғымен жерді теуіп еді, жерден бұлақ пайда болды. Сол бұлаққа жуынып, екі ракағат намаз оқып: «Ей,

Мұхаммед, мен жуынғандай жуын, мен намаз оқығандай, (сен де) намаз оқы», – деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) жуынғандай жуынды және Жебірейілдің (Алланың оған сәлемі болсын) намаз оқығаны секілді намаз оқыды. Бір жылға дейін екі рет намаз оқыды. Бір жылдан кейін бес (уақыт) намаз парыз етілді.

Үшінші бөлім

Исламның алғашқы жылдарында пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) (өз) жарандарымен бірге (көп) бейнеттенгендігі туралы баяндалады

Имам Әбул Миғали Мұхаммед Исфижаби (Алланың оған мейірімі болсын) тәпсірінде «Сурәтул әзхаб» ішінде мына хадисті келтіріпті:

قال رسول الله صلى الله عليه وسلم من اذا مومنا فقد اذانى و من اذانى فقد اذى الله و من اذى الله فهو ملعون فى النوریه و لابخيل و الذبور و الفرقان و اعدلهم عذابا مهينا

Мағынасы мынау: «Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Кімде-кім мұсылманға азар берсе, мені азарлағаны. Және кімде-кім мені азарласа, Тәңрі Тағаланы азарлағаны. Және кімде-кім Тәңрі Тағаланы азарласа, сол малғұн. Хақ Тағала Тәурат, Інжіл, Зәбур және Фұрқан ішінде сол адамға қор етер азабын дайындап қойған», – деп хабар берген.

Хаббаб ибн Арат (Алла одан разы болсын) деген сахаба айтады: Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Қағба көлеңкесінде отыр екен, мен келдім. Сәлем беріп едім, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) жауап берді. Мен: «Ей, Алланың елшісі, бізге көмек бермейсің бе, бізге Тәңріден амандық сұрамайсың ба? Қашанға дейін мына кәпірлердің азабы мен қорлығын тартамыз?! Қай жерде намаз оқығанымызды көрсе, ұрып сөгеді. Еш бізге тыныштық бермейді», – деп едім, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Хаббаб, бұрынғы пайғамбарлардың үмметтерін кәпірлер айырмен екі бөлетін еді. Ол үмметтер сабыр ететін, діндерінен қайтпайтын. Және кейбіреулерін темір тарақпен еттерін сүйектеріне дейін тарайтын еді, (сонда да) олар діндерінен шықпайтын. Оллаһи, менің дінім ақыры сондай аяқталады, (әлі) Санға деген жерден Хазрамаут деген жерге дейін жалғыз салт атты Алладан басқа ешкімнен қорықпастан баратын болады. Және қойы бар адам қасқырдан (ғана) қорқатын болады. Ей, үмметтерім, сендер асығасындар», – деді.

Бір күні пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) үйден шықты. Кәпірлерді Хақ жолына шақырайын, мүмкін мұсылман болып, тамұқ отынан құтылар деп үйден шығып еді, бір кәпір қарсы келді. Сол кәпірді жылы сөз, ашық жүзбен

Хақ жолына шақыра бастап еді, жаңағы кәпір пайғамбарды (Алланың оған сәлемі болсын) катты сөкті, көп азап беріп, қасиетті басына топырақ шашты. Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) көңілі түсіп кетті. Ол (пайғамбар) кәпірге ешнәрсе демеді. Сабыр сақтады. Қайтып келіп, үйіне кірді. Қызы тұрып, пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) қасиетті басынан топырақты тазартып, зар еңіреп жылап: «Ей, әке, мына кәпірлердің сізге жасап жүрген не қорлығы?», – деп еді, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, қызым, жылама, пайғамбарлардың бейнеті ауыр болады, алайда сауаптары көп және дәрежелері артық болар», – деді.

Ибн Масғұд (Алла одан разы болсын) айтады: Бір күні пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Қағбаның бір бұрышында Мешіт Харам ішінде намаз оқып жатыр еді, Әбу Жәһіл (Оған лағынет болсын) жарандарымен бірге Мешіт Харамға кірді. Бір бұрышта пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) намаз оқып отырғанын көрді. Әбу Жәһіл жарандарына (қарап): «Пәлен аулада түйе бауыздап жатыр, (соған) қайсы бірің барасыңдар. Сол түйенің нәжіске тола ішек-қарнын алып келіп, мына Мұхаммед сәждеге барған уақытта үстінен тастасын, киімінің бәрі нәжіс болсын», – деп әмір беріп еді, бір малғұн: «Мен барайын», – деді. Бұлар жиналып қарап тұр еді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) сәждеге барды. Жаңағы малғұн түйенің нәжіске тола ішек-қарнының бәрін пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) үстіне төкті. Киімінің бәрін нәжіс қылып еді, Әбу Жәһіл мен жарандарының бәрі күлді.

Ибн Масғұд: «Егер құдіретім болғанда еді, пайғамбардың үстіндегі нәжісті тазартатын едім, алайда Ислам әлсіз еді, кәпірлер күшті болатын, тазалауға сайманым болмады. Алайда біреу барып Фатимаға (Алла одан разы болсын) хабар беріп еді, Фатима (Алла одан разы болсын) келді. Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) сәждеде жатқанын, пайғамбардың үстінде түйенің нәжісі бар екенін, мына кәпірлердің күліп тұрғанын көрді. Мына жағдайды көрді де ана кәпірлерді сөгіп, пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) қасиетті арқасынан нәжістерді тазартты. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) сәждеден басын көтерді. Бәрі нәжіс болғанын көрді. Көңілі қайғы мен мұңға толды. Содан кейін қолын көтеріп: «Ей, Жаратқан Құдай, Сен мына кәпірлерді опат қыл!», – деп үш рет қайталады. Кәпірлер қорқып, қаша бастады. Себебі пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) қарғысы міндетті түрде орындалады деп ойлайтын.

Ибн Масғұд (Алла одан разы болсын) айтады: Жаңағы кәпірлерді Бәдір соғысы күні (өз) көзіммен көрдім. Хақ Тағала пайғамбарға көмек берді, жаңағылар жапан далада сасып жатар еді. Сасығы халыққа жетпесін деп, аяқтарынан

сүйреп бір құдыққа тастады.

Сұрайды: Ұхұд соғысында Ислам әскеріне қиыншылық келіп, кәпірлер жеңіске жетті. Пайғамбарды (Алланың оған сәлемі болсын) Атаба деген кәпір таспен бір ұрып, қасиетті тісін сындырды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) жығылды, қасиетті жүзі тас соққысынан жарылып, қан аға бастады. Сахабалар пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Алланың елшісі, мына кәпірлерді қарға, баршасы опат болсын», – деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Хақ Тағала мені мейірім үшін жіберді, лағынет үшін жібермеді. Тәңрі Тағала атам Нұх пайғамбарға мейірім етсін! Әр күні қауымы оны он рет ұратын еді. Естен танып қалатын, (сонда да) еш қарғамайтын, қайта: «Ей, Жаратқан Құдай, қауымым мені білмейді. Егер мені пайғамбар деп білгенде, бұлай азап бермейтін еді. Сен бұларды көндірі!» – деп дұға қылатын. Алайда (олардың) азабы шектен асып кетіп еді, сонда қарғады. Енді мен де солай дұға жасайын, сендер «әмин» дендер», деп сахабаларға айтты да: «Ей, Жаратушы Құдай, қауымымды сен көндірі, бұлар мені білместен осындай азаптар беріп жатыр», – деді.

Және мына нәжіс төккен кәпірлерді (не үшін) қарғады деп сұраса, намаз – Хақ Тағалаға ғибадат пен құлшылық. Кәпірлер Хақ Тағалаға ғибадат етуден қайтарылған, (сондықтан да) айырмасын білмейді, деп жауап айтады. Алайда қасиетті тісін сындыру нәпсіге азап беру болып табылады, сондықтан да сабыр сақтады, сауап үшін қарғамады, деп айтады.

Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) Атикә деген әпкесі, (яғни) әкесінің қыз қарындасы бар еді. Сол келіп, Әбу Ләһәбтың қасына барып: «Ей, бауырым Әбу Ләһәб, мына бауырымыздың ұлы Мұхаммедке Мекке халқы көп азап бере бастады. Бұрын бауырымыздың ұлы Әбу Тәліптен қорқатын еді. Ол қайтыс болғалы бері оған (Мұхаммедке) көп азар беріп жүргенін көріп жүрмін. Сен де Әбу Тәліп сияқты әкесінің бауырысың. Әбу Тәліп қорғағандай, сен де қорғасаң қалай болады?!», – деп өтініп еді, Әбу Ләһәб (бұл ұсынысты) келісіп, Мұхаммедті қасына шақыртты. Сыртқа шығып, Мекке халқына, Құрайыш тайпасына: «Бүгіннен бастап Мұхаммедке ешкім де тимесін. Егер тиісер болса, оны бүйтіп жіберемін, үйтіп тастаймын», – деп сес көрсетті. Бұл сөзді естіген Әбу Жәһіл (Алланың оған лағынеті болсын) құрайыштықтарды жиып келді де: «Ей, Әбу Ләһәб, сені Мұхаммедтің дініне кіріп, әкең Әбді Мүтәліптің дінінен бас тартыпты деп естідік», – деді. Әбу Ләһәб: «Мен Мұхаммедтің дініне кірмедім, әкем Әбді Мүтәліптің дінінен бас тартқан (да) жоқпын. Алайда бауырымның ұлы Мұхаммедке халықтың көп жәбір көрсетіп жатқанын байқадым да, бауырмалдық хақымды сақтап, халық артық жәбір көрсетпесін деп қасыма шақырдым», – деді.

Әбу Жәһіл (Алланың оған лағынеті болсын) бір күні жарандарымен кеңесті.

«Әбу Ләһәбті Мұхаммедтен қалай айырамыз?», – деп сұрап еді, жарандары: «Сен өзің айт», – деді. Әбу Жәһіл (Алланың оған лағынеті болсын): «Барып, Әбу Ләһәбті шақырындар. Мен ойыма бір сөз келді, оны Әбу Ләһәбтан сұрайын», – деді. (Олар) барып, Әбу Ләһәбті шақырды.

Әбу Жәһіл (Алланың оған лағынеті болсын): «Ей, Әбу Ләһәб, Мұхаммед сенің әкең Әбді Мүтәліптің орны (барар жері) қай жер деп айтады?» – деді.

Әбу Ләһәб: «Мен Мұхаммедтен сұраған жоқпын», – деді.

Әбу Жәһіл (Алланың оған лағынеті болсын): «Барып, қазір сұрап кел!» -деп еді, Әбу Ләһәб барып: «Ей, Мұхаммед, менің әкем Әбді Мүтәліптің мақамы (орны) қай жер?» – деп сұрады. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) мұның кәпірлердің жасап жатқан айласы екенін біліп, ойланды да: «Сенің әкеңнің орны белгілі бір жер», – деді. Әбу Ләһәб Әбу Жәһілге барып жаңағыдай деп айтып еді, Әбу Жәһіл: «Ей, Әбу Ләһәб және барып сол белгілі жер қай жер, нені айттың, сол жердің атын айт, не жер екен. Соны сұра», – деді. Және келіп сұрап еді, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ол жердің аты – жаһаннам, яғни тамұқ оты. Және кімде-кім Әбді Мүтәліп секілді кәпірлікте болса, оның жері де тамұқ оты, азап пен қорқынышта», – деді. Әбу Ләһәб ашуланып: «Ей, Мұхаммед, менің әкем Әбді Мүтәліп – сенің де үлкен атан. Сен оны қалайша азап пен қорқынышта деп айтасың?! Мен сенен безермін. Менің қасымнан шық, кет! Бүгіннен бастап мен саған көмектеспеймін», – деп пайғамбарды (Алланың оған сәлемі болсын) қуып жіберді. Және Атаба деген ұлына пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) Рұқайя деген қызын үйлендірген болатын. Соған (баласына): «Мұхаммедтің қызын жібер, Мұхаммедті азапта!» – деп еді, ұлы (Атаба) пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) қызын талақ етті және пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) көп тіл тигізіп, жәбір көрсетті. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Жаратушы Құдай, иттеріңнен бір итті босат, мына малғұнды опат қылсын!» – деп еді, (бұл сөзді) әкесі естіп: «Мұхаммедтің қарғысы Хаққа сөзсіз жетеді. Біздің, енді мына ұлымның ахуалы не болады?!» – деп қайғырды. Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) қарғысы дін мен Ислам үшін еді. Қашан әлсіз біреу үйленумен діні беки түсетін болса, (сол) харамнан, күнәдан сақталады. Қашан мықты біреу айырылысатын болса, күнәһарлық қауіп болады. Сол себепті (де) қатты қарғады.

Бірнеше күннен кейін (Атаба) керуен жиып, сауда үшін Меккеден Шамға бармақшы болды. Жаңағы Атаба әкесі Әбу Ләһәбқа: «Маған рұқсат беріңіз, мен Шамға барып, сауда жасайын», – деді. Әкесі Әбу Ләһәб: «Бар, алайда жолда өте сақ бол! Мұхаммед сені қатты қарғаған, оның қарғысы жетіп жүрмесін», – деп көп өсиет етті. Ұлы қабыл алып, жолға шықты. Бара жатқан жолында бір шіркеу

бар еді. Сол шіркеудің ішінде христиан діндарлардың бірі құлшылықпен айналысатын. Керуен жаңағы таудың етегіне тоқтап еді, діндар шіркеуден шығып бұлардың қасына келді. Бұлар оны құрметтеді. Ол діндар: «Менің түскен себебім, сіздер мұнда тоқтапсыздар, мұнда арыстан көп болады. Бұл жерге қонуға болмайтын. Енді тоқтап қойыпсыздар, алайда (түнде) әсте ұйықтамастан, ояу болыңдар, арыстандар өздерің мен көліктеріңе (түйелеріңе) зиян жеткізіп жүрмесін», – деді. Атаба дірілдеп қорқа бастады. Керуендегілер: «Ей, Атаба, түрің өзгеріп кетті, дірілдей бастадың», – деп еді, ол: «Мен Мұхаммедке жәбір көрсетіп едім, ол мені қарғаған. Егер осы түні сендер мені қорғамасандар, мен опат боламын», – деді. Сол түні Атабаның төрт жағына жүктерін жиып, сол жүктің үстінде қылыштарын алып ояу отырды. Хақ Тағала (оларға) ұйқы берді, ұйықтады. Бір арыстанға: «Барып, Атабаны опат ет!» – деп жарлық берді. Ол арыстан келіп, адамдардың ішінен Атабаны іздеп тауып, (оны) бөлшектеп тастады. Ертесіне тұрып қараса, Атаба бөлшектеніп жатыр екен. Осы хабарды біреу Әбу Ләһәбқа жеткізіп еді, Әбу Ләһәбтің ашуы одан сайын күшейді. Кәпірлер пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) қаншалықты жәбір көрсетсе де, еш әсер етпейтін.

Бір күні Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын) кетіп бара жатыр, алдынан Әбу Ләһәб кездесті. Әбу Ләһәб Әбу Бәкірге: «Ей, Әбу Бәкір, аталарыңның дінін тастап, Мұхаммедке ердің. Неге бұлай жасадың?» – деді.

Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын): «Ей, Әбу Ләһәб, сен осынша жылдан бері Мұхаммедтің жалған сөйлегенін естідің бе?» – деді.

Әбу Ләһәб: «Жок», – деді.

Әбу Бәкір: «Осынша жылдан бері Мұхаммедтен бір қиянат, жаман пейіл, қажетсіз қылық көрген жерің бар ма?» – деді.

Әбу Ләһәб: «Жок», – деді.

Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын): «Олай болса, менің Мұхаммедке ергенімді неге сөгесің? Қайта сені сөгу керек! Сен оның әкесінің бауырысың, әкесі орнында (әке) болғаныңда дүниеде құрметті (адам) болар едің. Иман келтіргеніңде ақиретте де құрмет болатын. Өз бауырың Аббас иман келтірді, тағы бір бауырың Хамза да иман келтірді. Мұхаммед не айтса да, бәрі рас. Егер имансыз дүниеден өтер болсаң, көп өкінесің», – деді.

Әбу Ләһәб үнсіз қалпы үйіне қайтты, қайғы жұтты. Умму Жәміл деген әйелі бар еді. (Ол): «Ей, Әбу Ләһәб, бүгін сенің өте қайғылы екеніңді көрдім. Не болды? Маған айт», – деді.

Әбу Ләһәб: «Не істеу керек екенін әсте білмеймін. Бауырымның ұлы Мұхаммедтің дініне кірейін бе, әлде кірмейін бе, білмей тұрмын», – деді.

Умму Жәміл айқай салып: «Егер сен Мұхаммедтің дініне кірсең, менің

төсегім саған харам. Мен сенімен бірге бір үйде тұрмаймын. Ұлым Атабаны қарғап өлтіргенін көрмейсің бе?!» – деді.

Әбу Ләһәб: «Ол райдан қайттым», – деп еді, Умму Жәміл басылды.

Бір күні Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) түсті. Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) Хақ Тағаланың сәлемін жеткізіп, мына аятты оқыды. (Алланың сөзі):

و انذر عشيرتک الاقربین و اخفض جناحک لمن اتبعک من المؤمنین (26;214-215)

Мағынасы мынау: «Ей, Мұхаммед, жақын-туыстарыңды тамұқтан құтқар және мұсылмандарға қанатыңды жай!».

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) тау басына шығып, қатты айқайлап: «Йә, сәбәһәһ?», – деп шақырды. Арабтың әдеті бойынша, қашан біреу кенеттен әскер (жау әскерін) келгенін көрсе, осылай шақыратын. Жұрттың бәрі асып-сасып келіп: «Ей, Мұхаммед, не болды?» – деп еді, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Егер мен сендерге мына таудың арғы жағында сендерді өлтіргелі әскер келе жатыр десем иланасындар ма?», - деді.

Барлығы: «Ей, Мұхаммед, қалайша сенбейік, сенен ешбір жалған сөз естіген жоқпыз, (сондықтан да) қатты сенеміз», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Олай болса, менің сендерге айтарым, иман келтіріңдер. Тәңрі Тағаланы Бір деңдер және мені Хақ Тағаланың елшісі деп біліңдер! Алайда иман келтірмесендер, тамұқ деген от бар, Хақ Тағала сендерді сол отпен азаптайды», – деді.

Әбу Ләһәб: « تَبَّ اَلْهٰذَا جَمَعْتَنَا », – деді.

Арабтардың әдеті бойынша, бір адамды жек көріп сөксе, «тәббән ләкә» деп айтады. Мағынасы: «Саған опат болсын!», дегені. Осы сөзге бола халықты осы жерге шақырдың ба?!», – деп екі қолына тас алып атып еді, Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) мына сүрені түсірді. (Алланың сөзі):

تَبَّتْ يَدَا اَبِي لَهَبٍ وَ تَبَّ مَا اٰغْنٰى عَنْهُ مَالُهٗ وَ مَا كَسَبَ

Мағынасы мынау: «Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) екі қолымен тас атқан Әбу Ләһәбтың екі қолы құрыды».

وَ تَبَّ

«Өзі және барша туысы опат болды».

مَا اٰغْنٰى عَنْهُ مَالُهٗ وَ مَا كَسَبَ

«Әбу Ләһәбқа малы, ұл-қызы, құл-қызметшісі, жылқы малы еш пайда бермеді».

سَيَصْلٰى نَارًا ذَاتَ لَهَبٍ

«Жалындаған отқа күйіп-өргенеді».

وَ اَمْرٰتُهٗ حَمٰلَةَ الْحَطَبِ (111;1-2)

«Әйелі Умму Жәміл тамұқтың жалындаған отына кіреді».

Әбу Ләһәбтың әйелі Умму Жәмілдің әдеті өз құлдарымен бірге далаға шығып, темір тікендерді жинайтын еді. Тағы құрма жібіне байлап, өзі алып келетін де, пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) мешітке барар жолына тастайтын. Сол себепті де Хақ Тағала Умму Жәмілге: «Хәммәләтәл хәтаб», – деді. Араб тілінде «Хәммәләтәл хәтаб» деп, отын немесе тікен алып келгенге карата айтылады.

Кейбіреулер бұл Умму Жәміл пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) әйелі Умму Хәбибә (Умму Хәбибә деген әйелі бар еді) (осы) Умму Жәмілдің бауыры Суфиянның қызы еді, дейді. Умму Жәміл Умму Хәбибәға (Алла одан разы болсын) нағашы әпке болатын. Сол себепті де (оның үйіне) жиі кіріп, пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) жағдайын (Умму) Хәбибәдан сұрайтын да, содан шығып кәпірлерге барып өсек қылып айтатын. Сондай-ақ араб(тар) өсекшіге «хәммәләтәл хәтаб» деп айтады. Себебі оттың жануына от себеп болса, екі адамның арасында дұшпандық отының өршуіне де осы өсекшілік себеп болады. Сондықтан да Хақ Тағала Умму Жәмілге: «хәммәләтәл хәтаб» деді.

Кейбір муфәссирлердің айтуынша, қиямет күні болғанда (сендік және (жүрекпен) бекіттік) Хақ Тәбәрәк уә Тағала Әбу Ләһәбті және әйелі Умму Жәмілді тамұққа кіргізеді. Алайда әйелі Умму Жәмілге тамұқ періштелері «Заққұм тікендерінен бір бақ жасап арқанмен алып кел!», – дейді. Және мойнына шынжыр байлап тамұқ ішіне кіргізеді де: «Сен дүниеде тікенді арқана құрма жібімен байлап алып келіп, пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) жолына тастайтын едің, (осылайша) пайғамбарға жәбір көрсететін едің. Мына соның жазасы мен салдары», – деп айтады екен.

فی جیدھا حبل من مسد

«Ол Умму Жәмілдің мойнында құрма қабығының жібі бар».

Риуаяттарда келуінше, бір түні Умму Жәміл барып, тікенді арқасына артып, мойнына құрма қабығынан есілген жіпті байлапты. Жәбірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) сол жіппен Умму Жәмілдің тамағын буып, опат етті. Ертесіне Әбу Ләһәб іздеп барды. Қараса, ісіп, әуреті ашылып, масқара болып жатыр екен...

Аббас (Алла одан разы болсын) айтады: Әбу Ләһәб дүниеден өткеннен кейін түсімде көрдім. От жалынның ішінде екен. Мен: «Саған не болды, неге мұндай жағдайда тұрсың?», – дедім.

Әбу Ләһәб: «Имансыз өткенім үшін және пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) жәбір көрсеткенім үшін», – деді.

Мен: «Сенен бұл азап еш алыстайды ма?», – дедім.

Әбу Ләһәб: «Әр дүйсенбі күні бұл азап менен кетеді», – деді.

Мен: «Не себептен, ей, бауырым?», – дедім.

Әбу Ләһәб: «Мұхаммед туылғанда маған бауырыңның әйелі Әминә дүйсенбі

күні Мұхаммедті босанды деп хабарлады. Мен қатты қуанып, бір құлды азат еттім. Сол себептен де азабым (әр) дүйсенбі күні алыстайды», – деді.

Төртінші бөлім
Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын)
Меккеден Мединеге шыққаны туралы баяндалады

Имам Әбул Әлэи Уши (Алланың оған мейірімі болсын) «Нисәбул әхбәр» деген кітабында мына хадисті келтіріпті:

قال رسول الله صلى الله عليه وسلم من مات غريباً و قد مات شهيداً و وفى من عذاب القبر

Бұ(л) хадистің мағынасы мынадай: Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Бір мұсылман немесе муәххид ғаріптіктен өлер болса, Хақ Тағала сол құлға шәһидтер сауабын нәсіп қылады және көр азабынан сақтайды», – деген екен.

Бір күні Әбу Жәһіл (Оған лағынет болсын) Құрайыштарды жиды. Бір үй бар еді. Ол үйді «Дәрун-нәду» деп атайтын. Біреу бір кеңес өткізбекші болса, сол үйге жиналатын. Бұл арада Ібіліс (Оған лағынет болсын) бір кемпірдің суретіне еніп, бұлардың арасына кірді. Олар: «Ей, кемпір, сен кімсің?», – деді.

Ібіліс (Оған лағынет болсын): «Мен шайқы Нәждимін, Нәжд елінің кемпірімін. Сендердің бір кеңестерің бар екенін естідім де, мен де солардың арасында болайын, сөздерін тыңдайын, деп келдім», – деп еді, (бұл сөз) Әбу Жәһілге ұнап қалды.

Әбу Жәһіл (Оған лағынет болсын): «Ей, Құрайыш тайпасы, мына Мұхаммедтің ісі күннен-күнге артып бара жатыр. Оның қасына көп адам жиналып, бізге жәбір көрсете ме деп қорқамын. Енді бұған бір шара қолданғанымыз жөн болар», – деп еді, бәрі қоштады. Содан кейін Әбу Жәһіл (Оған лағынет болсын) Хиссам деген кәпірге (қарап): «Ей, Хиссам, мына Мұхаммедті өлтіру туралы сенің пікірің қалай?», – деді.

Хиссам: «Менің ойым мынау – бұл Мұхаммедті ұстап, бір асау түйеге басы мен аяғын байлап, кейін жаңағы түйені далаға қусақ, ол онда опат болса», – деді.

Жаңағы шайқы Нәжди: «Бұл қате пікір», – деді.

(Басқалар): «Қалай қате пікір?», – деді.

Шайқы Нәжди: «Оның жарандары бар, тайпасы бар. Бұл істі біліп, олар барып Мұхаммедті құтқарады», – деді. Бәрі қоштады. Содан кейін бір кәпір: «Менің ұсынысымы мынау – Мұхаммедті бір үйге шақырайық, сол үйдің есігін тарс бекітіп тастайық. Мұхаммед сол үйде аштықтан өледі», – деді.

Шайқы Нәжди: «Бұл да лайық емес, себебі жарандары біліп, есігін ашып, шығарып алады», – деді.

Әбу Жәһіл (Оған лағынет болсын): «Менің ұсынысым мынау – әр тайпадан бір жігіт шыкса, оның жатар жеріне барса, жалаң қылышпен бәрі бірдей ұрса. Егер құнын дауласа, барша тайпа жиылып құнын төлеу оңай болады», – деді.

Нәжди: «Оллаһи, бұл дұрыс шешім», – деді.

Және жиналып, әр тайпадан бір жігітті сайлады. Жалаң қылышпен келіп, өлтіруге бел байлап еді, Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) келіп: «Ей, Мұхаммед, кәпірлер осы түні келіп сені өлтірмекші болып жатыр. Саған айтар ұсыныс мынау – осы түнде шығып, Медине тарапына барсаң, онда кәпірлерді Исламға шақырсаң», – деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Әбу Бәкірге бұл жайды айтып еді, Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын): «Ей, Алланың елшісі, сіз қалай жалғыз бармақшысыз? Мен де сізбен бірге барайын», – деді. Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) көңілі орнына түсті.

Сол түні пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) мен Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын) екеуі шығып, таңға дейін жүрді. Таң атты. Мұхаммед пен Әбу Бәкірдің жоқ екенін көрді. Қашып кеткенін білді. Әбу Жәһіл (Оған лағынет болсын): «Кімде-кім Мұхаммед пен Әбу Бәкірді алып келетін болса, сүйіншіге жүз түйе беремін», – деді. Үш күнге дейін бүкіл шөл даланы іздеп шықты. Таба алмады. Сол түні Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын) бір сағат пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) оң жағында жүретін, тағы бір сағат сол жағында жүретін, тағы бір сағат алдында жүретін және бір сағат артында жүретін еді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Әбу Бәкір, төрт жағымда ауысып жүрсің. Неге бір жағымда жүрмейсің?», – деді.

Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын): «Ей, Алланың елшісі, дұшпандардан қорқамын. Кенет дұшпан оғы оң жағыңыздан келер болса, әуелі маған тисін, сізге тимесін деймін. Және сол жағыңызға шығуымдағы мақсат, егер дұшпан оғы сол жағыңыздан келсе, маған тисін, сізге тимесін деймін», – деп еді, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын):

لا تحزن إن الله معنا

(яғни) «Ей, Әбу Бәкір, еш қорықпа, Тәңрі Тағала бізбен бірге», – деді. Хақ Тағала Әбу Бәкірдің жүрегіне тыныштық берді. Содан кейін пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) бір салт аттыны көрді. Сол аттылы адам жақын келгенде, оның бізге (өздеріне) келе жатқанын білді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Жаратушым, оны ұста!», – деп еді, оның атының төрт аяғы жерге көмілді.

Ол: «Ей, Мұхаммед, мені қойып жібер, мен қайтайын, саған жәбір көрсетпейін», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Жаратушым, егер рас айтса, Сен қоя бер!», – деп еді, атының аяқтары жерден шықты. Ол бейтаныс қайтып кетті.

Содан кейін екеуі біраз жер жүріп еді, пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) қасиетті аяқтары талды. Жүре алмай қалып еді, Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын) пайғамбарды арқасына көтерді. Таң атқанша жүрді. Таң атты. Қараса, Жүз деген тау етегіне жетіпті. Сол таудың етегінде бір үнгір бар еді. Сол үнгірге кірмекші болып еді, Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын): «Ей, Алланың елшісі, мен бұрын кірейін, адамға жәбір көрсететін жәндіктер болып жүрмесін, көрейін», – деп, бұрын кірді. Қарады. Содан соң пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) кірді. Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын) бір тесік бар екенін көрді. Бір жылан шығып, пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) жәбір көрсетпесін деген ниетпен (Әбу Бәкір) бір аяғын сол тесікке тықты. Бір жылан келіп, жаңағы тесіктен шықпақшы болды. Әбу Бәкірдің аяғына басын тигізді. Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын) (оның шығуына) жол бермеп еді, Әбу Бәкірдің (Алла одан разы болсын) аяғын шағып алды. Уы қатты әсер етті. Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) зиян келмесін деп, Әбу Бәкір аяғын көтермеді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) ол жыланның пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) сәлем беру үшін шығатынын айтты. Қараса, Әбу Бәкірдің көзінен жас ағып тұр екен. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Әбу Бәкір, неге жылап жатырсың?», – деді.

Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын): «Ей, Алланың елшісі, мына тесіктен бір жылан (шығып) аяғымды қатты шағып алды», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Әбу Бәкір, аяғыңды алып кел және жылан-шаяннан қорықпа! Хақ Тағалаға тәуекел ет, Хақ Тағала бізбен бірге!», – деді.

Содан кейін кәпірлер пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) ізін қуып, үнгірдің аузына дейін келді. Хақ Тағаланың әмірімен өрмекші үнгірдің аузына торын тоқыды. Кәпірлер: «Егер мына үнгірге Мұхаммед кіргенде мына өрмекші торы бұзылатын еді. Мұнда жоқ», – деп қайтпақшы болып еді, Әбу Жәһіл (Оған лағынет болсын): «Мұхаммедтің осы жақын жерде екенін сеземін. Бізге сиқыр жасап тұр, көрмейміз», – деді де, бір кәпірге (қарап): «Түс, мына үнгірге кір!», – деді. Умайя ибн Халаф: «Мұхаммед тумастан бұрын өрмекші мына торын құрған болар. Мұхаммед мұнда кіргенде, мына өрмекші торы бұзылмас па еді?», – деді. Әбу Жәһіл жарандарымен бірге қайтып кетті.

Содан соң пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Әбу Бәкірмен бірге сол үнгірде үш күн тұрды. Үш күннен кейін шығып, Медине тарапына жол алды. Азықтары таусылды. Содан кейін бір араб тайпасына келіп: «Сіздерде сатылатын ет не құрма бар ма? Сатып алатын едік», – деді. Шайладан бір әйел шықты. Аты Умми Мұғид еді. (Ол): «Қандай жақсы қонақсыздар! Сіздерді қонақ етер едім, алайда құрғақшылық жыл болды, үйімде еш нәрсе жоқ. Жолдасым Әбу

Мұғид қойларды оттағуға алып кеткен. Қойларымыз осында болғанда, сіздерге сүт беретін едім», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Умми Мұғид, шайла жанында жатқан мына қандай қой?», – деді.

Умми Мұғид: «Бұл өте арық қой, еш сүті жоқ. Қойлармен бірге еріп жүре алмастан, осында жатыр», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Умми Мұғид, оны саууға рұқсат бересіз бе?», – деді.

Умми Мұғид: «Әрине, рұқсат беремін. Егер сүт шыкса, сауыңыз!», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ол қойды маған алып келіңдер!», – деп әмір берді. (Қойды) алып келді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Бисмилләһир рахмәһир рахим», – деп, қасиетті қолын жанағы қойдың желініне тигізіп еді, сол сәтте қойдың желіні үлкейді және қой семірді. Содан кейін пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Умми Мұғид, үйде керсен болса, алып кел!», – деді. Умми Мұғид бір керсен алып келді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) қасиетті қолымен керсен толғанша сауды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) қасиетті қолымен жанағы керсенді көтеріп, Умми Мұғидке ішкізді. Қанғанынша ішті. Содан кейін Әбу Бәкірге іштірді. Содан кейін өзі ішті. Және пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) екінші рет сауып, жанағы керсенді тағы толтырды да, Умми Мұғидтің үйіне қойып, жолға түсті.

Түнде Әбу Мұғид келді. Қараса, үйде бір керсен сүт тұр. Таңданып: «Ей, Умми Мұғид, мына не жағдай? Қойлар алыста еді, үйде сауатын қой жоқ еді, мына сүт қайдан келді?», – деді.

Умми Мұғид: «Бізге бір қонақ келді, өте қасиетті қонақ, сұлу жүзді, жылы сөзді, орта бойлы біреу. Мына арық қойға қасиетті қолын тигізіп еді, көріп тұрғанындай, мына қой семіріп, желіні толды. Өз қолымен сауды, бір керсен толды. Оны ішкізу үшін өз қолымен ішкізді, кейін өзі ішті. Және екінші рет сауып еді, бір керсен болды, оны үйге қалдырды», – деді.

Әбу Мұғид: «Мен Меккеден Мұхаммед деген пайғамбар шығыпты деп есітіп едім. Халықты Хақ жолына шақыруда деп айтатын. Мына айтып тұрғаның сол болып жүрмесін. Мұндай мұғжиза пайғамбарлардан басқаларда бола қоймас. Егер Тәһрі өмір берсе, барамын», – деді. Және Умми Мұғидке (қарап): «Маған сол адамды жақсылап сипаттап бер! Егер барсам, жаңылмастан, жақсы білетін болайын. Жігіт пе, әлде қарт адам ба?», – деді.

Умми Мұғид: «Жігіт. Сақалы қара, ашық жүзді. Даусында айбат бар. Қатты ұзын бойлы емес, қысқа бойлы да емес, орта бойлы. Ашық қасты. Өте семіз де емес, өте арық та емес, орта денелі. Орташа, тез шапшаң емес. Тістері сирек. Жүзі толған айдай сәулелі. Сөз сөйлесе, анық етіп сөйлейді, мінгірлеп

сөйлемейді. Аясы кең. Көзі төменге көбірек қарайды, жерге қарайды, біраз тағы басын қалдырып, көкке қарайды. Сакалы құрт йығ, орта сакалды, ұзын да емес, қысқа да емес. Қатты да жүрмейді, (егер) жүрер болса, ақырын жүрсе жетер, немесе жетпейді», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Меккеден шығар кезде Әбу Бәкірмен (Алла одан разы болсын) Мединеге қалай баруға болатыны туралы ақылдасып еді. Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын): «Сегіз жүз ақшаға екі түйе сатып алдым. Біріне сіз мінесіз, тағы біріне мен мінемін. Барайық!», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Бізге бір жолбасшы керек», – деді.

Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын): «Абдулла деген адам бар, ол Медине жолдарын жақсы біледі», – деді. Ол Абдуллаға тез хабар берді. Әбу Бәкірдің (Алла одан разы болсын) Әміл деген азаттысы бар еді. Оған: «Сен екі түйемен Абдулланы алып, Сәур деген тау етегінде үнгір бар, біз шыққаннан кейін үш күннен соң сол жерге келерсің», – деді. Олар тағы осылайша үш күннен соң келді. Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын) мен пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) бір түйеге мінді, ол екеуі тағы бір түйеге мінді. Жүріп отырып, Мединеге жақын келді. Бір йәһуди пайғамбарға жолықты және келіп, Медине халқына хабар берді. Мединеде көп сахабалар бар еді, біразы Мединелік, біразы Меккелік. Омар (Алла одан разы болсын) да Мединеде еді. Барша сахабалар қуанды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Мединеге келгенінде бір-біріне хабар берді. Және бәрі соғысқа барып, кәпірлерге айбат шегетіндей етіп қару асынды. Пайғамбарды (Алланың оған сәлемі болсын) қарсы алуға шықты. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) шөл далада бір ағаштың көлеңкесінде дем алып отыр еді, Мединеден шыққандар сонда пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) жолықты, көрісті. Барлық сахаба қуанды. Содан кейін пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) Ансар тайпасы: «Ей, Алланың елшісі, біздің үйде қонсаңыз бола ма? Бақшаларымыз, жерлеріміз кең», – деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Мынау Қасуа деген түйеге мінейін, ешкім шылбырын ұстамасын. Осы түйе қай есікке шөксе, мен сол үйге қонармын», – деді. Барша сахабалар разы болды.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Қасуа деген түйесіне мінген күн жұма еді. Барлық сахабалар да еріп отырды. Көп жасақтар да шығып тұр еді. Мәдине шаһарында пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) жамалына ынтық болғандар өте көп еді. Пайғамбарды (Алланың оған сәлемі болсын) көрген сахабалар қасында иман келтіріп тұр еді. Барша халық Мединеге ағылды. Әрбір тайпадан пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) өтер болса, сол тайпаның ұлығы шығып, пайғамбардан (Алланың оған сәлемі болсын) (түсуін) өтінсе,

пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) оларға қайыр мен береке дұғасын жасап: «Мынау менің Қасуа деген түйем қай есікке шөксе, мен онда қонақ боламын», – дейтін. Мединенің барша ұлықтары мен мұсылмандары: «Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) түйесі біздің үйге шөксе екен», – деп армандайтын. Еш шөкпестен, өтіп кететін. Біраз жүріп барып Аюб Ансаридың есігіне шөкті. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) түйеден түсіп, мешітке кірді. Жұма намазын оқу үшін барша сахабалар да кірді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) мінберге шығып, құтба оқыды және мінберден түсіп, имамдық етті. Барша сахабалар ұйыды. Намаздан шығып пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Аюб Ансаридың үйіне кіріп еді, Аюб Ансари қатты қуанды.

Барша сахаба үйлеріне барып, шамалары келгенше пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) һәдие алып келетін. Зәйд ибн Сәбит (Алла одан разы болсын): «Мен алты жаста едім, анам бір ыдысқа нан турады және сол нанның үстіне май құйды, және біраз сүт қосты, тағы ыдыстың үстін бір нәрсемен жауып, маған (қарап): «Ұлым, Аюб Ансаридың үйіне бар, пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) сәлем бер де: «Анам сізге мына тамақты тарту етіп жіберді де!», – деді. Мен солай жасадым. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Тәңрі Тағала саған береке берсін!», – деді маған. Кейін сахабалар жиылып, жаңағы тамақтан ауыз тиді.

Аюб Ансаридың анасына әйелдер келіп: «Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) қандай тамақты жақсы көреді. Біз сол тамақты жасап келетін едік», – десе, Аюб Ансаридың анасы: «Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) бізге мынадай тамақ жаса деп айтпайды және легенмен қандай тамақ келсе де, айыптамайды. Егер қаласа, жейтін, егер жегісі келмесе, сахабаларына: «Сендер жендер!», – дейді. Бір күні тамақ пісірдік, еш жемеді. Мен ұлыммен бірге қатты уайымдадық. Мен: «Ей, Алланың елшісі, қашан да тамақ пісірсек жейтін едіңіз және қалған тамақты сіздің қасиетті қолыңыз тиген деп, теберік деп жейтін едік. Бүгін не болды, мына тамақты жемедіңіз?», – деп айтып едім, ол маған: «Ей, Аюбтың анасы, бұл тамақтан мұрныма сарымсақтың иісі келді, мен Хақ Тағалаға мінажат етемін. Аузым сасық болса, қалай мінажат етейін?! Бұл тамақты ұлын Аюбпен бірге жей беріндер», – деді.

Содан соң Мединедегі барша момын-мұсылмандардың бәрі пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) келіп, сәлем беріп, байғат (ант) берді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) өз қолымен жаңағы байғат бергеннің қолын ұстап: «Хақ Тағала пәрменінен шықпайсың және Хақ Тағаланың елшісі Мұхаммед Расулулланың пәрменінен шықпайсың. Қай іске бұйырса, істейсің, қай істен қайтарса, бас тартасың. Екі әскер қақтығысқанда қашпайсың», – дегенінде, байғат беріп тұрғандар: «Қабыл еттік», – дейтін.

Содан кейін әйелдер жиылып, ақшам мен құптанның арасында Аюбтың анасының алдына келіп: «Пайғамбардан (Алланың оған сәлемі болсын) сұраңыз, біз де пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) жамалын көрейін, күйеулеріміз байғат бергендей, біз де байғат берейік», – деді. Аюбтың анасы пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) алдына кірді. Рұқсат сұрап еді, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) рұқсат берді. Аюбтың анасы ол әйелдерді бастап кірді. Әуелі Умму Сағд деген әйел пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) сәлем беріп еді, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) жауап қайырды да: «Ей, әйел, атың кім?», – деп сұрады.

Ол: «Ей, Алланың елшісі, атым Умму Сағд», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Арманың не?», – деді.

Умму Сағд: «Ей, Алланың елшісі, Тәңрі Тағаланы Бір және Бар деп иландық, және сізді Хақ Тағаланың елшісі деп бекіттік. Енді сізге күйеулеріміз байғат берді, біз де сізге байғат беруге келдік», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Сендердің Исламға кіргізген сол Тәңірге шүкір!», – деді де сосын: «Ей, әйелдер, бәрің келіп, айналама отырыңдар!», – деді. Баршасы пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) айналасына отырды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) алдына бір ыдыспен су құйды, қасиетті қолын сол судың ішіне салды да, әйелдерге карап: «Күйеулеріңнен байғат алсам, қолдарынан ұстап байғат аламын, алайда сен әйелдердің қолын ұстауға болмайды. Қашан мен қолымды мына ыдыстан шығарсам, сендер қолдарыңды саласыңдар», – деді. Кейін пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, әйелдер, Тәңрі Тағаланы Бір дегеннен кейін, Тәңріге серік қоспандар», – дегенінде, бұлар: «Қабылдадық», – деді. Және пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, әйелдер, ерлеріңнің малдарынан ұрламаңдар, зина жасамаңдар, ұлдарыңды өлтірмеңдер, басқа тумаған ұлдарыңды күйеулеріңе мен тудым деп айтпаңдар, жақынтұыстарың өлгенде айқайлап жыламаңдар, киім жыртпаңдар, шаштарыңды жұлмандаңдар, беттеріңді тырнамаңдар және басқа ерлермен бірге жасырын жерде сөйлеспендер», – деп айтып еді, әйелдер: «Бәрің де қабылдадық», – деді. Ол әйелдер қолдарын жаңағы ыдысқа салып, қайта жүздеріне сүртетін еді. Содан кейін пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) рұқсат берді, (олар) шықты.

Содан кейін Меккеден көптеген сахабалар келе бастады еді, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Медине халқына: «Меккеден келгендерді құрметтендер, жер-жұртын тастап, біздің сұхбатымызда болу үшін ғаріптікті тандап келді. Қажет болса, оларды ізеттеп, құрметтеп қарсы алыңдар», – деп, Мединеде тұрғандарды Меккеден келгендермен бауырлас қылды. Меккеден

нижрет етіп келгендерге муһажир деді, Меккеден келгендерге көмектескен, қарсы алған, ізет-құрмет көрсеткен Медине халқын ансари деді.

Бесінші бөлім
Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын)
мүғжизасы туралы баяндалады

Имам Бағауи (Алланың оған мейірім болсын) «Мәсабих» деген кітапта мына хадисті келтіріпті.

عن علي بن ابي طالب رضى الله عنه انه قال كنت مع النبي صلى الله عليه وسلم بمكة فخرجنا في بعض نواحيها استقباله جبل و لاشجر الا هو يقول السلام عليك يا رسول الله

Бұл хадистің мағынасы мынау: Әли (Алла одан разы болсын): «Мен пайғамбармен (Алланың оған сәлемі болсын) бірге Меккеде едім. Меккенің сыртына шықтық. Тауға қарсы келіп едік, сол таудан «Әс-сәләму `әләйкә, йә, Расулулла» («Ей, Алланың елшісі, саған сәлем болсын»), – деген дауыс келді. Және ағашқа қарсы келдік, сол ағаштан да «Әс-сәләму `әләйкә, йә, Расулулла», – деген дауыс шықты».

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Мединеде кезінде Хайбар йәһудилері мен Бәну Құрайза йәһудилері Меккеге барып, Мекке кәпірлеріне: «Біз бәріміз сендерге көмектесу үшін келдік. Біз бәріміз үлкен әскер жасақтап, Мединеге баратын болсақ, тағы Мұхаммедті ортадан қуақ, (себебі ол) сендердің діндеріңді адасушы дейді, біздің дінімізді де адасушы дейді, (егер солай жасасақ) сендер де оның тілі мен жәбірінен құтыласыңдар, біз де құтылатын едік», – деп айтып еді, бұл сөз Мекке кәпірлеріне ұнады. Әскер жасақтап, йәһудилер әскері және өз әскерлерімен бірге Мединеге келді. Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) бұл хабар жеткен уақытта сахабаларын жиып, ақылдасты. Салман Фарси (Алла одан разы болсын): «Біздің Фарс елінде ор болады. Әскер төрт жағынан кірмесін деп ел төңірегіне үлкен, терең арық қазып қояды. Медине төңірегіне де ор қазып қойсақ қалай болады? Төрт тарапынан кәпірлер кіре алмаса, бір жағынан соғысу оңай болады», – деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) мен сахабалар бұл ұсынысты лайық көрді. Көп пайдасы бар деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) әмір берді. Барша сахаба Медине төңірегіне ор қаза бастады. Медине ішінде аштық еді. Әскерге қарсы тұру және мына орды қазу сахабаларға ауыр тиді.

Жәбир (Алла одан разы болсын) айтады: Барша сахабалар бұл орды қазатын еді. Үлкен тас шықты. Қаншама бақуат ерлер балтамен ұрса да еш әсер етпеді. Барып, пайғамбарға айтты. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) қолына

балта алып, үш рет «Бисмилләһир рахмәнир рахим» деп ұрып еді, бұл тастын быт-шыты шықты.

Жәбир (Алла одан разы болсын): Мен пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) жақын едім. Екі қолымен балтаны ұстап тасты ұрмақшы болған уақытта пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) аштықтан қасиетті қарнына тас байлап алғанын көрдім. Бұл жағдайды көргеннен көңілім қобалжып кетті. (Үйге) келіп, әйеліме: «Әй, әйелім, пайғамбарды (Алланың оған сәлемі болсын) осындай жағдайда көрдім. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) сондай еңбектеніп жатса, біз оған еш көмектеспесек қалай болмақ?», – дедім. Әйелім: «Үйде төрт батпан арпа және лақ бар. Сен сол лақты бауызда, мен де ас піскенше мына төрт батпан арпаны илеп, нан жабайын. Сен барып, пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) құлағына ақырын ғана айт, адамдар естімесін, пайғамбармен (Алланың оған сәлемі болсын) бірге және бір-екі адам келсін», – деп айтты. Тамақ піскен уақытта Жәбир (Алла одан разы болсын) барып, пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) ақырын айтып еді, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Жәбир, тамағың қаншалықты?», – деп сұрады.

Мен: «Ей, Алланың елшісі, бір лақ пен төрт батпан арпа наны», – дедім.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Өте жақсы. Хақ Тағала көп береке береді, иншаллаһ», – деді де: «Ей, Жәбир, мен барғанша ол қазанға ешкім де шөміш салмасын және ол нандарды тандырдан ешкім де шығармасын!», – деді. Және: «Жәбир үйінде тамақ қылып жатыр, бәріңіз де келіңіздер!», – деп жар салып еді, ор қазып жатқан үш мың адам еді, бәрі де қабылдады.

Жәбир айтады: Мен аң-таң болып, қысылдым. Қатты қысылғаным соншалық, өмірімде оншалықты ұялып көрген емеспін. Бір лақ тамақты үш мың адамға қалай жеткіземін? – деп ойланумен үйге бардым. Мән-жайды әйеліме айттым. Ол: «Ей, Жәбир, пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) бұл тамақтың мөлшерін айттың ба?», – деді.

Мен: «Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) тамақтың шамасын айттым. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Мен барғанша ол тамаққа ешкім де қол тигізбесін», – деп айтты», – дедім.

Әйелім: «Олай болса, ей, Жәбир, еш қысылма, бәрін легенге сал! Не қылса да ол біледі», – деді. Көңілім орнына түсіп, жайбарақат тапты. Бір сағат өтті. Қарасам, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) үш мың сахабаны бастап келді де: «Ей, Жәбир, мына халық көп, үйге сыймас. Далада топтасып отырсын», – деп тапсырды. Өзі үйге кіріп, қазанды ашқызды да «Бисмилләһир рахмәнир рахим», – деді. Берекелі дұға жасап, қолын қазанға салды. Және тандырды ашқызды да, тағы да «Бисмилләһир рахмәнир рахим», – деп берекелі дұғасын жасап, қолын тандырға салды. Содан кейін: «Әрбір жеті адамға бір керсен ас және жеті

нан беріндер!»), – деп әмір берді. Солай жасады. Мына қазаннан каншалықты тамақ шығарса да, бұл тамақ әсте кемімейтін, бұл тандырдан каншалықты нан шығарса да, тандырдағы нан ешбір кемімейтін. Үш мың адамның бәрі тойды, тағы қазандағы тамақ соншалықты қалды, тандырдағы нан да сол қалпында қалды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Жәбир, ақшамға дейін мына қазандағы ас пен тандырдағы нан таусылмайды. Мединедегі міскіндерге хабар бер, баршасын тойдыр және келген-кеткенге, ағайын-туысқа бәріне де бұл ас пен наннан ешбір тартынбастан бер!», – деді. Біз де солай жасадық. Ақшамға дейін Медине халқы дәруіштерінің бәрі келіп, тамақ жеді. Ақшам болғаннан кейін де қазанда біраз тамақ қалды.

Салман Фарси (Алла одан разы болсын) айтады: Қашан Жәбірдің тамағын жеп болғаннан кейін қайта ор қазуға барғанымызда менің үлесіме тиген жерден және үлкен тас шықты. Ешкімнің де ол тасты қозғалтуға шамасы келмеді. Балта да өтпеді. Барып, пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) хабар бердік. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) келіп, қасиетті қолына бір үлкен балта алды да «Бисмилләһир рахмәһир раһим», – деп тәкбір айтып еді, барша сахабалар да тәкбір айтты. Содан кейін пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) балтаны көтеріп, бар күшімен тасқа соқты. Сол тастан найзағайдай от шығып, Шам жаққа қарай ұшты. Салман Фарси (Алла одан разы болсын) айтады: Сол нұрға қарап едім. Шамның сарайлары мен қорғандары маған көрінді. Және пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) екінші рет тәкбір айтып ұрып еді, тағы бір найзағайдай нұр шықты да, Йемен жаққа қарай ұшты. Мен сол нұрға қарап едім, Йемен шаһарының сарай мен қорғандары маған көрінді. Және пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) үшінші рет тәкбір алып, жаңағы тасты ұрып еді және де алдыңғы найзағайдай бір нұр шығып, шығыс жаққа барды. Мен сол нұрға қарап едім, Ирак елі мен Парсы жұртының сарайлары көрінді. Мен: «Ей, Алланың елшісі, әлемге тараған бұл қандай нұрлар?», – дедім. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Салман, біл, хабардар бол. Бұл нұрлар қай тарапқа барса, сол жақта Ислам ашылады, мұсылманшылық пайда болады», – деді.

Салман Фарси (Алла одан разы болсын) айтады: Омар мен Оспанның (Алла ол екеуінен разы болсын) халифалық кезінде едім, бұл айтқан елдерде Ислам діні тарады.

Содан кейін кәпірлер йәһудилермен бірге келіп, Мединенің төрт тарапына жайғасып, мұсылмандармен үш күн бойына соғысты. Төртінші күні қатты соғыс болды, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) екінті намазы мен ақшам намазын оқи алмады. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) кәпірлерді қарғап: «Ей, Жаратқан Құдай, мына кәпірлердің көздерін отпен опат қыл!», – деді. Содан

кейін Хақ Тағала пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) көмек берді. Бір түн ішінде қатты суық жел жіберді. Мекке кәпірлері йәһудилермен Мединенің төрт тарапында соғысу үшін жатыр еді сол суық желге шыдамдары жетпеді. «Бізге Мұхаммед сикырлық жасап, суық жел жіберді», – деп бәрі кері қайтты.

Хузәйфа (Алла одан разы болсын) Куфа еліне кірді. Пайғамбардан кейін Куфа халқының бәрі пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) туралы айтып бер деп Хузәйфаны құрметтеді. Біреу Хузәйфаға (қарап): «Ей, Әбу Абдулла, пайғамбармен сіздер қандай мәміледе болатын едіңіздер?», – деді. Хузәйфа (Алла одан разы болсын): «Пайғамбар қызметіне дайындалатын едік. Не бұйырса да, істейтін едік. Ешқашан да қарсы келмейтінбіз», – деп еді, сұрап тұрған адам: «Оллаһи, егер мен пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) қасында болғанда едім, пайғамбарды жалаң жүргізбес едім, мойнымда көтеріп жүретін едім», – деді.

Хузәйфа (Алла одан разы болсын): «Хандек (ор) соғысында бір түні қатты суық жел соқты. Барша сахабалар тон мен шапан жамылды. Үйлеріне баруға рұқсат жоқ еді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) намаз оқыды. Көп намаз оқығаннан кейін дауыстап: «Ей, жарандарым, араларыңнан кім орнынан тұрып, кәпірлердің арасына барып, маған хабар алып келеді? Мен оны Хақ Тағала сақтасын, кәпірлердің еш зияны жетпесін деп Хақ Тағаладан сұраймын. Және сол адамды жұмаққа менің жолдасым қылсын деп, Хақ Тағаладан сұраймын», – деді. Ешкім жауап бермеді, себебі бәрі қатты ашыққан болатын әрі кәпірлердің қаупі сейілмеген, әрі қатты суық еді. Осы үш себептен сахабалар үнсіз қалды. Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) жауап бермегеннен кейін, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) менің атымды атап: «Ей, Хузәйфа!», – деді. Менің жауап беруім қажет болды. Егер жауап бермесем, пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) бағынбағандық танытармын дедім де, орнымнан атып тұрып: «Тындап тұрмын, ей, Алланың елшісі!», – дедім. (Ол) маған: «Ей, Хузәйфа, барып, мына кәпірлердің қандай жағдайда отырғанын біліп кел, алайда ешкімге зиян тигізбе!», – деді. Мен орнымнан тұрып, қару-жарақ алып бардым. Қарасам, Хақ Тағаланың әскер суық желі ол кәпірлерді әбігерге салып, шатырларын құлатып, оттарын өшіріп, аттарын бір жаққа, түйелерін бір жаққа жіберіпті, өздері астан-кестен болып жатыр екен. Үлкендері Әбу Суфийан шатырдан шығып: «Ей, әскерлер, бәрің көшіндер, кетейік! Егер бұл түнде мұнда қалар болсақ, опат болармыз, аттарымыз мен түйелеріміз құриды!», – деп жар салып еді, барша кәпірлер қуана көшіп кетті. Егер пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) маған ешкімге зиян тигізбе деп айтпағанда еді, Әбу Суфийанға жақын келгенім соншалық, бір ұрғанымда, өлетін еді. Алайда пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) сөзін тындап, (олай) жасамадым. Келіп, пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) хабар беріп едім, пайғамбар

(Алланың оған сәлемі болсын) қуанды. Хақ Тағалаға мадақ пен мақтаулар айтып, барша жұртқа рұқсат берді. Үйлеріне қайтты».

Және бірнеше күннен кейін пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) Әбу Суфийанның хаты келді. Сол хаттың ішінде: «Ей, Мұхаммед, біл, хабардар бол! Бұл жолы келгенімде, (яғни) сені өлтіру және жарандарыңды қыру үшін келгенімде Мединенің айналасына ор қазып қойғаныңды көрдім. Арабтарда ор қазу деген болмайтын. Мұны қайдан үйрендің? Енді Лат, Ғұзза ант етемін, екінші қайтқанда Ұхұд соғысында қалай істеген болсам, солай жасаймын», – деп жазылыпты. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) оның хатын оқып, мағынасын түсініп жеткенде Убай ибн Кә'біті шақырып алып: «Ей, Убай, жаз! Ей, Әбу Суфийан, бұл келгенімде сені өлтірместен қайтпаймын депсің, сені қайтарған Хақ Тағала. Және ор қазуды үйреткен Хақ Тағала. Және екінші рет келемін, Ұхұд соғысындағыдай сендерді жеңемін депсің, оны Хақ Тағала біледі. Күш-қуат берген Ол, жеңіске жеткізген де Ол. Алайда Хақ Тағала маған бір күнді нәсіп етеді, сонда (қазір) Лұт және Ғұзза атымен ант ішіп отырған сол Лұт пен Ғұззаны және басқа да пұттарды сындырамын, иншаллаһу Тә'әлә (Алла Тағала қаласа)», – деп айтты.

Және кәпірлер Меккеден қайтқан уақытта йәһудилер де өз үйлеріне қайтты. Сахабалар да үйлеріне қайтты, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) да Айшаның (Алла одан разы болсын) үйіне барды. Ғұсыл құйынды, басын жуды да өзіне иіссу сеуіп, қайта шықты. Бесін намазын оқып еді, қараса қашыр мініп, қалың баршын киіп келіп: «Ей, Мұхаммед, періштелер қару-жасақтарын шешкен жок. Неге қаруларыңды шештіндер? Біз барша періштелер кәпірлерді Хамраул Әсәд деген жерге дейін қуып жібердік. Енді сені мен жарандарыңа Тәңрі Тағаладан жарлық алып келдік, енді қару-жарақтарыңды алып, Бәну Құрайза йәһудилеріне барып соғысыңдар. Үш мың періштені бастап барамын. Менің артымнан тез келіндер!», – деді де Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) барды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) бұл сөзді ести салысымен Әлиді (Алла одан разы болсын) шақырып: «Қаруды ал да бізге кел, бізге Бәну Құрайза йәһудилерімен соғысу туралы жарлық келді», – деді. Әли (Алла одан разы болсын) қаруын алды да Біләлға барша сахаба екінті намазын Бәну Құрайзада оқысын деп жар салдырды. Барша сахаба аттанды, Бәну Құрайза йәһудилерін ойран салып жеңіп және Мединеге қайтты.

Сол йәһудилердің әйелдерінің бірі пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Мединеге келгеннен кейін бір қойды сойып, сахабалардың бірінен: «Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) қой етінің қай жерін жақсы көреді?», – деп сұрады. Ол: «Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) қой етінің қол етін және жамбас етін жақсы көреді», – деді. Ол сойылған қойға у жақты және

жамбас еті мен қол етіне көбірек жакты да, ақшамнан кейін пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) үйіне алып келді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) ақшам намазын оқып, үйіне кірді. Қараса, бір әйел отыр екен. Әйел пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) сәлем беріп: «Ей, Алланың елшісі, қой сойдым және сізге һәдие алып келдім», – деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) әмір берді, сахабалар келді, дастархан жайылды. Сол кезде жаңағы әйел шығып кетті. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) қой етінен бір кесек алып, шайнай бастағанда жаңағы қол етінен: «Ей, Алланың елшісі, мені жеменіз, мен уланғанмын», – деген дауыс шықты. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) аузындағы етті тастап, сахабаларға: «Ей, Жарандарым, мына еттен жемендер, мына қол етінен «Ей, Алланың елшісі, мені жеменіз, мен уланғанмын», – деген дауыс естідім», деп еді, барша сахаба қолын тартты. Алайда Бәшир деген сахаба бір кесекті жұтып жіберді, бұл сөзді ести салысымен қаншалық тырысса да қайта құса алмады. Сол сәтте Бәширдің жүзі қарайып кетті, сол түні қайтыс болды. Сахабалардан үш адам сол тамақтан шайнап түкіріп тастап еді. Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) оларға қан алдырындар деп әмір берді. Өзі де қан алдыртып, жазылды. Тағы үш күннен кейін жаңағы йәһуди әйелді тауып, пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) алдына алып келді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, йәһуди әйел, неге бұлай жасадың?», – деді.

Ол йәһуди әйел: «Менің әкемді және әкемнің бауырын, тағы күйеуімді, ер бауырымды бәрін сен өлтірдің. Сол себептен де мен мына улы қойды алып келдім», – деп мойындады. Оны өлтірді. Сол қой етін бір итке берді. Жаңағы ит жей салысымен бірден өлді. Барып, бір терең шұңқыр қазып, жаңағы етті көмді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) дүниеден өтерінің алдында ауырды. Умми Бәшәр деген бір кәрі кемпір бар еді, қашан пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) ауырып қалса, сол әйелді шақыртатын еді. Сол әйел келіп, пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) денесін басатын, уқалайтын. Бұл жолы да шақыртып еді, ол әйел тағы келді. Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) денесін басып, уқалады да: «Ей, Алланың елшісі, бұл жолы ауруыңыз қатты сияқты, Алла қаласа шипа берер», – деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Уланған етті шайнап түкіргенімнен бері біраз уақыт болды, аздап мені мазалайтын. Енді осы ауырғанымда сол удың тамырларымды кесетінін аздап сеземін. Алайда сабыр сақтау керек. Пайғамбарларға сауап көп болу үшін, пәле-жала да көп болады», – деді.

Бір түні пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) бұл кәпірлерді Исламға шақырып еді, ол кәпірлер: «Ей, Мұхаммед, сенің дініңнің хақтығын білу үшін, сен мына толған айға ишара жаса, бұл ай екіге бөлініп, әрбір жартысы бір жаққа

барсын, содан кейін екеуі қайта қосылып, бұрынғы қалпына келсін, біз сонда ғана сенін дініңнің хактығына иланамыз», – деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) айға ишара жасап еді, ай екіге бөлінді. Бір жартысы бір жағына, келесі жартысы екінші жағына барды және екеуі қайта қосылды.

Ибн Масғуд (Алла одан разы болсын): Мен Хира тауының екі айдың ортасында қалғанын көрдім, кейін екеуі қайта бірікті. Кәпірлер бұл жағдайды көрген кезде: «Мына Мұхаммед неткен үлкен сиқыршы, қандай жадыгөй!» – деді.

Тәңрі Тағала хабар беріп жарылқалды. (Алланың сөзі):

اقتربت الساعة وانشق القمر و ان يروا آية يعرضوا و يقولو اسحر مستمر و كذبوا و اتبعوا اهواء هم و كل امر مستقر (54;1-3)

Мағынасы мынау:

اقتربت الساعة

«Қиямет жақындады».

وانشق القمر

«Ай жарылды».

وان يروا آية يعرضوا

«Егер мына кәпірлер пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) растығына бір нышан көрсе, сол белгіден жүз қайтарады».

و يقولو اسحر مستمر

«Бұл Мұхаммедтің көрсеткен белгісі қатты сиқыр, бұрыннан келе жатқан сиқыр деп айтады».

وكذبوا

«Тағы кәпірлер пайғамбарды (Алланың оған сәлемі болсын) өтірікші деді».

واتبعوا اهواء هم

«Және өз қалауларына ерді, өз нәпсілерін қалады».

و كل امر مستقر

«Әрбір істің шешімі бар. Яғни Хак істің салдары бар, жалған істің де салдары бар».

Бұл кәпірлер осындай үлкен мұғжизалар көрді, (алайда) және иман келтірмеді. Пайғамбарға жадыгөй деді. Бір күні және бір кәпір алқа алып келіп: «Ей, Мұхаммед, егер алқа сенің пайғамбарлығына айғақ берсе, мен де иман келтіремін», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, алқа, мен кіммін айтып бер!», – деді. Алқа шешен тілмен: «اشهد أن لا اله الا الله و اشهد أن محمداً عبده و رسوله» (Алладан басқа тәңрі жоқ, Мұхаммед оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік беремін)», – деді.

Және бір араб бір күні уық алып келді. Ол да солай куәлік берді. Тағы бір күні кәпірлер: «Ей, Мұхаммед, мына құрма ағашы жерінен қопарылып келсін,

және саған сәлем берсін», – деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) сол ағашты шақырып еді, жанағы ағаш орнынан қопарылып шығып, пайғамбарға (с.ғ.) иіліп сәлем берді. Және сахабалар көбейген кезде, пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) уағыз айту үшін мінбер жасатып берді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) сол мінберге шығып еді, қасиетті арқасының сүйенген жерінен еңіреген даусы шықты. Барша сахабалар есітті.

Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) мұғжизасы көп еді. Барша пайғамбарларға берілген мұғжизаның бәрі де Мұхаммед Мұстафаға берілді. Және Мұстафаға берілген кейбір мұғжизалар басқа пайғамбарларға берілмеді. Кітап ұзарып кетпесін деп толық келтірмедік.

Алтыншы бөлім Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) Меккеге кіргені туралы баяндалады

Имам Бағауи (Алланың оған мейірімі болсын) «Мәсабих» деген кітабында мына хадисті келтіріпті:

عن ابى سعيد الحدري رضى الله عنه انه قال قال رسول الله صلى الله عليه وسلم انا سيد ولد آدم يوم القيامة و لا فخر و ببدى لوا الحمد و لا فخر و ما من نبى يومئذ آدم و من سواه الا تحت لوائى و لا فخر و انا اول من تنشق عنه الارض و لا فخر

Бұл хадистің мағынасы мынау: Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) хабар беріп жарылқады: «Мен қиямет күні болғанда (сендік және (жүрекпен) бекіттік) Адам ұлдарының бегі боламын. Бұл сөзді мақтаныш үшін айтпаймын, қайта Хақ Тағаланың маған деген мейірімі мен жомарттығының қаншалықты екенін сендерге білдірту үшін айтып тұрмын. Сондай-ақ, қиямет күні болғанда (сендік және (жүрекпен) бекіттік) баршаның әлемі менің қолымда болады. Бұл сөзді де мақтану үшін айтып тұрған жоқпын, қайта Хақ Тағаланың мейірімін көрсету үшін айтып тұрмын. Тағы қиямет күні болғанда (сендік және (жүрекпен) бекіттік) халық оған ерген әрбір ұлықтың қолында бір әлем болады. Мейлі ол лайық болсын, болмасын Арасат халқы оған қанық болады. Сондай-ақ Хақ Тағаланың мадағы мен мақтауы ішінде мейірім мен мақамат болатыны, сондықтан да пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) мадағының әлемі берілді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) және: «Қиямет күні болғанда (Сендік және (жүрекпен) бекіттік) Адам пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) және Адам пайғамбардан кейін келген пайғамбарлардың баршасы менің әлемімнің астында болады. Бұл сөзді де мақтану үшін айтып тұрған жоқпын, қайта Хақ Тағаланың мейірімін көрсету үшін айтып тұрмын.

Сондай-ақ қиямет күні болғанда (Сендік және (жүрекпен) бекіттік) баршадан бұрын көр жарылып, әуелі көрден бас көтеретін мен боламын. Бұл сөзді де мақтаныш үшін айтып тұрған жоқпын, қайта Хақ Тағаланың менің үстіме қаншалықты мейірім мен жомарттықты бергенін көрсету үшін айтып тұрмын», – деді.

Бір күні пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) жарандары мен сахабаларына (қарап): «Осы түні түс көрдім, (түсімде) мен жарандарыммен Қағбаны тауаф етіп жатырмын, тағы Қағбаға кіріппін және Қағбаның кілтін алыпшын, сондай-ақ, хаж амалын бітіргеннен кейін басымды көтеріппін. Осыны (өнімде) жасайтынымды сеземін. Осыны бір жасауға кімнің ойы болса, мен барамын, менімен бірге барсын», – деп еді, көптеген сахабалар армандады. Бәрі мың және алты жүз адам еді. Және пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Қағбада құрбандық шалу үшін тоқсан түйе белгіледі. Және сахабаларға: «Соғыс қаруын асынбаңдар. Себебі Мекке кәпірлері біздің соғысу үшін емес, зиярат үшін бара жатқанымызды білсін. Алайда қылыштарыңды ала барыңдар!», – деді. Өзі (де жолға) шығып, Зул-Хулайфа деген жерде бесін намазын оқыды, киімдерін шешіп, ихрам киді.

لَتِيكَ اللَّهُمَّ لَتِيكَ لَتِيكَ لَا شَرِيكَ لَكَ لَتِيكَ أَنْ الْحَمْدُ وَالنَّعْمَةُ لَكَ وَالْمَلِكُ لَا شَرِيكَ لَكَ

деді.

Мағынасы мынау: Ей, Бар Құдай, қабылдаймын, Саған көп қабыл етпек,

لَتِيكَ لَا شَرِيكَ لَكَ

«Қабылдаймын Сені, жалғыз Бір және Барсын, Сенің серігің жоқ»,

لَتِيكَ أَنْ الْحَمْدُ لَكَ

«Қабылдаймын Сені, көп қабылдау және расында мадақ, мақтау Саған лайық және барша нығмет Сенікі, кімге нығмет берсең, Сен бересің»,

وَالْمَلِكُ لَا شَرِيكَ لَكَ

«Тағы мүлік Сенікі, еш серік жоқ».

Егер «Қабылдау үндеуден кейін тұрады, қабылдаймын деп үндеу қашан пайда болды?», – деп сұрасаң, тәлбие айтудың жауабы мынау:

Хақ Тағала Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) арқылы Ибрахим пайғамбар мен Исмайыл пайғамбарға (Алланың оларға сәлемі болсын) Бәйтул Мә`мур жерінде мен үшін Қағба салсын деп әмір берді. Бәйтул Мә`мур – Хақ Тағаланың жұмақтың қызыл жақұтынан өз құдіретімен жаратқан қызыл жақұтты үй еді. (Оның) күн шығыс жағында бір есігі және күн батыс жағында бір есігі бар еді. Бұл екі есік жасыл изумрудтан еді. Адам пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) тәубесі қабыл болған уақытта Хақ Тағалаға мінажат етіп: «Йә, Раббым, жұмақта кезімде қалаған уақытымда Арсыға тауаф етер едім. Енді одан мақұрым қалдым. Осы жер бетінде де бір қасиетті, таза, құрметті үй болса, мен

оны кашан да тауаф қылатын едім деп, (Сенін) жомарттығың мен мейіріміннен сұраймын», – деп жалбарынып еді, Хақ Тәбарәк уә Тағала Бәйтул Мә`мурды түсірді. Адам пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Үндістаннан (келіп) кырық рет Бәйтул Мә`мурды зиярат қылды. Хақ Тағала Нұх пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) қауымын опат еткен уақытта, Бәйтул Мә`мурды жетпіс періште көтеріп, жетінші қабат көкке қойды. Содан бері сол Бәйтул Мә`мурды күнде жетпіс мың періште қияметке дейін тауаф етеді. Бір тауаф еткені екінші рет тауаф етпейді.

Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) Хақ Тағаланың Қағбаны салындар деген жарлығын жеткізген уақытта Ибраһим (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Жебірейіл, Бәйтул Мә`мурдың тұрған жері қайда?», – деп еді, Хақ Тағала бір бұлтқа әмір берді. Сол бұлт Қағбаның орнына келіп еді, онда көлеңке пайда болды. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Мына бұлттың көлеңкесі түскен жерге сал, өте үлкен де етпе, тіптен кішкентай да жасама. Және бұл Қағбаның тастарын бес таудың тасынан тұрғыз. Бірінші Хира тауынан жаса, қалғанын Тур Сина тауынан және Лубнан тауынан, сондай-ақ Жуди тауынан жаса. Хәжәрул әсуад жеріне жеткен уақытта Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) жұмақтан бір ақ тас алып келіп, Ибраһимға (Алланың оған сәлемі болсын): «Мына тасты Қағбаның бұрышына қой, бұл тас құрметті тас, мұның ішінде келісім шарт бар», – деп айтты. Ибраһим пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Жебірейілдің айтқанындай бұрышына қойды. Жаһилиет дәуірінде хайыз әуретгілер мен өте күнәһар адамдар қолдарын тигізгеннен кейін ақ тас қап-қара болды делінеді. Ибраһим (Алланың оған сәлемі болсын) қалайтын, Исмайыл пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) (тасты) беріп тұратын, Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) және басқа алты періште көмектесетін. Қағба біткен уақытта Хақ Тағаланың жарлығымен «Қағбаға зиярат етіндер!», – деді. Ибраһим пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Бұл жерде ешкім де жоқ, кімге айтайын?», – деп еді, Хақ Тағаладан: «Ей, Ибраһим, сенен дауыстап шақыру, бізден сол мұсылмандардың жандарына жеткізу», – деді. Ибраһим пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Әбу Құбайыш тауына шығып: «Ей, Тәһрінің құлдары, Хақ Тағаланың әмірімен үй тұрғыздым. Келіндер, мына Хақ Тағаланың үйіне зиярат қылындар!», – деп жар салып еді, Хақ Тағала Ибраһимның (Алланың оған сәлемі болсын) дауысын әруақтарға естіртті. Әруақтардың біразы көп қабылдады. Бүгінде хажылар «Ләббәйкә, Аллаһуммә» деп киімдерін шешіп, шашын алып тәлбие айтып қабылдаса, Ибраһим пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) Хақ Тағала жарлығымен шақырғанын қабылдауы деп жауап беріледі. Және кейбіреулер бір қате қылса, енді біреулер көп қате жасайды, сол да әруақ қабылдаған мөлшерінде деп айтылады.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) киімін шешіп, шашын алдыртып, ихрам киіп «Ләббәйк, Аллаһумма» дегенінде, барша сахабалар да ихрам да киді, тәлбие де айтты, Қағбаға қарай жол тартты. Қағбаға жақын келген уақытта Мұхаммед қалың әскермен келе жатыр деген хабар Мекке кәпірлеріне, Құрайыштарға жетті. Халид ибн Уәлид сол уақытта иман келтірмеген еді. Ол және Әбу Жәһілдің ұлы Икрима, тағы бірі Сухәйл үшеуі әскер бастап шықты. Меккенің үлкені болғаны Әбу Суфийан сауда үшін Шамға кетіп еді. Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) жақын келіп тұрған уақытта пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) біреуді жіберіп: «Біз соғыс үшін келген жоқпыз, қайта Қағбаны зиярат үшін келдік. Егер рұқсат берсеңдер Қағбаны зиярат етіп, құрбандық шалайық», – деп еді олар: «Бұл жолдан рұқсат бермейміз, егер Қағбаны зияратқа келген болсаңдар, келер жылы зиярат етіндер. Бұл жолы рұқсат жоқ», – деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) жарандарымен кеңесіп еді, барша сахабалар: «Ей, Алланың елшісі, соғысайық! Осы жерге дейін келдік, енді қайтатын болсақ, масқара боламыз», – деді. Осы уақытта бесін уақыты болды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Біләлға намазға азан шақыр деді. Біләл азан айтқан уақытта пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) имамдық етті, барша сахабалар ұйыды. Халид ибн Уәлид, Икрима және Сухәйл бастаған Мекке кәпірлері қарап тұр еді. Халид ибн Уәлид: «Ей, Икрима, бұлар осы намазда тұрған уақытта бәрін қырып тастасақ қалай болады?», – деп еді, Икрима: «Бұл намаздарынан кейін келесі бір намазы бар. Біз және барша жарандарға хабар берейік, бәріміз жиналып бірден шабуыл жасап қырып тастайық», – деп екінтіге дейін сөз байласты. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) түсіп, Хақ Тағаланың әмірін жеткізіп: «Ей, Мұхаммед, егер әскермен намаз оқитын болсаң, халықты екі топқа бөл. Бір топты дұшпанға қарсы қой, тағы бір топпен бір рақағат намаз оқы. Және бір рақағат намаз қылған топ дұшпанға қарсы барсын. Сол намаз оқымаған топ келіп сенімен бір рақағат намаз оқысын. Сен сәлем бер! Және мына топ барып дұшпанға қарсы тұрсын. Алғашқы топ келсін, олар да бір рақағат намаз қырағатсыз оқысын және сәлем берсін. Және олар жауға қарсы барсын, басқа топ келіп бір рақағатын қырағатпен бітірсін», – деген жарлық келіп еді, екінті намазын солай оқыды. Кәпірлердің жаңағы қулығы іске аспай қалды. Содан кейін пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) ертесіне қозғалып, Худайбие деген жерге жеткен кезде түйесі шөкті, еш жүрмеді. Сахабалар қаншалықты әрекет жасаса да, бәрібір тұрмады. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, жарандар, бұл түйенің мұндай әдеті жоқ еді, алайда Әбраһаның пілін шөктірген Тәңрі Тағала мұны да шөктірді. Баруға рұқсат жоқ», – деді де өзі түйеден түсіп: «Сендер де осы жерде қонындар!», – деп жарлық берді.

Ибн Аббас (Алла одан разы болсын) айтады: Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) түйесі шөкпегенде еді, Әбраһаның пілін шөктірген Тәңрі Тағала бұл түйені (де) шөктірді дегеннің мағынасы мынау...

Йемен елінің Нажаши деген патшасы бар еді. Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) үлкен атасы Әбді Мүтәліп уақытында, пайғамбардың дүниеге келуінен қырық жыл бұрын болатын. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) заманында мұсылман болған Нажашидың бұл үлкен атасы Нажаши еді. Және Йемен жұртында Сан`а деген ел бар еді. Сол елге Әбраһа деген адамды әкім қылып еді. Сол Әбраһа Нажаши патшаға келіп: «Меккеде бір үй бар, оны Қағба дейді. Сол үйді Ибраһим пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) салғызған деп айтылады. Сол жерге арабы бар, басқасы бар баршасы әр жылы келіп зиярат жасайды, тауаф етеді және түйе, қой, сиырды құрбандыққа шалып, сонда тұрған дәруіш, міскіндірге береді. Сіздің рұқсатыңызбен мен де осы Сан`а елінде бір үй салғызсам және барша халыққа жар салғызсам, жылда сол үйге зиярат жасаса қалай болады?», – деді.

Нажаши патша: «Жаксы ұсыныс, солай жаса!», – деп рұқсатын берді. Бұл Әбраһа және өте көп мал шығындап бір үлкен ғимарат тұрғызды да оны Қулайыс деп атады. Және елден-елге жаршы шақыртып: «Бұл үйге жылда бір рет зиярат қылындар! Егер зиярат қылмасандар, сендерге көп жәбір көрсетеміз», – деп үгіт-насихат жасады. Меккеден қайтқандар сауда ниетімен сол Қулайысқа барып, қонды. Қайтар уақытында Кинана тайпасынан бір адам Қулайыстың ішіне кіріп, дәрет сындырды. Солай шығып, кетіп қалды. Ертесіне Қулайыстың іші нәжіс болғанын көрді. Бұл хабарды Әбраһаға жеткізіп еді, Әбраһа қатты ашуланды. Тағы: «Мен барып олардың Қағбаларын тас-талқан етпесем, ер ұлы болмай кетейін», – деп ант ішті. Тағы бір жолы (бір) араб сауда ниетімен келді. Қулайыстың қасына қонып, от жакты, (ертесіне) жүріп кетті. Жел отты Қулайысқа тигізді. Сол үлкен ғимараттың бәрі құлады. Бұл сөзді Әбраһа естіген уақытта қатты ашуланып, Нажаши патшаға хабар жеткізді. Және Меккені талқандау, Қағбаны қирату мақсатымен өзіне әскер беруін сұрады. Ол әскер берді. Сол әскердің ішінде мың піл бар еді. Сол пілдердің ішінде Махмуд деген үлкен піл бар еді. Сол пілге тақ орнатып, соған Әбраһа отырды. Меккеге жақындаған уақытта Меккенің үлкені Әбді Мүтәліп болатын. Оның түйелері далада жайылатын. Әскер келіп екі жүз түйені алды. Түйешісі «Йә, сәбәһәһ» деп Меккеге келді. Мекке халқы қорықты. Әбді Мүтәліп Меккенің ұлықтарымен бірге шығып, Әбраһаға келді.

Әбраһа: «Сендер еш қорықпандар! Мен сендерді өлтіру үшін немесе соғысу үшін келген жоқпын. Алайда мына Қағбаны қирату үшін келдім», – деді.

Әбді Мүтәліп: «Олай болса, сіздің әскеріңіз менің екі жүз түйемді алыпты. Сол түйелерімді өзіме қайтарып беріңіз», – деді.

Әбраһа: «Мен сені менен Қағбаны (киратпауды) сұрайтын шығар деп күтіп едім. Сен мына Қағбаны сұрамастан, түйелеріңді сұрап жатырсын», – деді.

Әбді Мүтәліп: «Мына түйелер менің мүлкім, сол үшін де өз мүлкімді талап етіп жатырмын. (Ал) Қағба менің мүлкім емес, оның егесі, кожайыны бар, сол біледі. Қаласа сақтайды, қаламаса сақтамайды», – деді.

Әбраһа әмір берді, Әбді Мүтәліптің түйелерін қайтарып берді. Әбді Мүтәліп шығып, Қағбаның есігіне келіп: «Ей, Бар Құдай, мына үйінді дұшпан жағу үшін келіп тұр. Мына таза үйінді дұшпандардан сақта, дұшпандарды мына харамыңа (Қағбаға) кіргізбе, Сен оларды опат қыл!», – деп дұға етті.

Әбраһа Қағбаға жақындамақшы болған уақытта баяғы Махмуд деген пілі шөкті. Еш тұрмады. (Егер) Йемен жаққа қарай бұрса, тұратын, жүретін, алайда Қағбаға қарай бұрса, шөгіп, жүрмейтін. Осы сәтте қарап еді аспанда бір топ құс ұша бастады. Ондай құстарды (осы уақытқа) дейін көрмеп еді. Ақ құс еді, үлкендігі қарлығаштай еді. Әрбір құстың тұмсығында бір тас бар еді және екі аяғында йасмуқтан үлкендеу, ноқаттан кішілеу екі тас бар еді. Бұл құстар әскерге бетпе-бет келген уақытта олар жаңағы тастарды ата бастады, әр тас бір адамның басына тиіп, маңдайынан бірақ шықты. Осылайша барлық әскер опат болды, тек бір адамға ғана, Нажаши патшаның уәзірі Әбу Йәксумге ғана тас тимеді. Ол қашты. Нажаши патша жаққа бара жатты. Оның үстінде жаңағы құстардан бір құс ұшып жүрді. Әбу Йәксум Нажаши патшаның қасына келген уақытта ол әскердің жағдайын толық айтып берді.

Нажаши патша: «Ол құстың үлкендігі қандай?», – деп сұрап еді, сол уақытта бір құс үйдің түңлігінен ішке ұшып кірді.

Әбу Йәксум: «Сол құс мынау», – деді. Ол аяғындағы таспен Әбу Йәксумді ұрды. Әбу Йәксум сол сәтте қайтыс болды. Хақ Тағала Әбу Йәксумді әскермен бірге опат етпеген себебі – Әбу Йәксум Нажаши патшаға хабар берсін деп еді. Тәңрі Тағала пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) бұл туралы хабар беріп жарылқады. (Алланың сөзі):

الم تراكى ففعل ريك باصحاب الفيل (105;1)

Мағынасы мынау: «Ей, Мұхаммед, Жаратушың піл иелеріне не істегенін білмедің бе?»,

الم يجعل كيدهم فى تضليل

«Ей, Мұхаммед, Жаратушың олардың кеуделерін, айлаларын босқа жібергенін көрмедің бе?»,

و ارسل عليهم طيرا ابابيل

«Ей, Мұхаммед, Жаратушың піл иелеріне бір топ құс жіберді»,

ترميمهم بحجارة من سجيل

«Бұл құстар онда аттары жазылған тастарды бұл кәпірлерге қарата ататын еді»,

فجعلهم كعصفٍ مأكول

«Тәңрі Тағала ол кәпірлерді орылған егіннің ұсақ жапырағындай опат етті».

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) сахабаларға Худайбиеде менін түйемді шөктірген, жатқызған пілді шөктірген сол Тәңрі деп хабар бергенінде осыны меңзеп еді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) жарандарына қонындар деп жарлық беріп еді, барша сахаба қонды. Ол жерде су аз еді, оны ішті. Күн де ыстық еді, шөлдеді. Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) келіп: «Ей, Алланың елшісі, күн ыстық. Біз де шөлдедік, жануарлар да шөлдеді», – деп еді, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) су сұрап еді, алып келді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) сол сумен жуынды, дәрет алды. Тағы бір риуаятта саусақтарының арасынан су шықты делінеді. Және ол дәрет алған суды құдыққа төгетін. Барша ағзасы суды құдыққа төккен уақытта жанағы құдықтың суы тасып, аузынан асып кетті. Барша халық ішті, барлық жануарлар ішіп, қанды. Тағы құдық су солай (сол қалпы) еді.

Содан пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) жарандарымен бірге бірнеше күн Худайбиеде қалды. Меккеден Урфа деген біреу келіп: «Ей, Мұхаммед, мына Меккенің үлкендері ақылдасып, бұл жылы саған Қағбаны зиярат етуге бермейміз деп жатыр. Сенің ойың қалай?», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Біз соғысу үшін келген жоқпыз, Қағбаны зиярат ету үшін келдік. Егер бізге рұқсат бермесе, соғысамыз», – деді.

Урфа еш нәрсе демеді. Жарандарына қарап еді, олардың пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) қандай іске бұйырса да, олардың сол іске жан-тәнімен дайын тұрғанын байқады. Егер пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) түкірсе, алақандарын тұтып, түкірігін жерге түсірмейді, қайсы бірінің аяғына түссе, бетіне сүртеді. Егер жуынатын болса, сол жуынған суды бір-бірімен таласып алып ішетін және беттеріне жағып, теберік ететін. Егер сөйлесе, бәрі тік тұрып тыңдайтын, еш сөз сөйлемейтін.

Әбу Ханифа мәзһабында жуынған су бір жерге жиналса, оны мустағмал дейді. Ол су нәжіс есептеледі. Себебі пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Бір мұсылман немесе муәххид бір намаз уақытында дәрет алса және парыз намазын оқыса және келесі бір намазға дейін әр бір ағзасынан бірер күнә (айып) келсе, ол дәрет алған уақытта жанағы дәрет суы сол ағзадан келген күнәні кетіреді. Күнә нәжіс болады, ал сол күнәні кетірген су да нәжіс», – деген.

Әбу Ханифа (Алланың оған мейірімі болсын): «Бұл сөз үмметтерге қатысты. Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) қатысты емес, себебі пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) күнәсі жоқ еді, дәрет алған суы

да таза. Сондықтан да сахабалар теберік ретінде ішетін және беттеріне сүртетін еді», – деп айтты.

Урфа пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) бұл жағдайын көргеннен кейін қатты аң-тан қалды. Барып, Меккенің үлкендеріне бұл көрген жағдайының бәрін айтып берді. Және: «Мен Парсы елінің патшасы Кәсра патшаны көрдім, және Йемен патшасы Нажаши патшаны көрдім және Рум патшасы Херкул патшаны көрдім, алайда мен мұндай өз патшасына қатты еріп, сол патшасы үшін жан-тәнін аямайтын қауымды ешқашан да көрген жоқпын. Уаллаһ(и), бұл Мұхаммед патша емес, сөз жоқ пайғамбар. Келіндер, оның артынан ерейік және оның дініне кірейік!», – деп еді, барша Мекке ұлықтары жан ұшырып, оған қатты сөздер айтып, тоқтатып еді, ол үнсіз қалды.

Содан кейін Сухәйлді жіберді. Сухәйл келді. Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) сахабаларымен бірге отырғанын көрді. Аббад деген сахаба мен Сәлім деген сахаба пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) артында қару асынып тұр екен. Сухәйл: «Ей, Мұхаммед, бұл жылы Меккеге кіруге рұқсат жоқ, арамызда он жылға дейін соғыс болмасын, бейбітшілік болсын деген шартпен келесі жылы рұқсат берейік», – деп еді, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) разы болды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) бейбітшілікке разы болып еді, Омар (Алла одан разы болсын) сабыр сақтай алмастан атып тұрып: «Ей, Алланың елшісі, біз мұсылманбыз, олар мүшріктер. Біз осынша жер жүріп келіп Қағбаны көрместен қайтқанымыз біз үшін қорлықпен пара-пар», – деді.

Ол (пайғамбар): «Ей, Омар, мен Тәңрі Тағаланың құлымын және елшісімін. Хақ Тағала қандай жарлық берсе де, содан шығалмаймын. Және Тәңрі Тағала мені зая жібермес», – деді. (Омар) тынышталды. Содан кейін Омар (Алла одан разы болсын) бұл сөзді Әбу Бәкірге айтты. Әбу Бәкір: «Ей, Омар, пайғамбардың айтқанын қыл, яғни қызметінде бол, мұндай сөз айтпа! Мұхаммедтің Тәңрі Тағаланың Хақ елшісі және қандай іске әмір етілген болса, сол іс те хақ, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Хақ Тағаланың жарлығына қайшы іс қылмайтынына мен куәлік беремін», – деді. Омар тынышталды. Содан кейін көп өкінді, жаңағы сөзді айтқанына тәубе қылды және Алладан кешірім сұрап, құл азат етті, көп оразалар ұстады.

Содан кейін пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Аус деген сахабаға: «Ей, Аус, бейбітшілік келісімін жаз!», – деді.

Аус: «Қалайын жазайын, ей, Алланың елшісі?», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Бисмилләһир рахмәнир рахим» деп жаз!», – деді.

Сухәйл: «Біз «әр-Рахмәнді» білмейміз, салтымызша «Бисмикәллаһуммә» деп жазсын», – деп еді, бұл сөз мұсылмандарға ауыр тиді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Аус, «Бисмикәллаһуммә» деп жаз!», – деді. Аус солай жазды.

Және Аус: «Енді не жазайын?», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Тәңрінің елшісі Мұхаммед Мекке халқымен бейбітшілік түзді деп», – деді.

Сухәйл: «Ей, Мұхаммед, егер біз сені Тәңрінің елшісі деп білсек, сенімен мұндай істер жасайтын ба едік, саған қарсы шығатын ба едік? Әкеңнің атынан қалайша бас тартасың? «Мұхаммед ибн Абдулла» деп жазсын», – деді. Бұл сөз де сахабаларға ауыр тиді. (Олар) сабыр сактай алмастан: «Ей, Алланың елшісі, келіспейміз, «Алланың елшісі» деп жазсын», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Мен Мұхаммед Алланың елшісімін әрі мен Абдулланың ұлы Мұхаммедпін, зиян болмас, «Мұхаммед ибн Абдулла» деп жаза берсін», – деді. Сахабалар үнсіздік сактады. Келісім шарт жазылып біткен кезде Омар (Алла одан разы болсын): «Ей, Алланың елшісі, сіз Меккеге кіреміз, тауаф етеміз, Қағбаның кілтін аламыз деп түс көрдім деп айтып едініз. Енді Меккеге кірместен қалай қайтамыз?», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Омар, Хақ Тағала бұйырса, келер жылы Меккеге кіреміз және қашан Хақ Тағала көмектессе Меккеге кіріп, Қағбаның кілтін аламыз, иншаллаһу тә’әлә (Алла Тағала қаласа)», – деді де жарандарына (қарап): «Басын жұлған, құрбанын бауыздаған, киімін киген және Мединеге қарай қайтқан құлға Тәңрі Тағаланың мейірім болсын», – деп еді барша сахабалар бастарын жуды, кейбіреулер пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) рұқсатымен шаштарының ұшын қысқартты және түйелерін құрбандыққа шалды, киімдерін киді, осылайша Худайбиеде жиырма күн тұрғаннан кейін Меккеге қайтты. Екінші жылы баяғыдай дайындалды, Қағбаға тауаф етті, былтырғы қажылықтың қазасы деп ниет етті. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Меккеге тауаф ету үшін кірген кезде Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) түсіп: «Ей, Алланың елшісі, мына кәпірлер сізді әлсіз деп ойламасын, тауаф қылғаныңызда рәміл жасаңыз!», – деді. Яғни палуандардай екі саптың арасында өзін жауға мықты көрсетіп жүрсін деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) жарандарына: «Тауаф кезінде өзін берік көрсете білгенге Тәңрі Тағала мейірім етсін», – деді. Ридасынан оң қолын шығарып, иықтарын ашып, тауаф ете бастап еді, барша сахабалар да солай тауаф етті. Бүгінгі дейін сол сүннет болып қалды.

Содан кейін пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) сахабалармен бірге Мединеге қайта келіп, Мединеде бірнеше жыл тұрды. Көптеген адам мұсылман болды, әскер жиналды. Хақ Тағаланың жарлығымен Хайбар деген жерге барды. Хақ Тағала көмек беріп, Хайбарды алды. Және Фәдәк деген жерге барды, оны

да алды. Тағы Муғта деген жерге барды. Хак Тағала көмектесіп, оны да алды. Содан кейін Меккеге мұсылмандар сауда жолымен барды. Мекке кәпірлері сол мұсылмандардың біразын өлтіріп, малдарын тартып алды. Қалған жартысы Мединеге қашып келді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) қайғырды және қандай хабармен келеді екен деп Жәбірейілді (Алланың оған сәлемі болсын) күтумен болды. Сол кезде Меккенің бегі Әбу Суфийан келіп, Умми Хәбибәнің (Алла одан разы болсын) алдына кірді. Умми Хәбибә Әбу Суфийанның қызы еді. (Ол) пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) әйелі болатын. Әбу Суфийан пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) отырған жерге отырайын деп еді, Умми Хәбибә рұқсат бермеді. Әбу Суфийан: «Ей, қызым, менің мына жерге отырудан неге қайтардың?», – деді.

Умми Хәбибә (Алла одан разы болсын): «Бұл жер пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) отыратын жері, мына төсек соның төсегі. Сен мүшіріксін, (сол үшін де) саған пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) қасында отыруға болмайды», – деді.

Әбу Суфийан шығып, пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) қасына барды да: «Бейбітшілікті бір таза қылайық (жаңартайық)! Біздің адамдар мен сенің жарандарың әдепсіздік қылмасын, бейбітшілік келісімін бұзбасын. Біздің хабарымыз болмады. Енді қайта жаңа келісім жасасақ бола ма?», – деп еді, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) еш жауап қатпады. (Әбу Суфийан) шығып, Әбу Бәкірге барды. Одан да пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) айтсаңыз болар еді деп өтінді. Ол да ешнәрсе деп айтпап еді, (сонда мына) аят түсті. (Алланың сөзі):

يا ايها النبي اتق الله ولا تطع الكافرين والمنافقين (33:1)

Мағынасы мынау: «Ей, пайғамбар, Тәңірден қорық және кәпірлерге мен мұнапықтарға бой берме!».

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Айшаның (Алла одан разы болсын) қасына келіп: «Ей, Айша, әскер дайындығын жаса, қаруларымды дайында!», – деді де, Әбу Бәкірге: «Барша сахаба ұрысқа дайындалсын!», – деді. (Алайда) пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) қай жаққа барарын білмеді. Әскер дайын болған уақытта әскерді жасақтады. Он екі мың ер дайын болды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) жарандарға: «Маған Меккеге бару туралы жарлық келді», – деді. Сахабалардың бәрі қуанды.

Хатиб деген сахаба бір әйелге хат беріп тұрып: «Сен мына хатты жасырып Меккеге барғын да, Мекке халқына: «Пайғамбар жолға шықты, он мың адаммен сендерге келе жатыр», – деп айт», – деді. Жаңағы әйел хатты алып бара жатты. Жәбірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) түсіп: «Ей, Алланың елшісі, Хатиб Мекке халқына хабар жеткізсін деп бір әйелден хат беріп жіберді. Адам жібер,

сол хатты алып келсін», – деді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Әли мен Зубәйрді (Алла олардан разы болсын) жіберді. Олар сол әйелге барып айтты. Және хатты беруін сұрады. Ол әйел бас тартты. Әли (Алла одан разы болсын) қылышын шығарып: «Хатты шығар немесе сені өлтіремін», – деп еді, әйел шашының арасынан хатты шығарып берді.

Хатты алып келген кезде пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Неге бұлай жасадың?», – деді Хатибқа.

Хатиб: «Ей, Алланың елшісі, мен мұсылман болғалы бері кәпірлік (іс) жасамадым, (сізге) ықылас қойғаннан кейін мұнапық болмадым. Алайда Меккеде туған-туыстарым бар, оның үстіне сіз көп әскермен бара жатырсыз, оларға бір жамандық келмесін деп жібердім», – деді.

Омар (Алла одан разы болсын): «Ей, Алланың елшісі, маған рұқсат беріңіз, мына мұнапықтың басын қылышпен кесіп алайын», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Омар, мына Хатиб Бәдір соғысына дайын болды. Хақ Тағала Бәдір соғысына қатысқан сахабаны жарылқаған болса, өмірінде қандай күнә жасаса да, баршасын кешірген болса, (сен) не білесің?», – деді. Омар (Алла одан разы болсын) тынышталды.

Содан кейін пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Меккенің сыртына келген уақытта (кәпірлерге) хабар жетті. Дайындалуға мұршалары да болмады. Әбу Суфийан пайғамбардың алдынан шығып еді, Аббасты көрді. Аббас (Алла одан разы болсын): «Ей, Әбу Суфийан, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) он мың ермен келді. Қарсы тұруға әскерің жоқ. Саған айтар ақылым, мұсылман бол немесе өлесін», – деп еді, Әбу Суфийан: «Солай жасайын», – деді. Аббас (Алла одан разы болсын) Әбу Суфийанды пайғамбарға алып барды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Әбу Суфийанға қарап еді, Әбу Суфийан: «*اشهد أن لا اله الا الله و اشهد أن محمداً عبده و رسوله*» («Алладан басқа тәңрі жоқ екендігіне және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік беремін») деп, мұсылман болды.

Аббас (Алла одан разы болсын): «Ей, Алланың елшісі, мына Әбу Суфийан қайын атаңыз әрі Меккенің бегі. Бұған құрмет көрсет!», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Кімде-кім Әбу Суфийанның үйіне кірсе, менің қылышымнан аман болсын!», – деді.

Аббас (Алла одан разы болсын): «Ей, Алланың елшісі, тағы да құрмет көрсетіңіз!», – деді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Кімде-кім есігін байлап үйінде отырса, менің қылышымнан аман қалады!», – деді.

Әбу Суфийан атына мініп, шауып барып Меккеге кірді де: «Ей, Мекке халқы, қазір Мұхаммед он мың ермен келді, бәрі қарулы жандар, ешкімнің де (оларға)

қарсы тұруға шамасы жоқ. Қазір мен мұсылман болдым, қылыштан құтылдым, кімде-кім қылыштан құтылуды қаласа, мұсылман болсын немесе есігін жауып, үйінен шықпасын. Олай болмаған күнде опат болады», – деп Мекке халқына жар салды. Мекке кәпірлерінің бәрі қорықты, кейбірі елден қашып шықты, біразы мұсылман болды.

Содан кейін пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Аббасты шақырып: «Ей, немере ағам, Әбу Суфийанды бір ашық жерде ұста, мына әскердің құдіретін көрсін, осынша халықтың Исламға кіргенін көрсін және басқаларға жеткізсін. Мекке кәпірлері мені өлтірмекші болып еді. Әбу Бәкірмен бірге Меккеден қиналып, қорлық көріп, әрең дегенде қашып шығып едік. Енді Меккеге үлкен әскермен, атақ-абыроймен кіргелі тұрмыз. Ізет пен құрмет берген Тәңрі Тағала, азап пен қорлық берген де Тәңрі Тағала екенін барша халайық білсін. (Алла) хабар беріп жарылқады, (Алланың сөзі):

قل اللهم مالك الملك تؤتي الملك من و تشاء و تنزع الملك ممن تشاء و تعز من تشاء و تذلل و من تشاء بيدك الخير انك على كل شئى ء قدير (3;26)

Мағынасы мынау: «Айт, ей, Мұхаммед: Ей, Бар Құдай, мүліктің иесі Тәңрі Сенсің!

«Кімге қаласаң мүлік бересің»,

تؤتى الملك من و تشاء

«Және қаласаң біреуден мүлікті аларсың»,

و تنزع الملك ممن تشاء

«Және қаласаң біреуді құрметтейсің»,

و تعز من تشاء

«Және қаласаң біреуді қор етесің»,

و تذلل و من تشاء

«Игілік Сенің қолыңда»,

بيدك الخير

«Ей, Бар Құдай, Сенің барлық нәрсеге құдіретің жетеді».

انك على كل شئى ء قدير

Аббас (Алла одан разы болсын) Әбу Суфийанды бір жерге отырғызды. Әр тайпа өткен сайын Әбу Суфийан: «Мынау кімнің тайпасы?», – деп сұрайтын.

Аббас (Алла одан разы болсын): «Бұл пәлен (деген) тайпа», – деп айтатын.

Содан кейін бір үлкен топ көрінді. Қасында әскер өте көп еді, муһажір мен ансар төрт мың еді, бәрі қаруланған болатын. Пайғамбардың қасында жүретін. Әбу Суфийан: «Ей, Аббас, мына топ – қай топ? Соншалықты қауырт жүретін мынау кімнің тайпасы?», – деді.

Аббас (Алла одан разы болсын): «Бұл Мұхаммед Алла елшісі», – деді.

Әбу Суфийан: «Ей, Аббас, бауырыңның ұлы қалайша ұлық патша болды?», – деді.

Аббас: «Ей, Әбу Суфийан, патша деме, пайғамбар де!», – деді.

Содан соң пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) осы үлкен әскермен Меккеге кірді. Қағбаға барып, Қағбаның кілтін алды.

Тағы бір риуаятта пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) туралы былайша баяндалады: Пайғамбар Әли екеуі Қағбаға келді. Пайғамбар: «Ей, Әли, аяғыңды үзеңгіге қой да, барып мына есікті аш!», – деп еді, Әлидің көңіліне «Мен пайғамбардан күштірекпін» деген ой келді.

Пайғамбар: «Ей, Әли, түс, сен менен күштірексің», – деді. Әли түсті. Пайғамбар бір аяғын қойып еді, Әлидің мұрнынан қан кетті. Әли: «Тәубе қылдым», – деді. Қағбаны ашқызды. Қағбаның ішінде пұттар бар еді, баршасын шығарды және Қағбада төрт ракағат намаз оқып, мына аятты оқыды. (Алланың сөзі):

وَقُلْ جَاءَ الْحَقُّ وَزَهَقَ الْبَاطِلُ إِنَّ الْبَاطِلَ كَانَ زَهُوقًا (27;8)

Мағынасы мынау: «Айт, ей, Мұхаммед, хақ дін келді, жалған діндер опат болды, расында жалған опат болады».

Содан кейін Қағбаның есігіне шықты. Қараса, Меккенің ұлықтары қол көтеріп қызмет еткелі тұр екен. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын):

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي صَدَقَ وَعْدُهُ وَنَصَرَ عَبْدَهُ وَهَزَمَ الْأَحْزَابَ وَحْدَهُ وَلَا سِيَّ بَعْدَهُ

Мағынасы мынау: «Тәңрі Тағала Бір және Бар. Оның серігі жоқ. Уәдесін шындыққа айналдырған, құлына көмектескен және барша кәсірлерді жалғыз жеңген Тәңріге мақтау мен мадақ болсын! Одан кейін ешкім жоқ, баршаның басы, баршадан кейін де Ол қалады», – деді.

Содан соң: «Ей, Құрайыш қауымы, ей, Мекке халқы, сендердің жәһилиет дәуіріндегі ұлықтарыңызды Хақ Тағала жойды және малдарыңызды менің аяғымның астына тастады. Хақ Тағала барша адамды Адам атамыз бен Хауа анамыздан жаратты, Адам пайғамбарды топырақтан жаратты», – деді де мына аятты оқыды: (Алланың сөзі):

يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّا خَلَقْنَاكُمْ مِنْ ذَكَرٍ وَإُنْثَىٰ وَجَعَلْنَاكُمْ شُعُوبًا وَقَبَائِلَ لِتَعَارَفُوا إِنَّ أَكْرَمَكُمْ عِنْدَ اللَّهِ أَتْقَىٰكُمْ إِنَّ اللَّهَ عَلِيمٌ حَبِيرٌ (49;13)

Мағынасы мынау: Тәңрі Тағала айтады: «Ей, халайық, Мен сендерді Адам және Хауадан жараттым және сендерді бір-бірлеріңді білсін деп үлкен тайпа және кіші тайпа жасадым. Расында сендердің іштеріңде Тәңрі алдында құрметтілерің Тәңріден қорыққандарың. Расында Тәңрі Тағала сендердің ахуалдарыңызды және сырларыңызды біледі».

Содан кейін (пайғамбар): «Ей, Мекке халқы, сендердің сезіктілерің (айыптыларың) маған қалайсыңдар? Мен сендерге не қылады деп ойлайсыңдар?», – деді. «Ей, Мұхаммед, сен жомартсың әрі жомарттың ұрпағысың. Біз саған көп қателер жасадық. Енді Хақ сені құрметтеді, бізге не қылсаң да өз ер-

кің», – деп міскіндік танытты олар. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мекке халқы, мен сендерге Жүсіп пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) бауырларына айтқанды айтамын. Бауырлары Жүсіп пайғамбарды (Алланың оған сәлемі болсын) әкесіне өтірік сөз айтып, жапан далаға алып шықты да, оған көп жәбір көрсетті. Кейін құдыққа тастады. Содан керуендегілер су алуға келіп Жүсіп пайғамбарды құдықтан шығарып еді, бауырлары және: «Бұл біздің өтірікші құлымыз», – деп оны керуендегілердің біріне сатты. Хақ Тағала Жүсіп пайғамбарға патшалықты нәсіп қылғаннан кейін бауырлары аштықтан жалынып Жүсіп пайғамбарға барды. Жүсіп пайғамбар оларға өзін танытты, олар қатты қысылды. Жүсіп пайғамбар оларға: «Ей, бауырларым, қысылмандар! Сол күні сендер маған не жасасандар да, мен кешірдім. Хақ Тағала сендерге де мейірім етсін!», – дегеніндей, мен де, ей, Мекке халқы, сендерді кешірдім», – деді. Уәс-сәләм (Амандықпен).

Жетінші бөлім Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) миғражы туралы баяндалады

Имам Бағауи (Алланың оған мейірімі болсын) «Мәсабих» деген кітабында мына хадисті келтіріпті. Сол хадис мынау:

عن انس بن مالك رضي الله عنه ان النبي صلى الله عليه وسلم أتى بالبراق ليلة أسري به ملجماً مسرجاً فاستصعب عليه فقال له جبرئيل أبعثك تفعل هذا فما ركبك احد اكرم على الله تعالى منه فارفضى عدقا

Хадистің мағынасы мынау: Анас ибн Мәлік риуаят етеді: «Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) миғраж түні Жебірейіл Пырақ алып келді. Жүген салынды, ер салынды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Пыраққа мінбекші болып еді, пырақ асаулық танытты. Жебірейіл: «Ей, Пырақ, Мұхаммедке асаулық танытып тұрсың ба? Хақ Тағаланың қасында саған Мұхаммедтен құрметті, Мұхаммедтен ардақты ешкім де мінбеген», – деп еді, Пырақ жуассыды да тері аға бастады.

Мәлік деген сахаба Әлидің (Алла одан разы болсын) қарындасы Умми Ханиден риуаят етеді: Умми Хани айтады: «Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) бір түні бізге қонақ болды. Жолдасым Хубайра да дайын еді. Таң атқанда пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Умми Хани, мен саған бір ғажап хикая айтып берейін бе?», – деді. Мен: «Ей, Алланың елшісі, айтып беріңіз!», – дедім. Пайғамбар (ғ.с): «Осы түні Жебірейіл мен Микәйіл келді, (өздерімен) бір жануар алып келді. Ол жануардың аты Пырақ еді. Қашырдан кішірек, есектен үлкендеу, жүзі адамның жүзі секілді, құйрығы мен тұяғы інгеннің құйрығы мен

тұяғына ұқсайды. Егер жерде (мініп) жүрмекші болсам, бір адымын мұнда басса, екінші адымы көз ұшы жететін жерді басады. Егер жоғары жаққа баруды қаласам, аспанда құстай ұшады. Реңі ақ түсті. Біз үшеуміз Бәйтул Мұқадасқа бардық. Мешіт Ақсаға кіріп едік, барша пайғамбарлардың сонда тұрғанын көрдім. (Олар) маған: «Ей, Мұхаммед, сен имамдық ет, біз баршамыз саған ұйыйық!», – деді. Мен имамдық еттім. Барша пайғамбарлар маған ұйыды.

Содан кейін көкке шықтық. Бірінші қабат көкке жеттік. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, көктің есігін қорушы періштелер, есікті аш!», – деді. Ол періште: «Сен кімсің?», – деді. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Мен, Жебірейілмін және қасымда Алла елшісі Мұхаммед бар», – деп еді, көктің есігін ашып: «Мұхаммедке амандық болсын, келгені қандай жақсы болды!», – деді. Бірінші қабат көкке кіргенімізде бір адамды көрдім. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед, мынау атаң Адам пайғамбар, оған сәлем бер!», – деді. Мен сәлем бердім. Адам пайғамбар жауап беріп: «Игі құлға, пайғамбар ұлға амандық болсын!», – деді. Содан кейін қарасам, Адам пайғамбардың оң жағында бір нәрсені көрдім. Адам пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) оң жағына қарайды да қуанады, күледі, ал сол жағына қарайды да қайғылы болып, жылайды. Мен: «Ей, Жебірейіл, Адам пайғамбардың жасап жатқаны не жағдай?», – дедім. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Адам пайғамбардың оң жағындағы пайғамбарлар мен әулиелер және игі құлдардың әруағы. Соларға қарайды да көңілі шадыман болып, күледі, сол жағындағы кәпірлер мен залымдар, сондай-ақ мүшріктердің әруағы, соларға қарайды да жылайды», – деді.

Одан өтіп, екінші қабат көктің есігіне жеттік. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) екінші қабат көктің есігін қорушы періштелерге айтты, ол да жауап берді. Және көк есігін ашты, біз де кірдік. Қарасам, екі адам бар екен. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед, мына екі адамның бірі – Иса пайғамбар, екіншісі – Йахйа пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын). Екі бауыр ұлдары. Бұларға сәлем бер!», – деді. Мен сәлем бердім. Олар да сәлеміме жауап қайтарып: «Мұхаммедке амандық болсын, бауырымыз игі құлға тағы амандық болсын!», – деді.

Одан да өттік. Үшінші қабат көктің есігіне жеткенімізде Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) есікті қорушы періштеден есікті ашуын сұрап еді, ол періште: «Кімсіздер?», – деді. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) алдыңғыларға айтқанындай жауап берді. Ол да есікті ашып, маған «қош келдіңіз!», – деді. Қарасам, ол жерде сұлулықта теңдесі жоқ бір адам бар екен. Толған айдай жүзі жарқырайды. Мен: «Ей, Жебірейіл, мынау кім?», – дедім. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Ол туысың Жүсіп пайғамбар», –

деді. Мен және сәлем бердім. Ол сәлемімді қабылдап: «Қош келдің, бауырым! Алла елшісі Мұхаммед келеді, біз көреміз деп уәде етіп едік. Сіздің қасиетті жамалыңызды бізге көрсеткен Тәңріге шүкір болсын!», – деді.

Одан да өттік. Және төртінші қабат көктің есігіне жеттік. Есікті қорушы періште алдыңғылардағыдай сұрап еді, Жебірейіл де солай жауап берді. Ол да есікті ашып, «Қош келдіңіздер», – деді. Қарасам, бір ақ сақалды адамды көрдім. Мен: «Ей, Жебірейіл, мынау кім?», – дедім. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Бұл Ыдырыс пайғамбар», – деді. Мен сәлем бердім. Ыдырыс (Алланың оған сәлемі болсын) жауап қайтарып тұрып: «Қош келдің, бауырым Мұхаммед! Осы түні Алла елшісі Мұхаммедті көресіңдер деп уәде етіліп еді. Тәңріге шүкір, қасиетті жамалыңды көрдік», – деді.

Одан да өттік. Бесінші қабат көктің есігіне жеттік. Есікті қорушы періште Жебірейіл алдыңғыдай жауап берді. Ол есікті ашып, «Қош келдіңіздер!», – деді. Қарасам, сақалының жартысы ақ, жартысы қара біреуді көрдім. (Мен): «Ей, Жебірейіл, мынау кім?», – дедім. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Бұл Мұса пайғамбардың бауыры Харун (Алланың оған сәлемі болсын)», – деді. Ол да маған сәлем беріп, «Қош келдің!», – деді. Мен де жауап бердім. Содан кейін Харунның алдында біразының киімі ақ, біразының киімі ала (бір топ) халықты көрдім. Алдында бір арық ағып жатыр. Жаңағы ала киімдегілер бұл арыққа түсіп жуынса, киімі ақ болады. Мен: «Ей, Жебірейіл, мынау қандай қауым?», – дедім. Жебірейіл (ғ.с): «Бұл – Мұса пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) үмметі, Бәни Исрайыл қауымы. Анау ақ киімдегілер иманын зұлымдыққа ауыстырмағандар, (о дүниеде) пәк тірілді, және дүниеде күнәға батпастан, таза шықты. Ал, анау ала киімдегілер иманын зұлымдыққа ауыстырғандар, құлшылықтарын күнәға айырбастады, алайда дүниеден тәубемен өтті», – деді.

Одан (да) өттік. Алтыншы қабат көктің есігіне жеттік. Сол қақпаны қорыған періште алдыңғылардай сұрап еді, Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) солай жауап қайтарды. Ол періште де есікті ашты. Қарасам бір сарай бар екен, сол сарайда денесі түк басқан біреу отыр, қасында көп адамдар отыр. Бұл жерден басқа да пайғамбарларды көрдім, әр қайсысы бір көкте, олардың алдында үмметтері бар екен. Мен: «Ей, Жебірейіл, мынау кім?», – дедім. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Бұл Мұса пайғамбар», – деді. Мұса маған сәлем беріп: «Ей, менің шапағатты бауырым Мұхаммед, қош келдің!», – деді. Жебірейіл маған «Аш!», – деп ишара жасап еді, Мұса пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) жылай бастады.

Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұса, неге жылап тұрсың?», – деді.

Мұса пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Барша пайғамбарлардан менің дәрежем ұлық және үмметім көп деп ойлайтын едім. Мына Мұхаммед менен кейін келсе де, оның дәрежесі менен үлкен және оның үмметі менің үмметімнен көп, тағы оның үмметі менің үмметімнен бұрын жұмаққа кіреді», – деп еді, Хақтан Мұса пайғамбарға: «Ей, Мұса, Мен сені мен үмметіңді Ферғауыннан құтқармадым ба, сені мен үмметіңе дарияны (қак) бөліп, сендерді дариядан аман-есен өткізіп, дұшпандарың Ферғауынды опат етпедім бе және сені «Кәлимім» деп әлемге танытпадым ба. Бергеніме неге шүкір қылмайсың?», – деген уахи келді.

Одан да өттік. Жетінші қабат көктің қақпасына жеттік. Есікті қорушы періште: «Кімсіздер?», – деді. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Мен Жебірейілмін, (мынау) Микәйіл және Алла елшісі Мұхаммед», – деді. Ол періште: «Барша халыққа жіберілген Мұхаммед пе?!», – деді. Жебірейіл мен Микәйіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Ия, сол», – деді. Есікті қорып тұрған жаңағы періште барша періштелерге айқайлап: «Келіндер, Алла елшісі Мұхаммедтің жамалын көріп алыңдар!», – деп еді, барша періштелер жетіп келді. Жетінші қабат көктің есігін ашты. Барша періштелер маған берекелі дұға жасады. Қарасам, бір адам ұлының орны бос тұр екен, барша көктің үсті періштелерге тола екен. Алдыңғы көктер де сондай періштелерге тола болатын.

Одан да өтіп, Бәйтул Мә`мурға жеттік. Қарасам, шашы мен сақалын ақ басқан бір қария зәбәржадтан жасалған мінбер үстінде арқасын Бәйтул Мә`мурға сүйеп отыр екен. Қасында көп халық бар екен. Мен: «Ей, Жебірейіл, бұл кім?», – дедім. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Бұл атаң Ибраһим пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын)», – деді. Барып, сәлем бердім, ол да жауап қайтарып тұрып: «Амандық болсын ұлыма!», – деді. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед, сенің мақамың мен үмметтеріңнің мақамы осы жер», – деді. Содан соң екі түрлі топты көрдім, жартысының киімі қағаздай аппақ, ал қалған жартысының киімі ала екен.

Мен: «Ей, Жебірейіл, мынау халайық кім?», – дедім.

Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед, бұл халайық сенің үмметтерің», – деді де: «Ей, Мұхаммед, саған мынау Бәйтул Мә`мурға кірмекке жарлық болды. Және зиярат ет, (себебі) әр күні бұл Бәйтул Мә`мурды жетпіс мың періште зиярат етеді. Бір күн (рет) зиярат қылған періште екінші күн (екінші рет) зиярат етпейді», – деді. Мен Бәйтул Мә`мурға кірдім. Менің үмметтерімнің ішіндегі ақ киімдегілерге Жебірейіл: «Сендер де пайғамбармен бірге Бәйтул Мә`мурға кіріңдер!», – деп әмір берді. Алайда ала киімдегілерге кіруге жарлық болмады, (сондықтан да) олар кіре алмады.

Содан кейін Сидратул Мунтаһаға жеттік. Сидратул Мунтаһа теңдесі жоқ бір үлкен ағаш екен. Бұтақтарының біразы зәбәржадтан, қалғаны інжуден екен. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед, мынау менің мақамым. Мұның үстіндегі жұмаққа (әлі) ешкімге кіруге рұқсат жоқ. Жер жүзіндегі махлұқаттын ілімі осыған дейін жетеді, (алайда) бұдан аспас, сондықтан да оны Сидратул Мунтаһа дейді. Бұл ағашты Хақ Тағала өз құдіретімен жаратқан. Жапырақтары пілдің құлағына ұқсайды, жемістері Хажар деген елдің сінгектері сияқты. Және бұл ағаштың түбінен төрт бұлақ шығады, әрі төрт арыққа құяды. Екі арық заһир, көрініп ағады, ал екі арық көрінбей ағады. Көрініп ағатын екі арықтың бірі Мысыр шаһарындағы Ніл, екіншісі Куфа шаһарындағы Ефрат. Көрінбей ағатын екі арықтың бірі жұмақта ағатын Сәлсәбил, екіншісі Кәусар әуізіне ағады. (Ол су) оқтан да жылдам ағады, сүттен де аппақ және балдан да тәтті.

Сидратул Мунтаһаға жеткен уақытымда періштелер қарсы алу үшін алдымнан шығып, сәлем берді. Үш тостаған алып келді: бірінің ішінде арақ бар еді, тағы бірінде әсел бар еді, енді бірінің ішінде сүт бар еді. Осы үш тостағанды алдыма тосып еді, мен сүт тостағанды алып іштім. Арақ құйылған тостаған мен әселі бар тостағанды алмап едім, жаңағы періште: «Ей, Мұхаммед, мынау сүтті тостағанды таңдап қандай жақсы істедің! Үмметтерің дүниеде иманмен өтеді және дүниеден өтерде иманмен өтеді», – деді. Мен қуандым. Содан кейін қарасам, Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) өз бейнесіне келіпті. Алты жүз қанатын жайыпты, бір ұшы Шығыста, бір ұшы Батыста екен. Мен: «Ей, Жебірейіл, бұл не бейне?», – деп едім, Жебірейіл: «Бұл менің бейнем, Хақ Тағала мені осы бейнеде жаратыпты», – деді.

Содан кейін Жебірейіл: «Ей, Мұхаммед, құрбат (жақын) мақамына барып, Оған (Аллаға) сәжде қыл!», – деді. Мен құрбат мақамына бардым. Хақ Тағалаға сәжде қылып едім, Хақ Тағаланы көңіліммен көрдім, көзіммен көрмедім. Хақ Тағала бұл туралы хабар берді, (Алланың сөзі):

ما كذب الفؤاد ما رأى (53;11)

Хақ Тағаладан маған уахи келді: «Ей, Мұхаммед, басыңды қалдырып (ііп), маған сәна (мадақ) айт!», – деп уахи келіп еді, (мен) басымды қалдырып (ііп) айттым:

التَهْنِئَاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَاةُ وَالطَّيِّبَاتُ

Мағынасы мынау: Мақтау мен мадақтау, тәспі мен тәһлил секілді тілмен қандай ғибадат жасалса де бәрі Тәңрі үшін; және намаз, ораза және хаж секілді денемен жасалатын құлшылықтың бәрі де, тек Тәңрі үшін; сондай-ақ, зекет, садақа және құрбандық секілді малмен жасалатын құлшылық-ғибадаттың бәрі де Тәңрі үшін», – деп едім, Хақ Тағаладан:

السلام عليك ايها النبي و رحمة الله و بركاته

деген дауыс келді. Яғни, ей, пайғамбар, дүние мен акиретте амандық болсын; соңғы қауіп пен акирет азабынан құтылу саған болсын; Тәңрі Тағаланың мейірімі, берекесі мен игілігі саған болсын!», – деген Хақ Тағаладан үндеу келгеннен кейін мен былай дедім:

السلام علينا و على عباد الله الصالحين

Яғни, «Хақ Тағаланың сәлемі бізге болсын және игі құлдарға болсын!», – деп айтып едім, бұл құрбат (жақындық) дәрежесін, сондай-ақ, бұл мейірімдік пен құрметті көрген барша періштелердің әрбірі:

اشهد أن لا اله الا الله و اشهد أن محمداً عبده و رسوله

яғни, «Тәңрі бір және бар, Одан басқа Тәңрі жоқ екендігіне куәлік береміз және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік береміз», – деді.

Содан кейін Хақ Тағала: «Ей, Мұхаммед, саған түн-күн ішінде (бір тәулікте) елу намаз парыз еттік. Бар, осы елу намазды үмметіңе жүкте!», – деп әмір беріп еді, мен қабылдадым. Мұса пайғамбардың қасына келдім. Мұса (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед, қандай тапсырма алдың?», – деді.

Мен: «Елу намазға», – дедім.

Мұса пайғамбар: «Ей, Мұхаммед, түн-күн (тәулік бойы) елу намаз оқуға үмметіңнің шамасы жетпейді. Мен сенен бұрын келдім, халықты көп тәжірибе жасадым, Бәни Исрайылмен көп бейнет пен машақат тарттым. Әсте-әсте... Бар, Хақ Тағаладан жеңілдік сұра!», – деді. Мен және бардым. Хақ Тағалаға көп жалынып-жалбарынып едім, Хақ Тағаладан: «Ей, Мұхаммед, он намазды саған қойдық (сенен алдық), қырық намазбен бар!», – деген жарлық келді. Қырық намазбен Мұса пайғамбардың қасына келіп: «Хақ Тағала маған он намазды сыйлады, қырық намазбен келдім», – дедім.

Мұса пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед және бар, өтініп сұра, бұл да көп, мүмкін тағы да кешірет», – деді. Тағы бардым. Хақ Тағалаға жалбарынып сұрап едім, Хақ Тағала мейірімі мен жомарттығының арқасында және он намазды сыйлады, отыз намазбен қайттым. Және Мұса пайғамбарға келдім. Мұса пайғамбарға хабар беріп: «Хақ Тағала мейірім мен жомарттығының арқасында он намазды сыйлады», – дедім. Мұса пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед, үмметіңе шапағат ет! Және қайт, Хақ Тағаланың мейірімі мен жомарттығы шексіз, сұра, мүмкін қабылдар», – деді. Мен қайттым. Хақ Тағаланың күзіретінен сұрап едім, он намазын сыйлады. Жиырма намазбен қайттым. Және Мұса пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) алдына келіп: «Хақ Тағала және жомарттық жасады, он намазын сыйлады, жиырма намаз қалды», – дедім. Мұса пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед және бар! Хақ Тағаланың кешірімі мол, мейірімі

шексіз және құлының зары мен міскіндігін жақсы көреді, міскіндік жаса, онай кылуы мүмкін», – деді. Тағы бардым. Көп міскіндік жасадым және: «Он намазды кештім», – деген дауыс келді. (Бұған) шүкір еттім. Және он намазбен (Мұса пайғамбардың ғ.с. алдына) қайттым. Мұса пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед және бар, бұл он намаз да көп. Егер үмметтерің түн-күн ішінде он намазды өтей алмаса, айып болады, қиямет күні акиретте жазаланады. Менің айтар ақылым, тағы барып, Хақ Тағаланың құзыретінде көп жалбарып, Хақ Тағала мейірім және жомарттығының арқасында осы он намаздың және бірнешеуін қысқартып тастауы мүмкін», – деді. Мен ұялып Хақ Тағаланың алдына бардым. Көп жалынып едім, бес намазды тағы кешірді. Бес намазбен қайттым. Мұса пайғамбарға барып: «Ей, Мұса, Хақ Тағала мейірімдік пен жомарттық жасады. Бес намазды қысқартты, бес намаз қалды. Енді бұл бес намазды қабылдадым, басқа сұрамаймын, ұяламын», – дедім. Мұса пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед, сен (өзің) білесің. Егер осы жолы да барғаныңда еді, Хақ Тағал сені бос қайтармайтын еді. Енді қабылдаған екенсің, Хақ Тағала үмметіңе бес намазды түн-күні (күні бойы) орындамаққа тауып берсін», – деп еді, Хақ Тағаладан: «Ей, Мұхаммед, бұл бес намазды қабылдадың, үмметтеріңе айт, бір мұсылман, не муәххид осы бес намазды таза дәретпен жамағатта қылатын болса, мен сол құлға елу намаздың сауабын нәсіп етемін. Және үмметтеріңе айт, қандай да бір мұсылман не муәххид бір игілікті (істі) ойласа, сол игілікті қылмастан бұрын періштелерге осы құлымның кітабына бір сауап жазыңдар деп, әмір беремін. Егер құлым игілікті (істі) қылатын болса, періштелерге осы құлымның кітабына он сауап жазыңдар, деп әмір беремін. Егер құлым бір жауыз істі ойласа, кітабына еш нәрсе жазбандар, деп айтамын. Егер сол жауыз істі қылатын болса, бір жаман іс қылды, деп жазыңдар деп жарлық беремін. Егер шын көңілмен тәубе жасаса, барша жасаған күнәларын жарылқаймын», – деген үндеу келді.

Және біл, хабардар бол, осы Миграж қиссасын есітіп, Хақ Тағала Арсы үстінде екен деген ой көңіліңе келмесін. (Себебі) бір күмәнді қауым солай дейді. Олар Хақ Тағаланың бейнесі (сурет) бар дейді. Ол мәзһаб – адасқан мәзһаб. Хақ Тағаланың заты бар, алайда затының сапасын, қандай екендігін айтса болмас, бейне айту (жасау) дұрыс емес. Хақ Тағаланы отырады деу дұрыс емес, жүреді деу де дұрыс емес, бір мақамда тұрады деу де дұрыс емес. Бұл нәрселердің бәрі де әлсіздіктің нышаны, Хақ Тағалаға әлсіздік лайық емес. Егер бұл нәрселер Құранда немесе хадисте келетін болса, ғұламалар тәуилмен: «Хақ Тағала көреді, алайда көруі көзбен емес және есітеді, алайда есітуі құлақпен емес. Қол, аяқ, көз және құлақ бәрі әлсіздіктің нышаны, Тәңрі Тағалаға әлсіздік жараспайды», – деген.

Пайғамбарды (Алланың оған сәлемі болсын) Хак Тағала құрметтеді және (оның) көк әлеміне айналып қайтуын қалап, жоғары көк әлеміне шығарды, періштелерді көрсетті. Және пайғамбарға өз кеңшілігі мен құрбатын (жақындығын), жұмағы мен тамұғын көрсетсе, оның (пайғамбардың) ізет-құрметі жағынан Хак Тағалаға жақындығы (деп біл), мақамы мен орын жағынан емес деп біл!

Сегізінші бөлім

Жұмақ пен тамұққа серуендеуі туралы баяндалады

Имам Бағауи (Алланың оған мейірімі болсын) «Мәсабиһ» деген кітабында мына хадисті келтіріпті. Хадис мынау:

عن انس بن مالك رضي الله عنه أنه قال قال رسول الله صَلَّى الله عليه وسلم حَقَّةُ الْجَنَّةِ بِالْمَكَارِهِ وَ حَقَّةُ النَّارِ بِالشَّهَوَاتِ

Мағынасы мынау: «Жұмақ қиын істермен (жиһад секілді, хаж секілді, ораза секілді, намаз секілді) көмкерілген. Қандай ауыр істер бар болса, бәрін істеу керек. Содан кейін (ғана) жұмаққа кірсе болады. Және тамұқ нәпсі тілектерімен (нәпсі, жеу, ішу, рахат өмір сүру, мұнсыздық) көмкерілген. Бұл нәпсіге ерсе, соңы тамұқ».

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) былай деді: Хак Тағала қашан жұмақты өз құдіретімен жаратып, барша наз-нығметтермен безегеннен кейін Жебірейілге: «Жұмақты көріп, серуендеп кел!», – деді. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) барып, назар салды. Қараса, Хак Тағала құлдарының рахат өмір сүруі үшін көз көріп, құлақ естімеген, (тіпті) ешкімнің көңіліне (ойына) келмеген етіп жасапты. Жебірейіл бұл нәрселерді көргеннен кейін: «Ей, Жаратушым, Сенің ізетіңмен ант етемін, кімде-кім бұл жұмақтың сипатын есітсе, кірмей қоймайды», – деді. Хак Тағала бұл жұмақтың төрт жағын жиһад секілді, хаж секілді, ғұмра секілді, ораза секілді, намаз секілді заттармен қаптады. Және қандай құлшылық-ғибадат бар болса, бәрінің ауыртпалығы мен машақатын тартпайынша кіруге болмайды, – деді. Және Жебірейілге: «Ей, Жебірейіл, бар, және жұмаққа назар сал», – деген жарлық келген соң, (барып) екі рет назар салып еді, төрт жағына ауыр істер, мол еңбек, көп құлшылық-ғибадат салынғанын көріп: «Ей, Жаратушым, ізетіңмен ант етемін, жұмаққа ешкім де кірмейді деп расында қорықтым», – деді.

Қашан Тәңрі Тағала тамұқты жаратып еді, және Жебірейілге: «Ей, Жебірейіл, тамұқты жараттым, назар сал», – деді. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) барып, тамұққа назар салды. Қараса, ешкім де суреттей алмайтын ауыр азаптар бар екенін көрді. Осындай азаптар мен қинаулар бар екенін көргеннен

кейін Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Жаратушым, ізетіммен ант етемін, егер біреу бұл азаптарды есітетін болса, ешкім де кірмейді», – деді. Кейін Хақ Тағала тамұқтың төрт жағын нәпсі қалауымен, тәннің тілегімен, арак ішу, зина жасау, өсім жеу, зұлымдық жасау, рахат өмір сүру секілді нәпсіге ұнайтын нәрселермен қоршады. Және Жебірейілге: «Ей, Жебірейіл және тамұққа назар сал!», – деп еді, Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын) екінші рет барды. Назар салып: «Ей, Жаратушым, ізетіммен ант етемін, бұған кірмейтін ешкім де қалмайтын шығар деп қорықтым», – деді.

Хақ Тағаладан пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) бес намаз парыз болған кезде, Жебірейіл келіп: «Ей, Мұхаммед, Хақ Тағаладан досым Мұхаммедті алып бар, мұсылмандар үшін дайындалған жұмаққа назар салсын деген жарлық болды», – деді. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед, Хақ Тағала саған Кәусар әуізін тарту етті. Әуелі соны серуенде, содан кейін жұмақты арала!», – деген соң, Кәусар әуізіне бардық. Екі жағасында інжуден күмбездер, жақұттан күмбездер және зәбәржадтан күмбездер бар екенін көрдім. Және сол Кәусар әуізінің балшығы жұпар екен, ішіндегі ұсақ тастардың бәрі қызыл жақұттан және ішіндегі суы сүттен ақ, әселден тәтті, иісі жұпардан тәтті екен. Бұл әуізінің үлкендігі бір айлық жер екен. Және жағасында көктегі жұлдыздардың санындай алтын және күмістен ыдыстар бар екен. Кімде-кім сол әуіздің суын ішетін болса, ол ешқашан да шөлдемейді. Тәңрі Тағала ол туралы хабар беріп жарылқады. (Алланың сөзі):

أَنَا اعطينا كال كوثر فصل لربك و انحر إن شانك هو الابتر (108;1-3)

Мағынасы мынау: «Ей, Мұхаммед, Біз саған көп жақсылық бердік те және Кәусар әуізін бердік».

فصل لربك

«Жаратушың үшін намаз оқы!»,

و انحر

«Және құрбандық шал!».

إن شانك هو الابتر

«Расында, сені қарғаған ұрпақсыз, сен емессің (ұрпақсыз емессің)».

Хадишадан (Алла одан разы болсын) Абдулла деген ұл болды, (бірақ) жас кезінде қайтыс болды. Ас деген біреу пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) келіп, тіл тигізді. Тіл тигізіп кетіп бара жатқанында Құрайыш кәпірлері бұл Асқа жолығып: «Ей, Ас, қайда едің?», – деді. Ас: «Мынау «әбтәрға» тіл тигіздім», – деді. Арабтың әдеті бойынша, қандай да біреудің ұл баласы тұрмаса, кішкентай кезінде қайтыс болса, соны «әбтәр» деп атайтын. «Әбтәрдің» мағынасы – ұрпақсыз деген сөз. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) кәпірлердің «әбтәр» дегенін естіген кезде көңілі құлазып, көңілсіз болды. Жебірейіл

(Алланың оған сәлемі болсын) түсіп, пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) бұл сүрені жеткізіп: «Ей, Мұхаммед, біз саған Кәусар әуізін бердік. Сен бізге шүкір ет, намаз оқы және құрбандық шал! Кімде-кім сені «әбтәр» десе, соның өзі «әбтәр», дүниеде құрметсіз, қор болады, ақиретте де қор болады. Сен «әбтәр» емессің, сенің зікіріңді Біз түгел қылдық, сені Біз құрметтедік. Қияметке дейін муәззиндер азаны намазда Менің атымды айтқаннан кейін сенің атыңды айтады. Хатибтер құтпада Менің атымды айтқаннан кейін Сенің атыңды айтады. Намаз ішінде тәшәһһудта Менің атымды айтады, содан кейін сенің атыңды айтады. Ғұламалар, уағызшылар Менің атымды айтып, сенің атыңды айтады», – деп еді, пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) көңілі орнына түсті. Содан кейін Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед, бұл Кәусар әуізінен әуелі ішетін сенің жарандарыңның ішінде кәпірлер сені Меккеден шығарып, Мединеге келгеніңде саған деген махаббаттан сабырлары жетпестен әйелдерін, ұл-қыздарын, жер-жұртын тастап, Меккеден Мединеге һижрет еткен муһажирлер ішеді. Сондай-ақ, киімдері шапан болып, жүздері діндарлықтан сарғайып, бастары салбырап, аяқтары ісіп, ешкім оларға құрмет көрсетпестен, оларға есік ашылмастан, мақсаттары дүние болмаған дәруіш, міскін сахабалар кәусар әуізінен алғаш ішеді», – деді.

Және бұл Кәусардың төрт бұрышы бар. Бір бұрышында Әбу Бәкір (Алла одан разы болсын) болады, тағы бір бұрышында Омар (Алла одан разы болсын) болады. Келесі бір бұрышында Оспан (Алла одан разы болсын), ендігі бір бұрышында Әли (Алла одан разы болсын) болады. Кімде-кім Әбу Бәкірді жақсы көріп, Омарды жақсы көрмесе, Әбу Бәкір оған су бермейді. Және біреу Омарды жақсы көріп, Әбу Бәкірді жақсы көрмесе, Омар оған су бермейді. Біреу Оспанды жақсы көріп, Әлиді жақсы көрмесе, Оспан оған су бермейді. Енді біреу Әлиді жақсы көріп, Оспанды жақсы көрмесе, Әли оған су бермейді.

Содан кейін Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед, енді жұмақта серуенде!», – деген соң, жұмаққа серуендеу үшін бардық. Хақ Тағаланың мұсылмандар үшін құлақ естімеген, көз көрмеген, (тіпті) ешкімнің көңіліне де келмеген сондай мақамдарды дайындап қойғанын көрдім. Жұмақтың бір камшы жолы бұ дүниенің барша мүлкінен, барша мал-дүниесінен артық. Жұмақтың хорларынан бір хор жер бетіне бір рет қарайтын болса, Шығыстан Батысқа дейін хош иіс тарайды, (егер) хорлардың киген жаулықтарынан біреуін дүниеге алып келсе (сатса), дүниенің басынан соңына дейін кімнің мал-дүниесі болса да, баршасы оның құнына жетпейді. Бұл жұмақтың ішінде төрт арық бар: бірі судан, тағы бірі сүттен, ендігі бірі арақтан, келесі бірі балдан. Тағы күмістен бір сарай көрдім, алдында бостандар бар, иісі хош иісті арықтары бар. Арықтары ағып жатыр. Бұл сарайдың қақпасында біреу отыр. Біз оған жақындаған уақытта ол бізді қарсы алып: «Қош

келдіңіздер!», – деді де: «Осы түні сендерге Алла елшісі Мұхаммед келеді деп бізге уәде етіліп еді, «Әлхәмду лилләһ» (Аллаға шүкір) сізді көрдік», – деді. Мен: «Сіз кімсіз?», – дедім. Ол: «Мен Дәуіт пайғамбардың ұлы Сүлейменмін», – деді де, бізге «Кіріңіздер», – деп рұқсат берді. Мен кірдім. Қарасам, төрт бұрыш сарай екен, ұзындығы он үш йағаш, ені де он үш йағаш екен. Бұл сарайдың ішінде үйлер бар, кейбірі зәбаржадтан, біразы жақұттан, енді бірі інжуден. Ол сондай үйлер, оның көркі мен зейнетін ешбір адам (тілмен) сипаттай алмайды.

Жебірейіл мен Микәйіл: «Ей, Мұхаммед, Раббың саған осындай сарайлар мен үйлер берсе, бола ма?», – деп еді, мен: «Менің махаббатым мен арманым Жаратушымы үшін, сарай үшін емес», – дедім. Одан шығып және жүрдік. Қызыл жақұттан болған бір үлкен сарай көрдім. Алдында бақшалары, құстары бар сұлу ағаштары бар екен. Сарай алдында біреу отыр. Соған жақын барып едік, ол да қарсы алып: «Осы түні сендерге Алла елшісі Мұхаммед келеді деп бізге уәде етіліп еді. Хош келдіңіз!», – деді.

Мен: «Сіз кімсіз?», – дедім.

Ол: «Мен Дәуіт пайғамбармын», – деді.

Мен: «Бұл сарай – кімнің сарайы?», – дедім.

(Ол): «Бұл сарай - Алланың досы Ибраһим пайғамбардың сарайы», – деді. Ол сарайға кірдік. Қарасам, балалардың дауысы шығады.

Мен: «Ей, Жебірейіл, мына не қылған балалар?», – дедім.

Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Бұл балалар – мұсылмандардың жастайынан қайтыс болған балалары. Баршасын Хақ Тағала Ибраһим пайғамбардың қасына топтастырған. Ибраһим пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) оларды тәрбиелейді», – деді.

Және жұмақта серуендеп жүріп, бір тамаша сұлу сарай көрдім, қақпасында бір қызметші қыз отыр. Мен: «Мынау сарай кімнің сарайы?», – дедім. Жаңағы қызметші қыз: «Ей, Алланың елшісі, бұл сарай – Омар ибн Хаттабтың сарайы», – деді. Мен бұл сарайға кіріп, ішін көрейін деп ойладым да Омардың қайраты, қызғаншақтығы есіме түсіп, кіруден бас тарттым», – деді. Омар сол жерде еді, жылап: «Ей, Алланың елшісі, мен сізден қызғанамын ба?», – деді.

Және жұмақта жүргенімде Талханың әйелі Румайзаны көрдім. Мен: «Ей, Румайза, сен осындасың ба?», – дедім. Румайза: «Ей, Алланың елшісі, Хақ Тағала маған жұмақты нәсіп етті, осындамын», – деп едім, сүйсіндім. Және сондай бір сұлу қызметші қызды көрдім. Мен: «Сен кімнің қызметшісің?», – дедім. Ол қызметші қыз: «Ей, Алланың елшісі, мен сіздің сахабаңыз Зәйд ибн Харистың қызметшісімін», – деді.

Және: «Ей, Алланың елшісі, жұмақ тұрғындарының бойлары қандай болады?», – деп сұрады.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Жұмақ тұрғыны Адам пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) бойындай болады. Адам пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) бойы алпыс аршын еді. Және Иса пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) жасындай болады. Иса пайғамбар отыз жаста еді. Жүсіп пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) жамалындай болады. Алла елшісі Мұхаммедтің қылығындай болады. Денелерінде түк болмайды, сақалдары болмайды, көздері сүрмелі (сүрме жағылған), жүздері он төртінші түнгі толған айдай болады. Көңілдерінде кекшілдік, қызғаныш деген болмайды. Жұмақта ауру болмайды. Түкіру, мұрын тазалау, дәрет сындыру деген болмайды. Хорлардың саф болатыны соншалық, қаншалықты көп киім кесе де, барлық киімі бір-бірінің үстінен көрініп тұрады, киімдерінің шетінен денелері көрінеді. Тәндері алтыннан сүйектері көрінеді, сүйектері алтыннан майлары көрінеді. Еш араларында қызғаныш деген болмайды. Бір мұсылманның інжуден бір шатыры болады, үлкендігі алпыс мил. Төрт мың адым жерді араб мил деп айтады. Оның ішінде бір-біріне қарсы екі бостан болады. Бірінің ыдыстары барша ақ күмістен болады», – деді.

Содан кейін Жебірейіл мен Микәйіл пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед, достың сарайына куә болып, серуендедің, енді Хақ Тағаланың дұшпандарының сарайларына да назар сал!», – деді. Үшеуіміз бардық. Тамұқтың өте үлкен, айбатты екенін көрдім. Хақ Тағаланың ғазабының әсері бар. Ей, үмметтерім, тамұқтан қорқып көп қайғырып, жыландар, себебі тамұқтың азабы мен қиыншылығы өте қатты. Көк пен жердің арасы бес жүз жылдай болса, тамұқтың тереңдігі де соншалықты. Егер бір адам басындай тасты таңертен лақтырса, ақшамнан бұрынырақ жерге түседі. Және тамұқта сол мөлшердей тасты тастар болса, қырық жыл бойына түссе де, тамұқтың түбіне жетпейді. Хақ Тағала періштелерге «Мына тамұқты өртеңдер», – деп әмір берді. Мың жыл бойына тамұқта от жақты, тамұқ қызарды; мың жыл бойына және от жақты, тамұқ ағарды; және мың жыл бойына от жақты, тамұқ қарайды. Тамұққа кірген кәпірлердің терісінің қалыңдығы қырық екі аршын болады және терісі Ұхұд тауындай болады. Мекке мен Медине арасындай жерді бір кәпір ұстайды. Тамұқ тұрғыны тамұққа кірсе, жылағаны соншалық, жүздері бұлақтай болады. Содан кейін көз жасы кесіледі, көздерінен қан аға бастайды. Қанның көп ағатыны соншалық, кемелер жүзер болса, сол қанда жүзеді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): тамұқтың ішінде бір топ халықты көрдім. Періштелер от көсеумен сол халықтың тілдерін кесіп жатыр. Ол тілдер (қайта) өседі. Және кеседі, және өседі. Қанша кессе, сонша өседі. Бұлар да сонша кеседі. Мен: «Ей, Жебірейіл, мұндай азапқа ұшыраған мына адамдар қандай амалды адамдар?», – дедім. Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Бұл

іліммен амал қылмаған ғалымдар, дүниеде халыққа «Зина жасамандар, Хак Тағала зинаны харам қылған», – деп айтатын да, өздері зина жасайтын. Және халыққа: «Арак ішпеңдер, себебі Хак Тағала арақты харам еткен», – дейді де, өздері ішетін. Қандай жаман, жиіркенішті істер бар болса, халықты (содан) қайтаратын да, өздері қайтпастан істейтін. Осындай азаптармен азапталып жатқан міне солар», – деді.

Періштелер бір адамдардың етін кесіп, өздеріне азық етіп жегізіп беріп тұрған тағы бір қауымды көрдім. Олар жемесе, қатты азаптайды, (ақырында) жиіркене-жиіркене өз еттерін жейді.

Мен: «Ей, Жебірейіл, мұншалықты азапталып жатқан бұл қай қауым?», – дедім.

Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Мұхаммед, бұл мұсылманның жүзінше жылпылдап, масқара ететін және арттарынан ғайбат айта-тын қауым», – деді.

Қарындары өте үлкен тағы қауымды көрдім. Қарындарын еш көтере алмай-ды, жүзін сүйретіп не жанын сүйретіп жүреді.

Мен: «Ей, Жебірейіл, бұл қай қауым?», – дедім.

Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Бұл өсім жеушілер», – деді.

Тамұқтағы періштелердің біреулерді айырмамен шаншып, тамұққа батырып жатқан тағы бір қауымды көрдім.

Мен: «Ей, Жебірейіл, бұл қандай қауым?», – дедім.

Жебірейіл (Алланың оған сәлемі болсын): «Бұл өсекші, жалақор қауым, мұсылмандарды залымдарға жеткізеді. Ол залымдар бұл мұсылмандардың малдарын алады, азаптап, қинайды. Немесе екі мұсылманның арасына өсек тасып, ұрыс-керіс, көп фитналар салады», – деді.

Тамұқ ішінде төмен карап асылып тұрған тағы бір қауымды көрдім.

Мен: «Ей, Жебірейіл, мұндай азап пен қиыншылыққа кезіккен бұл қандай қауым?», – дедім.

Bakmaᅇ onyᅇ künau žählinä,
Kīmge mälu erdī ol zāmanä.

Telīm bakar erdī fākr ilä gādany,
Teᅇ tūtār erdī ĩarlynıy häm baiᅇny.

Ändīn alyb menī köterdīler,
İänä üšbu duniĳaga keltürdīler.

Bŭ žihandyn kečmišmīn myᅇ ĩašab,
İänä tört myᅇ ĩyl tamŭyda çekdīm 'āzab.

Emdī ĩetmiš ĩyldür kīm mŭnda kelīb,
Üšbu ĩazyda ĩatürmyn korküb.

Ändīn aıdy 'Isä: Aıt, eı baš mänä,
Kīm näbi keldümü Xäkdīn säza?

Aıdy ol baš: Bızge näbi İiĳas edī,
İllä kīmsemiz sözİN ilmez edī.

Inanmadyk İiĳasnyᅇ Täᅇrišine,
Razi erdük dīnīm ekkīsine.

Čün kīm bız öz kanmŭmŭzıya kīrdīk uš,
Läžäräm mŭnday 'ukubāt kōrdīk uš.

İänä aıdy 'Isä: Eı, baš xažätİᅇ,
Bar erse, aıt kabul-dür münäžatıᅇ.

Aıdy: Ol-dür hažätüm näbiulla menim,
Kım tiläyürmin tirilgeı us tänim.

Ta 'ıbadät kılğaymyn kaç ıyl taky,
Tañiri meni 'afu kılğay, eı axı.

El köterdi 'Isä aıdy: «Eı, Raxim,
İä Sämi'ä, İä Mužibä, İä Xäkım!

Xäzrätindın tilegim ol-kım: İänä,
Bergeısın žan üšbu čirimiš tänä.

Čün tirgizdi kudrätindın Xäk any,
Žan kirdi kaira san boldy täni.

İänä antek us bürüny suräti,
Säd hezaran anča uardır kudrätı.

Čün tirildi türdy açyldy közi,
'Isaya aıdy bürün üšbu sözi.

Ağaz kılıb: Lä ilähä illallah tedı,
Häm näbisın 'Isä ruxulla tedı.

'Isä ändin soğ uida' kıldy aña,
Koıdy ony ketdi öz eringäh.

Kaldy ol öz küllüğüm tekürmägä,
Tiriklik šukranäsın keltürmägä.

Ol zäman türüb Kuds elige bardy,
Kirdi bir tay tešüğine ketürdi.

İänä İetmiš ıyl 'ıbadät äñledı,
Kör, aña xäk ne 'inañät äñledı.

'Akibät mümin olyp çykdy žany,
Emdi sizler: Rähmutälla deñiz ony.

Muxtāsār bŭ-dŭr kĭm adām oylı,
Härkĭm erse ne eksä, orğay any.

Üşbu sözdĭñ söz aña keldi 'aziz,
İzgu birlä ĩauyzny kylıyl tāmiz.

Münça şahan kĭm žāhanā keldiler,
Bäs eşıtdĭğ anlar ne kyldylar.

Tabmas ersiş duniñadan kĭši murad,
Bäs kalür ermiş žāhanda izgu at.

Tāñrı bergän rizknyğ şukrĭñ,
Neçä kündüz Iziniğ zikrĭñ kylıyn.

Žumžumā dastanyn eşıtkĭl sen,
Misr šāhrinde erdi-kĭm üşbu tän.


Aty dañlı, özi xas sultan edi,
Xassa duniña sultany uä žan edi.


Tarix kĭm ĩeti ĩüz ĩetmişdä edi,
Kĭm Xusām Kätib mŭny aımyş edi.

Rāxmāt etkĭl barçaya Sen, eñ Raxim,
Kyl šāhadāt köñlinä sen mustākim.

Xātm kylıyl, ĩä ilāhil-'ālamın,
İarylkayıl, ĩä, ilāhil-axirin.

Gärçe külüğdyn kelib-dür köb xāta,
Rāxmātĭğ dāriñasy kylıyl 'āta.





1. *Айрағал көрсеңдерден баш*
 2. *Батқайт ялаң баш айнеңе айғағана*
 3. *Решкелден мунжа ашлар көпсар*
 4. *Ет пенға беріңіз аңаңға қалай*
 5. *Айрағал аңаңға құрғандық*
 6. *Тыларам аушубу баш асвал*
 7. *Жон биорар беріңіз аңаңға алаңдан*
 8. *Айрағал аңаңға күнәсіңіз*
 9. *Аулақ қонығыңдар аңаңға аласон*
 10. *Айнеңдеріңіз аңаңға алаңдан*
 11. *Ейсе алаңдан баш таябар беріңіз*
 12. *Сәй айрағал қорғандық алаңдан*
 13. *Аңаңға алаңдан қорғандық алаңдан*
 14. *Баш аңаңға алаңдан қорғандық алаңдан*
 15. *Айрағал аңаңға алаңдан қорғандық алаңдан*
 16. *Айрағал аңаңға алаңдан қорғандық алаңдан*
 17. *Айрағал аңаңға алаңдан қорғандық алаңдан*
 18. *Айрағал аңаңға алаңдан қорғандық алаңдан*
 19. *Айрағал аңаңға алаңдан қорғандық алаңдан*
 20. *Айрағал аңаңға алаңдан қорғандық алаңдан*

Қамқор

«КЕСІКБАС КІТАБЫ»

Алтын Орда тұсында жазылған шығарманың бірі – «Кесікбас кітабы». Осы дастанды жіті зерттеген Я.С.Ахметгалиеваның жазуы бойынша, бұл дастан XIII–XIV ғғ. жазылған¹. Өкінішке қарай, бұл шығарманың анық қай жылдары хатқа түскендігі, әрі оның нақты авторы кім болғандығы туралы ғылымда әлі күнге дейін ортақ пікір қалыптасқан жоқ. Кейбір зерттеушілер Алтын Орда тұсында дүниеге келген бұл жәдігерді Мәуләнә Тәбризиге телісе, енді бір ғалымдар дастанның авторы ретінде Кердечі Әли деп көрсетеді. Ал, біздің қолымыздағы нұсқада:

Мәуләнә Шәмс Тарази йарына,
Сен тегүргіл `ажизлар мұрадына.
Фә`иләтун фә`иләтун фә`иләтун,
Пеишқәдәм ұстадымызның рухы шад²,

деп, шығарма авторының Мәуләнә Шәмс Тарази екені ашып көрсетілген. Десе те мәтіндердің кейбірінде автор ретінде Тебризи деп берілсе, тағы бірінде Тарази деген атпен кездеседі. Сондай-ақ, «Кесікбас кітабы» туралы дастан жазды деген шайырлардың қатарында Кіші Азиядағы шайырлардың есімдері да аталып жатады. Осы шығарманы жіті зерттеген Мұстафа Аргунишаһ Анкара Ұлттық кітапханасынан да осы аттас дастан тауып, ондағы:

Кердечі Али гідер сенден сені,
Жан гөңілдің гөрсең аны,
Гер гелүрсін сыдқ илә тәубәйә,
Құллұғқа йарасын Мәуланайа³,

деген жолдарды оқып, оның авторы ретінде Кердечі Әли деп қарастырған. Расында, екі дастанды салыстыра қараған адам екеуінің де бір-біріне мазмұн жағынан өте жақын келетінін, тіпті сөйлем қолданыстары мен стильдерінің өте ұқсас екенін бірден аңғарады. Тек кейбір жерлерінде ғана бір не екі бәйіттің артықшылығы болмаса, тіптен бір шығарма деуге толық

¹ Ахметгалиева Я.С. Исследования тюркоязычного памятника «Кесикбаш кітабы». Москва: Наука, 1979. – 192 стр.

² Кесікбаш кітабы. Қазан: Черков хатун, 1895. – 9 б.

³ Argunşah M. Kirdeci Ali Kesikbaş kitabı. Ankara, 2002. – 386-130 s.

негіз бар. Мүмкін біз келтіріп отырған авторлар тек қолжазбаны көшіруші не баспаға ұсынушы ғана болып, оның шынайы авторы тарих қойнауында ұмытылып, жәдігердің иесі тіптен басқа шайыр болып шығуы да ғажап емес. Ең бастысы шығарманың орта ғасырда Алтын Орда тұсында барша түркі халықтарына түсінікті түркі жазба тілінде жазылып, бертін келе бірнеше хаттат тарапынан біздің заманымызға дейін жетуі дер едік.

«Кесікбас кітабының» қолжазбаларының бүгінде бірнеше нұсқасы сақталған (Бақуде 1, Санкт-Петербургте 10, Қазанда отыз шақты). Сондай-ақ, XX ғасырдың басында Қазан баспаханаларында бірнеше тиражбен басылып, қалың оқырманға жол тартқанына қарап, бұл дастанның қашан да оқырмандар тарапынан сұранысқа ие болғанын аңғаруға болады.

Антологияға 1895 жылы желтоқсанның 28-ші жұлдызында Қазандағы Черков хатунның баспаханасында «Кесікбас кітабы» деген атпен жарық көрген литографиялық нұсқа негізінде беріліп отыр.

АУДАРМАСЫ

Баста, Әли сөзі(н) «бисмилләмен»,
Жалынамен түні-күні Алламен.

Үстімізде Хақты эзір көрейін,
Мұстафаның жамағатына ерейін.

Сөйлегенім бір құп игі дастан,
Кем көңілдер(ді) шат қылған достан⁴.

Дүниеде құба-құп істер көп болар,
Еш мұндай бірі тағы жоқ болар.

Тәңрі айтар: Арыстаным-дүр ол – Әли,
Ол Әли, ол сақи, ол уәли⁵.

Ол Әлидің ерлігін/і/ сатайын,
Назым бірлэ⁶ бір құп шарх⁷ын қылайын.

Бір хикаят келді тіліме әрі,
Сөйлегенім(ді) Хақ қылар болса жары.

Хақ жары қылса бұ(л) тілім сөйлер,
Мұстафаның мұғжизасын шарх етер.

Мүміндер есітіп қалады таңда,
Хош салауат беріп жолдайды аңа⁸.

Расул отыр еді төрт жарымен,
Отыз үш мың сахаба баршасымен.

⁴ достар.

⁵ дос, яғни Алланың досы, әулие.

⁶ жалғаулық: мен, пен.

⁷ Комментарий жасау, түсіндіру.

⁸ оған.

Қарар еді олар Расулдың ай жүзіне,
Құлақ салып, тыңдар еді олар сөзіне.

Көрді олар бір кесік адам басын/ы/,
Жылап кірді, төкті көз жасын/ы/.

Кеудесі жоқ бір ғажайып бас еді,
Шейіт еді, екі көзі жас еді.

Не кеудесі, не аяғы, не қолы,
Бір кесік бас-дүр солай сөйлер тілі.

Сақалы ақ һәм жүзінен нұр шығар,
Көз шағылысар әркім жүзіне қарар.

Жүзін ұрды топыраққа қылды зары(н),
Зар-зар жылады пайғамбары.

Пайғамбар оны көріп қорықты жаны,
Тұра келді Тәңрінің арыстаны⁹.

Қалар еді, ол бас(т)ы көтермекті,
Мұстафаның қасына келтірмекті.

Қаншама күш салды көтермеді,
Тіпті мысқал жерінен қозғалтпады.

Қайран қалды Әлидің күші кетер,
Ол бас айтар: Ей, Расул, Әли нетер?

Қуатын ба сынайды Әли маған,
Айтып жеткіз бермесін бейнет маған.

Әлидей һәм мың Әли болар болса,
Барша бір болып маған келер болса.

⁹ Хазірет Әли.

Барша бір болып мені көтере алмас,
тіпті мысқал жерімнен қозғалта алмас.

Себебі Алла дидарын көріпін,
Мұрат-мақсатыма һәм жетіпін.

Күмәнсіз Алла болар меніменен,
Сөйлесемін түні-күн/i/ Алламенен.

Елі кейін барып едім мен қаж(ығ)а,
Қайыр қылдым, көп аш-жалаңашқа.

Шығар едім жер жүзіне атпенен,
шығар едім көкке мұғжизаменен.

Шығар едім періштелер қасына,
Кейде кірер едім адам бейнесіне.

Исм Ағзам дұғасын оқыр едім,
Мұса бірлә¹⁰ мен намаз қылар едім.

Нұрлы қала менің шаһарым еді,
Қызыр, Ілияс жолдас һәм жарым еді.

Жүрер едім мен Қызыр, Ілияс илә,
Көрер едім басқа не жазмыш ола.

Бір халал¹¹ым, бір құп ұғ/лым бар еді,
Ол екеуі жолдас һәм жарым еді.

Кеудем мен ұғ/лымды дию жеді,
Ей, Расулулла, шапағат қыл, деді.

Һәм халалым(ды) алды, кірді қайуға,
Қайғы қоймас көздерімді ұйқыға.

¹⁰ жалғаулық: мен, пен.

¹¹ әйел.

(Е)гер шапағат қылмасаң мұнда маған,
Жарын онда даулаушымын мен саған.

Әли айтар: Ей, Расул, мен барайын,
Зұлпықармен жүрегін жарайын.

Я мен өлем(ін), не дию басын кесем(ін),
Хақ кеңшілік қылар болса мен басам (ын).

Құтқарайын дию қолынан әйелді,
Болмаса мен мінбейін Дүлдүл атты.

Һәм жарандар мәжілісінде тұрмайын,
Һәм тағы ердің дауын қылмайын.

Расул айтар: Ей, Әли, барма оған,
Білмейсің бір зиян келер(ін) саған.

Әли айтар: Ей, Расул, барамын мен,
Басыма не жазғанын көрейін мен.

Мінді Дүлдүл, байлады Зұлпықары(н),
Хасан бірлә Хусеин қылды зары(н).

Әлиді шығарып салды біраз жерге,
Отыз үш мың сахаба жүмлә¹² білә¹³.

Әли кетер ол кесілген баспенен,
Сахабалар қайтты олар көз жаспенен.

Әли сұрар жеткіз деп Дүлдүл атты,
Барур ол кесік баш андин қатты.

Қанаты бар-дүр дегейсің тіпті ұшар,
Оқ атпай Дүлдүл ілгері кетер.

¹² баршасы.

¹³ жалғаулық: мен, пен.

Оқыр мұсхаф(ын) әрдайым хатім етер,
Тау, тас жетпес жұмырланып кетер.

Бес намаз қылар Әли уақытымен,
Бас тағы намаз қылар Әлименен.

Әли сүйер ол кесік бас(тың) жүзінен,
Жеңі бірлә сүртер жасын көзінен.

Жеті күні-түн/і/ осылай кетті олар,
Кенеттен бір сахараға жетті олар.

Әли көрді бір үлкен құдық тұрар,
Ол кесік бастан сұрар: бұ(л) ма тұрар¹⁴?

Әли айтар: анау ма, әлде мынау ма,
Қайсы дию алды қатыныңды және?

Ол бас айтар: Ей, Әли, бұ(л) осы-дүр,
Құдық ічрә диюға не шара-дүр.

Әли қатты қарар сол мезет Дүлдүл(г)е,
Мың бес жүз құлаш арқан өзі білө.

Ол арқан ұшын құдыққа байлады,
Дүлдүл мен ол кесік бас жылады.

Арқан ұшын тұтты Әли іле кетер,
Ол кесік бас оқыр мұсхаф хатім етер.

Арқан ұшын тұтты Әли қолына,
Тәңрі атын/ы/ келтірді тіліне.

Әли қарады құдықтың түбі жырақ,
Арқан айтар: Арқан қолынан жырақ.

¹⁴ яғни, осы ма?

Исм Ағзам дұғасын оқыр еді,
арқан ұшына Әли сол мезет қарар еді.

Енер еді Әли: «Алла», дер еді,
Сахабалар баршасы қайғырар еді.

Жеті күні һәм түні енер еді,
Кейде басы, кейде аяғы тонар еді.

Сегізінші күн аяғы тиді жер(г)е,
Біраз отырды Әли ақылын жия.

Әлидің ақылы келді, ашты көзін,
Сәждеге барды Хаққа бұрды жүзін.

Әли қарады, көрді бір темір қапуғ¹⁵,
Сәжде қылды Тәңріге қылды тапуғ¹⁶.

Тартты қопарды, көрді ұлы/ғ/ сарай,
Бір қатын отырар еді ерді жүзі ай.

Жүзі, көркі сарайға нұр сыйлаған,
Тәңрінің ғишқы¹⁷ жанға іс сыйлаған.

Намаз оқыр ол ақирет қатыны,
«Аһ» етер көкке шығар һәм түтіні.

Көз жасы сәжде жерін бұлғайды,
Ол кесік бастың халалы¹⁸ бояйды.

Әли көрді және бір ұлу/ғ/ сарай,
Онда бес жүз мұсылман бай(лау)лы жылай(ды).

¹⁵ есік.

¹⁶ жалыну.

¹⁷ махаббаты.

¹⁸ әйелі.

Баршасының қол-аяғы бай(лау)лы-дүр,
Дио қолынан жүректері дағлы¹⁹-дүр.

Шакырды олар: Ей, Әли дат, деп,
Дио қолынан бізге медет деп.

Мың едік баршамыз бес жүз қойды,
Күнде бес(еу)імізді сойып жеді.

Әли айтты: Кім айтты мені сіз(дерг)е?
Бұлар айтты: Мұстафа келді біз(г)е.

Бұ(л) сағат мұнда Әли келер деді,
Бұ(л) дио оның қолынан өлер деді.

Зәһи ер-кім сөзі оның он кілә,
Барша құпия істері мәлім аула.

Әли осылай кірді сол сәт сарай(ғ)а,
Диюды көрді ұқсар ол мұнараға.

Бармақтары ұқсар адам кеудесі(не),
Мың жасынан өтіп еді ол аси²⁰.

Күмбез(г)е ұқсар еді оның басы,
Қылмапты өмірінде еш қайыр іс(т)і.

Нәпсіні тұтып қолға һәм Зұлпықар,
Қамал қорғанына тиер болса жығар.

Әли қарап, салды қол Зұлпықар(ғ)а,
Ұйқыда екен диюды қылам(ын) парә²¹.

¹⁹ үрейде.

²⁰ күнәһар.

²¹ быт-шыт.

Кіріп қайтты өзіне айтар: Ей, Әли,
Тәңрі: «Арыстаным», – деді сені уәли²².

Ұйықтар диюды өлтірмек ерлік емес,
Жаман ат бірлә жүрмек жақсы емес.

Енді сен ұйықтар диюды өлтірерсің,
Әлемді жалғыз өзіңе күлдірерсің.

Айқай салды бір кейін оянбады,
Айқай үні жанына дарымады.

Екінші айқай салды һәм ол ғазил²³,
Таңдатты тау, тас барша жазы.

Ол дию оянды төрт жаққа қарар,
Күпір сөйлер аузынан оттар шашар.

Сен бе келдің, ей, Әли, дұшпан(ы)мыз,
Сенің қолңнан шығар ма жанымыз?!

Сен бе кестің мұнша(ма) диюлар басын,
Сен бе төктің мұнша(ма) диюлар қанын?

Әли мен барам(ын) дедім онда саған,
Сені мұнда кім беріп жіберді маған.

Әли айтар: Хақ беріп жіберді мені,
Быт-шыт қыларм(ын) бұ(л) сәт сені.

Дию айтар: бұ(л) сағат сені жейм(ін),
Дүниеде не еш(бір) мұсылманды қоям(ын).

Не сені қоям(ын), не әз пайғамбары(н),
Жағайын Мекке, Медине шаһарын/ы/.

²² дос.

²³ ғазуатшы.

Не дұшпанды коям, не ғазыңыз(д)ы²⁴,
Бұ(л) жаһанда қоймайм(ын) еш біріңіз(д)і.

Қолға тиді, жорыды тағдырменен,
Мын батпан гүрзісін өзіменен.

Алды гүрзі шабуыл қылды Әлиге,
Әли тағы қалқан алды қолына.

Қолға алды дию (с)ол сәт гүрзіні,
Сонда Әли батты жерге тізе(сіне) тегі²⁵.

Қозғалмады Әлидің (с)ол сәт қолы.
Еш өзгеріс болмады сол Шаһ уәли²⁶.

Шашырады, мінді (с)ол сәт тас үстіне,
Шүкір етті, сәжде қылды досына²⁷.

Дию айтар: Өлмедің бе, ей, Әли,
Қаф тау болсаң быт-шыт қылам сені.

Шабуыл үш қылды Әли хәм өлмеді,
Қайғырып не етерін білмеді.

Осылай кезек Әлигә тиді және,
Әли салды қолын Зұлпықарына.

Әли айтар: Ей, малғұн бармақ көтер,
Тәңрінің бірлігінә иман келтір.

Ол дию айтар: Толық мың жасадым,
Мұнша өмірім(нің) қайғысын жемедім.

²⁴ ғазуатшыңызды.

²⁵ дейін.

²⁶ Шаһ досы, яғни Алланың досы деген мағынада.

²⁷ яғни, Аллаға.

Кенет бұ(л) сөзін/і/ есітті диюдің Әли,
Мінді тас үстіне (с)ол сәт Шаһ уәли²⁸.

Салды содан Зұлпықары(н) басына,
Өтті-кетті тиді оның жанына.

Солай өлтірді ол диюды Әли,
Тәңрінің арыстаны-дүр ол Шаһ уәли.

Ол сарайдың есігін/і/ ашты,
Әли үстіне диюлар түсті.

Әли ұрды (с)ол сәт ол диюлар(ғ)а,
Шалғанынша қарар еді (ж)ер-(ж)ер(ғ)е

Әли диюлар басын/ы/ кесер еді,
Диюларды(н) жүзіне басар еді.

Үш жүз дию өлтірді ол күн(і) Әли,
Тәңрінің арыстаны-дүр ол Шаһ уәли.

Осылай бұ(л) істі Әлиден көрді (о)лар,
Тағы онда тұрмастан кетті (о)лар.

Осылай Әли диюларды көрмеді,
Барша дию (с)ол арада тұрмады.

Келді бес жүз мұсылманды шешті қолын,
Үлесті(рді) баршасына дию малын.

Әр бірі/сі/ көтер(ге)нше алды (о)лар,
(С)ол мезет құдық түбіне барды (о)лар.

Айтар олар: Ей, Әли, біз нетейік,
Бұ(л) құдықта біз не амал қылалық?

²⁸ Алланың досы, яғни Хазірет Әли.

Қанатымыз жоқ ұшатын,
Не көлігіміз жоқ мінегін.

Біздер мүмкін бұ(л) құдықта өлерміз,
Тағдырменен біз аз мұнда тұрармыз.

Әли айтар: Сіз(дер) тұтын(дар) жігерлерін,
Баршамызға Хак қылар болса жары(н).

Әли қылар дұғасын басын ашар,
Дұғасы қабыл болып Арсы(ғ)а асар.

Хак Тағала Жебірейілге бұйырды,
Бұларды өз қанатыңа көтер, – деді.

Осылай аяқтады дауды Әли,
Құдық үстінде көрді өздері(н).

Бұ(л) бес жүз мұсылман әйелменен,
Көп шүкірлер қылды (о)лар Әлименен.

Шат-шадыман жүрді (о)лар бұлар илә²⁹,
Баршамызға мұрат деп Хак ола.

Кенет есітті Расул, Әли келер,
Тәңрінің арыстаны уәли³⁰ келер.

Баршасы қарсы келіп көрісті (о)лар,
Тәңріге шүкір(лік) сахабалар көп қылды (о)лар.

Ол кесік бас келді Расул қасына,
Расул алды (с)ол сәт оны қолына.

Дұға қылды ол кесік басқа Расул,
Хак Тағала дұғасын қылды қабыл.

²⁹ жалғаулық: мен, пен.

³⁰ дос, яғни Алланың досы.

Ол кесік бас бір жігіт болды және,
Кол-аяғы баршасы келді және.

Дұрыс/т/ болды барша сахаба көрді (о)лар,
Хақ иенің шеберлігіне таңданды (о)лар.

Рұқсат деп қатынын құрметтеді (о)лар,
Құп-құрғақ сүйектері қауыштыр.

Ұ/ғ/лының етін дию жеген еді,
Құрғаған сүйектері қалған еді.

Хақ Тағала оған жан бағыштады,
Керемет шапан сұлулық сыйлады.

Мәуләнә Шәмс Тарази жарына,
Сен жеткізгін әлсіздер мұратына.

Фәғиләтун фәғиләтун фәғиләт(ун)³¹,
Марқұм ұстазымыздың рухы шат.

Соңы

³¹ Аруз ұйқасы.

ТРАНСКРИПЦИЯСЫ

Bašla, `Äli sözi «bismilläh» ilä,
Duršalym tünī-künī Allah ilä.

Üstīmīzdä Xakty xazir kurälīm,
Mustafanyñ žäm`ätinä erälīm.

Sözlägänīm bīr xub izguī dastan,
Kām kuñıllār šady kylan dustan.

Duniada xub-xub iślār kub turur,
Heç münüñtek bīrī taky ñok turur.

Täñrī aйтur: Arslanymdur ol `Äli,
Ol `Äli, ol säxi, ol uäli.

Ol `Äliniñ erlīgiñi satalym,
Nazym birlä bīr xub šärxin kylalym.

Bīr xikāñät keldi tiliñgä ari,
Sözlägänīm Hak kylar bolsa ñary.

Hak ñary kylsa bü tiliñ sözlägäñ,
Mustafanyñ mu`žizatyn šärx äñlägäñ.

Mü`mīnlär ešitub kaļayılar taña,
Xuš sälauat berib izgäñlär aña.

Rasul olturmyš eđi turt ñar ilä,
Otüz uç myñ säxäbä žumlä bilä.

Bakar erđilär Rasulnyñ añ ñüzinä,
Külak tütüb, tyñlar erđilär sözinä.

Kördilär bīr kesik adam bašyny,
Ñyñlañ-u kirdi-u tökdı köz ñaşyny.

Gäudasy ñok bīr `äzaib baš erur,
Šahid erur, ekı közi ñaş erur.

Nä gäudasy, nä azaky, nä elī,
Bīr kesīk baš-dur häman sözlär tīlī.

Sakaly ak häm йүзидін нүр çykar,
Köz kamaşur härkīm йүзінä bakar.

Йүзін үрды тофyrakka kyldy zary,
Zary-zary йүгладy пәйғәмбәry.

Пәйғәмбәр ony körīb korykty žany,
Tūra keldī täñrīnīñ arslany.

Tīler erdī, ol başy kōtärmäkkä,
Müstafanyñ katyna keltürmäkkä.

Neçämä zor äйлady kōtärmädī,
Zärrä miskal йerīndin tebrätmädī.

Xäйran kaldy `Äliniñ usy ketär,
Ol baš aйтur: Йä, Rasul, `Äli netär?

Kuuätīnmu synaйur `Äli mäña,
Aйtyb izgīl bermäsün zäxmät bәña.

`Älitek häm myñ `Äli bolur ersä,
Barča bīr bolub mäña kelur ersä.

Barča bīr bolub menī kötermegeй,
Zärrä miskal йerīmdīn tebrätmägäй.

Ziräkīm Allah didaryn körmīšīm,
Müradym mäksudyma häm ermišīm.

Biguman Allah turur mänīm bilä,
Sözläşurmīn tünī-künī Allah ilä.

Elī gäzīn barmyş erdīm men xäža,
Хайр kyldym, köb aça йalanyaça.

Çykar erdüм йer йүзінä at ilä,
Çykar erdüм kökkä mu`żizat ilä.

Їыкар ердiм фариштiлiр катына,
Гаһ кiрiр ердiм адам сурiтiнi.

Ism Ä`zam du`äsın okür edim,
Musä birlä men namaz kylur edim.

Kal`e-e nuri mänäm šährim edī,
Хызыр, Ыйiäs munis häm йарым едi.

Йурур ердiм мен Хызыр, Ыйiäs ilä,
Кiрiр ердiм баška nä йазмыш uläh.

Bir xälalym bir xub ülym bar edī,
Ol ekisi munis häm йарым едi.

Gäudäm ilä ülymny diyu hedī,
Йä, Rasulullah, šäfa`ät kyl, dedī.

Häm xälalym aldy, kirdi kayuça,
Kazyu койmaz közlärimni üйkuça.

Gär šäfa`ät kylmasaң munda mäңa,
Йарын anda dä`uasymyn men säңa.

`Äli aйтur: Йä, Rasul, men барайын,
Zülfikar ilä žigärin йарайын.

Йä men öläm, йä diyu başyn kesäm,
Хак`инайät kylur ersä men basam.

Kürtkarayın diyu elindin`äurätī,
Йok ersä men mınmäйin Döldül aty.

Häm йаранлар мәзлiсiндä тұрмайын,
Häm taky er dä`uasyn kylмайын.

Rasul aйтur: Йä, `Äli, barma aңa,
Bilmäsän kım bir zäual kelgäй säңa.

`Äli aйтur: Йä, Rasul, barisäräm,
Bašma nä йазмышyn körisäräm.

Mındı Döldül, baylady Zülfıkary,
Xäsän birlä Xusäin kyldy zary.

`Älini üzattylar bir mänzilä,
Otüz üç myñ säxäbä žumlä bilä.

`Äli ketär ol kesilmış baş ilä,
Säxäbälar kaittylar köz ıaş ilä.

`Äli sürar äñlä kım Döldül atty,
Barar ol kesik bas odan katty.

Kanaty bardur degäñsän kım üçar,
Ok atmañ Döldül ilgeri ketär.

Okür musxäfi härdäm xatym etär,
Tay, taş ıetmäs ĩumarlanyp ketär.

Beş nämaz kylur `Äli uäkty bilä,
Baş taky nämaz kylur `Äli bilä.

`Äli ubar ol kesik baş ĩüzidın,
Eñi birlä sürtär ıaşyn közidın.

İetı küni-tünı çunki ketdilär,
Nagähan bir säxraya erıştilär.

`Äli kördi bir ülüy kiıu turur,
Ol kesik başdın sürar: bü mu türur?

`Äli aıtur: ol are mu, bü are,
Kaiıu diıu aldy xatünüñny irä.

Ol baş aıtur: ıä, `Äli, bü aredür,
Kaiıuy ičrä diıuğa nä çaradür.

`Äli katty bakar oldäm Döldülä,
Myñ beş ĩüz külaç kämänd özi bilä.

Ol kämänd üçyn kaiıua baylady,
Döldül ilä ol kesik baş iyylady.

Barčasynyñ el-azaǵy baǵlydūr,
Dıñu elıńdın žıǵarlārı daǵlydūr.

Čaǵrštylar: Ǟä, `Äli kım dad, tiu,
Dıñu elıńdın bızge mädät tiu.

Myñ edük žumlamız beš ĵüz koıdy,
Künde bešimizı suñubän ĵedı.

`Äli aıdy: Kım tedı meni sizä?
Mınlar aıdy: Müstafa keldı bızä.

Bü sa`ät mında `Äli kelur dedı,
Bü dıñu anyñ elıńdın ölar dedı.

Zähi erkım sözi anyñ on kılä,
Žumla penhan işlārı mä`lum äuläh.

`Äli čunkım kirdı oldäm saraña,
Dıñuny kördı üxšar ol mınaraña.

Barmaklary üxšar adam gäudäsı,
Myñ ĵašyndın kečmiš erdı ol `asi.

Gümbäzä üxšar edı anyñ bašy,
Kylmamıš `umrında heč xañyr işı.

Näfsini tütyb ilä häm Zülfikar,
Kağa buržyna tegär ersä iyar.

`Äli bakty, ųrdu el Zülfikara,
Üñür erkän dıñuny kylam parä.

Kıru kaitdy özinä aıtur: Ǟä, `Äli,
Täñri: «Arslanym», - tedı seni uäli.

Üñür dıñuny öltürmäk erlik degül,
Ĵaman at birlä ĵürmäk ĵaxšy degül.

Emdi sen ыйыр diйuny ۆltürsән,
 `Alamnı kendü öziñä küldürärsiң.

Näyra urdy bır gäzin ыйғанmady,
 Näyra ünı žanyına boһanmady.

Ekinci näyra urdy häm ol yazı,
 Taңlatdy taғ, taş žumlä йazy.

Ol diйu ойғandy tört йaru bakar,
 Küfr sözlär aғzıdın otlar saçar.

Senmu keldiң, йä, `Ali, düşmanmyz,
 Seniң elkiңdiң çykarmu žanymyz?!

Senmu kestiң mınça diйular başyn,
 Senmu töktiң mınça diйular kanyn.

Xäli men baram tedim anda säñä,
 Seni mında kim berib izdi mäñä.

`Ali aйтur: Hak berib izdi meni,
 Parä-parä kylarm бүdäm seni.

Diйu aйтur: bü sa`ät seni йhäм,
 Düniädä nä heç müsylmanny койam.

Nä seni койam nä худ räйğämbäry,
 Йakaiyn Mäkkä, Mädinä šährini.

Nä düşmanny койam nä yazuғyzy,
 Bü žähanda койтайm heç biriñizi.

Elä tidı йurudy täkdir bilä,
 myң batman gürzüsın özi bilä.

Aldy gürzi xämlä kyldy `Aligä,
 `Ali taky kalkan aldy eliğä.

Elä ūrды dīhu oldām gürzünī,
 Kīm `Āli batdy ñergä tizī tegī.

Titrämädī `Āliniñ oldym elī,
 Heç täyir bolmady oşal şah uāli.

Sačrady mīndī oldām taş üstinā,
 Şükīr etdī säzdä kyldy dustinā.

Dīhu aйтur: Ölmädīñmu, ñä, `Āli,
 Kuh Kaf ersañ parā kylam senī.

Xämlä üç kyldy `Āli häm ölmädī,
 Kazyürübän nä etmīşän bilmädī.

Čunke näubät `Āligä tektī ñänä,
 `Āli ūrды elin Zūlfikaryna.

`Āli aйтur: Ёä, mäi`un barmak kōtär,
 Täñriniñ birligīnā ikrar ketur.

Ol dīhu aйтur tämam myñ ñaşadym,
 Mūnča `umrum kazysyny ñemädīm.

Čun bü söznī eştīdī diñudīn `Āli,
 Mīndī taş üstinā oldām şah uāli.

Čaldy andin Zūlfikary başyna,
 Keçdī-ketdī erdī anyñ žanyna.

Čunke öltirdī ol diñuny `Āli,
 Täñriniñ arslanydur ol şah uāli.

Ol saraiñyñ eşikini açdylar,
 `Āli üstinā diñular tüştilär.

`Āli ūrды oldām ol diñularä,
 Čaldyğynča karar erdī er-erä.

`Ali diñular başyny kesär edī,
Diñularny ñüzinä basar edī.

Üç ñüz diñu olturdy ol kün `Ali,
Täñrinij arslanydur ol şah uäli.

Čunke bü işni `Alidın kördilär,
Taky anda türmaidylar ketdilär.

Čunke `Ali diñularny körmädī,
Žumlä diñu ol arada türmady.

Keldi beş ñüz müsylmanny češtī elin,
Ülašty barčasyna diñu malyn.

Här birisi kutarynča aldylar,
Ol zäman kайуу түbinä bardylar.

Aйтur anlar: Йä, `Ali, биз netälīm,
Bü kайууда биз ne xilä kylalym?

Kanatymyz ñok tururkīm üčkаймыз,
Йä ötünümiz ñok kīm mīngäymiz.

Bizlär mägär bü kайууда ölgäymiz.
Täkdir ilä bizkäm munda tügäymыз.

`Ali aйтur: Siz tütün himmätläri,
Barčamyзга Hak kylur ersä ñari.

`Ali kylur du`äsın başyn açar,
Du`äsī kabul bolüb `äršä kečär.

Hak Tä`ala Žäbräilgä buйurdy,
«Bülarnы öz kanatyңa kötär», - dedī.

Čunke tämam etdī du`äni `Ali,
Kайуу üstindä kördi kenduläri.

Bü beş һүз мүсылман `әurat ilä,
Köb шүкirlär kyldylar `Äli bilä.

Šad-xurram һүrdilär münlar ilä,
Barčamyzğa mürad diňu hak uläh.

Čunke ešitdi Rasul `Äli kelur,
Täñriniň arslany uäli kelur.

Žumläsi karšu kelub körıştilär,
Täñrigä šükir äsxab köb kyldylar.

Ol kesik baş keldi Rasul katyna,
Rasul aldy oldäm any elinä.

Du`ä kyldy ol kesik başka Rasul,
Xak Tä`ala du`äsin kyldy kabul.

Ol kesik baş bir igit boldy һänä,
El-azay žumläsi keldi һänä.

Düryst boldy žumlä äsxab kördilär,
Xak iziniň sun`inä tañlandylar.

Rüxsat tiu xatunyn asmarladylar,
Küb kürü süngägläri kauyšdylar.

Üylynyň etin diňu emiš edi,
Kürmyš süngägläri kalmyš edi.

Xak Tä`ala aña žan bayyšlady,
Zähi xil`ät ke zarafät äñlädi.

Mäulänä Šäms Tarazi һaryna,
Sen tegürgil `ažizlar müradyna.

Fä`ilätun fä`ilätun fä`ilätun,
Peškädäm üstadymyznyň ruxy šad.

Tämam

ФАКСИМИЛЕСІ

(۲)



باشلا علی سوزی بسم الله ایله
 دورشالم تونی یعونی الله ایله
 اوستیزده حقنی حاضر کیمیم
 مصطفی ننگ جمعیتینه ایرالم
 سورلاگانم بر خوب ایتدگو داستان
 کم کونکلار شادی قیلان دوستان
 دنیاده خوب خوب اشلار کوی ایزد
 هیچ مونلک تیلک بری تقی یوق هرور
 تنگری ایتور آرسلانم دور اوله علی
 اول علی اول سخی اول حوی
 اول علی ننگ ایرلحق سنالم
 نظم برک بر خوب شرحین قیلالم

(۳۶)

رجا لهدك رديله تيلاسي
 رجا مسيا رعليه رقه وئالاكانيس
 رلاكانيس وئيلتو مسلية رجا رقه
 رلاكانيا وئش نة انجعه ركنن رقصمه
 لانك الكيلغاله بمتشيا مان رقه
 لانآ الكيلانديا بيبي تامله رشوه
 دايلاي تارة رديا رشومتا نامس
 دايب دامه هبلجه ركنه وئا نمتوا
 هنيبو ردا ركنن نامس ياردي يالقب
 هنيبو ياردي يالكنن بومتا ركاوه
 رنشل وئا رنلسيبي يلبورده
 رنشل نومه ردمه ردي يالقب
 سايا رشل بيلجوي رنمين ساهيا
 سيارشلي رنومه رجا ساهيا بيوش
 رئا ه رئا آ ه رساهيا ه
 رلكاكانيس نلمه رشل رنلسيبي
 رلقو رنمين نبيديبو وه رئا رلق
 رلق هنيبو وه رمشله نومه
 رجان رعليه مغايفه رديان نينبو

(۴)

زاری پنداری ، یغلا دی پیغمبری
 پیغمبر آتی کوروب قورقتی جانی
 تورا گلدی تنگری ننگ آرسلائی
 نیلار ایردی اول باشی کوتارمکا
 مصطفی ننگ قاتینه کیلتورمکا
 نچکم زور ایلیدی کوتارمدی
 ذره مثقال یرندنین تبرتمادی
 خیران قالدی علی ننگ اوصی کیمار
 اول باش ایتور یارسول علی ننگار 46
 قوتین مو سنا یور علی منکا
 ایتمک اینکل بیرمسون زحمت بنکا
 علی تیک هم منک علی بولور ایرسه
 بارچه بربولوب منکا گلور ایرسه
 بارچه بربولوب منسی کوتارمکای
 ذره مثقال یرمندنین تبرتمکای
 زیراکم الله دیدارین کورمشم
 مرادیم مقصودیمه هم ایرمشم
 بی گمان الله ترور منم بیله
 سوزلاشورمن تونی کونی الله ایله

ایلی

(۵)

ایلی گزین بارمش ایردیم من هجه
 غیر قیلیم کوب آچه یالانچاچه
 چقار ایردوم یر یوزینه آط ایله
 چقار ایردوم کوککا معجزان ایله
 چقار ایردوم فرشتهلار قاتینه
 کاه کرار ایردوم آدم صورتینه
 اسم اعظم دعاسین اوقور ایدیم
 موسی برله من نماز قیلور ایدیم
 قلعه نوری منم شوریم لودی
 خضر الیاس مونس هم یاریم ایدی
 یوروز ایردیم من خضر الیاس ایله
 کورار ایردیم باشقه نه یازمش اوله
 بر حلالم بر خوب اوغلم بار ایدی
 اول ایکسی مونس هم یارم ایدی
 گوده م ایله اوغلو منی دیو یدی
 یارسول الله شفاعت قیل دیدی
 هم حلالم آلدی کردی قیوغه
 قندغو قویهاز کوزلار منی اویقوغه
 گر شفاعت قیلماسانک موندە منکا

(۶)

يارين آندە دعواچى من من سنكا
 على ايتور يارسول من باراين
 ذوالفقار ايله جكارين باراين
 يامن اولام ياديو باشين كيسام
 حق عناييت قيلور ايرسه من باسم
 قورتقاراين ديو الندين عورق
 يوق ايرسه من مناين دلدل آق
 هم يارانلار مجلسنده تورماين
 هم تقى لير دعواسنى قيلمائين
 رسول ايتور يا على بلمه آنكا
 بلهاس سن كم برزوال كلكاى سنكا
 على ايتور يارسول باريسرم
 باشه نه يازمشين كوريسرم
 مندى دلدل يغلادى ذوالفقارى
 حسن بره حسين قىلبى زارى
 على اورتايدىلار بر منزل
 اوتوز اوج منك محابه جمل بيله
 على كيتاز اول كيسلش باش ايله
 محابهلار قايتدىلار كوز باشيله

«СИРАЖУЛ-ҚУЛУБ»

Алтын Орда тұсында дүниеге келген діни-дидактикалық жәдігерлердің бірі – «Сиражул-қулуб» («Көңілдер шырағы»). Таухид пен ақидаға қатысты мәселелер сұрақ-жауап түрінде берілген бұл жазба ескерткіштің авторы туралы нақты дерек жоқ. Түркі жазба тілінде жазылған бұл жәдігердің араб және ұйғыр әріптерімен көшірілген нұсқалары сақталған. Араб әріпімен жазылған нұсқасында (Мәскеу нұсқасы) еңбектің һижри жыл санағы бойынша 961 жылы (1554 ж.) жумадил-ахир айында көшіріліп жазылғандығы айтылған. Алайда, осы қолжазбаны алғаш рет ғылым әлеміне таныстырған Ә.Нәжіп шығармадағы сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылу ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, ескерткіштің XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басында жазылу мүмкін екендігін алға тартқан. Бұл нұсқаның Алтын Орда тұсында дүниеге келген Махмуд Кердерінің «Жұмақтардың ашық жолы», Рабғұзидың «Пайғамбарлар қиссасы» секілді Хорезмдік ескерткіштердің жазылу мәнеріне сай келетіндігі көптеген ғалымдар да атап өткен. Сондықтан да ең ескі нұсқалардың бірі ретінде саналатын Мәсуке нұсқасындағы 1554 жыл деген (һижри жыл санағы бойынша 961 ж.) еңбектің жазылған уақытын емес, қайта көшірілген уақытын көрсетеді деген дұрыс пікір.

Түркі жазба тілінде жазылған бұл еңбекті әр жылдары Ә.Нәжіп, А.Щербак, М.Глаусон, З.У.Тоған, Е.Фазилов, М.Гайнетдинов, Р.Топарлы секілді ғалымдар зерттеп, өзі пікірлерін білдірген.

Шығыс мұсылман дүниесінде «Сиражул-қулуб» деген бірнеше еңбек кездеседі. Әбул-Мұхаммед Ахмед ибн Мұхаммед Әбдулмәлік әл-Әшар Тәбризидің араб тіліндегі еңбегімен қатар, Әбу Мансур Саид ибн Мұхаммед әл-Кәттан әл-Ғазнауи, Әбу Бәкір ибн Абдулла ибн Мұхаммед ибн Шамур әл-Әсәди әр-Рази секілді ғалымдар парсы тілінде де қалам тербеген. Сондай-ақ Ахмед Дағидың османлы түркішесімен жазған осы аттас шығармасы да бар. Сонымен бірге «Қырық сұрақ кітабы» деген атпен белгілі бірнеше қолжазба да кездеседі. Әуел баста араб тілінде жазылған еңбек бертін келе ажам (парсы, түркі) халықтарының тілдеріне аударыла бастаған. Орта ғасырда бір еңбекке бірнеше ғалымның қатар қалам тартқанын ескерсек, онда бұл еңбектің сол заманда қандай сұранысқа ие болғандығын аңғаруға болады. Әрі Ахмет Жүйнекидің «Ақиқат сыйы», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармалары секілді түркі жазба тілінде араб һәм түркі-соғды (ұйғыр) әріптерімен қатар көшірілгендігі соны меңзейді.

Сондай-ақ, бұл шығарма XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында түркі дүниесінде алғашқы баспаханалар ашылған уақытта баспагерлердің на-

зарын өзіне аудартқан болатын. Себебі исламның негізгі ұстындарындарын көркем тілмен сұрақ-жауап тәсілімен әдемі жеткізе білген бұл жәдігерге деген оқырмандардың қызығушылығы жоғары еді. Тіпті сол кездегі дәстүрлі діни оқу орындарында да бұл шығарма кеңінен оқытылған деуге толық негіз бар. Себебі бұл шығарма 1875 жылы Қазан университетінің баспаханасынан бірнеше тиражбен жарық көрген. «Бұ кітаб басмасына рұхсат берілді 13-інші феврал 1875-інші жылда» деп, кітапқа қол қою уақыты ашып көрсетілген бұл жәдігер «Сиражул-қулуб» деген атпен жарық көрген¹.

Десек те Алтын Орда тұсында жазылған көне жәдігер мен ХІХ ғасырдың соңында жарық көрген тасбаспалардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар кездеседі. Тілдік жағын айтпағанның өзінде, кейінгі баспагерлер тарапынан да бірқатар мазмұндық «түзетулер» енгізілгені жасырын емес. Сондықтан да антологияға 1554 жылы көшірілген ең көне нұсқаның тең жартысы, яғни «он тоғыз сұрағы» аударылып берілді.

¹ Сиражул-қулуб. Қазан: Университет баспаханасы, 1875. – 100 б.

АУДАРМАСЫ

Аса камқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Әлемдердің Жаратушысы Аллаға мадақ болсын, иман келтіргендердің ақиреті абат және елшісі Мұхаммед пен оның отбасына салауат болсын!

Бұл кітапта бұрынғы өткен адамдардың бастан өткен киссалары туралы сөз болады. Әлемнің патшасы (Аса құдіретті) көкті жаратты, батыстан шығысқа дейін, ең биіктен ең жақынға дейін жаратты. Бұл кітаптың бәрі сұрақтан тұрады. Жауаптары сауапқа лайық. Жауаптарды, негізінен, Жебірейіл Тәңірінің (Аса құдіретті) әмірімен түсіп, Расулға (Алланың оған сәлемі болсын) үйреткені еді. Көп ғажайыптарды баяндап берді. Бұл сұрақтарды сахабалардан сұрады, бірақ мұсылмандар әмірі Әли (Алла одан разы болсын) ғана жауап берді.

Бұл кітаптың аты «Сирәжул-кулуб». Мағынасы – «Көңілдер шырағы». Оқығанға, естігенге пайдасы өте көп. Араб тілінде еді. Үйренуге оңай болсын деп, түркі тіліне тәржімаладық. Араб тілін білген өзі оқып пайда алғанымен де, арабша білмейтіндер бұдан үлессіз қалатын еді.

Кімде-кім бұл «Сирәжул-кулубты» оқыса, дүниеден бас тартып, ақиретке бет бұрады, неше түрлі ілім үйреніп, ғалым болады және қиямет күнінде ғалымдар қатарында болып, құрметке бөленеді екен. Сондықтан да оқыған кезде бізді жақсы дұғамен еске алар деген үмітпен осы кітапты жаздық.

Үшінші сұрақ

Және сұрақ қойды. Жөйт: «Мына көктерді кім жаратты? Әрбірінің аты қандай? Сипаты қандай? Көктегі періштелердің құлшылығы не? Аттары кім, айтып бер?», – деді.

Жауап: Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Алғашқы қабатты жасыл зүбәржаттан жаратты. Аты – Барқиға. Барлық періштелер онда сәждеде жатады және тәспілері мынау: «*Субханә зил-мулки уәл-мәләкут*». Олардың үлкендерінің аты – Исмайыл. Тағы бір періште бар. Аты – Рағд. Жаңбыр мен бұлтқа жауапты.

Екінші қабат көкті нұрдан жаратқан. Оның аты – Ұлқұн. Ондағы періштелердің бәрі руқуғта тұрады. Оның тәспісі мынау: «*Субханә зил-’иззәти уәл-жәбәрут*». Олардың үлкенінің аты – Арқайыл. Тағы бір періште жаратты. Ол періштенің жартысы қардан, жартысы оттан. Қар отты өшірмейді. Оның аты – Хабиб. Олардың тәспісі мынау: «*Субханә мән әлләфә бәйнәл-бәлхи уән-нәри уәл-ләфә бәйнә қулубил-’ибади*».

Үшінші қабат көкті қызыл жақұттан жаратқан. Оның аты – Қайтум. Ондағы періштелер намазда тұр. Олардың тәспісі мынау: «*Субханә зил-мулкіл-құддуси*». Олардың үлкендерінің аты – Көкбайыл.

Төртінші қабат көкті жасыл моншақтан жаратқан. Оның аты – Тағун. Барлық періштелер ташаһудта тұрады. Олардың тәспісі мынау: «*Субханәл-мәликіл-құддуси раббул-мәләикәти уәр-рух*». Олардың үлкендерінің аты Мусбәйіл.

Бесінші қабат көкті жасыл жақұттан жаратқан. Олардың аты – Матфафил. Періштелерінің тәспісі мынау: «*Субханә раббикә шәйин уә субханәһу уә Тә'ала*». Үлкендерінің аты – Әсбәйіл.

Алтыншы қабат көкті сары жақұттан жаратқан. Оның аты – Рабиба. Ішінде періштелер жаратқан. Олардың ісі Жаратушының мадағы. Тәспісі мынау: «*Субханә халиқән-нури субханаллаһи уә бихәмдиһи*». Олардың үлкендерінің аты – Рухайыл.

Жетінші қабат көкті аппақ моншақтан жаратқан. Оны аты – Урина. Оның ішіндегі періштелердің бәрі қолдарын көтеріп тұрады. Тәңірге (Аса құдіретті әрі ұлы) тәспі айтады. Тәспілері мынау: «*Субханаллаһи 'әдәдә хәлқиһи уә 'әзәмәти 'әршиһи уә 'әдәдә кәлимәтиһи*». Үлкендерінің аты – Нурбайыл.

Және сол жетінші қабат көктегі періштелерді Кәррубийан деп атайды. Олардың көптігін Тәңіріден басқа ешкім білмейді. Әрқайсысы әр бейнеде болады. Бір-біріне ұқсамайды. Бір-бірімен сөйлеспейді. Бастарын жоғары көтеріп әсте жерге қарамайды. Тәңірі (Аса құдіретті әрі ұлы) оларды жаратқалы бері күндіз-түні еңіреп жылауда. Ешқашан тоқтамайды. Қияметке дейін солай болады. Егер олардың еңіреп жылағанын адамдар есітсе, баршасы жан тапсырар еді. Алла елшісі Мұхаммед (Алланың оған сәлемі болсын): «Мені Мигражға алып шыққан уақытта олардың ыңырсып жылағанын есітіп: «Ей, Жебірейіл досым, мынау не қылған ыңырсу?», – деп сұрағанымда, Жебірейіл: «Кәррубийан деген періштелердің еңіреп жылағаны ғой. Сенің үмметің үшін жылап жатыр», – деді.

Әбу Һурайра (Алла одан разы болсын) Алла елшісінен (Алланың оған сәлемі болсын) баяндайды. Хабарда әрбір қабат көктің қалыңдығы бес жүз жылдық жер екендігі, ортадағы қашықтығы бес жүз жылдық жер екендігі айтылады.

Жетінші қабат көкте Жаратушы (Аса құдіретті әрі ұлы) бір теңіз жаратқан. Сол теңіздің тереңдігі жеті қабат жерден Аршыға дейін жетеді. Бір періште жаратқан. Теңіз ішінде тік тұрып, Жаратушыға (Аса құдіретті әрі ұлы) құлшылық қылады. Ол теңіз соншалықты терең болса да ол періштенің тобығынан да келмейді.

Төртінші сұрақ

Сұрақ сұрады: «Тәңірі Тәбәрәк уә Тағала жеті қабат жерді жаратты. Әрқайсысының аты қандай? Сол жерлерде қандай халықтар бар? Сипаттары қандай?».

Жауап: Пайғамбар: «Тәңірі (Аса құдіретті) жеті қабат жерді жаратты. Әрқайсысының арасы бес жүз жылдық еді. Алғашқы қабат жер – адамдар мекені.

Екінші қабат жер – желдер мекені. Сол желдерді Тәңірі (Субханаһу уә Тә’ала) жиған. Құлдарына қалауынша жібереді. Ад қауымын сол желмен опат еткен.

Үшінші қабат жерде Тәңірі (Субханаһу уә Тә’ала) халық жаратқан. Түрлері адам түріндей, аяқтары ит аяғындай, қолдары адамның қолындай, аяқтары сиыр аяқтарындай, түктері қой түгіндей. Қияметке дейін күнә жасайды. Намаздарына түйірдей де сауап жоқ. Бізде түн болған уақытта оларда күндіз болады. Оларға түн болса, бізге күндіз болады. Себебі періште солай қайтады.

Төртінші қабат көкте күкірт тасы бар. Алла Тағала тамұқтықтар үшін жаратқан. Әрбір тастың үлкендігі Қап тауындай. Құранда былай хабар берілген: «Уә кудуһән-нас уәл-һижарату» яғни «Тамұқтың тамызығы адамдар мен тастар». Сол үшін де күкірт тасы жағылмаған. Жағылса өшпейді. Пайғамбар: «Тамұқ ішінде Тәңірі (Аса құдіретті әрі ұлы) күкірт жаратқан. Егер дүние тауларын соған салар болса, қамырдай еритін еді», – деген.

Шайқы Мансур Аммар (Алла одан разы болсын) айтады: «Қажыға бара жатыр едім. Куфаға жеттім. Кеш болды. Бір қақпадан: «Йә, Раббым! Сені сонда жазғырдым. Өкінішті-ақ. Менің мұратым сені жазғыру емес еді, Саған қарсы шығу мақсатым емес еді, бірақ білместіктен қылдым. Мені азаптайтын болсаң маған арашашы жоқ. Енді алдына келдім. Сен жолатпасаң, қайда барайын, барар жерім жоқ», – деп зарлаған дауыс келетін еді. Шайқы Мансур Аммар: «Оның жылағанын көріп өзімді ұстай алмай мен де жыладым. Құлағымды есік саңылауына тосып: «*Ә’узу биллаһи минәш-шәйтанир-ражим. Бисмиллаһир-рахмәнир-рахим. ...уә кудуһән-нәсу уәл-һижәрәту ’әләйһә мәләикәтун гиләзун шидәдун ла йә’суналлаһа мә әмәрәһум уә йәф’әлунә мә’иу мәрун*». Мағынасы мынау: «...отыны адамдар мен күкірт тасынан болған оттан қорғаныңдар, періштелерге қандай әмір болса, соны орындайды». Осы аятты оқыған уақытымда, қатты жылап жатыр еді, біраздан кейін дауысы шықпады. Дауысы еш шықпайтын болды. Есікке белгі қойдым да, ол есіктен кеттім. Ерте тұрып, сұрайын деп, сол есікке (қайта) келдім. Есікте бір жаназа тұр екен. Бір қарияны көрдім. «Көзімнің жарығы, көңілімнің жемісі», деп зар еңіреп жылап жатыр. Сұрап едім, (ол): «Бұл жігіт менің ұлым еді. Алла елшісінің ұрпағынан еді. Түнде намаз оқып, күндіз ораза ұстайтын еді», – деп айтты. Шайқы Мансур

Аммар Анасынан: «Ауырды ма?», – деп сұрадым дейді. (Ол): «Жок, осы түні есік жарығынан Құранның бір аятын оқып еді, аятты есітіп ұлым жан тапсырды», – деді. Шайқы Мансур Аммар: «Ойбай, шаһзаданы мен өлтіріппін. Қиямет күні бұл маған үлкен дұшпан болады», – деп зар илеп, Куфа шаһарынан шықты.

Бесінші қабат жерде тамұқ жыландары бар. Әрқайсысының үлкендігі түйедей. Әрбір жыланның үш жүз алпыс құйрығы бар. Әрбір құйрығының ішінде үш жүз алпыс заһары бар. Егер бір тамшы заһарын дүниеге шығарса, дүние жануарларының бәрі өлетін еді. Дүниедегі тамақтың бәрі уланар еді, барша сулар у секілді болар еді. Ешкім де жолымен жүре алмас еді.

Алтыншы қабат жерде ағып жатқан дариялар бар. Оның іші толған жыландар. Тәңірі (Аса құдіретті әрі ұлы) жыландармен сормаңдай құлдарды азаптайды. Егер жыландардың біреуін дүниеге жіберсе, дүниедегі үлкен тауларды аузымен қысар еді. (Содан) таулардың бәрі құм секілді болар еді. Егер тамұқтықтарды көрсе, одан қорыққан мүшелерінің бәрі порша-порша болатын еді.

Жетінші қабат жер ішінде тамұқтықтардың, кәпірлердің жаны бар. Бұл туралы Жаратушы (Аса құдіретті әрі ұлы) Құранда хабар берген: «Кәллә иннә китәбәл-фужжәри ләфи сижжин» («Олай емес. Негізінен бұзықтардың дәптері төменгі орында болады»).

Сондай-ақ жетінші қабат жерде тағы Ібіліс орны бар. Және оған ергендердің жері. Сонда тақ орнатылған. Оң жағында сәмум, сол жағында сәмһани бар. Оған ергендер шүкір етіп тұрады.

Уәһб ибн Мунәббих айтады: Алғашқы қабат жердің аты – Арима. Екінші қабат жердің аты – Рәсидә. Үшінші қабат жердің аты – Ағила. Төртінші қабат жердің аты – Натиха. Бесінші қабат жердің аты – Сакила. Алтыншы қабат жердің аты – Мәшиғаһ. Жетінші қабат жердің аты – Сара. (Уәл-лаһу ә’ләм) («Алла біледі»).

Бесінші сұрақ

Сұрақ: Жәйт: «Тәңірі Тәбәрәк уә Тағала жұмақты неден жаратты? Басқа қандай сипаттары бар? Аттары қандай?», – деп сұрады.

Жауап: Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, жәйт! Біл және хабардар бол, Тәңірі Тәбәрәк уә Тағала жұмақты нұрдан жаратты. Жетінші қабат көкте. Бір-біріне ілініп тұр.

Біріншінің аты – Дәрус-сәлам. Екіншінің аты – Дәрул-ухдуд. Үшіншінің аты – Дәрул-хулд. Төртіншінің аты – Дәрул-қарар. Бесіншінің аты – Жәннәт-адн. Алтыншының аты – Жәннәт нәғим. Жетіншінің аты – Жәннәтул-мәуа. Сегізінші бәрінен жоғары. Аты – Жәннәт фирдаус.

Уәһб ибн Мунәббих Йумин айтады: «Тәңірі Тағала әрбір жұмақты жаратқанда әрқайсысын әр нәрседен жаратқан. Дәрус-сәламды қызыл жақұттан, Жәннәт-аднды зүбәржаттан жаратты. Дәрул-хулдты ақ күмістен, Жәннәтул-мәуаны қызыл алтыннан жаратты. Жәннәтул-фирдаусты ақ інжуден, Жәннәтул-нәғимді зүбәржаттан жаратты. Дәрул-қарарды нұрдан жаратты. Әрбір жұмақтың есігі басқа. Кендігі Шығыстан Батысқа дейін жетеді. Әрбір қақпада: *«لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَن لَّا يُدْرِكُهُ الْبَصَرُ وَلَا يَحْصِيهِ الْحِسَابُ»*. Мағынасы мынау: «Мен соны жаратқан Иемін. Менен өзге ешқандай Тәңірі жоқ». Осы сөзді кім айтса, мен оны азаптамаймын».

Алтыншы сұрақ

Сұрақ: Жөйт: «Ей, Мұхаммед, Тәңірі тамұқты неден жаратты? Қай жерде орналасқан? Аттары қандай? Ішінде қандай халықтар бар?», – деді.

Жауап: Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Тәңірі Тағала кәпірлерді қинау үшін тамұқты өз азабынан жаратты. Тамұқ жеті қабат жер астында орналасқан. Бір-біріне ілініп тұр. Көкті сипаттап өткеніміздей, әрбір тамұқтан келесі біріне дейін бес жүз жылдық жер. Және әрқайсысының азабы жетпіс мың жолдан қаттырақ. Әрбір тамұқтың аты өзгеше. Бірінші тамұқтың аты – Жаһаннам. Екінші тамұқтың аты – Ләза. Үшінші тамұқтың аты – Һутама. Төртінші тамұқтың аты – Жахим. Бесінші тамұқтың аты – Сақар. Алтыншы тамұқтың аты – Заһир. Жетінші тамұқтың аты – Һауийа. Қай жері биік болса, сол жердің азабы азырақ болады.

Жаһаннамда бір жазық жер бар. Сол жерде жетпіс мың үй бар. Әрбір үй ішінде жетпіс мың қалашық бар. Әрбір қалашық ішінде жетпіс мың сарай бар. Әрбір сарай ішінде жетпіс мың бөлме бар. Әрбір бөлме ішінде жетпіс мың сандық бар. Әрбір сандық ішінде жетпіс мың оттан азап бар. Әрқайсысы бір-біріне ұқсамайды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) осыларды айтып еді, Айша (Алла одан разы болсын) есінен танып, құлап қалды. Есін жиған уақытта пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) (оған): «Ей, Айша! Бұл айтқанымның бәрі тамұқтың ең жеңілі әрі ең оңайы болатын», – деді де: Тәңірім, барша құлдарыңды ол азаптан Сен сақтай көр!», – деді.

Жетінші сұрақ

Сұрақ: Жөйт: «Қиямет күні құлдардың құлшылығы мен күнәсін тартағын таразы қандай? Және сипаты қандай? Айтып бер», – деді.

Жауап: Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, жөйт, біл және хабардар бол! Тәңірі Тағала бір таразы жаратқан. Қиямет күні болғанда

(Сендік және жүрекпен бекіттік) құлдардың сауабы мен күнәсін сол таразымен өлшейді. Бұл туралы Алла Тағала Құранда былай деп хабар берген: *«Уәл-уәзну йәумәзин әл-хәққу фәмән сәқүләт мәуәзинуһу фә уләикә һумүл-муфлихун. Уә мән хәффәт мәуәзинуһу фә уләикәл-ләзинә хәсиру әнфусәһум бимә кәну би әйәтинә йәзлимун»*. («Ол күнгі таразылау шындық. Сонда кімнің таразысы (жақсылықта) ауыр тартса, міне солар құтылушылар. Және кімнің таразысы жеңіл тартса, аяттарымызға орынсыздық еткендіктері себепті зиян кылды»).

Абдулла ибн Аббас пайғамбардан (Алланың оған сәлемі болсын) былай деп баяндайды: (Ол): «Қиямет күні болғанда (Сендік және жүрекпен бекіттік) сол таразы Микәйілдің қолында болады. Алып келеді. Оның бір жағы нұрдан, келесі жағы қараңғылықтан болады. Сауаптарды нұр жағына, күнәлерді қараңғылық жағына қояды. Ұзындығы Шығыстан Батысқа дейін жетеді. Әрбір сауап пен күнәні бір-бірлеп тартады. Егер біреудің сауабы күнәден қыша түйіріндей ауыр келсе, Аршы мен Күрсінің барша періштелері оған қарсы келеді. (Сонда) бір періште айқайлап: «Пәленше ұлы пәленшенің сауабы болды», – дейді. Ғарасаттың барлық халқы бұл дауысты есітеді.

Хабарда тағы былай баяндалады: Қиямет күні болғанда (Сендік және жүрекпен бекіттік) ол жерде үш түрлі халық бір-бірін танымайды. Ұл-қыз ата-ананы, ата-ана ұл-қызын, ерлі-зайыпты (бір-бірін) танымайды екен.

(Амалдар жазылған) хаттар қар, жаңбырдай жауа бастағанда біреуге оңынан, енді біреуге солынан келеді. Содан тамұқты дайындайды. Тамұқ бір сілкінеді. Барша халық бір-бірімен араласады. Біреудің сауабы ауыр келсе, енді біреудің күнәсі ауыр келеді.

Пайғамбардан (Алланың оған сәлемі мен амандығы болсын) жеткен тағы хабарда былай баяндалады: Бір құлдың хатын алып келеді. Ұзындығы Шығыстан Батысқа дейін жетеді. Ол құл хатының бастан-аяқ қара болғанын көреді. Ол құл шарасыз қалады. Содан кейін сол күнәлар (жазылған) хатын таразыға салады. Күнәсі ауыр келеді. Және ақ қағаз береді. Және бір жағына қойғанда, бәрінен ауыр келеді. Ол құл аң-таң қалып: «Тәңірім! Барша күнәден ауыр келетін бұл қандай қағаз еді?», – деп сұрайды. (Сонда): *«Йә 'ибәди фәдхули жәннәти»* (яғни) «Ей, құлым, жұмаққа кір!», – деген дауыс келеді. Ол құл аң-таң қалып: «Тәңірім, бұл не қағаз еді?», – дейді. Тәңіріден: «Ей, құлым! Сен ана дүниеде шын көңіліңмен: *«Лә иләһә иллаллаһу Мұхаммадун расуллаһи»* («Алладан басқа Тәңірі жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі») деген сөзді айтып едің. Бұл осы сөзді айтқан құлдың сауабы», – деген әмір келеді. Ол құл қуанып жұмаққа кіреді.

Сегізінші сұрақ

Сұрақ: Жөйт: «Қиямет күні құлдар өтетін сираттың сипаты қандай? Айтып бер», – деді.

Жауап: Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) айтты: «Ей, жөйт! Біл және хабардар бол, сират тамұқтың үстіне орналасқан бір көпір. Барлық халық содан өтеді. Сираттың ұзындығы үш мың жылдық (жол). Ол сират қылдан жінішке, қылыштан өткір. Әрқайсысы қолдарында күрзі ұстап тұратын періштелер бар. Шопанның қойды айдағанындай (олар) халықты сиратқа қарай айдайды. Бәрінің өтетін жері сол. Содан кейін пайғамбар сират басына (Алланың оған сәлемі болсын) мейірім періштелерімен бірге келіп, екі қолын жайып дұға жасайды. Періштелер: «Әмин, әмин!», – дейді. Дұғасы мынау: «Аллаһумма ихфәз уммәти һәзәс-сиратә» (яғни) «Тәңірім! Үмметімді мына сираттан сақта». Құл аяғын сираттың үстіне қойған уақытта мұсылман құлдар сауап мөлшеріндей ғана өтеді.

Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) былай деген: «Найзағай секілді өтетін бір топ адам болады. Және желдей өте шығатын тағы бір топ адам болады. Құстай ұшып өтетін тағы бір топ адам болады. Аттай шауып өтетін тағы бір топ адам болады. Жаяу жүргіншідей өтетін тағы бір топ адам болады. Нәрестедей еңбектеп өтетін тағы бір топ адам болады. Бір тәулік бойына өтетін біраз құлдар болады. Бір ай бойына өтетіндер болады. Біразы бір жыл бойына өтеді. Біразы жиырма бес мың жыл бойы қалады. Қияметтің бір күні дүниенің елу мың жылына тең. Бұл туралы Алла Тағала (Құранда) былай деп хабар берген: «...*في يومئذ ينزل المائدة*» («...мөлшері елу мың жылдық бір күнде ұшып шығады»).

Әбу Һурайра (Алла одан разы болсын) пайғамбардан (Алланың оған сәлемі болсын) былай деп баяндайды: «Сираттан өтіп тамұққа жақындағанда (олар): «Ей, Құдайым! Тамұқтан құтқардың», – деп Тәңірге мадақ-мақтаулар айтады. Біразы отқа құлайды.

Сонда (олар): «Тәңірім! Біз барлық денелерімізді пида қылдық. Тек жүзімізді сақта!», – дейді де: «Тәңірім! Сен білерсің», – дейді.

(Сонда): «Ей, құлдарым! Менен басқа тілек сұрамаймыз деп, маған уәде беріңдер», – деген жарлық келеді. Бұл тамұқтан өткендер: «Уәде бердік, басқа ешнәрсе сұрамаймыз», – дейді. «Бұлардың жүзін күйдірмендер!», – деген отқа жарлық келеді. Сонда бір сағат қалады. Алыстан бір көленкелі ағаш көрінеді.

(Олар): «Тәңірім! Бізді ана ағаш көлеңкесіне жеткізсең болды, басқа ешнәрсе сұрамаймыз», – дейді.

(Сонда): «Ей, құлдарым! Маған уәде бермедіңдер ме? Уәделерінді қалай бұзасындар?! Сол ағаш көленкесіне, барыңдар!», – деген жарлық келеді. Барды. Бір сағат ағаш көленкесінде қалады. Содан кейін жұмақты көреді. Жұмақтың хош иісі мұрындарына жетеді.

(Олар): «Тәңірім! Жұмаққа қарауымызға рұқсат бер», – дейді.

Және: «Ей, құлдарым! Маған неше рет уәде бердіңдер. Тағы уәделерінді бұзып тұрсындар», – деді.

Бұл құлдар: «Тәңірім! Тағы бір тілегімізді орында. Басқа тілек сұрамаймыз», – дейді.

(Сонда): «Тілектерің не?», – деген жарлық келеді.

Күнәһарлар: «Жұмақтың какпасына алып бар. Жұмаққа және сарайларына, хор қыздары мен қызметшілеріне қарайықшы. Басқа тілек сұрамаймыз», – дейді.

(Сонда): «Барыңдар», – деген жарлық келеді.

Бәрін көреді. Бастарын төмен салбыратып, аң-таң болып, шарасыз қалады. Тағы тілек сұрауға қатты ұялады.

(Сонда): «Ей, құлдарым! Неге тілек сұрамайсындар?», – деген жарлық келеді.

Олар: «Тәңірім! Ұяламыз. Себебі бірнеше рет уәде беріп, (уәдемізді) бұздық. Енді артық тілек тілемейміз», – дейді.

(Сонда) Тәңіріден (Жәллә уә жәлалуһу): «Ей, күнәһар құлдарым! Сендер әлсіз болсандар, мен мейірімдімін. Менің бергеніме разы боласындар ма?», – деген жарлық келеді.

(Олар): «Тәңірім! Разымыз», – дейді.

(Сонда): «Ей, құлдарым! Барыңдар, жұмақта дүниеден он есе мүлік бердім», – деген жарлық болады да, періштелерге қарата: «Ей, періштелерім! Мына құлдарымды Сауан деген хауызға алып барып, жуындырыңдар! Содан кейін жұмаққа алып келіңдер», – дейді.

Ол періштелер солай жасайды. Содан кейін киім кигізіп жұмаққа кіргізеді. Сауап жасағандар сарайларға кіреді. Ол сарайлардың үлкендігі алты мың жылдық жол. Ол құлдар сонда қалады.

Тоғызыншы сұрақ

Сұрақ: Жөйт: «Тәңірі (Аса күдіретті әрі ұлы) көкте бір құс жаратыпты. Ол қандай құс? Оның сипаты қандай?», – деді.

Жауап: Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, жөйт! Біл және хабардар бол, Тәңірі (Аса күдіретті әрі ұлы) Аршы түбінде бір бағана жаратқан. Оның үстіне бір күмбез жаратқан. Оның үстіне қораз секілді құс жаратқан. Ол құстың басы ақ інжуден, көздері жақұттан. Мың төрт жүз қанаты бар. Жеті жүзі

он жақта, жеті жүзі сол жақта. Әрбір қанатында жеті жүз мың қауырсыны бар. Және зүбәржаттан жеті жүз мың қауырсыны бар. Тағы жеті жүз мың қауырсыны зафраннан, жеті жүз мың (қауырсыны) амбрадан, жеті жүз мыңы камфарадан, жеті жүз мыңы жұпардан. Әрбір қауырсынында төрт жазу жазылған. Бірінші жазуы: «*Бисмилләһир-рахмәһир-рәһим*» («Аса камқор, ерекше мейірімді Алланың атымен»), екінші жазуы: «*Лә иләһә иллаллаһу Мухәммәдун расулуллаһи*» («Алладан басқа Тәңірі жоқ, Мұхаммед Алла елшісі»), үшінші жазуы: «*Қулли шәйһиһалиқин лә иләһә иллаллаһул-уахидул-қаһһару*» («Барлық әр нәрсе жоқ болады. Қаһарлы жалғыз Алладан басқа Тәңірі жоқ»).

Ол құстың үлкендігі Аршыдан жеті қабат жерге дейін жетеді. Күн сайын ол құсқа көктен жаңбыр жауғанындай, жұмақтан үш рет жұпар, зафран, інжу, камфара жауады. Әрқайсысы тәспі айтып ерекшеленсе, жүз мың маржан, жұпар мен камфара жұмақтықтардың басына жауады. Күн сайын бес рет азаншы азан айтса, оның дауысын есітіп қанаттарын бір-біріне соғады. Әр қанатынан тәспі айтып жатқандай дауыс шығады. Ол құстың тәспісі мынау: «*Субханаллаһил-’әзим уә бихәмдиһи*» («Ұлы болған Аллаға тәспі айтып, Оны мадақтаймын»).

Жердегі тауықтар олардың дауысын есітіп шақырады. Қанаттарын қақса, әр қанатынан жетпіс мың түрлі дауыс шығады. Олардың дауысын есітсе, жұмақтағы жапырақтар бір-біріне қауышады. Хор қыздары сарайлардан бастарын шығарып: «Дүниедегі біздің жұптарымыз намазға тұрды», – деп бір-бірлерінен сүйінші сұрайды. Егер ол құс қозғалатын болса, астындағы күмбез бен бағана да қозғалады. Содан кейін ол құсқа: «Ей, құс! Не үшін қозғалып жатырсың?», – деген жарлық келеді. Ол құс көркем тілмен: «Тәңірім! Менің қозғалғанымда дүниедегі мұсылман құлдарың саған құлшылық етіп жатыр. Сен оларды жарылқамайынша мен тынышталмаймын», – дейді. (Сонда) Жаратушы Иеден (Аса құдіретті әрі ұлы): «*Әләһ қуддира уәжсәбә ’әләйһимур-рәхмәту*» («Қазір оларға мейірім болатыны уәжіп болды»), – деген дауыс келеді. Жаратушы (Аса құдіретті әрі ұлы) сол күні намаз оқыған адамға мейірім назарын салады. Тәңірінің назары кімге түссе, тамұқ ол үшін харам болады.

Оныншы сұрақ

 عتدهم عبد درهم رسولدار نمازلىق دى
 الزكاه وصوم شهر رمضان وحج البيت
 نكاه ورتاك دى رمضانك ايج دىق دى حج الملك
 من استطاع اليه سبيلا وجا في خبر اخر

بجوت ده دى

كلدى

نكاه ورتاك

هركون كى رت

КЕЙБІР ДІНИ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАРДЫҢ СӨЗДІГІ

А

Аббас әулеті – Араб халифаттық династиясы (750–1258 жж.). Мұхаммед пайғамбардың немере ағасы Аббас әулетінен болғандықтан да, аббасидтер деп аталған. Әбу Муслим бастаған көтерілістің нәтижесінде билік басына келген. «Саффах» (Қанішер) деген атпен танымал болған Әбу Аббас Абдулла бұл әулеттің бірінші халифы болған. Астана ретінде Бағдат шаһарын арнайы салып, тандалған. Ислам әлемін бес ғасырға жуық билеген бұл әулеттен отыз жеті адам таққа отырған. 1258 жылы Моңғол қолбасшысы Хулагу тарапынан бұл әулет тақтан ығыстырылған.

Абдулла – Мұхаммед пайғамбардың әкесі (?-570 жж.). Құрайыш тайпасының атақты ақсүйектерінің бірі әрі Меккедегі Қағбаның қожайыны болған Әбді Мүтәліптің ұлы. Пайғамбар дүниеге келместен бұрын әкесі Абдулла алыс жол сапардан келе жатып дүниеден өткен. Содан пайғамбар әкесіз ержеткен. 2. Мұхаммед пайғамбардың ұлы. Кішкентай кезінде қайтыс болған.

Абдулла ибн Әбу Бәкір – Мұхаммед пайғамбардың ардақты сахабаларынан. Әрі Мұхаммед пайғамбардың қайын інісі. Хазірет Әбу Бәкір Сыддықтың ұлы. Исламның алғашқы жылдарында дінді қабылдаған. Мәдинаға hijрет еткен мұһажирлерден. Өз пайғамбар мен Хазірет Әбу Бәкір ең соңынан Мәдинаға hijрет еткен уақытта үш күн Сәуір үңгірінде жасырынып қалғанында осы Абдулла оларға тамақ тасып беріп тұрған әрі мүшіріктердің іс-әрекеті туралы мәлімет жеткізіп берген. Ислам тарихында орны бар Хунәйін және Тайф соғыстарына қатысқан. Сол Тайфта өткен соғыста жараланған.

Абдулла ибн Масғұд – Мұхаммед пайғамбардың жарандарының бірі. Толық аты-жөні – Абдулла ибн Масғұд ибн Рафия ибн Хабиб әл-Хузали (590–653 жж.). Лақабы – Әбу Әбдірахман. Пайғамбардың қызметінде көп болған. Алла аяттарының мағынасы мен түсу себебін жетік білген ғалым болған. Сондықтан да Мұхаммед пайғамбар: «Кімде-кім Құран ілімін үйренемін десе, Абдулла ибн Масғұдқа барсын, кімде-кім хадис ілімін үйренемін десе, Хұзайфа ибн Йаманға барсын», – деп, Ибн Масғұдқа ерекше құрмет көрсеткен. Ең алғаш рет Меккеде кәпірлердің алдында Алланың аяттарын жария оқыған сахаба. Қағбадағы Ибраһим мақамының алдында «Рахман» сүресін жария оқыған. Ислам тарихында болған Ұхұд, Бәдір секілді қазауаттарға қатысқан ұлық сахабалардың қатарынан. Пайғамбар дүниеден өткеннен кейін Куфада қазына бастығы қызметін атқарған. Хазірет Оспанның халифалық кезінде Мәдинаде 63 жасында дүниеден өткен.

Абдулла ибн Мубарак – Екінші дәрежелі атақты табииндерден. Толық аты-жөні – Әбу Әбдірахман Абдулла ибн әл-Мубарак әл-Ханзали әл-Маруази

(736–797 жж.). Хадис ілімінің білгірі. Хорезм түркілерінен болған Мубарак ибн Уазихтың ұлы. Хорасанның мәдени орталығы Марыда дүниеге келген. Көптеген жерлерге саяхат жасаған. Сондай саяхаттарының бірінде Әбу Ханифамен кездескен және оған шәкірт тұтынған. Сопылық, фикһ, хадистану, тарих, филология бойынша бірнеше еңбектер жазған. Жиырма мың хадистен тұратын жиырма кітапты Әбу Ханифаның фикһы негізінде түзген. Жиһад туралы алғаш еңбек жазған. Және ең алғаш «Арбағин» яғни «Қырық хадис» түзген. Абдулла ибн Мубарактан разы болғандардың бірі Ахмет ибн Ханбал болған. Имам Бұхаридың әкесі – Исмайыл, Абдулла ибн Мубарактың шәкірттерінен болған. Сириядан қайтып келе жатқанда қайтыс болған, Ефрат өзенінің бойындағы Хишта жерленген. Оның «Китәбуз-зуһд уаррақайк» деген он алты баптан тұратын кітабы біздің заманымызға дейін жетіп келген.

Абдулла ибн Омар – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларының бірі. Мұсылмандар әмірі болған Хазірет Омардың ұлы. Толық аты-жөні – Абдулла ибн Омар ибн әл-Хаттаб әл-Адауи (612–692 жж.). Әбу Әбдірахман атымен де танымал болған. Фикһ ілімінің білгірі. Алпыс жыл бойына фәтуа берумен айналысқан. Ислам әлемінде Әбу Һурайрадан кейін ең көп хадис жеткізген сахаба. Алла елшісінен 2630 хадис риуаят еткен. Әкесі Хазірет Омармен бірге Меккеден Мәдинаға һижрет еткен.

Абдулла ибн Убай – Пайғамбар заманында Мәдинада жасаған мұнапықтардың бастығы. Толық аты-жөні – Әбул Хубаб Абдулла ибн Убай ибн әл-Харис (?-631 жж.). Бәдір соғысынан кейін Исламды сөз жүзінде қабылдағанымен де, шынайы жүрегімен бекітпеген болатын. Оның мұнапықтығы ифк оқиғасында білінді. Ол алғашқылардан болып Айшаны ойнастықта айыптап, өсек таратқан. Алайда, бұл өсектің жалған екендігі Қасиетті аяттармен әшкереленген.

Адам ата – Діни сенім бойынша ең алғаш жаратылған адам және барша адамзат баласының түп атасы. Алла оны топырақтан жаратып, оған Өзінің рухынан үрлеген. Содан барша періштелерге оған сәжде жасауға бұйырған. Сонда Ібіліс тәкаппарланып Адамға сәжде жасаудан бас тартқан. Сол күннен бастап, Адам мен Ібілістің арасындағы дұшпандық пайда болған. Адам атаның қабырғасынан Хауа ананы жаратқан. Басында екеуі жұмақта өмір сүрген, алайда Ібілістің арбауына ілігіп, жұмақтан қуылған һәм жер бетіне түсірілген. Қабыл, Әбіл деген екі ұлы болған. Сондай-ақ Адам ата ең алғашқы пайғамбар.

Ажам – араб емес Шығыс халықтары. Арабтар басқа халықтарды ажам деп атаған. Бұл атау негізінен парсылар мен түркілерге қарата айтылған. Бертін келе ирандықтарды осы атаумен атаған.

Азан – Исламдағы бес шарттың бірі болған намаз құлшылығына шақыру. Намаз үшін азан айту сүннет амалы. Алғаш рет 622–623 жылдары пайғамбар тарапынан белгіленген. Басында мұсылмандар намазға қалай шақыру керектігі туралы ойласқанда, бірнеше сахабаның түсіне бүгінгі азан айту дәстүрі енген. Оны

Мұхаммед пайғамбар коштаған. Содан бастап азан айту сүннет болып қалған. Алғаш азан айтқан Біләл Хабаши болған. Азан бар дауыспен белгілі бір әуенмен оқылады. Мәтіні арабша айтылады.

Айт – діни мереке. Мұсылмандарда дәстүрлі екі айт, яғни мереке күні бар. Біріншісі – Зулхижжа айының оны күні болатын Құрбан айты. Оны «Идул-эдха» деп атайды. Екіншісі – Рамазан оразасынан кейін келетін Шәууал айының бірінші күні. Мұны көбінесе Ораза айты деп атайды.

Айша – Мұхаммед пайғамбардың сүйікті жары. Хуләфәи рашидин аталған төрт әділ халифтың алғашқысы Хазірет Әбу Бәкір Сыддықтың қызы. Мұхаммед пайғамбар оған һижреттің екінші жылы үйленген. Деректерде оның жастайынан араб әдебиетін жетік білгендігі айтылады. Хазірет Айша (613–678 жж.) Алла елшісінен көптеген хадистер жеткізген. Сахабалар кейбір шариғат мәселелерін келіп сұрап тұрған. Хазірет Әбу Бәкір, Омар және Оспанның халифалық кездерінде кейде фәтуа да беріп отырған. Өте қарапайым өмір сүрген. Айша анамыз туралы арнайы аят та түскен. Хазірет Айша өткен күнін есіне алғанда: «Мұхаммед пайғамбарға қыздай қосылдым, Алланың мен туралы арнайы аят түсірген және пайғамбардың соңғы жаны менің алдымда шықты», – деп мақтанатын болған.

Ақирет – Діни сенім бойынша ақырғы күн, соңғы уақыт. Бұл күні жер бетінің астан-кестені шығып, таулар жүндей түтіледі, теңіздер тасып, алай-дүлей болады. Ақиретте ұлы сұрақ-жауап болады, сырат көпірі тартылады. Ақирет фәни дүниенің бүтіндей тоқтап, бақи дүниенің шынайы басталуы.

Ақса мешіті – Құддыс (бүгінгі Йерусалимде) шаһарында орналасқан қасиетті мешіт. Құранда Ақса мешіті деп аталған. Діни көзқарас бойынша, оны Сүлеймен пайғамбар салғызған деп есептеледі. Меккедегі Қағбаға дейін мұсылмандар сол мешітке қарап намаз оқыған. 624 жылы қыбла Алланың қаулысымен Қағба болып өзгертілген. Ақса мешіті мұсылмандар үшін Меккедегі Харам мешіті мен Мәдинадегі пайғамбар мешітінен кейінгі үшінші орында қасиетті болып саналады. Мұхаммед пайғамбар Миғраж оқиғасында осы Ақса мешітіне кіріп намаз оқып, содан кейін көкке көтерілгендігі айтылады. VII ғасырдың соңы мен VIII ғасырдың басына халифалық еткен Әбдімәлік тұсында бұл жер «Харам Шәриф» деп аталып, Ислам ғибадатханасы ретінде қарастырылған.

Ақшам – Ислам шариғаты бойынша күнде оқылатын бес уақыт намаздың төртіншісі. Уақыты күн батқаннан қараңғы түскенше жалғасады. 3 бас парыз және 2 бас сүннеттен тұрады.

Аллаһу әкбәр – Алла ұлық. Исламдағы негізгі зікірлердің бірі. Сондай-ақ мұсылмандар қуанғанда Аллаға шүкіршілік ретінде айтады. Намаздағы көшу тәкбірлері кезінде де осы сөз қолданылады.

Анас ибн Мәлік – Мұхаммед пайғамбардың атақты сахабаларының бірі. Толық аты-жөні – Анас ибн Мәлік ибн Нәзір ән-Нажжари әл-Хазражи әл-Ансари. Әбу Сумама лақабымен де танымал болған. 610 жылы Мәдинада туы-

лып, 712 жылы Басрада 102 жасында дүниеден өткен. Фикһ іліміне жетік болған. Мұхаммед пайғамбардың Мәдинаға hijрет еткен күнінен бастап Алла елшісінің қызметінде он жыл болған. Пайғамбардың қасында ұзақ жыл болғандықтан да оның айтқан сөздері мен істеген амалдарын жетік білген. Кейін Алла елшісінен 2630 хадис риуаят еткен.

Ансар – Мұхаммед пайғамбар мен мұһажирлер Меккеден Мәдинаға көшіп келген уақытта оларды қарсы алған мұсылмандар. Сондықтан да олар «ансар» яғни «көмектесуші», «қол ұшын созушы» деп аталған. Ансарлар Меккеден қудаланып, қоныс аударып келген меккеліктерді жылы шыраймен күтіп, өз қастарынан орын берген. Бар мал-мүлкін, үй-жайын қалдырып келген мұһажирлерге үйлерінен орын беріп, артық мал дүниесін соларға сыйлаған. Ансар мен мұһажирдің арасындағы рухани байланыстың берік орнағандығы соншалық бір туған бауырдай болып кеткен.

Арафа – сөздікте білу, тану деген мағына береді. Діни термин ретінде hijри-ай санағы бойынша он екінші, яғни Зулхижа айының тоғызыншы күніне қарата қолданылады. Себебі діни түсінік бойынша, Ибраһим пайғамбарға Жебірейіл періште қажылықтың шарттарын осы күні үйреткен деп есептеледі. Қажылыққа барғандар осы күні Арафат тауына шығып, күн батқанша құлшылық қылады. Ал қажылыққа бармай қалған үйдегі жандардың ертеңгі айт күніне дайындық жасайтын күні де арафа күні деп аталады.

Арафат – Мекке қаласынан 20 км. қашықтықта орналасқан, ұзындығы – 11-12 км, ал кеңдігі – 6,5 км. келетін таудың аты. Қажылыққа барғандар Зулхижа айының тоғызы күні осы Арафат тауына шығып, күн батқанша Аллаға дұға жасап, Жаратқанға жалбарынады. Діни түсінік бойынша, жәннаттан қуылған Адам ата мен Науа ана осы жерде қайта табысқан делінеді. Сондай-ақ Ибраһим пайғамбарға қажылықтың шарттарын үйретіп жүрген Жебірейіл періште: «Мына жер – Арафат. Қажылық амалдарының осы жерде кемелдікке келетінін біліп алындар, осы жерде күнәларыңның кешірілуін сұраңдар», – деп айтқан. Осы Арафат төбесінде «Жәбәлир рахмә» яғни «Мейірім тауы» деген жер бар. Мұхаммед пайғамбар дүниеден өтерінен 81 күн бұрын, hijреттің оныншы жылы Мәдинадан Меккеге қажылыққа келіп, арафа күні сол жерде өзінің «Қоштасу уағыздарын» айтқан. Қоштасу уағызы айтылған жер бұл күнде ақ түске боялып қойылған.

Аршы – Аршыны періштелер көтеріп тұрады. Алла Тағала Аршыға мұқтаж емес, бірақ өз құдіретімен жартқан ең үлкен жаратылысы. Алла одан да ұлық әрі теңдессіз. Аршы туралы аят Қасиетті Құранның 23 жерінде кездеседі.

Асыр – бес уақыт намаздың үшіншісі. Күн батардан екі-үш сағат алдын басталып, күн батқанша жалғасады. Төрт рақағат парыз намазы бар.

Атаба – 1. Ислам тарихында орны бар Ұһд соғысында Мұхаммед пайғамбардың тісін таспен ұрып сындырған кәпір. 2. Мекке мүшрігі Әбу

Ләһәбтің ұлы. Алғашында Әбу Ләһәбтің ұлы Атаба Мұхаммед пайғамбардың қызы Рүкияға үйленген болатын. Алайда, әкесі Әбу Ләһәбтің сөзіне еріп, пайғамбарға жәбір көрсету үшін, қызымен ажырасқан. Сонда пайғамбардың қарғысына ұшыраған. Меккеден Шамға келе жатқан жолда опат болған.

Аюб әл-Ансари – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан. Алла елшісі Меккеден Мәдинаға һижрет еткен уақытта жергілікті ансарлар әрқайсысы өз үйлеріне түсуін сұраған. Сонда олардың ешқайсысының көңілін қалдырмауды ойлаған пайғамбар астындағы Қасуа түйесі қай жерге шөксе, сол үйге түсетінін айтқан. Қасуа түйесі көшемен жүріп отырып, Аюб Ансаридың үйінің алдына шөккен. Пайғамбар Мәдинада алғаш Аюбтың үйіне түскен.

Ә

Әбдірахман (ибн Әбу Бәкір) – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан. Хуләфәи рашидин деген атпен танымал болған төрт әділ халифтың алғашқысы Хазірет Әбу Бәкірдің ұлы. Толық аты-жөні – Әбу Мұхаммед Әбдірахман ибн Әбу Бәкір Сыддық (?-673 жж.). Исламнан алдыңғы аты Әбді Қағба (Қағбаның құлы) болған, кейін пайғамбар оны Әбдірахман деп өзгерткен. Алғашында Исламға қарсы шығып, мұсылмандармен соғысқан. Тіпті Бәдір және Ұһуд ғазуаттарында мүшіріктер жағында болған деседі. Худайбия келісімінде (кейбір деректерде Мекке фатх етілген жылы) дінді қабылдаған. Хайбар ғазуатынан кейінгі соғыстарға мұсылмандар сапында қатысты. Пайғамбар қайтыс боларынан алдын ауырған сәтінде Әбдірахман оның қызметінде болған. Кейінгі қоғамдық-саяси оқиғаларға жиі қатысқан. Меккеге жақын жердегі Хубшрда дүниеден өткен. Алла елшісінен сегіз хадис риуаят еткен.

Әбдірахман ибн Әбу Ләйл – Сахабаларды көрген табиндерден. Мұхаддис, факих. Толық аты-жөні – Әбу Иса Әбдірахман ибн Әбу Ләйлә Йасар ибн Біләл әл-Ансари (638–702 жж.). Мәдинада дүниеге келген. Әкесі Әбу Ләйлә пайғамбардың бірнеше ғазуаттарына қатысқан сахаба. Әбдірахман кейіннен әкесімен бірге Куфаға қоныс аударған. Өмірінде 120-ға тарта сахабамен кездесіп, олардан хадис үйренген. Хазірет Әлидің тұсында бірнеше ғазуаттарға қатысқан. Жетпіске қараған шағында Басрада қайтыс болған.

Әбу Куһафа – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан. Хуләфәи рашидин деген атпен танымал болған төрт әділ халифтың алғашқысы Хазірет Әбу Бәкірдің әкесі. Толық аты-жөні – Әбу Куһафа Оспан ибн Әмір әт-Тәймия әл-Құрайыши (?-635 жж.). Исламның алғашқы жылдары ұлы Әбу Бәкірдің дінді қабылдағанына наразы болған. Кейін Мекке фатх етілгенде өзі дінді қабылдаған. Тоқсан жасына қараған шағында Меккеде (кейбір деректе Мәдинада) дүниеден өткен.

Әбраһа – Жәһилиет дәуіріндегі Йемен патшасы. Деректерде оның Санға қаласында Қулайыс деген үлкен шіркеу салып, халықты соған зиярат етуге

шақырған. Алайда, халық Меккеге қажылық етуін тоқтатпаған. Оған ашуланған Әбраһа Меккедегі Қағбаны қиратпақшы болады. Алпыс мың кол жасақтап, өзі Махмуд деген піліне мініп, жолға шығады. Алайда, Меккеге жақындай бергенінде Алла Тағаланың құдіретімен көкте белгісіз құстар пайда болап, «сижжил» деген таспен олардың әскерін атқылай бастаған. Содан Әбраһа да опат болған. Бұл оқиға Қасиетті Құранның 105-ші яғни «Піл» сүресінде қысқаша баяндалған.

Әбу Бәкір – Мұхаммед пайғамбардың ең жақын жарандарының бірі. Ең алғашқы халифы (Әмирул-муминин). Толық аты-жөні – Әбу Бәкір Сыддық Абдулла ибн Әбу Қуһафа ибн Амир (573–634 жж.). Исламда әділдігімен ел басқарған «Хуләфәи рашидин» (Дұрыс жолмен жүруші халифалар) немесе түркі мұсылман жұртында «шәдіяр» (Төрт дос) деген атпен танымал болған атақты төрт халифтың алғашқысы. Пайғамбардан кейін Ислам әлеміне халифа болған Әбу Бәкір 632–634 жж. ел басқарған. Мұхаммед пайғамбардың қайын атасы. Мұсылмандар анасы Хазірет Айшаның әкесі. Меккедегі Құрайыш тайпасынан шыққан. Ең алғаш Исламды қабылдаған мұсылман. Сауда-саттықпен айналысқан. Миграж оқиғасына ең алғаш сенгендіктен де «Сыддық» яғни иманы күшті деген атқа ие болған. Өмірінің соңына дейін Әбу Бәкір Сыддық атымен танымал болды. Мұсылмандар Меккеден Мәдинаға қоныс аударғанында Мұхаммед пайғамбардың қасында болған «үңгірлес досы». Ислам тарихында Бәдір, Ұхұд, Хәндек, Хұдайбия секілді үлкен қазауаттарға қатысқан. Бар мал-мүлкін Алла жолына арнаған. Ең алғашқы азаншы Біләл Хабашиді құлдықтан сатып алып, азаттық алып берген. Оның халифалық кезінде Ирак пен Сирия фатх етілген. Рим патшасы Геракл жіберген отыз мың әскерге қарсы күйрете соққы берген. Ең алғаш рет Құранды жинап, кітап қалпына түсіруге кіріскен. Пайғамбардан 142 хадис жеткізген. Халиф болып тұрған кезінде ел басқару үшін Ақылдастар алқасын құру, әрбір уәлаятқа әкім тағайындау, Бәйтул-мал (қазына) ашу секілді жұмыстарды бір негізге салған. 634 жылы Мәдинада дүниеден өткен. Мұхаммед пайғамбардың қасына жерленген.

Әбу Жағфар – Аббасидтер әулетінен шыққан халифа (754–775 жж.). Толық аты-жөні – Әбу Жағфар әл-Мансур Абдулла ибн Мұхаммед ибн Әли әл-Хашими әл-Аббаси (714–775 жж.).

Әбу Жәһіл – Меккенің ақсүйектерінен. Толық аты - Әмір ибн Хишам. Мұхаммед пайғамбардың үгіт-насихатына бар жан-тәнімен қарсы шыққан, сол үшін пайғамбар тарапынан лағынеттелген. Сондықтан да оны мұсылмандар «Әбу Жәһіл» яғни жаһілдіктің әкесі деп атап кеткен. 624 жылы Бәдір соғысында қайтыс болған.

Әбу Жүсіп әл-Қази – Исламдағы алғаш қазылардың қазысы (қазииул-қуззат), фикһ ілімінің білгірі. Толық аты-жөні – Жақып ибн Ибраһим әл-Куфи әл-Ансари (731–798 немесе 804 жж.). Куфада дүниеге келген. 13 жасында Куфа қазысы Әбу Ләйладан фикһтан сабақ алған, тоғыз жылдан кейін Әбу Ханифаға

шәкірт тұтынып, Ұлы Имамның құзырында он бес жылдай қызмет еткен. Әбу Ханифаның тағы бір шәкірті Зүфар әл-Хузаилмен бірге фикһ ілімінің теориясын жасап шыққан. Әбу Ханифа дүниеден өткеннен кейін, Бағдатта ғұламалардың арасында ұстазының ісін жалғастырған. Халифа Мәһди (775–785 жж.) оны Бағдаттың казысы етіп тағайындаған, ал халифа Харун әр-Рашид болса, оның қызметін одан әрі жоғарылатып, казылардың казысы деген атақ беріп, барша казыларды тағайындау әрі басқару құқығын берген. Оның мұндай амалға отыруы ұстазы Әбу Ханифа мәзһабының кең таралуына жол ашқан. Ол сол кездегі халифа Харун әр-Рашидтің жер, су және мал-мүліктен қандай салық алу керек деген сұрақтарына жауап ретінде «Китәбул-хираж» (Салық туралы кітап) еңбегін жазған. Бірнеше шәкірттер тәрбиелеген. Солардың ішінде Мұхаммед әш-Шайбани мен Ахмет ибн Ханбалдың есімдері зор құрметпен аталады. Әбу Жүсіптің көзқарастары Мұхаммед әш-Шафиғиға қатты әсер еткен.

Әбу Зар Ғифари – Мұхаммед пайғамбардың ұлық сахабаларынан. Толық аты-жөні – Жундуб ибн Жунада ибн Суфийан ибн Убайд әл-Ғифари (? – 652/653ж). Ғифар тайпасынан. Исламға жастайынан кірген. Халифалық дәрежеге Хазірет Әлидің ұрпағы құқылы деп есептеген. Оның бұл көзқарасы шиға ағымындағы имаматтық түсінігіне негіз болған. Пайғамбар дүниеден өткеннен кейін Шам бетпағында өмір сүрген. Хазірет Оспанның халифалық кезінде Дамаскіде жасаған. Өте қарапайым өмір сүрген. Қашан да кедейлердің жақтаушысы болған. әр-Рабада деген жерде қайтыс болған. Алла елшісінен 281 хадис риуаят еткен.

Әбу Дарда – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларының бірі. Шын аты – Уаймир, алайда Әбу Дарда лақабымен танымал болған. Сахабалардың ішіндегі ғалым-ғұламаларынан. Фикһ ілімінің білгірі. Хазірет Әбу Бәкірдің тұсында Шам фатх етілгеннен кейін сонда әкім болып тағайындалған. Алла елшісінен 179 хадис жеткізген.

Әбу Ләһәб – Меккелік мүшіріктерден. Толық аты-жөні – Әбдулғузза ибн Әбді Мүтәліп (?-624 ж.). Мұхаммед пайғамбардың немере ағасы және Ислам дінінің қас дұшпаны. Хақ дінге көрсеткен озбырлықтары нәтижесінде «Әбу Ләһәб» яғни «Отқа күйші», «өртенуші» деген лақабымен танымал болған. Оның өзі мен әйелінің жалындап тұрған отқа түсетіндігі туралы Қасиетті Құранның 111-ші сүресінде ашып айтылған. Осылайша Құранда аты аталып, лағынеттелген Ислам дұшпандарының бірі. Оның Атаба және Утайба деген екі ұлы пайғамбардың екі қызына үйленген. Әбу Тәліп дүниеден өткеннен кейін Бәну Хашим руының көсемі болған. Алғашында Әбу Тәліп секілді пайғамбарға көмектескен, кейін Хақ дінді мойындамастан, Алла елшісіне көп жәбір көрсеткен.

Әбу Мұса әл-Ашғари – Мұхаммед пайғамбардың ұлық сахабаларынан. Толық аты-жөні – Абдулла ибн Қайыс әл-Ашғари (601–665 жж.). Мұсылмандар Мәдинаға һижрет етерден бұрын өз қауымымен келіп, Хақ дінді қабылдаған.

Зеректігі мен ілімге деген құштарлығының арқасында пайғамбардың сеніміне ие болған. Оның діндарлығына көзі жеткен Алла елшісі оны кейін Адан және Забит аймақтарына өкіл етіп жіберген. Ал, Хазірет Омардың халифалық кезінде Басраға әкім етіп тағайындалған. Әскери қолбасшы болған кезінде мұсылмандар Аһуаз бен Исфаканды фатх еткен. Құранды өте әдемі дауыспен оқығанда тыңдаушыларды үйіріп алып кететін қасиеті болған. Алла елшісінен 360 хадис риуаят еткен.

Әбу Суфийан – Құрайыш ақсүйектерінен, ірі саудагер. Толық аты-жөні – Әбу Суфийан Сахр ибн Харб ибн Умайиа ибн Әбді Шәмс (567–652 жж.). Исламның алғашқы жылдарында Алла елшісіне қарсы шығып, мүшіріктерді Исламға қарсы бастаған. Ислам тарихында орны бар Бәдір, Хәндәк секілді ғазуаттарда мұсылмандарға қарсы соғысқан. Мекке ашылатын жылы яғни 630 жылы Хак дінді қабылдап, Меккені соғыссыз тапсырған. Исламды қабылдағаннан кейін Хунәйн, Тайф соғыстарына қатысып, бір көзінен айырылған. Ярмук ғазуатына да қатысып, екінші көзінен айырылған. Пайғамбар оны көзі тірісінде Нажран аймағына әкім етіп тағайындаған. Пайғамбардан кейін Шамды фатх етуге қатысқан. Хазірет Оспанның халифалық кезінде Әбу Суфийанның ұлы Мұғауия Сирияға әкім етіп тағайындалған. «Хуләфәи рашидин» яғни атақты төрт әділ халифтан кейін билікке келген Әбу Суфийанның ұлы Мұғауия Омайдтар династиясының (661 жылы) негізін қалаған.

Әбу Тәліп – Мұхаммед пайғамбардың немере ағасы. Төрт әділ халифтың соңғысы Хазірет Әлидің әкесі. Толық аты-жөні – Әбу Тәліп Әбді Маннаф бин Әбді Мүтәліп бин Хашим әл-Құрайши Хашими (535–619 жж.). Мұхаммед пайғамбар алты жасында анасынан айырылғаннан кейін атасы Әбді Мүтәліптің қарауында болады. Атасы қайтыс болған соң, әкесінің бауыры Әбу Тәліптің қолында ер жетеді. Мұхаммед пайғамбар алғаш дінді тарата бастаған уақытта Мекке мүшіріктерінің оған жәбір көрсетпеуі үшін Әбу Тәліп Мұхаммед пайғамбарды қашан да қанатының астына алып, оған көп көмектесіп отырған. Алайда, өз аталарының сенімінен бас тартпастан, Хак дінді қабылдамастан дүниеден өткен.

Әбу Һурайра – Мұхаммед пайғамбардың атақты сахабаларының бірі. Толық аты-жөні – Әбдірахман ибн Сахр әл-Дауси Әбдішәмс (607–679 жж.). Пайғамбар оны Әбдірахман деп атаған. Мысықтарды жақсы көрген. Оның етегінде мысық баласының ұйықтап жатқанын көрген пайғамбар оны «Әбу Һурайра» яғни «Мысық баласының әкесі» деп атаған. Содан бастап Ислам әлеміне осы атпен танымал болған. Кедей тұрғандықтан да «Әсхабул-суффа» қатарында болған. Пайғамбардың қасынан бір елі де қалмаған. Пайғамбардың айтқан сөздері мен істеген амалдарын жатқа білген. Сондықтан да ол Алла елшісінен 5374 хадис риуаят еткен. Бұл хадистердің 335 Имам Бұхари мен Имам Муслимнің хадис жинақтарына кіргізілсе, 93 хадис тек Имам Бұхариде кездеседі. Ал 189 ха-

ген, кейіннен Нежефке көшірілген. Хазірет Әли заманында көптеген жерлер фатх етілген. Оның дін тарату жолындағы ерліктері мен құлшылық-ғибадатта орындаудағы діндарлығы тарихи кітаптарда кеңінен камтылған. Пайғамбардың тәрбиесінде болғандықтан да, Алла елшісінен 586 хадис риуаят еткен.

Әмина – Мұхаммед пайғамбардың анасы. Әминаның әкесінің аты Уәһб болып, Құрайыш тайпасының Бәни Зуһра руынан. Шешесі Бәрра бинт Әбдулузза осы тайпаның Бәни Әбдуддар руынан. Пайғамбар алты жасқа келген уақытта анасы Әмина Мәдинадан Меккеге келе жатып, Әбуа деген жерде қайтыс болады (577 ж.). Содан пайғамбар атасы Әбді Мүтәліптің қолында тәрбиеленеді.

Әмирул-муминин – Мұсылмандар әмірі. Халифат кезіндегі халифтардың атағы. Діни түсінік бойынша Мұхаммед пайғамбар болса, халифалар пайғамбарлардың орынбасарлары деп есептеледі. Әмирул-муминин атағы алғаш рет Хазірет Омарға берілген, одан кейін билікке келген Хазірет Оспан мен Хазірет Әлиге де колданылған.

Әмір мағруф – жақсылыққа шақыру. Қырық парыздың бірі болып, халықты тура жолға, әдемі мінез-құлыққа, қайыр-ихсанға, қайырымды һәм мейірімді болуға шақыру және жамандықтан қайтару. Кезкелген мұсылман баласына әуелі отбасын, көршісін, сондай-ақ мұсылман бауырын қашан да жақсылыққа шақырып отыруы міндет саналған. Бұл туралы Қасиетті Құранда Алла Тағала: «Сендерден жақсылыққа шақыратын, әмір мағруф және нәһи мункәр қылатын бір топ адам болсын. Міне солар құтылушылар», – деген (Әли Ғимран, 104 аят).

Әсмәул-хуснә – Алла Тағаланың көркем есімдері. Тоқсан тоғыз есімнен тұратын бұл атауларда, негізінен, Алла Тағаланың өзіне тән сипаттары мен ерекшеліктері айтылады. Алланың есімдері әртүрлі дұғаларға қосылып айтылады. Алла Тағала бұл туралы Қасиетті Құранда: «Алланың көркем есімдері бар. Енді, Оны осы есімдермен еске алындар», – деген («Ағраф», 180). Қолға ұстайтын тәспі саны да тоқсан тоғыз болып, осы Алланың көркем есімдерімен тікелей байланысты. Алланың есімдері Құранның әр жерінде кездеседі. Жалпы саны – тоқсан тоғыз.

Әһлі бәйт – Мұхаммед пайғамбардың отбасы, отбасы мүшелері. Ислам ғұламалары «әһлі бәйт» ұғымына бірнеше түсінік берген. Кейбір ғұламалар бұл ұғымның аясына пайғамбарға жақын болған барша туыстарын да кіргізсе, келесі бір ғалымдар пайғамбардың әһлі бәйті деп, тек қана оның отбасын ғана атаған.

Әһлі кітап – кітап иелері. Мұсылмандардан алдын Жаратушының кітабына ие болған үмметтер. Олар: Мұса пайғамбарға түскен – Тәурат, Дәуіт пайғамбарға түскен – Забур және Иса пайғамбарға түскен – Інжіл кітаптарын ұстанып, сол жолмен жүрушілер. Алайда уақыт өтісімен, сондағы Жаратушының қаулыларын өзгертіп, өздерінше бұрмалап алған. Әсіресе, құлшылық-ғибадаттарға қатысты қаулылар мен Мұхаммед пайғамбардың шығатындығы туралы сүйінші хабарды

жойған. Әллі кітап дегенде, бұл күнде Забурді ұстанушылар болмағандықтан да, негізінен йәһудилер мен христиандар түсініледі. Мұсылмандар басқа отқа табынушылар мен пұтқа табынушыларға қарағанда әллі кітап иелеріне түсіністікпен қараған.

Б

Бамдат – бес уақыт намаздың алғашқысы. Оны арабша «Салату фәжір» деп атайды. Уақыты таң рауандап атқаннан бастап, күн ұясынан шыға бастағанша жалғасады. Екі бас сүннет пен екі бас парыздан тұрады.

Барсиса – Діни хикаяларда кездесетін діндар. Қасиетті Құрандағы «Хашыр» сүресінің 16-17-ші аяттарында осы Барсиса тағдыры сөз болады. Діни түсінікке қарағанда, Барсиса әуел баста күндіз-түні Бір Жаратушыға ғана жалбарынып, құлшылық қылатын діндар болған. Алайда, шайтанның арбауына түсіп, діннен шыққан. Оның осал тұсын іздеген Ібіліс сол елдегі бір қызды ауруға шалдыртып, оны ағаларының көмегімен Барсисаның алдына емдету үшін алып келеді. Алайда, Барсиса онымен зина жасап, ақыр соңында қызды өлтіріп тынады. Сол кезде қыздың ағалары келіп, оны қазының алдына алып барады. Дар басына келген уақытта шайтан келіп, өзіне сәжде жасауын, сонда оны өлімнен құтқарып қалуын сұрайды. Сонда Барсиса шайтанға сәжде жасайды. Қасиетті Құранда бұл туралы: «Олар шайтанның мысалы сияқты, адамдарға: «Қарсы бол!» деп айтып, адам баласы қарсы болған кезде: «Шынында сенен бездім. Расында әлемдердің Раббы Алладан қорқамын» деген еді», – деп (Хашыр, 16) қысқаша баяндалған. Барсиса хикаясы біраз ақындардың шығармаларында жырланған. XIX–XX ғғ. жасаған Шәді төре Жәңгірұлының «Барсиса» деген шығармасы бар.

Басра – Оңтүстік Иракта Хазірет Омардың халифалық кезінде салынған шаһар. Бағдаттың Оңтүстік-Шығысында 420 км. қашықтықта Ефрат пен Тигр өзендерінің түйісетін жерден Оңтүстік-Батысқа қарай 50 км. қашықтықта орналасқан.

Бәдір – Ислам тарихында орын алған үлкен соғыс. Бәдір негізі Мәдинадан 150 км. оңтүстік-батыстағы бір құдықтың аты болып, сол жерде пайғамбар бастаған мұсылмандар мен Мекке мүшріктері арасында кескілескен ұрыс болған. Бұл соғыс 624 жылы 17 қарашада болған. Меккеден Палестина мен Сирияға қарай жол алған керуен Мәдина жолы арқылы өтетін. Бұл жол Мекке ақсүйектері мен саудагерлері үшін үлкен табыс көзі болатын. Мұсылмандар сол керуенді қолға түсіруге талпынған. Содан Бәдір құдығының жанында Әбу Жәһіл бастаған 850 мүшрік пен пайғамбардың қасына топтасқан 80 мұһажир мен 230 ансар бетпе-бет келген. Бұл соғыста мүшріктер жеңіліс тапқан, олардан елу адам қайтыс болып, және соншасы тұтқынға түскен. Мұсылмандардан 14 шейіт болған. Саны жағынан аз болғандықтарына қарамастан жеңіске жеткен бұл соғыста мұсылмандар

үлкен олжаға (30 ат, 150 түйе, көптеген қару-жарак және т.б.) қол жеткізген. Сондай-ақ бұл соғыс мұсылмандардың басқа да жорықтарына жол ашып берді.

Бәйтул-Мақдис (Бәйтул-Мұхаддас) – Құддыс шаһарында ежелден киелі саналған құлшылық үйі. Мұны кейде Бәйтул Мұқаддас (Қасиетті үй) деп те атайды. Себебі бұл ғибадатхана христиан, йәһуди және мұсылмандар үшін де қасиетті саналады. Орта ғасырларда ол жерлер «Харам шәриф» деп аталып, оның құрамына Ақса мешіті, Құббатус-сахра секілді және т.б. құлшылық үйлері соның құрамына кірген. Қасиетті Құранда Мұхаммед пайғамбардың Мигражға көтерілерде осы Бәйтул Мақдиста болғандығы айтылған. Исламның алғашқы жылдарында яғни Мәдинаға һижрет еткеннен кейін екі жылдай шамасында мұсылмандар Бәйтул Мақдиске қарап намаз оқыған. Кейін Алланың қалауымен қыбла Қағба болып өзгертілген. Бәйтул Мақдис Хазірет Омардың халифалық кезінде мұсылмандардың қолына өткен. 705–715 жж. Ақса мешітінің қайта жөнделуі, сондай-ақ Құббатус-сахра мешітінің салынуы бұл жерлерді діни орталыққа айналдыра білді. Сол кезден бастап бұл жер бұрынғы аты Илия деп емес, арабша Құддыс деп атала бастады. Құддыс шаһары XI–XIII ғғ. ірі діни-саяси ұрыстардың ортасына айналды. Бағыстан келген крестшілер мен мұсылмандар арасында кескілескен соғыстар болған. 1517 жылдан бастап Осман империясының қарамағына өткен. Бәйтул Мақдис бұл күнде Израил мемлекетінің қарамағында.

Бәйтулла – Меккедегі Қағба. Мұны кейде Бәйтулатик, Харам мешіті, Қыбла және Қағба үйі деп те атайды. «Алланың үйі» дегенде Алланың тұрақ-мекені емес, қайта Аллаға сыйынатын жер деп қабылдаған орынды. Сондай-ақ жер бетіндегі мешіттің бәрі де «Алланың үйі» деп есептеледі.

Бәйтул-мал – Ислам елдеріндегі үкіметтің қарамағындағы мал-мүлікті атайды. Бұл дәстүр Хазрет Омардың халифалық кезінде қолға алынған. Онда хараж, жизия, зекет, хумстан түскен мал-мүлік сақталады. Сол ортақ қазынадан елдің қажеттілігіне жұмсалып, тағы бір бөлігі кедей-кепшіктерге, міскін-кембағалдарға үлестірілетін болған.

Бәйтул-Мәғмур – Періштелердің көктегі ғибадат ететін орны. Оның жетінші (кейбір риуаяттарда төртінші және алтыншы) қат көкте орналасқандығы айтылады. Оны әр күні жетпіс мың періште зиярат етеді. Деректерде бүгінгі Меккедегі Қағба осы Бәйтул Мәғмурдың дәл астына салынғандығы айтылады.

Бәну Құрайза – Мұхаммед пайғамбардың заманында Мәдинада өмір сүрген йәһуди тайпасы. Пайғамбар Меккеден Мәдинаға һижрет еткенге дейін Мәдинада Бәну Құрайза, Бәну Қайнука және Бәну Нәдір деген үш йәһуди тайпасы өмір сүрген. Алайда, олар пайғамбарға қарсы шыққаннан кейін ол жерлерден қуылған.

Бесін – Бес уақыт намаздың екіншісі. Күн қиямнан ауа бастағаннан бастап, асыр намазына дейін жалғасады. Бекітілген 4 рақағат сүннет, 4 рақағат парыз және 2 рақағат сүннет.

Біләл Хабаши – Мұхаммед пайғамбардың ардақты сахабаларынан. Ислам тарихындағы алғашқы азаншы. Толық аты-жөні – Әбу Абдулла Біләл ибн Рабах әл-Хабаши (? – 641 ж.). Исламды алғашқылардан болып қабылдаған құл. Иесі Умайя ибн Халаф оны Хақ діннен қайтуын сұраған. Ол бас тартқан. Егесі қатты азаптаған. Содан оны Хазірет Әбу Бәкір сатып алып, оған бостандық алып берген. Мұсылмандармен бірге Мәдинаға хижрет еткен. 622 жылы алғаш азан айту мүмкіндігі Біләлға нәсіп болған, содан пайғамбардың азаншысына айналған. Пайғамбар дүниеден өткеннен кейін қайта азан айтпаған, Шамда өмір сүрген. Бір рет Мәдинаға келгенінде Хазірет Хусейннің өтінішімен азан айтқан деген дерек бар. Қабірі Дамаскіде.

Бір және Бар (Бір-у Бар) – Алла Тағала. Алланың Бірлігі мен Барлығын білдіретін бұл ұғым орта ғасырлық түркі жазба әдебиетінде кеңінен қолданылған.

Ғ

Ғазауат – соғыс, ұрыс. Көбінесе Алла жолында дін тарату үшін ұрысқа шығуды айтады. Соғысқа шығушыны ғазауатшы деп атайды.

Ғази – Алла жолында ғазауатқа, жиһадқа шығушы мұсылман.

Ғарасат – Қиямет қайым болған уақытта барша адамзат баласы тұратын жер. Діни сенім бойынша, ақырзаманда Адам атадан бастап, жер бетінде өмір сүрген адамның бәрі қайта тіріледі. Сонда олар осы Ғарасат алаңына жиналып, өздерінің фәни дүниеде істеген амалдары бойынша жауап береді. Кімнің жұмаққа, ал кімнің тамұққа кететіні сонда белгілі болады.

Ғибадат – Ислам дініндегі Алла үшін жасалатын құлшылық.

Ғиддет – Шарифат бойынша, ерінен ажырасқан әйелдің күтетін уақыты. Күйеуі талақ берген әйел жүкті не жүкті еместігі анық байқалғанша 4 ай 10 күн күтеді.

Ғұмра – Кіші қажылық. Ғұмра қажылығын жыл он екі ай өтей беруге болады.

Ғұсыл – Ислам діні бойынша, бастан-аяқ жуынуды айтады. Ерлі-зайыпты қосылғанда, еркектен мәни аққанда, әйел кісінің етеккірі келіп біткенде ғұсыл құйынады. Себебі ғұсылсыз құлшылық-ғибадат етуге қатаң тыйым салынған. Ғұсылдың үш парызы бар. Олар: ауыз шаю, мұрынды шаю және барлық денесін жуу.

Д

Дәрет – Ислам дініндегі намаз, Құран секілді және т.б. құлшылықтардан бұрын тазалану. Дәреті жоқ адамның намаз, Құран оқуға құқы жоқ. Пайғамбар хадистерінің бірінде: «Дәрет – намаздың кілті», – деген. Сондай-ақ дәреті жоқ адамның Алланың кітабын ұстауға болмайтындығы Құранда ашып айтылған.

Дәреттің төрт парызы бар. Олар: Бетін, колын жуу, басына мәсіх тарту және аяғын тобығына дейін жуу.

Дәруіш – Алла жолына кадам басып, өзін-өзі кемелдікке жеткізуге талпынған сопы. Алайда, Орта Азия мен Хорасан аймағында дәруіш дегенде ешнәрсесі жоқ, кедей адам түсініліп, кезбе қаландармен қатар қойылады.

Дәуіт пайғамбар – Қасиетті Құранда аты аталған пайғамбарлардың бірі. Бәни Исраил қауымына түсірілген. Ол әрі пайғамбар, әрі патша болған. Дәуіт пайғамбарға Забур кітабы түскен. Алланың бұл кітабы, негізінен, өлең түрінде түсіріліп, Жаратушыны мадақтайтын бәйіттер мен діни құлшылық-ғибадаттар қамтылған. Дәуіт пайғамбар Талут әскерлерінің қатарында қызмет етіп жүргенінде Жалутты жекпе-жекте жеңіп, ел арасына атағы тараған. Дәуіт пайғамбар патша бола тұра өте қарапайым өмір сүрген. Күндерді төртке бөліп, бірінші күні Аллаға құлшылық-ғибадат етумен өткізсе, келесі күні халық арасына шығып, үкім шығарумен айналысқан. Тағы бір күні халыққа үгіт-насихат айтса, тағы бір күнді өзінің жеке істеріне арнаған. Алла Тағала Дәуіт пайғамбарға ұсталықты берген. Бұл туралы «Саба» сүресінің 10-11-ші аяттарында және «Әнбия» сүресінің 80-ші аятында баяндалған. Құранда Дәуіт пайғамбардың есімі он алты жерде кездеседі. Онда Дәуіт пайғамбарға құлшылық еткенде айналадағы аң-құстар да бірге тәспі айтатын болған. Дәуіт пайғамбардан кейін бар патшалық Сүлеймен пайғамбарға мирас болып қалған.

Дихия – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан. Толық аты-жөні – Дихия ибн Халифа ибн Фәруа әл-Кәлби (?-670 ж.). Мұхаммед пайғамбардың тапсырмасымен Византия императоры Гераклға елші болып барған. Дінді жастай қабылдаған. Ұнұд соғысынан басқа қазауаттардың бәріне қатысқан. Мұхаммед пайғамбар Худайбия келісімінен кейін көрші елдің патшаларына хат жазған. 628 жылы Гераклға жазылған хатты Дихия ибн Халифа алып барған. Пайғамбар дүниеден өткеннен кейін Ярмук қазауатына қатысқан және Сирияны фатх етуге атсалысқан.

Дүлдүл – Мұхаммед пайғамбардың мінген аты (не хашыры). Оны пайғамбарға Мұқауқыс патша сыйлаған болатын. Оны кейін пайғамбар Хазірет Әлиге тарту еткен. Хазірет Әлидің сол Дүлдүлге мініп, талай ерлік көрсеткені діни қисса-дастандарда көп жырланған.

Ж

Жақып пайғамбар – Қасиетті Құранда аты аталған пайғамбарлардың бірі. Исхақ пайғамбардың ұлы, ал Жүсіп пайғамбардың әкесі. Алланың хақ дінін насихаттаған. Он екі ұлы болған. Солардың ішінен Жүсіп пайғамбарды жақсы көрген. Барша йәһудилер Жақып пайғамбардан он екі ұлынан тарайды деген дерек бар.

Жаназа – Исламдағы жерлеу рәсімі. Дүниеден өткен адамға тірі пенденін төрт қарызы болады. Бірінші – ғұсыл құйындыру, яғни жуу, екінші – кебіндеу, үшіншісі – жаназа намазын оқу, соңғысы – жерге көму. Жаназа негізгі осы төрт мәселені қамтығанымен де, әр халық өзінің салт-дәстүрі бойынша түрліше қолдануы мүмкін. Адамды жерлеудегі мәселелер Қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне қайшы келмесе, жергілікті дәстүрлерге тыйым салынбаған. Мысалы: марқұмның жетісін, қыркын, жылын беру секілді.

Жаран – қараңыз. Сахаба.

Жағфар Садық – Жағфари фикһының негізін қалаушы. Толық аты-жөні – Әбу Абдулла Жағфар ибн Мұхаммед әл-Бакир ибн Әли Зейнелабиндин (702–765 жж.). Мәдинада туылған. Шежіре бойынша әкесі жағынан Хазірет Әлиге барса, анасы жағынан Хазірет Әбу Бәкірге барып тіреледі. Таухид пен фикһқа қатысты он шақты еңбек жазған.

Жағфар Таяр – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан. Толық аты-жөні – Әбу Абдулла Жағфар ибн Әбу Тәліп ибн Әбді Мүтәліп әл-Хашими (590–629 жж.). Пайғамбардың немере ағасы Әбу Тәліптің ұлы, Хазірет Әлидің ағасы. Мутә соғысына қолбасшы ретінде қатысқан. Меккеде туылған. Исламды алғашқылардан болып қабылдаған. Хабашистанға hijрет еткен. Мутә соғысында Ислам туын ұстаған. Сонда мүшіріктер оның екі қолын кесіп тастаған. Сол жерде шейіт болған. Оның қолы шабылған қалпы қайтыс болғанын көрген пайғамбар: «Жұмақта Жағфардың екі қанаты болады», – деген. Содан бастап Жағфар «Таяр» яғни «қанат бар» деп атала бастаған.

Жаһаннам – Алланы мойындамаушылар мен күнәһарлардың жататын жері. Оны кейде тамұк, тозак, от деп те атайды.

Жебірейіл – Алла Тағаланың уахиін пайғамбарларға жеткізуші періште. Періштелердің ішіндегі үлкені саналады. Қасиетті Құранда Жебірейілді Рух, Рухул-құдыс, Рухул-әмин және Расул деген аттармен атаған. Мұхаммед пайғамбарға ең алғаш рет Хира тауында шынайы бейнесінде таққа отырған қалпы көрінген. Содан пайғамбар дүниеден өткенше Алланың аяттары мен үкімдерін жеткізіп тұрған. Мұхаммед пайғамбар Миғражға шыққанда да қасында Жебірейіл періште болған. Хадистерде Жебірейіл періштенің кейде Мұхаммед пайғамбарға Дихия ибн Халифа деген сахабаның бейнесінде де келгендігі айтылады.

Жиһад – Алла жолында, дін тарату мақсатындағы қасиетті соғыс. Жиһадқа қатысушыны мүжаһид деп атайды.

Жуди – Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған тау. Жуди тауы Түркияның Оңтүстік-Шығыс жағында, Түркия – Ирак шекарасынан 15 км. қашықтықта, Тигр өзені сағасындағы Жизрадан Солтүстік-Шығысқа қарай 32 км. қашықтықта орналасқан. Қасиетті Құранда Нұх пайғамбардың кемесі осы Жуди тауына тоқтағандығы айтылған.

Жүсіп пайғамбар – Қасиетті Құранда аты аталатын пайғамбарлардың бірі. Жакып пайғамбардың ұлы. Адамзат баласының ішіндегі ең сұлуы болған. Алла Тағала оған түс жору қасиетін берген. Жас кезінде бауырлары құдыққа тастап кеткен. Мысырға бара жатқан керуен оны алып кетіп, құл ретінде сатқан. Содан Мысырдың бас уәзіріне дейін көтерілген. Түс жору қасиетінің арқасында Мысыр халқын аштықтан сақтап қалған. Қасиетті Құранның 12-ші сүресі «Жүсіп» деп аталып, оның ең әдемі қисса екендігі айтылған.

3

Забур – Алла Тағала тарапынан Дәуіт пайғамбарға түсірілген қасиетті кітап. Онда Дәуіт пайғамбардың Алланы мадақтауы, жалынып-жалбарынуы, дұғамінажаттары діни әнмен берілген.

Зәйд ибн Сәбит – Мұхаммед пайғамбардың ардақты сахабаларынан. Толық аты-жөні – Әбу Харижа Зәйд ибн Сәбит ибн әз-Заххак әл-Ансари әл-Хазражи (615–665 жж.). Мұхаммед пайғамбардың хатшысы болған әрі Құран кітабы жинастырыла бастағанда мәтінін түзген. Он бір жасында дінге кіріп, пайғамбардың алдында Құранды үйренген. Арамей және йәһуди тілі мен жазуын білген. Пайғамбар дүниеден өткеннен кейін Хазірет Әбу Бәкір оған Қасиетті Құран аяттарын жинастыруды тапсырған. Хазірет Оспанның халифалық кезінде Абдулла ибн әз-Зубейір, Сағд ибн әл-Асам және Әбдірахман ибн әл-Хариспен бірге Құран аяттарын топтастырған. Және үшінші халиф тұсында Мәдинада бас қазынашы әрі қазы болған.

Зәйд ибн Харис – Мұхаммед пайғамбардың ардақты сахабаларынан. Пайғамбар оны құлдықтан азат етіп, бостандыққа жіберген. Алайда, ол қайтып кетуді қаламағандықтан да, Алла елшісіне ұл тұтынған. Қасиетті Құранда аты аталған жалғыз сахаба («Ахзаб», 37). Бәдір соғысынан бастап, Мута соғысына дейінгі барлық ғазуатқа қатысқан. Пайғамбар айнала-төңірекке қосын жіберерде қашан да Зәйдті әмір етіп тағайындаған. Мута ғазуатын бастап барған әрі сол соғыста шейіт болған.

Зәкәрия пайғамбар – Қасиетті Құранда аты аталатын пайғамбарлардан. Хазірет Иса пайғамбардың анасы Мәриямның анасының туған апасының күйеуі. Хазірет Мәриям Зәкәрияның қолында тәрбиеленген. Зәкәрия йәһудилерді Хақ дінге шақырған. Қасиетті Құранның 8 жерінде Зәкәрия туралы мәлімет берілген.

Зәмзәм – Меккеде Харам мешітінің ішіндегі қасиетті бұлақ. Қағбаның жанында. Деректерде зәмзәмнің шығуы Ибраһим пайғамбардың ұлы Исмайылдың дүниеге келуімен байланыстырылады. Ибраһим пайғамбар әйелі Хажар босанған уақытта жас сәбиімен бірге бүгінгі Харам мешітінің орнына алып келеді. Күн ыстық болғаннан кейін бала шөлдейді, анасы су іздеп шарқ ұрып жүрген уақытта, Исмайыл өкшесімен жерді теуіп қалғанда, зәмзәм суы шыға

келеді. Сондықтан да зәмзәм суы мұсылмандар үшін қасиетті саналады. Зәмзәм суы асқазан-ішек, қан тамыры және басқа ауруларға ем екендігі анықталған.

Зейнеп – 1. Мұхаммед пайғамбардың сүйікті жары. Мұхаммед пайғамбар оған һижреттің алтыншы жылы үйленген. Жахштың қызы Зейнеп пайғамбарға дейін Зәйд ибн Хариске тұрмысқа шыққан болатын. Кейіннен Қасиетті аяттардың қаулысымен пайғамбарға тұрмысқа шыққан. Зейнеп Алла елшісінен жиырма хадис риуаят еткен. 2. Мұхаммед пайғамбардың төрт қызының бірі. Анасының аты – Хазірет Хадиша. Бойжеткенде Әбул Асқа тұрмысқа шыққан.

Зекет – Ислам дінінің бес рүкінінің бірі. Мал-дүниеден жетім-жесірлерге, кедей-кепшіктерге берілетін садақа. Әр мұсылманның байлығы белгілі бір есепке жетсе, оған малынан зекет беру парыз саналады. Зекет малдан, қаражаттан және егіннен беріледі. Олардың мөлшері шариғатпен белгіленген. Жылына бір рет беріледі. Алайда, жер-судың зекеті өніміне қарай болады.

Зина – Шариғат бойынша, ер мен әйелдің некесіз жақындасуы, ойнас. Шариғат бойынша, зина жасағандардың жазасы қатаң белгіленген. Егер зина жасаушылар үйленбеген болса, екі жаққа да жүз дүре соғылады. Ал үйленген болса, таспен ұрып өлтіру жазасы кесіледі.

Зиннурейін – Ислам әлеміне Хуләфәи рашидин деген атпен танымал болған Хазірет Оспанның лақабы. Хазірет Оспан Мұхаммед пайғамбардың Рүкия деген қызына үйленген, ол қайтыс болғаннан кейін Умму Күлсім деген қызын алған. Содан «Зиннурейін» яғни «Екі нұрдың иесі» деген атпен танымал болған.

Зікір – Алланы еске алу. Алла Тағала тарапынан тағайындалған кезкелген құлшылық зікір болып есептеледі. Сопылықта белгілі бір тәспілерден құралған Алланы ұлықтауға арналған сөздерді зікір деп атайды. Зікірдің орындалуына байланысты «жария зікір» және «құпия зікір» болып екіге бөлінеді.

И

Ибн Аббас – Мұхаммед пайғамбардың немере ағасы. Әл-Аббас, Әбул Аббас аттарымен де танымал болған. 619–686 жылдары өмір сүрген. Мұхаммед пайғамбар мен оның сахабалары туралы мәліметтер мен олардың айтқан сөздерін топтастыруды ең алғаш қолға алған. Құран ілімі мен Ислам тарихын жетік бігендіктен де заманында «Хәрбул-умма» яғни «Үмметтің данышпаны» деген лақап атқа ие болған.

Ибраһим – Қасиетті Құранда аты аталған пайғамбарлардың бірі, өзінен кейін шыққан барша пайғамбарлардың бабасы. Атақты пайғамбарлар Исхақ пен Исмайылдың әкелері. Деректер бойынша, бүгінгі араб пен йәһуди халқының түп атасы. «Халилулла» (Алланың досы), «Хәниф» (Жалғыз Алланың жолын ұстанушы) деген аттармен танымал болған. Ежелгі Бабылда дүниеге келген. Отқа, жұлдызға, күнге табынушыларға қарсы шығып, Жалғыз Аллаға

құлшылық етуге шақырған. Әкесі мен басқа да халықтар сыйынып жүрген пұттарды сындырған. Сол үшін де оны жазаламақ мақсатымен отқа тастаған, алайда Алланың құдіретімен оттан аман-есен шыққан. Исламдағы құрбандық шалу, қажылық жасау, сүндетке отыру секілді амалдардың бәрі осы Ибраһим пайғамбардан қалған. Меккедегі Бәйтулланы яғни Алланың үйін тұрғызған. Бүгінде сол Харам мешітінде «Ибраһим мақамы» деген жер бар, деректерге қарағанда, сол жер Ибраһим пайғамбардың құлшылық ететін орны болған. Сондай-ақ, оның 175 жыл өмір сүріп, Мәдинәтул Халилға (Палестина) жерленгендігі айтылады. Ибраһим пайғамбар туралы мәлімет Қасиетті Құранның 24 жерінде кездеседі.

Ижмағ – Исламдағы фикһ қайнар көздерінің бірі болып, белгілі бір мәселе бойынша ғалым-ғұламалардың бір пікірге келуі, тоқтауы. Пайғамбар өзінің хадистерінің бірінде: «Ғалымдар – пайғамбарлардың мирасқорлары», – деген. Сондықтан да шарифаттағы даулы мәселелерді ғұламалар қарап шығып, белгілі дәрежеде тоқтамға келеді. Ижмағтың басты шарттарының бірі – мұндай құқыққа тек шынайы діндар ғалымдар ғана ие болып, олардың келген тоқтамы не шығарған қорытындылары Қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне қайшы келмеуі тиіс. Ижмағ алғаш рет VII ғасырдың екінші жартысында пайда болған. Сол заманның атақты ғалымдары, яғни «Мәдинаның жеті фақиһы» – Сағид ибн әл-Мусаиб, Уруа ибн әз-Зубәйір, Әбу Бәкір ибн Убәйід, әл-Қасым ибн Мұхаммед, Убайдулла ибн Абдулла, Сүлеймен ибн Йасар және Хариж ибн Зәйід бірлесіп бір мәселе туралы бір тоқтамға келген. Содан бері Құранда не хадисте ашық айтылмаған замана мәселелерін ғалым-ғұламалар ижмағпен шешіп келеді.

Иззи – Ие, яғни Жаратушы.

Икрима ибн Әбу Жәһіл – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан. Толық аты-жөні – Әбу Оспан Икрима ибн Әбу Жәһіл әл-Құрайыши әл-Махзуми (573–636 жж.). Алғашында әкесімен бірге Исламға қарсы шыққан. Бәдір және Үһүд ғазуаттарында мұсылмандарға қарсы соғысқан. Мұсылмандар Меккені фатх еткен уақытта Йеменге қарай қашқан. Алайда, әйелі дінді қабылдағаннан кейін ол да келіп, иман келтірген. Исламды қабылдағаннан кейін көптеген ғазуаттарға қатысып, бірнеше елдерді фатх еткен. Соңғы рет Ярмук соғысына қатысып, сонда шейіт болған. Сол ғазуатта жетпістен артық жараланған.

Иләһи – Тәңірлік, Жаратушылық.

Имам Ағзам Әбу Ханифа Куфи – Ислам әлеміне аты кеңінен танылған фикһ және хадис ілімдерінің білгірі, Имам Ағзам фикһтық мектебінің (мәзһабының) негізін салушы. Толық аты-жөні – Нұғман ибн Сәбит әл-Куфи (699–767 жж.). Куфада бай дәулетті, оқымысты отбасында дүниеге келген. Өзінің білімінің арқасында «Имам Ағзам» яғни «Ұлы Имам» деген атаққа ие болған. Әкесінен қалған бар байлықты ілім үйренуге жұмсаған. Жастайынан Құранды жатқа

білген. Кәләм мен Мантық ілімдерін үйренген. 22 жасында ирактық атақты ғалым Хаммад ибн Әбу Сүлейменнен дәріс алған. Кейін өзі де Куфа мен Басраның ең атақты ғалымы ретінде танылып, көптеген шәкірттер тәрбиелей бастаған. Өте қарпайым және аса діндар болған. Қырық жыл бойына құптан намазының дәретімен таң намазын оқығаны, өмірінде елу бес рет қажылық жасағаны туралы деректер бар. 747–748 жылдары Ирак әкімі ибн Хубайраның қуғындауынан Меккеге кеткен. Кейін билік басына Аббасидтер династиясы келгеннен кейін Иракқа қайта келіп, ғалымдық ісін жалғастырған. Халифа Мансур (754–775 жж.) Бағдатта қазы болуы өтінген, алайда ол бас тартқан. Содан халифқа қарсы шыққаны үшін түрмеге тасталған. Сонда дүниеден өткен.

Әбу Ханифа бірінші болып фикһ ілімінің негізін қалап, оны баптарға ажыратып, ретке келтірген және кітап ретінде дайындаған. Бірнеше еңбектер жазған. Солардың негізгілері – «Китәбус-салат» (Намаз туралы кітап), «Китәбул-Мәнасик» (Қажылық туралы кітап), «Китәбуш-шурут» (Шарттар туралы кітап), «Китәбул-фәраиз» (Мирас ілімі туралы кітап), «Китәбул-әлим уә мутәғәллим» (Ұстаз бен шәкірт туралы кітап), «Китәбул-фикһул-әкбәр» (Үлкен фикһ кітабы) және «Китәбул-уәсиға» (Өсиетнама кітабы).

Бірнеше шәкірт тәрбиелеген. Олардың басым бөлігі Ислам әлеміне кеңінен тараған. Солардың қатарында Имам Шафиғиға дәріс берген Мұхаммед ибн Хасан, «Қазылардың қазысы» деген лақабка ие болған Әбу Жүсіп, атақты фикһ және хадис ілімдерінің білгірі Зұфар ибн Хузаил, бірнеше діни еңбектердің авторы Хасан ибн Зийад және т.б. ғалымдардың есімдері зор құрметпен аталады.

Имам Ахмет ибн Ханбал – Әһлі сүннеттегі Ханбали мәзһабының негізін қалаушы, діндар ғалым. Ислам әлеміне Имам Ханбал атымен танымал болған (780–855 жж.). Жастайынан дін ілімдеріне қанық болып, фикһ, хадис ілімдерін терең үйренген. Сол заманның атақты ғалымдары Әбу Жүсіп пен Имам Шафиғидан дәріс алған. Әһлі сүннет жолын жақтап, мұғтазилиттерге қарсы шыққан. 816–833 жж. Бағдатта дәріс беріп, фикһ ілімімен айналысқан. Аббаситтік халифтар Мағмун (813–833 жж.), Муғтасим (833–842 жж.) және Уасиктар (842–847 жж.) тұсында мұғтазилиттер пікірі ресми көзқарас ретінде қабылданған кезде, көптеген ғалымдар қудаланған. Солардың қатарында Ахмет ибн Ханбал да болған. Өз пікірінен қайтпағандықтан да екі жыл түрмеде отырған. Түрмеден шыққаннан кейін өзінің діни ұстанымын жалғастыра берген. Ислам ақидасы, құлшылық-ғибадаты туралы бірнеше шығармалар жазған. Солардың ішіндегі ең танымалы – Алла елшісінің отыз мың хадисін ішіне жинақтаған «Муснад» деген еңбегі.

Имам Әбу Ләйс Самарқанди – Ислам әлеміне танымал фикһ ілімінің білгірі, Қасиетті Құран аяттарын кеңінен талдайтын муфәссир ғалым. Толық аты-жөні – Әбу Ләйс Нәсір ибн Мұхаммед ибн Ахмет ибн Ибраһим әс-Самарқанди (?-1003 ж.). Хикметті сөздерімен халық арасына кеңінен танымал

болған. Бірнеше дін іліміне қатысты көптеген шығармалар жазған. Солардың ішінде «Хизанатул-фикһ» (Фикһ қазынасы), «Бустанул-арифин» (Ғаріптердің бакшасы), «Тәнбиһул-ғафилин» (Ғапілдерге ескерту) секілді еңбектері ел ішіне кең тараған. Сондай-ақ Құран аяттарының мағынасын ашуға арналған «Бәхрул-улум» (Ілімдер теңізі) деген еңбегі де бар.

Имам Бағауи – Ислам әлеміне аты шыққан мұхаддис, тәпсірші. Шафиғи мәзһабының ірі өкілі. Толық аты-жөні – Әбу Мұхаммед Мухисуннә әл-Хусейн ибн Масғұд ибн Мұхаммед әл-Фәрра әл-Бағауи (?-1112 ж.). Кейде оны ибн әл-Фәрра деп те атайды. Жас кезінде шафиғи фақиһы Қаузы Хусейн ибн Мұхамед әл-Мәруариззи, Әбу Омар Әбдулуахид әл-Мәлихи, Әбул Хасан Әли әл-Жуеини, Әбу Бәкір Жақып әс-Сайрафилардан дәріс тыңдаған. Имам Бағауи тәпсір мен хадис іліміне қатысты «Шәрхус-суннә», «Мәсабихус-суннә», «Әл-Жами бәйнәс-сахихан», «Шәрху жәмиғут-Термизи», «Әт-Тәхзиб», «Мәләимәтут-тәнзил» деген еңбектер жазған. Сексен жасына таяған уақытта Мәруәриззда дүниеден өткен.

Имам Ғазали – Ислам жұртының атақты ойшыл-ғалымы. Толық аты-жөні – Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. 1058 жылы Хорасандағы Тус шаһарында дүниеге келген. Ұзақ жылдар бойына Низамия медресесінде ұстаздық еткен. Өмірінің көп бөлігін Бағдат, Дамаск секілді қалаларда өткізген. Өз заманында «Хужжәтул-Ислам» яғни «Исламның дәлелі» деген атак алған ғалымның артында бірнеше шығарма қалған. Солардың негізгілері – «Таһафутул-фәләсифа» (Философтарды жоққа шығару), «Ихийәул-’улум әд-дин» (Діни ілімдерді тірілту) және «Кимийәи сағадат» (Бақыт шарабы). Әһлі сүннет уәл-жамағат ақидасы мен сопылық ілімді ғылыми тұрғыдан ұштастырған ғалым ретінде мойындалады. Шығармаларында негізінен мұсылман философтарымен, Аристотельдің Шығыстағы шәкірттерімен (Фараби, Ибн Сина және т.б.) әлемнің жаратылысы, рухтың мәселелері және т.б. мәселелер бойынша сөз жарыстырған. 1111 жылы дүниеден өткен.

Имам Мәлік – Әһлі сүннет уәл жамағаттағы Мәлики мәзһабының негізін қалаушы, атақты фақиһ, мұхаддис ғалым. Толық аты-жөні – Мәлік ибн Анас Әбу Абдулла (713–795 жж.). Мәдинада дүниеге келген. Ислам дінінің ілімдерін жетік меңгерген, сондықтан да «Мәдина имамы» деген атқа ие болған. Шәкірттер тәрбиелеген. Оның шәкірттерінің арасында шәфиғи мәзһабының негізін салушы Мұхаммед ибн Ыдырыс Шафиғи (?-820 ж.) және атақты мұхаддис Мұхаммед Шайбанилар болған. Имам Мәлік Мұхамед пайғамбардың өсиеттерін қырық жыл жинақтап, кейін «әл-Муаттағ» деген хадистер жинағын жазған.

Имам Исмайыл Бұхари – Ислам әлемінің үлкен ғалымы, хадис ілімінің білгірі. «Мұхаддистер имамы», «Хадис ілімінің сұлтаны» деген аттармен таны- мал болған. Толық аты-жөні – Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Исмайыл әл-Бұхари. 810 жылы шілде айының 21-ші жұлдызында Бұхарада туылып, 870 жылдың

31-ші қыркүйегінде Самарқандтын жанындағы Харған қыстағында дүниеден өткен. Әкесі өз заманының мұхаддистарынан болып, Мәлік ибн Анастың шәкірті болған. Сауда-саттықпен айналысқан. Имам Бұхари 5-6 жасынан бастап, дін ілімдерін, соның ішінде пайғамбардың хадистерін үйрене бастаған. Атақты хадистанушылар – әл-Дахили, Мұхаммед ибн Сәлем әл-Бәйкенди, Мұхаммед ибн Жүсіп әл-Бәйкенди, Абдулла ибн Мұхаммед әл-Мәснәдилерден дәріс алған. Он алты жасына дейін өз аймағындағы хадистерді жазып алып, содан кейін алыс өлкелерге аттанады. 825 жылы анасы және ағасымен бірге Меккеге келіп, қажылық құлшылығын өтеген. Содан ағасы мен анасын еліне қайтарып, өзі Меккеде қалған. Сондағы ғалымдардан сабақ алады. 827 жылы Мәдинаға барып, Ибраһим ибн әл-Мунзир, Ибраһим ибн Хамза, Мутриф ибн Абдулла секілді хадис ілімінің ғалымдарынан дәріс тыңдаған. Алла елшісінің айтқан сөздерін жинау және топтастыру мақсатымен сол замандағы ірі өлкелері саналған Хижаз, Мекке, Мәдина, Тайф, Жидда, Басра, Куфа, Бағдат, Шам, Мысыр, Герат, Нишапур, Рей, Хорасан, Балх, Мары секілді жерлерде болған. Алла елшісінің өсиеттерін жинастырып, оларды сахих және сахих емес деп екіге бөлген. Пайғамбардың алты жүз мың хадисін жинап, содан жүз мың сахих хадисті, екі жүз сахих емес хадисті жатқа білген. Деректерде оның жиырмадан артық еңбек жазғандығы айтылады. Солардың кейбірі біздің заманымызға дейін жетіп келген. Олар: «Әл-жәмиғус-сахих», «Әл-әдәб әл-муфрәд», «Китәбул-кунийә», «Әт-тарихул-кәбир», «Әт-тарихус-сағир», «Китәбул-фәуaid», «Әл-муснәдул-кәбир», «Әл-жәмиғул-кәбир», «Әт-тәфсирул-кәбир», «Китәбул-хибә» және т.б.

Имам Муслим Нишапури – Ислам әлеміне аты шыққан атақты мұхаддис (хадис ілімінің маманы). Толық аты-жөні – Әбул Хусейн Мәслим ибн әл-Хажжаж ибн Уарад ибн Қушаз әл-Қушайри ән-Нишапури (821–875 жж.). Хадис ілімінің білгірі ретінде Имам Бұхаридан кейін екінші тұрады. Фикһ ілімін де жетік меңгерген. Он екі жасынан хадис іліміне ден қойып, Сирия, Хижаз, Мысыр және Ирак елдерінде болып, Алла елшісінің өсиеттерін топтастырған. Өмірінде пайғамбардың үш жүз мың хадисін жинап, соның ішінен он екі мыңын хадис деп атаған және өзінің «Сахих» жинағына кіргізген. Сондай-ақ ол «Әл-Муснәдул-кәбир», «Әл-Әсмәул-кунә» және «Китәб әуләду сахаба» деген еңбектер жазған.

Имам Хасан Басри – Ислам әлеміндегі ұлық имамдардан. Толық аты-жөні – Әбу Сағид ибн Абил Хасан Йасар (642–728 жж.). Басрада өмір сүріп, сол жерден қайтыс болған. Омар ибн Әбдуләзиздің халифалық (681–720 жж.) тұсында Басраның қазысы болған. Айналасына ғұламалар топтасқан. Заманында оның беделінің жоғары болғаны соншалық, оны барлық мәзһаб иелері ұстаз ретінде қадірлеген. Қашан да мұсылмандар арасындағы даулы әрі тартысты мәселелерді бейбітшілік жолымен шешуге шақырған.

Имам Шафиғи – Әһли сүннеттегі Шафиғи мәзһабының негізін қалаушы, діндар ғалым, фақиһ. Толық аты-жөні – Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Ыдырыс

ибн Аббас әш-Шафиғи (767–820 жж.). Екі жасында анасы Меккеге алып келген. Сонда Құран жаттаған. Меккенің муфтиі муслим Халид әз-Занжи мен Мәдинада Имам Ханбалдан тәлім алған. Көп жерлерге сапар шеккен. Имам Ағзамның шәкірті Мұхаммед ибн Хасанмен Бағдатта жақын араласып, сол жерде өзінің жолын салған. Имам Шафиғидың «Әр-Рисала» және «Әл-Умм» деген еңбектері бар.

Иса – Қасиетті Құранда аты аталатын пайғамбарлардың бірі. Оны кейде «Иса Мәсіх», «Ибн Мәриям» деп те атайды. Пайғамбарлықтың енуі жағынан Мұхаммед пайғамбардан алдын өмір сүрген. Отыз жасқа жеткенінде Бәни Исраил қауымына пайғамбар етіп жіберілген. Қасында он екі жараны (хауари) болған. Алла Тағала оған алапес ауруын жазатын, соқырдың көзін ашатын және т.б. мұғжизалар берген. Мұсылмандар Иса пайғамбардың Алланың ұлы емес, қайта Алланың елшісі екендігіне, қыз Мәриямнан дүниеге келгендігіне, оған Інжіл кітабының түскендігіне және оның көкке ұшып кеткендігіне сенеді.

Исмайыл пайғамбар – Қасиетті Құранда аты аталатын жиырма бес пайғамбардың бірі. Ибраһим пайғамбардың ұлы. Ибраһим пайғамбардың Хажар деген әйелінен дүниеге келген. Деректерде Ибраһим пайғамбардың Сара деген бәйбішесінен туылған Исхақ пайғамбардан йәһудилер тара-са, осы Исмайыл деген ұлынан бүгінгі арабтардың тарағандығы айтылады. Пайғамбарлар тарихына қатысты қиссаларда Исмайыл пайғамбардың өмірі туралы қызықты хикаялар баяндалған. Исламның бесінші шарты – қажылықта өтелетін амал-құлшылықтардың басым бөлігі дерлік осы Ибраһим мен Исмайыл пайғамбарлардың өмірімен тікелей байланысты. Қасиетті Құран аяттары мен қиссаларда баяндалуынша Ибраһим пайғамбар Хажарға үйленгеннен кейін Исмайыл пайғамбар дүниеге келеді. Бәйбішесі Сараның айтуымен сәбилі ананы бүгінгі Араб түбегіне алып келіп тастайды. Жапан далаға қалдырылған ана кішкентай сәбиіне су тауып беремін деп, Сафа мен Маруа тауларының арасында сағым қуып жеті рет жүгіреді. Сол кезде қатты шөліркеген Исмайыл жерді өкшесімен тепкенде, Алланың қалауымен Зәмзәм суы шығады. Сондай-ақ малды құрбандыққа шалу дәстүрі де осы Ибраһим пайғамбар мен Исмайыл пайғамбардан қалғандығы айтылады. Бұл туралы көптеген шайырлар қалам тербеген. Солардың бірі – XII-XIII ғғ. өмір сүрген Сүлеймен Бақырғанидың «Исмайыл қиссасы» деген дастаны бар. Деректерде Исмайыл пайғамбардың 137 жыл өмір сүргендігі, өмірінің соңында Меккеде дүниеден өтіп, анасы Хажардың қасына жерленгендігі айтылады.

Иснад – Әрбір хадистің құжаттық құрылымы. Айтылған сөзді айтушымен байланыстыру. Хадисті айтар алдында сол хадисті айтқан, естіген адамнан бастап, хадистерді топтастыруға дейінгі барша адамдардың аттары бір-бірлеп аталады және бұл сол хадистің негізгі құжаты болып есептеледі. Ғалымдар сол өсиеттің пайғамбарға қаншалықты тиесілі екендігін осы адам аттарына

қарап анықтаған. Хадисті айтқан адамдардың өмір сүрген жылдары мен имани қасиеттері шарттарға сәйкес келсе, иснәді дұрыс, яғни хадис те дұрыс деп есептеледі.

Исра – Мұхаммед пайғамбардың Миғражға яғни көкке шығардан алдын Құдысқа келуі. Бір түннің ішінде Меккеден шығып, Құдыстағы Ақса мешітінде нәпіл намазын оқығаннан кейін ұшқан.

Исрафил – атакты төрт періштенің бірі (Жебірейіл, Микәйіл және Әзірейілден кейін). Жаратушы Алла бұл періштеге негізі екі міндетті жүктеген. Екі рет сүр үрлеу. Бірінші рет үрлегенінде жер бетіндегі барша жан-жануар, адамзат баласының бәрі жан тапсырады. Екінші рет үрлегенде Адам атадан бастап барша адамзат баласы қайта тіріледі. Содан Ұлы сұрақ-жауап басталады.

Исхақ пайғамбар – Қасиетті Құранда аты аталған пайғамбарлардың бірі. Үлкен пайғамбар Ибраһимнің бәйбішесі Сарадан туылған ұлы. Риуаяттардың оның бүгінгі йәһудилердің түп атасы екендігі айтылады. Деректерде Сара тоқсанға кегенде босанған делінеді. Содан атын «Йазхақ» (күледі деген мағына береді) яғни, жасы келген кемпірдің босанғанына күледі деп қойған. Исхақ пайғамбар Рифқа деген қызға үйленіп, одан Йусу және Жақып деген екі ұл сүйген. Жақып кейін аталары секілді пайғамбар болған. Исхақ пайғамбардың 180 жыл өмір сүргендігі, қабірі бүгінгі Мәдинәтул Халилда (Палестина) екендігі айтылады. Қасиетті Құранның төрт жерінде Исхақ пайғамбардың есімі зор құрметпен аталған.

Ихийәул-'улум – Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазалидің еңбегі. Имам Ғазалидың «Ихийәул-'улум әд-дин» (Діни ілімдерді тірілту) деп аталатын бұл еңбегінде дін ілімінің теориялық мәселелері кеңінен қарастырылып, Исламдағы сопылық дүниетанымға кеңінен түсінік берілген.

Ихрам – Мұсылмандардың қажылық құлшылығын өтеу кезінде киетін арнайы киімі. Ихрамды киген адам Мухрим деп аталып, ол кезде барлық күнәлардан сақтанып, қажылық шарттарын толық орындауға міндетті. Ихрам киімі екі бөліктен тұрып, бірімен сол иық жабыса, келесі бөлігі белге оралады. Қажылықты толық орындап болғаннан кейін шешіледі.

Ихтилаф – Діндегі пікір талас, қарама-қайшылық.

Й

Йағаш – шамамен 9 км. келетін қашықтық бірлігі.

Йәжүж-Мәжүж – Қасиетті Құранда аты аталатын бұзық қауым. Деректерде Ескендір Зұлқарнайынның сол қауым шығып кетпесін деп, үлкен қорған салғандығы айтылады. Ал қиямет қайым жақындағанда Йәжүж-Мәжүж қауымының жер бетін жаулап алатындығы айтылады.

К

Кәләм – Алла Тағаланың сөзі, яғни Құран.

Кәусар – Жәннәттағы бұлақ немесе хәуіздің аты. Мұхаммед пайғамбарға берілген. Діни көзқарасқа қарағанда, бұл судың түсі сүттен ақ, дәмі балдан тәтті. Ішкен адам қайта шөлдемейді. Қасиетті Құранда «Кәусар» (108-ші сүре) деген арнайы сүре де бар. Онда Мұхаммед пайғамбарға Кәусардың берілгендігі, сол үшін де Жаратушыға намаз оқып, тәспі айту керектігі баяндалған.

Кәффарат – Шариғат бойынша, орындалмай не оқылмай қалған құлшылықтың жазамен қайта өтелуі.

Кебін – мұсылман дүниеден өткенде үстіне жабылатын (оралатын) мата. Ер адамдардың кебіні 3, ал әйелдердікі 5 болады. Мәйітті кебінмен жерлеу мұсылмандар үшін парыз қиғая саналады. Алла жолында шейіт болғандар кебінделмейді, үстіндегі киімімен жерленеді.

Кербала – Ирактағы қала. Астанасы Бағдаттан оңтүстік-батысқа қарай 85 км. қашықтықта орналасқан. Бұл жерде пайғамбардың немересі Хазірет Хусейннің мазары бар. 680 жылы осы Кербала маңында Меккеден келе жатқан Хазірет Хусейн шейіт болған.

Куфа – Ортағасырлық шаһардың аты. Ол жерден Ислам әлеміне белгілі көптеген ғалымдар шыққан. Бүгінгі Ирактың территориясында орналасқан.

Күнә – шариғат шарттарына қайшы амал немесе ақидаға қарсы жасалған іс-әрекет. Ислам түсінігі бойынша, ең үлкен күнә – Аллаға серік қосу. Бұл күнә кешірілмейді. Бұдан басқа да ата-анаға қарсы шығу, адам өлтіру, ұрлық, сиқырлықпен айналысу секілді үлкен күнәлар да бар. Алайда, бұлар Аллаға истиғфар етумен кешірілуі мүмкін. Себебі Алланың бір сипаты – күнәларды кешіруші. Ислам ғұламалары үлкен күнәларды үш жүзге дейін жеткізген. Ал кіші күнәлардың есебі жоқ десе де болады.

Қ

Қабыл – Адам атаның үлкен ұлы. Адам ата мен Хауа анадан алғаш бір ұл, бір қыз дүниеге келеді. Ұлдың аты – Қабыл, қыздың аты – Ақлима. Хауа ана екінші рет босанғанда тағы егіз босанып, олардың атын Әбіл және Ләбуза деп атайды. Адам ата Алланың қалауымен Қабылды Ләбузаға, ал Әбілді Қабылдың сыңары Ақлимаға үйлендірмекші болады. Алайда, Ләбуза сұрықсыздау болғаны үшін Қабыл оған үйленуден бас тартып, өзінің сыңары Ақлиманы таңдайды. Адам ата онда Аллаға құрбандық беруін сұрайды. Кімнің құрбандығы қабыл болса, сол Ақлимаға үйленеді дейді. Қабыл егінші болғандықтан, өз егінінің жаманын алып келеді, ал Әбіл малдарының ішіндегі семізін таңдайды. Алла Әбілдің құрбандығын қабылдайды. Содан Қабыл мен Әбілдің арасындағы дұшпандық

басталып, Қабыл інісі Әбілді өлтіреді. Адамзат тарихында ең алғаш Қабыл адам өлтіргендіктен де, жер бетіндегі барша адам өлтірудің күнәсі соған тиеді деген сөз бар.

Қабір азабы – адам баласының дүниеден өте салысымен қабірде алғаш кездесетін кіші сынағы. Оны кейде «Азабул-қабр» немесе «Азабул-бәрзах» деп те атайды. Адам баласын қабірге көмгеннен кейін Мәңкүр-Нәңкүр екі періште келіп, алғашқы сұрақтарды қояды. Содан кейін ол пенденің қайда баратындығы белгілі болып, қиямет қайымға дейін өзінің амал-әрекетіне байланысты жаза-сын алып жатады. Сондықтан да пайғамбар: «Қабір – жәннаттан бір бақша немесе тозақтан бір шұңқыр», – деген.

Қағба – Ислам дініндегі ең киелі жер. Кейде оны «Бәйтулла» яғни «Алланың үйі» деп те атайды. Әлемдегі ең үлкен мешіт саналатын Харам мешітінің қақ ортасында орналасқан. Ұзындығы – 15 метр, ені – 10х12. Қағбаның сырты қара матамен (кисуа) оралып, оған Қасиетті Құранның Мекке және қажылыққа қатысты аяттары жазылып қойылады. Қағбаның сыртқы батыс жағында көктен түскен қара тас бар. Оны «Хәжәрул-әсуад» деп атайды. Солтүстік-шығыс жағында жерден екі метрдей биіктікте есік орналасқан. Діни риуаяттарға қарағанда, Қағба Шис пайғамбар тұсында құрылған, Ибраһим пайғамбар тарапынан жөнделген және Мұхаммед пайғамбар арқылы кәпірлерден тазартылған. 624 жылдан бері әлемнің барша мұсымандары осы Қағбаға қарап намаз оқып келеді.

Қадыр түні – Рамазан айының соңғы он күндігінде, соның ішінде тақ күндері (21, 23, 25, 27, 29) келетін қасиетті түн. Ислам ғұламаларының көбісі оның Рамазан айының 26-нан 27-не қараған түн деп білген. Қасиетті Құранның 97-ші сүресі «Қадыр» деп аталып, тікелей осы қасиетті түнге арналған. Қадыр түні алғашқы Құран аяттары түскен. Сондықтан да Рамазан айын кейде Құран айы деп жатады. Қадыр түні мұсылмандар таң атқанша ұйықтамастан құлшылықпен өткізуге тырысады. Себебі сол түні көктен Жебірейіл періште бастаған сан мыңдаған періштелер түсетіндігі айтылған. Әрі сол түнде өтеген құлшылық мың айдың сауабына тең деп есептеледі.

Қажылық – Ислам дініндегі мұсылманға міндетті болып саналатын бесінші рүкін. Алайда, бұл парыз барша мұсылманға қатысты емес, мал-мүлкі, қаражаты бар бақуат мұсымандарға қатысты. Шамасы келген адам өмірінде бір рет қажылық жасауға міндетті. Қажылықтағы басты құлшылықтар – Алланың үйі болып есептелетін Қағбаны зиярат ету, Сафа мен Маруа тауларының арасында жүгіру, шайтанға тас ату, Арафатта тұру. Қажылықтың негізгі шарттары 632 жылы Мұхаммед пайғамбардың «Қоштасу қажылығында» белгіленіп берілген. Бүгінгі зияратшылар сол дәстүрдің негізінде құлшылық етеді.

Қиямет – Бұл дүниенің соңы, ақыры. Оны кейде ақирет деп те атайды. Ақиретте халықтың бәрі тік тұрып сұрақ-жауапқа тартылатындықтан да оны кейде «қиямет» яғни тік тұру, орнынан тұру деп атайды. Қияметте бүкіл адам-

зат баласының тағдыры шешіліп, әркім өз амалына қарай жұмак не жаһаннамға қарай жол тартады.

Құптан – Ислам шариғаты бойынша, күнде оқылатын бес уақыт намаздың соңғысы. Уақыты қараңғы түскеннен бастап, бамдат намазына, яғни таң атқанша жалғасады. 4 бас парыз, 2 бас сүннет және 3 бас уәжіптен тұрады.

Құрайыш – Араб түбегін мекендеген тайпа. Ежелде жаз маусымында Шам, қыста Йемен жұртында көшіп-қонып жүрген. Мұхаммед пайғамбар осы Құрайыш тайпасының Хашим руының өкілі. Қасиетті Құранның 106-шы сүресі «Құрайыш» деп аталады. Онда бұл тайпаның қысы-жазы көшу бейбітшілігі болғандығы, Алланың өзі оларды аштықтан тамақтандырып, қауіп-қатерден өзі аман сақтағандығы айтылады. Сондай-ақ Құрайыш тайпасы Исламның саяси тарихында да көп рөл ойнағандығы тарихи деректерде кеңінен жазылған.

Құтба – Мешіттерде жұма намазынан бұрын және айт намазынан кейін айтылатын үгіт-насихат.

Қыбла – Мұсылмандар намаз оқыған уақыттарда жүзін бұрып тұратын бағыт. Мұсылмандар үшін қыбла Меккедегі Қағба болып есептеледі. Исламның алғашқы жылдары Құддыс (Йерусалим) жаққа қарап оқыған, кейін 624 жылы арнайы Құран аятымен («Бақара», 144) қылба Қағба болып өзгертілген. Орта Азия халқының қыбласы – батыс тарап. Себебі Мекке сол жақта орналасқан. Алайда, мұсылмандар қай жерде болмасын, бәрі Меккеге қарап намаз оқиды.

Қырағат – Қасиетті Құран аяттарын тәжүидпен, белгілі бір мақаммен оқу. Тіләуәттең айырмашылығы – Құран аяттарынан басқа өлең-жырларды да өз әуенімен оқуды қырағат десе, ал тіләуәт деп тек Құран аяттарын ғана мақаммен оқуды айтады.

Л

Ләбуза – Адам атаның екінші ұлы Әбілдің сыңары. Адам ата мен Хауа анадан алғаш бір ұл, бір қыз дүниеге келеді. Ұлдың аты – Қабыл, қыздың аты – Ақлима. Хауа ана екінші рет босанғанда тағы егіз босанып, олардың атын Әбіл және Ләбуза деп атайды.

Ләухул-мәхфуз – Адамзат баласының тағдыры жазылған үлкен кітап. Діни риуаяттарда оның ақ дүрден жасалып, ұзындығы жер мен көктің аралығындай, ені шығыс пен батыстың ара қашықтығындай, екі беттен тұратындығы айтылады. Оның қасында жазу қаламы болып, оның да үлкендігі Ләухке сай келетіндей. Ол үлкен бір періштенің көкірегіне орнатылған болып, үстіңгі жағы Аршыға байланған. Алла Тағала Ләух пен қаламды жаратып, қияметке дейінгі болатын барша нәрсені, тағдырды жазып қойған.

Лұқман хакім – Қасиетті Құранда аты аталатын ойшыл-данышпан. Оның әулие не пайғамбар екендігі туралы талас бар. Деректерде оның Ад қауымында

өмір сүргендігі, сонда мың жыл жасағандығы айтылады. «Лұқман хакім айтты» деген өнегелі өсиеттер халық ауыз әдебиетінде жиі кездеседі. Қасиетті Құранда «Лұқман» деген сүреде Лұқман хакімнің ұлына айтқан өсиеттері кеңінен қамтылған.

Лұт – Қасиетті Құранда аты аталатын пайғамбарлардың бірі. Хазірет Ибраһим пайғамбармен бір заманда жасаған. Месопатамияда туылған, кейіннен Палестинаға келген. Өз қауымын Хақ дінге шақырған, алайда халық оны қабылдамаған. Деректерде Лұт қауымының бұзылғандығы соншалық, жаман істердің кең етек алғандығы айтылады. Сонда Алла Тағаладан Лұтқа қаланы тастап шығу туралы қаулы келеді. Лұт пайғамбар қаланы тастап шыққанда ондағы халықтың бәрі апатқа ұшырайды. Лұт пайғамбар туралы мәлімет Қасиетті Құранның 17 жерінде кездеседі.

М

Махмуд – Ежелгі Йемен патшасы Әбраһаның жорыққа шыққанда мінетін пілі. Деректерде Йемен патшасы Әбраһа Санға қаласына Қулайыс деген үлкен шіркеу тұрғызады. Алайда, оның салған шіркеуіне ешкім де зиярат етіп келмейді. Ол Қағбаны қиратсам, сонда барып тауап етіп жүрген халық менің шіркеуіме зиярат етіп келетін болады деп ойлап, үлкен әскермен жолға шығады. Алайда, Меккеге жақындай бергенінде Алланың қалауымен көктен белгісіз құстар пайда болып, оның үлкен қосынын опат етеді. Өзі де сонда қайтыс болады. Бұл оқиға Қасиетті Құранның 105-ші яғни «Піл» сүресінде қысқаша баяндалған.

Махшар – Қиямет қайымда барша адамзат баласының жиналатын күні. Ақыр заманда Исрафил періште сүрін алғаш үрлегенде жер бетіндегі барша адамзат қайтыс болады. Екінші рет үрлегенде Адам атадан бастап қияметке дейінгі адамның бәрі қайта тіріледі. Сол кезде үлкен сұрақ-жауап басталып, әркімнің бұл дүниедегі істеген амал іс-әрекетіне байланысты жаза тағайындалады. Сол күнді махшар күні деп атайды.

Мәзһаб – Исламдағы шариғат яғни діни-құқықтық мектептері. Бұл діни-құқықтық мектептер 8-9 ғасырлардан бастап қалыптаса бастады. Әһлі сүннет уәл жамағат жолында атақты төрт мәзһаб бар. Олар: Ханафилік, Шафиғилық, Ханбалилік және Мәлікилік. Ислам ғұламалары тарапынан бұл мәзһабтардың бәрі де дұрыс жол деп бекітілген. Бұл мәзһабтар шариғат мәселелері төңірегінде, онда да құлшылықтағы сүннеттер мен әдептерде ғана айырмашылық болғанымен де, ақида жағынан бәрі де бір пікірге тоқтайды. Ал ақида жағынан алшақтық болған ағымдарды фирқа (секта) деп атайды.

Мәймуна – Мұхаммед пайғамбардың соңғы үйленген әйелі. Толық аты-жөні – Мәймуна (Бәрра) бинт әл-Харис бинт Хазн әл-Хилалие (590–659 не

669 жж.). Алғашқы аты Бәрра болатын, алайда пайғамбар оны Мәймуна деп өзгерткен. Алла елшісінен жетпіс алты хадис риуаят еткен.

Мәкрүһ – шариғат үкімдерінің бірі. Дін тарапынан қатты істеуге тыйым салынбаса да, мұсылманның істеуі орынсыз, әдепсіз саналады. Дәрежесі жағынан харамнан кейін тұрады. Күнәсінен қорқып орындамаған адам сауапты, ал істеген адам күнәһар болады.

Мәләкут – Алланың иләһи сырларының, сондай-ақ идея мен шешімдерінің жоғарғы әлемі. Құранда мәләкут сөзі Алланың ұлық билігі мағынасына да келген және жердегі биліктен тіптен өзгеше екендігі айтылған.

Мәриям – Қасиетті Құранда аты аталатын киелі аналардың бірі. Иса пайғамбардың анасы. Әкесі Имран, анасы Ханна болған. Олар ерте қайтыс болғаннан кейін әпкесінің күйеуі Зәкәрияның қолында тәрбиеленген. Алла Тағаланың құдіретімен Иса деген ұл тапқан. Қасиетті Құранның 19-ші сүресі «Мәриям» деп аталады. Ислами әдебиеттегі басты кейіпкерлердің бірі. Сүлеймен Бақырғанидың (XII ғ.) «Бибі Мәриям» деген дастаны бар.

Мәһір – Неке қиылған кезде ер адамның әйеліне алып беретін сыйлығы. Мәһір діни некенің басты шарты болып есептеледі. Ондағы мақсат, егер әйелдің күйеуі қайтыс болып, жесір қалатын болса немесе жолдасы талақ ететін болса, сол уақытта әйелі сол мәһірді материалдық қажеттілігіне жұмсайды. Көлемі мен құнына қарамастан күйеуі тарапынан берілген кезкелген сыйлық мәһір болып табылады. Алайда, ең аз мөлшері 30 гр. күмістің құнынан кем болмауы тиіс.

Мәшәрикул-әнұар – Атақты мұхаддис Радиуддин Сағанидың (?-1252 ж.) пайғамбардың саих хадистері негізінде жазған еңбегі. Толық атауы – «Мәшәрикул-әнұарин-нәбәуия».

Мәдина – Бүгінгі Сауд Арабиясының солтүстік-батыс жағында орналасқан қала. Оны кейде «Мәдинәтун-нәбәуия» яғни «Пайғамбар қаласы», «Мәдинәту мунәууэрә» яғни «Нұрлы Мәдина» деп те атайды. Ежелгі атауы – Йәсриб. 622 жылы мұсылмандар Меккеден Мәдинаға һижрет еткен күннен бастап, Мәдина діни орталық ретінде мойындалған. Мұхаммед пайғамбардың қабірі сонда. Мұсылмандар үшін ардақты болып есептелетін «Мәсжидун-нәбәуи» яғни «Пайғамбар мешіті» де сол қалада. Қажыға барған мұсылмандар Меккеде қажылық шарттарын орындап болғаннан кейін, көбінесе осы Пайғамбар мешітіне соғып, Алла елшісін зиярат етеді.

Мекке – Бүгінгі Сауд Арабиясының батысында, Қызыл теңізден 80 км. қашықтықта орналасқан мұсылмандардың қасиетті қаласы. Оны кейде «Уммул-Құрра», «Уммул-мәдәйн» яғни «Қалалар анасы» деп те атайды. Құранда бұл ата «Бәккә» болып кездеседі. Мұхаммед пайғамбарға түскен сүрелердің басым бөлігі (114 сүренің 86-сы) осы шаһарда түскен. «Бәйтулла» яғни «Аланың үйі» делінетін Қағба осы қаладағы Харам мешітінде. Мұхаммед пайғамбар осы қалада туылған және өзінің алғашқы үгіт-насихаттарын осында бастаған. 622 жылы

пайғамбарға заманына лайықты мұғжизалар беріп отырған. Олар халықты Хақ дінге шақыруда мұғжизаны кеңінен қолданған. Мысалы, Мұса пайғамбарға аса таяқ берген, ол таяғын тастағанда ол аждаһаға айналып шыға келген. Иса пайғамбар алапес, соқыр ауруларды жазса, Жүсіп пайғамбарға түс жору қасиетін берген. Мұхаммед пайғамбардың айды екіге бөлуі (шақкул-камар), қасиетті Құранның түсуі секілді т.б. ерекше қасиеттері де мұғжиза деп аталған.

Мұнапық – Иман куәлігін тілімен айтқанымен де, жүрекпен бекітпеген екі жүзді. Жұрттың көзінше діндар болып көрінгенімен де, шын мәнісінде Алланың Барлығы мен Бірлігіне, Мұхаммедтің шынайы пайғамбар екеніне күдікпен қарайды. Сондықтан да мұнапықтар Қасиетті Құранда сыналған. Пайғамбар өз хадистерінде мұнапықтың үш белгісін ашып айтқан: жалған сөйлеу, уәдеде тұрмау және аманатқа қиянат жасау.

Мұнара – Мешіт пен медреселердің жанына салынатын үлкен құрылыс. Муаззин сол мұнараға шығып, азан айтып, халықты бес уақыт намазға шақыратын болған.

Мұса – Қасиетті Құранда аты аталған үлкен пайғамбарлардың бірі. Мұса пайғамбарға көктен «Тәурат» кітабы түскен. Алла Тағаламен сөйлескендіктен де, Мұса «Кәлимулла» (Алламен сөйлесуші) деп те атайды. Мысырда дүниеге келген. Сол заманның ең жауыз патшасы Ферғауынды Хақ дінге шақырған. Алла Тағала Мұса пайғамбарға бірнеше мұғжиза берген. Сол Алла берген мұғжизаның арқасында қалтасынан қолын шығарғанда жалтырайтын, қолындағы аса таяғы аждаһаға айналатын болған. Хазірет Шұғайып пайғамбардың екі қызына үйленген. Алла Тағала Хақ дінді насихаттауда Мұса пайғамбарға ағасы Харунды көмекші етіп берген. Алайда Ферғауын оның үгіт-насихатына құлақ аспастан, оны қудалаған. Сонда Мұса пайғамбар йәһудилерді ертіп, Ніл өзенін кешіп өтіп, бүгінгі Таяу Шығысқа алып келіп қоныстандырған. Ізінен қуып келе жатқан Ферғауын мен оның қалың қолы Ніл өзеніне шөгіп, ғарық болған.

Мұсхаф – Беттелген (жазылған) Құран. Хазірет Әбу Бәкірдің халифалық кезінде Құран алғаш рет киік терісінен жасалған беттерге жазылған. Осы Мұсхафтың негізінде Хазірет Оспанның көшірткен Құран нұсқалары Мұсхафтар деп аталған. Бұл күнде де Мұсхаф Құранның синонимі ретінде қолданыла береді.

Мұхаддис – пайғамбардың айтқан сөздерін, істеген істерін және жасаған амалдарын, яғни хадистерін жинаған, топтастырған және сол өсиеттерге түсінік берген ғалымға қарата айтылады. Пайғамбардың өсиеттерін тереңінен зерттеп, оны жеткізушілер туралы (рауиларын, иснадтарын анықтап) мәліметтер қарастырып, сол хадистің шын мәнісінде пайғамбарға қатыстылығын анықтап (сахих, заиф, хасан), сондай-ақ пайғамбар өсиеттеріне кең көлемде түсінік берген ғалымдар шоғырын мұхаддистер деп атаған. Ислам әлемінде мұхаддистер көптеп саналады. Солардың ішінде Имам Бұхари, Имам Муслим, Имам Термизи, Әбу Дәуіт, Ибн Мажа секілді ғалымдардың есімдері зор құрметпен аталады.

Мұхаммед ибн Абдулла – Алла Тағала тарапынан барша әлемге жіберілген соңғы елші, Ислам дінінің ардақты пайғамбары. 571 жылы Меккеде туылып, 632 жылы Мәдинаде дүниеден өткен. Құрайыш тайпасының Хашим руынан. Әлеуметтік жағынан орташа отбасыда туылғанымен де, Мекке ақсүйектеріне жақын әулеттен болған. Әкесінің аты – Абдулла, пайғамбар дүниеге келместен бұрын дүниеден өткен. Алты жасқа келгенінде анасы Әмина қайтыс болған. Содан атасы Әбдімүтәліптің қолында тәрбиеленген. Атасы дүниеден өткеннен бастап немере ағасы Әбу Тәліптің қолында ержеткен. Жиырма бес жасқа келгенінде Хадишаға үйленген. Одан Абдулла, Қасым деген екі ұл және Зейнеп, Рұқайя, Үммү Күлсім, Фатима деген төрт қыз сүйген. Ұлдарының бәрі жастай шетінеген.

Қасым бірінші туылған баласы. Меккеде туылған. Пайғамбарлық келмей тұрғанда 2 жаста қайтыс болған.

Абдулла пайғамбарлық келгеннен кейін дүниеге келген.

Үшінші ұлы – Ибраһим Мариям анамыздан дүниеге келді. Хижраның 8 жылында туылып, сол жылы қайтыс болады.

Фатимадан өзге 3 қызы Пайғамбарымыздан алдын қайтыс болған. Зейнеп – қыздардың үлкені. Ол дүниеге келгенде Пайғамбарымыз 30 жасында еді. Хадиша анамыздың сіңлісінің баласы Әбу әл-Аса ибн Рабиға тұрмысқа шыққан.

Рұқия – екінші қызы. Ол дүниеге келгенде Пайғамбарымыз 33 жасында болатын. Оспан ибн Афғанға тұрмысқа шығып, Бәдр соғысы кезінде қайтыс болған.

Фатима – үшінші қызы. Ол дүниеге келгенде Пайғамбарымыз 41 жасында болатын. 15 жасында Әлиге тұрмысқа шыққан.

Үммү Күлсім – төртінші қызы.

Мұхаммед (Алланың оған сәлемі болсын) 63 жыл ғұмыр кешіп, соның 23 жылында хақ дінді насихаттаған. Оған Алланың кітабы Құран үзік-үзік қалпында 23 жыл бойына түскен. 622 жылы Меккеден Мәдинаға һижрет еткен. Сонда алғашқы ислами мемлекеттің негізі қаланған. Дін тарату жолында бірнеше қазауаттарға қатысқан. Мұхаммед (Алланың оған сәлемі болсын) барша адамзат баласына мейірім пайғамбары болып жіберілгендіктен де, барша халықты Бір Алланың хақ, ал өзін Алланың құлы әрі елшісі деп иман келтіруге, Жаратушыға құлшылық-ғибадат етуге, жамандық істерден аулақ болып, игі істер мен жақсы амалдарды жасауға бұйырған. Сондай-ақ қайырымды, мейірімді болуға, кісі ақысын жемеуге, жалған, өтірік айтпауға және т.б. адами қасиеттерді аяқ асты етпеуге шақырған. Оның атырапына жиналған жарандары сахабалар деп аталған. Олар пайғамбар дүниеден өткеннен кейін де Хақ дінді насихаттап, пайғамбар өсиетіне берік болған. Мұхаммед пайғамбар араға он жыл салып, қасына 100 мыңға тарта жарандарын ертіп, соңғы қажылығын өтеу үшін Меккеге келді. Сонда Ислам тарихында ерекше орны бар «Қоштасу қажылығын» жасады. Бұл қажылықта пайғамбар өзінің 23 жыл бойына Алланың үкімін жеткізгенін,

мұсылмандар Алланың кітабы мен пайғамбардың өсиетіне берік болса, тура жолдан таймайтынын нықтап жеткізді. Меккеде біраз күн болып, Мәдинаға келді. Сол жылы алпыс үш жасына қараған шағында 632 жылы Мәдина шаһарында дүниеден өтті. Пайғамбар дүниеден өткенімен де онын жеткізген Ислам діні күн сайын айнала-төңірекке тарала бастады. Алғашқы төрт әділ халиф тұсында көктен енген Қасиетті Құранды біріктіру жағы қолға алынды. Көп уақыт өтпестен пайғамбардың айтқан өсиеттері мен жасаған амалдарын жинау жағына баса назар аударылып, мұхаддистер хадис ілімінің негізін қалады. Мұхаммед пайғамбардың уағыздаған Хақ дінін бұл күнде бір жарым миллиардтан артық адам ұстанады. Бұл да болса, соңғы діннің мәңгілік өміршеңдігінен хабар берсе керек.

Мұхаммед ибн Әбу Бәкір – Мұхаммед пайғамбардың сахабаларынан. Алғашқы мұсылмандар халифы Хазірет Әбу Бәкірдің ұлы. Толық аты-жөні – Әбул Қасым Мұхаммед ибн Әб Бәкір әс-Сыддық Абдулла ибн Оспан әл-Құрайыши әт-Тайми (?-658 ж.). Кейіннен Мысыр әкімі болған.

Мұхаммед ибн Әт-Термизи – Ислам әлеміне белгілі мұхаддис. Толық аты-жөні – Әбу Иса Мұхаммед ибн Иса ибн Саура ибн Мұса ибн Заххак Суләми Буғи Термизи (824–892 жж.). Термиздің қасындағы Буғ қыстағында дүниеге келген. Жастайынан ілім үйренген. Самарқанд, Бұхара және Мары шаһарларында көптеген ғалымдардан дәріс алған. Нишапурда Имам Бұхаримен кездесіп, сұхбаттасқан. Сондай-ақ Имам Муслим мен Имам Әбу Дәуітпен де пікір алысқан. Хадис іліміне «хасан» (жақсы) хадис деген анықтама кіргізген. Бұған дейінгі хадистер рауиы мен иснадына байланысты «сахих» (дұрыс) және «заиф» (әлсіз) болып классификацияланған болса, осы Имам Термизи «сахих» пен «заиф» тың ортасындағы хадистерге «хасан» деп анықтама берген. Оның «Әж-Жәмиғу сахих» (немесе «Сунәни Термизи») еңбегі хадистану іліміндегі шоқтығы биік еңбектерден саналады. Сондай-ақ Имам Термизидің «Шәмәили нәбәуия», «Китәбуз-зуад», «Әсмәус-сахаба», «Әл-әсмәул-кунә», «Китәбул-иләл» деген еңбектері бар.

Мұһажир – Мұхаммед пайғамбарға еріп Меккеден Мәдинаға көшіп барған мұсылмандар. Сондай-ақ Меккеден Хабашистанға көшіп, одан қайтып Мәдинаға келген сахабаларды да мұһажир деп атаған. Олар хақ дінге шынайы иман келтіргендіктен де, барша мал-мүлкін, үй-жайын, тіпті отбасын тастап, Мәдинаға келген. Сонда жергілікті халық яғни ансарлар олармен өздерінің мал-мүлкімен бөліскен. Халифаттық дәуірлерде мұһажирлердің дін тарату мен Алланың дінін насихаттаудағы ерліктері ескеріліп, көптеген жеңілдіктер берілген.

Мүмін – Исламның алғашқы жылдарындағы Мәдина үмметінің өкілі. Шариғат шарттарын толық орындаған пенде мұсылман деп аталған. Алғашқы жылдары екі атау екі мағынада қолданылғанымен де, кейіннен мұсылман

мен мүмін сөздері сінісіп, иман келтіруші деген мағынаға ие болған. Ислам ғұламалары бұл атауға бірнеше анықтама берген. Әлі сүннет уәл жамағат ғұламалары мүмін дегенде шынайы жүреппен сенетін, шариғат шарттарын шын бқыласымен жасайтын пендені атаған.

Мүңкір-Нәңкүр – Адамзат баласы дүниеден өткенде қабірде сұрақ-жауап алатын екі періштелер. Қабірге кірген пендеден дінін, кітабын, қыбласын сұрап, алғашқы сынақты алады. Осы сұрақтарға жауап берген пенденің қабірі қияметке дейін кең болып тұрады, ал сұрақтарға жауап бере алмаған күнәһар пенденің қабірі, керісінше, тар болып, мәйітті қиямет қайымға дейін қысып тұрады. Мүңкір-Нәңкүр аттары Қасиетті Құран аяттарында кездеспегенімен де, пайғамбар хадистерінде аталады.

Мүфти – Шариғат саласының білімпазы, діни-құқықтық мәселелер бойынша үкім шығарушы. Оның шығарған үкімдері фәтуаларда баяндалып, мұсылмандар үшін кеңінен қолданылады. Ең алғаш муфтилер Хазірет Оспанның халифалық кезінде Мысырда тағайындалған. Содан бері муфтилер діни-құқықтық мәселелер бойынша фәтуа құқықына ие болған. Бұл күнде әр елдің өзінің муфтиі болып, сол елдегі зекет, пітір садақаға қатысты мәселелерге үкім шығарады.

Мүшрік – Алланың Жалғыздығын мойындамастан, Оған серік қосушы. Таухид іліміне қарсы шығушы. Қасиетті Құранда Алланың серігі жоқ, жалғыз екендігі бірнеше жерде айтылған.

Мысыр – Бүгінгі Мысыр Араб Республикасы.

Мінбер – Мешітте имамның шығып (не мініп) уағыз-насихат айтатын орны. Алғашқы мінбер орындық секілді болып, 628 жылы Мұхаммед пайғамбар жарандарына уағыз айтқанда соған отырған. Пайғамбардың осы мінберінен Хазірет Әбу Бәкір, Хазірет Омар және Хазірет Оспан пайдаланған. Ал, Хазірет Әлидің дәуірінде Куфада екінші мінбер пайда болған. Мұғауияның халифалық кезінде Дамаскіде де мінбер жасалған. 748 жылы Марыда Әбу Муслим жеңіске жеткеннен кейін мінберлер кафедра секілді бола бастаған.

Н

Намаз – Исламдағы бес рүкіннің екіншісі болып, мұсылмандар үшін орындалуы шарт болған құлшылық. Күніне бес рет намаз оқу парыз саналған. Олар: бамдат (таң намазы), бесін, асыр, шам және құптан. Намаз пайғамбардың Миғражқа шыққанында парыз етілген. Намаздың парыз, уәжіп және сүннет деген түрлері бар. Бес уақыттан басқа және жұма намазы да парыз деп есептелген. Екі айт намазы уәжіп саналады. Сондай-ақ пайғамбардың оқыған намаздары сүннет деп оқылады.

Намруд – Ибраһим пайғамбар тұсындағы патша. Ибраһим пайғамбар қауымын хақ дінге шақырмақшы болғанда Намруд оған қарсы шыққан. Оны

тірідей отқа тастамақшы болған. Алайда, Алланың құдіретімен Ибраһим пайғамбар оттан аман-есен шыққан.

Нәжәф – Бүгінгі Ирактағы қаланың аты, Куфадан батысқа қарай 10 км. қашықтықта орналасқан жердің аты. Деректерде Хазірет Әлидің қабірі сонда екендігі айтылады.

Нәжәши – Ежелгі Хабаш жұртының патшасы. Деректерде Мұхаммед пайғамбар дүниеге келерден біраз уақыт бұрын Нажаши карамағындағы Санға шаһарының әкімі Әбраһаның кеңесімен Санғада Қулайыс деген үлкен ғибадатхана тұрғызған. Қулайысты ешкім де зиярат етіп келмеген. Оған ашуланған Әбараһа Нажашидан Меккедегі Қағбаны талқандау үшін әскер сұрағанда, ол жорыққа рұқсат берген. Алайда, бұл жорық сәтсіз аяқталып, жеңіліске ұшыраған.

Нұх пайғамбар – Қасиетті Құранда аты аталатын ұлық пайғамбарлардан. 950 жыл өмір сүрген. Өз қауымын Хақ дінге шақырған, алайда қауымы оның үгіт-насихатына құлақ аспастан, оған қарсы шыққан. Сонда Алла Тағалаға жалбарынып, имансыздарды жазалауын сұраған. Алла оған үлкен кеме жасауға бұйырған. Кеме дайын болғанда Алла Нұх пайғамбарға әр жануардан бір жұптан салуды және өзіне ерген имандыларды да кемеге отырғызуды бұйырған. Жер бетін топан су қаптаған. Имансыздың бәрі опат болған. Бірнеше айдан кейін кеме Жуди тауына тоқтаған. Қасиетті Құранда «Нұх» деген сүре де бар. Сондай-ақ Қасиетті кітаптың 43 жерінде Нұх пайғамбар туралы мәлімет берілген.

0

О дүние – акирет, мәңгілік дүние. Кейде «Дәрул-бәқа» яғни мәңгі бақилық дүние деп те атайды. Діни сенім бойынша бұл дүние фәни яғни өткінші болып, о дүние мәңгілік тұрақ мекен болып есептеледі. Сондықтан да ертеңгі күнін ойлаған пенде бұл сынақ дүниеде барынша жақсы іс-әрекеттер жасауға талпынады.

Омар ибн Хаттаб – Ислам әлеміне Хуләфәи рашидин деген атпен танымал болған төрт әділ халифтың бірі. Мұхаммед пайғамбардың ардақты сахабаларынан. Тірі кезінде жұмақпен сүйіншіленген он сахабаның бірі. Дін жолындағы барша ғазуаттарға қатысқан. Хазірет Әбу Бәкірден кейін халифалық таққа отырған. Оның халифалық кезінде Ирак, Сирия, Мысыр, Ливия, Иранның біраз бөлігі фатх етілген. Оның басшылық кезінде көптеген саяси-әлеуметтік өзгерістер болған. Сахабалар мен ғазуатшыларға арнайы айлық тағайындалған, оларға азық-түлік үлестіріліп тұрған. «Мұсылмандар әмірі» деген лауазымды бірінші болып иеленген. Сол кезде мұсылмандар жыл санағы хижри болып бекітілген. Деректерде оның әділ, батыр әрі көреген басшы болғандығы айтылады. Оның дәуірін Ислам тарихшылары «Алтын дәуір» деп есептейді. 644 жылы Басра әмірі Мұғира ибн Шұғбаның мәжуси құлы Әбу Лулуат тарапы-

нан өлтірілген. Денесі Мұхаммед пайғамбар мен Хазірет Әбу Бәкірдің қасына қойылған.

Ораза – Ислам дініндегі негізгі бес рүкіннің үшіншісі. Әрбір дені сау, балиғат жасына жеткен және сапарда болмаған адам Рамазан айында бір ай бойы ораза ұстауы шарт. Бұл негізгі міндеттердің (парыз ай) бірі болып саналады.

Оспан ибн Аффан – Ислам әлемінде Хуләфәи рашидин деген атпен танымал болған төрт әділ халифтың үшіншісі (575–656 жж.). Исламды алғаш қабылдаған пайғамбар сахабаларынан. Тірі кезінде жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі. Алғашында пайғамбардың Рұқия деген қызына үйленген, кейін о қайтыс болғаннан кейін екінші қызы Умм Кулсімге үйленген. Сондықтан да «Зиннурейн» яғни «Екі нұрдың иесі» деген атқа ие болған. Хазірет Омардан кейін мұсылмандар тарапынан халиф етіп сайланған. Оның билігі кезінде Сасанидтер билігі түгелімен фатх етілді, оның бұйрығымен Қасиетті Құран кітап қалпына келтіріліп, жеті нұсқаға көшіріліп, жан-жаққа жіберілген, Мәдинадағы пайғамбар мешіті кеңейтілген, Рума арығы қазылған. Ислам дұшпандары оған қарсы шыққан. Мәдинада Құран оқып отырған жерінде шейіт етілген.

П

Парыз – Алла Тағаланың пенделеріне жіберген әрі орындалуы шарт болған амалдары. Парыз діндегі негізгі міндеттің бірі саналып, оны орындамаған пенде күнәһар деп есептеледі. Шарифатта парыз – «Парыз ай» және «Парыз кифая» болып екіге бөлінеді. Парыз айнды әрбір мұсылманның орындауы міндетті (намаз, ораза, зекет және т.б. секілді), ал парыз кифаяны сол қауымнан не ортадан бірнеше адам орындаса, басқалардың мойнынан түсетін амал (жаназа намазы, жамағатқа біреу сәлем бергенде, арасынан біреу жауап берсе, басқалардың жапа-тармағай сәлем беруі шарт емес секілді т.б.). Шарифатта «Қырық парыз» түсінігі бар. Балиғат жасына жеткен, дені сау әрбір мұсылманның осы қырық парызды біліп, соған амал етуі бұйырылған. Онда негізінен Аллаға құлшылық-ғибадат міндеттері ашып айтылған.

Періште – Діни түсінік бойынша, Алланың әмірін орындайтын жаратылыс. Араб тілінде «мәләк» деп аталады. Олардың нақты санын Алла біледі. Қасиетті кітаптарда Жебірейіл, Микәйіл, Исрафил және Әзірейіл секілді үлкен төрт періштенің аты аталады. Сондай-ақ бұлардан басқа жәннат пен тозақ періштелері, қабірдегі періштелер секілді періштелер де бар. Алланың періштелерінің барлығына иман келтіру әрбір мұсылманға міндет болып есептеледі.

Пырақ – Мұхаммед пайғамбарды көкке алып ұшқан жануар. Діни риуаяттарда пырақтың аттан кіші, хашырдан үлкен екендігі, ұшқанда желдей есетіндігі айтылады. Қасиетті Құранның «Исра» сүресінің алғашқы аятында Мұхаммед пайғамбарды пырақ аттың, әуелі Акса мешітіне алып барғандығы, содан кейін

жеті қат көкке алып ұшқандығы айтылған. Миғраж тақырыбын көтерген ақын-шайырлардың бәрі пырақ атты өздерінше суреттеп берген. Сүлеймен Бақырғанидың «Миғражнама» дастанында пырақ мейлінше баяндалған.

Р

Раббани – Тәңірлік, Жаратушылық.

Раббы – Жаратушы, яғни Алла.

Рамазан – Мұсылманша һижри жыл санауындағы тоғызыншы ай. Мұсылмандар үшін қасиетті деп есептеліп, осы айда ораза ұсталады. Себебі бұл айда ең алғаш бес аят түскен. Сондықтан да бұл айды кейде Құран айы деп те атайды. Осы айда Қадыр түні бар. Сол бір түнде орындалған құлшылықтың сауабы мың айдан да артық деп есептеледі. Ғалымдар Қадыр түнінің Рамазан айының соңғы он күндігінде, соның ішінде тақ күндерде кездесетіндігін айтқан. Көптеген ғалымдар со түнді 26-нан 27-не қараған түн деп есептеген.

Рауза – Мұхаммед пайғамбардың жатқан жері. Мәдинадағы Пайғамбар мешітінің ішінде. Пайғамбардың қасында Хазірет Әбу Бәкір мен Хазірет Омар жатыр.

Рауи – Хабаршы. Алла елшісінің хадистерін жеткізуші.

Рахим – Алла Тағаланың өзіне тән тоқсан тоғыз есімінің бірі. Қайырымды, мейірімді деген мағына береді. Ислам ғалымдары «Рахим» деген ұғымға «Алла Тағаланың о дүниеде тек мұсылмандарға ғана мейіріммен қараушы», – деп анықтама берген.

Рахман – Алла Тағаланың өзіне тән тоқсан тоғыз есімінің бірі. Қайырымды, мейірімді деген мағына береді. Ислам ғалымдары «Рахман» деген ұғымға «Алла Тағаланың бұл дүниеде мұсылман не кәпір, иманды не имансыз болсын, бәріне де мейіріммен қарап, ризық-несібе беруші», – деп анықтама берген.

Рәбиғул-әууәл – Мұсылманша һижри жыл санауының үшінші айы. Осы айдың он екісі дүйсенбі күні Алла елшісі Мұхаммед дүниеге келген.

Риуаят – Сөздікте хабарлау, әңгімелеу деген мағына бергенімен де, діни термин ретінде пайғамбар өсиеттерін жеткізуші рауидің айтқан хадистеріне қарата қолданылады.

Рия – Құлшылықты шынайы Алла үшін емес, халыққа көрсету, атақ-абырой жинау үшін жасау. Екіжүзділік.

Рүкін – Исламда ең қажет саналған бес міндет, яғни діннің негізі. Олар: иман куәлігін айту, намаз оқу, ораза ұстау, дүниесі болса, зекет беру және байлығы жетсе, қажылыққа бару. Бұл бес парыз әрбір мұсылман үшін басты міндет болып саналады. Мұсылмандар Мәдинаға һижрет еткеннен кейін 18 айдан соң парыз етілген. Шарифатта оразаның парыз, уәжіп, нәпіл және мәкрүһ секілді түрлері бар. Парыз ораза Рамазан айының оразасы болса, уәжіп оразаға ұсталған нәпіл

оразаның қайта тұтылуы жатады. Ал нәпіл ораза деп, Шәууал айында алты күн ораза тұту, әр аптаның дүйсенбі және бейсенбі күндері ауыз бекіту саналады. Мәкрүһ деп айт күндері ораза ұстауды айтады.

С

Сағд ибн Әбу Уакқас – Мұхаммед пайғамбардың ардақты сахабаларынан. Толық аты-жөні – Мәлік ибн Уәһіб ибн Әбді Манаф әл-Кураиши Заһри (590–674 жж.). Алғаш дінді қабылдаған. Тірі кезінде жұмақпен сүйіншіленген он сахабаның бірі. Мұхаммед пайғамбардың сақшысы. Мәдинаға қоныс аударған мұһажирлерден. Батыр, өте мерген болған. Ұһүд соғысында пайғамбардың қасында тұрып мыңнан аса оқ атқан. Иранға жіберілген әскерге қолбасшы етіп тағайындалған. Сол соғыста Рүстем қолбасшылығындағы 40 мың ирандықты жеңген. Хазірет Омардың халифалық кезінде Куфаны құрған. Хазірет Оспанның өлімінен кейін саяси істерге араласпаған, халифалықтан дәметпеген. Мәдинаның сыртындағы үйінде 84 жасында дүниеден өткен. Өсиеті бойынша Бәдір соғысында киген және елу бес жылдан бері сақтап келген жүннен тоқылған киімімен жерленген.

Сағи – Қажылықта өтелетін шарттардың бірі болып, Сафа мен Маруа төбелерінің арасында жүгіру. Қағбаны тауап еткеннен кейін орындалады. Діни деректер бойынша, Ибраһим пайғамбар әйелі Хажар мен ұлы Исмайылды жапан далаға тастап кеткен уақытта Хажар анамыз су іздеп осы екі төбенің арасында жеті рет жүгірген делінеді. Содан бері қажылықта осы екі төбенің арасында жеті рет жүгіру міндет болып қалған.

Салауат – Алла елшісі Мұхаммедке мақтау мен мадақ айту. Намазда қағдатул әхирада (соңғы отырыс) отырғанда тәшәһһудтан кейін салауат оқылады.

Салман Фарси – Мұхаммед пайғамбардың ұлық сахабаларынан. Толық аты-жөні – Әбу Абдулла Салман әл-Фарси (?-658 ж.). Тегі Исфәһандық. Деректерде оның тоқсан жыл өмір сүргендігі, соның отыз жылында отқа табынған, отыз жылында христиан дінінде болған, соңғы отыз жылында мұсылман болған делінеді. Ислам дінін өзі іздеп тапқан. Сондықтан да пайғамбар: «Ақиқат айда болса да Салман Фарси іздеп табады», – деп оған жоғары баға берген. 627 жылғы Хәндәк соғысында Мәдинаның төңірегіне ор қаздырып, қорғану идеясын ұсынған.

Сара – Қасиетті Құранда аты аталатын Ибраһим пайғамбардың әйелі. Хазірет Исхак пайғамбардың анасы.

Сафа мен Маруа – Қажылықта өтелетін құлшылық орны. Мұсылмандар осы екі төбенің арасында жүгіреді. Оны сағи деп атайды. Сағи Сафа тауынан басталып, Маруада аяқталады. Екі төбенің арасы 450 метр.

Сахаба – Мұхаммед пайғамбармен бірге болған, онымен бірге ғазуаттарға қатысқан мұсылман. Сондай-ақ кейінірек Мұхаммед пайғамбарды өмірінде бір

рет болса да көрген мұсылманды да сахаба деп атай бастаған. Сахабалардың басым бөлігін мұһажирлер мен ансарлар құраған. Олар хақ діннің таралуы жолында барша ғазуаттарға қатысқан. Мұхаммед пайғамбар дүниеден өткеннен кейін де Алла елшісінен көрген-білгендерін кейінгі табиндерге жеткізіп, Хақ діннің одан әрі тарауына көп септігін тигізген.

Сахих – Ең сенімді деп есептелген пайғамбар хадисі. Ислам ғалымдары хадистердің қаншалықты Алла елшісіне қатыстылығын анықтау мақсатында пайғамбар өсиеттерін «сахих» яғни «ең сенімді», «хасан» яғни «жақсы» және «заиф» яғни «әлсіз» деп үшке бөлген. Рауилары мен иснадтарының толық шыққан хадисті «сахих» деп атаған. Сондай-ақ, тар мағынада Имам Бұхари, Имам Муслим және Имам Термизидің хадистер жинағы да «Сахих» деп аталады. Себебі Ислам әлеміне белгілі мұхаддис ғалымдар (Бұхари, Муслим және Термизи) өздерінің бұл жинақтарына пайғамбардың тек сахих хадистерін ғана кіргізген.

Сәжде – Намаз оқығанда маңдайды жерге қою. Сәждеде «Субхәнә раббиул әглә» дұғасы айтылады.

Сүлеймен – Қасиетті Құранда аты аталатын пайғамбарлардың бірі. Дәуіт пайғамбардың ұлы. Он үш жасынан таққа отырып, патша болған. Деректерде Алла Тағала оған жер бетіндегі барша мақұлықтардың тілін білетін қасиет берген. Желді пырақ қылып мінген. Хақ пайғамбар болып, қауымын тура жолға шақырған. Саба елінің күнге табынушы патшайымы Билқисті (кейде Балқис) Хақ дінге үгіттеген. Пайғамбарлардың ішінде оның мал-мүлкі мен патшалығына сай келетін пайғамбар болмаған. Қасиетті Құранның 17 жерінде Сүлеймен пайғамбар туралы мәлімет берілген.

Сүннет – Мұхаммед пайғамбардың айтқан сөздері, істеген амалдары мен іс-әрекеттері. Пайғамбар сүннеті Қасиетті Алла кітабынан кейін тұрады. Ғалымдар пайғамбардың айтқан сөздерін, істеген іс-әрекетін, дене-бітімін (халқи), мінез-құлқын, өмір сүру дәстүрін сүннет деп атаған. Сондай-ақ сахабалардың істеген іс-әрекеті мен амалын пайғамбар мақұлдаған, немесе оған тыйым салмаған болса, оны да сүннеттің аясында қарастырған. Сүннет VII ғасырдың ортасынан бастап жинала бастаған. IX ғасырда сүннетті жинаудың дамығаны соншалық, бұл ғасыр «Хадистанудың алтын ғасыры» аталған. Осы дәуірде Имам Бұхари, Имам Термизи, Имам Муслим секілді атақты мұхаддистер шығып, Алла елшісінің өсиеттерін бір жүйеге түсірген.

Сүре – Құранның ішкі бөлімдері. Сүре Құранның бір бабы болып, кем дегенде үш аяттан тұрады. Құранда 114 сүре бар. Сүрелер Меккелік және Мәдиналық болып екіге бөлінеді. Ең қысқа сүре «Кәусар» үш аяттан тұрса, ең ұзыны «Бақара» болып, 286 аятты өз ішіне алған.

Сыддық – Хазірет Әбу Бәкірдің лақабы. «Шынайы жүрегімен иланушы» деген мағына береді. Мұхаммед пайғамбардың Миғражға шыққанын ең бірінші коштаған Хазірет Әбу Бәкір болған. Сондықтан да оған осы лақап берілген.

Т

Табин – Ислам тарихында сахабалардан кейін тұратын мұсылмандар. Сахабалардың көзін көріп, олармен сұхбаттас болғандарды табин (ізбасар) деп, ал табиндердің тәлімінде болғандарды таба табин деп атайды. Табиндердің Ислам тарихында алар орны ерекше. Олардың арасынан көптеген ғалымдар шыққан. Табиндер дәрежесіне қарай кубра (ұлық), уста (орта) және суғра (кіші) болып үшке бөлінеді. Сахабалардан көп тәлім алған Сағид ибн әл-Мусаиб, Уруа ибн Зубәйр, Алқама ибн Қайс – кубраға, Хасан Басри, Мұхаммед ибн Сири, Мұжаһид, Икрима, Қатада, Омар ибн Әбдуләзиз – устаға, сондай-ақ Ибраһим ән-Нахаилар суғраға жатқан.

Тақуа – Алланың азабынан қорқушы, дініне берік діндар. Дінге қатты берілген тақуа қашан да харам мен күмәнді нәрселерден бойын аулақ ұстайды. Жүрсе-тұрса Жаратушыны ойлап, сауапты амалдарды көптеп жасауға тырысады.

Талак – Шариғат бойынша некені бұзу. Ер адамның осы сөзді айтуымен белгілі бір уақыт өткенде әйелімен ажырасады. Онда да әйелдің ғиддеті (уақыты) біткенше күйеуінің үйінде тұрады. Шариғат бойынша, екі талақтан кейін де ер мен әйелді қайтадан қосуға болады. Алайда, үшінші талақтан кейін әйел басқа бір ер адамға тұрмысқа шығуы тиіс болады. Мұның бәрі ажырасуды барынша тыюдан туған мақсат.

Тауап – Қажылықтың басты шарттарының бірі болып, Қағбаны айналу құлшылығы. Қажылыққа барғандар үш рет тауап амалын жасайды. Сондай-ақ Меккенің айналасында тұратын мұсылмандардың қажылықтан басқа күндері де Қағбаны айналып құлшылық етуі тауап деп аталады. Тауап еткенде қара тастың тұсынан басталып, сағаттың тіліне қарсы жеті рет айналады.

Таухид – Алланың Бірлігі, ешқандай да серігі не жолдасы жоқ екендігі туралы ілім. Ислам монотеистік дін болғандықтан да, таухид ілімі Ислам дінінің негізгі тірегі болып саналады. Сондықтан да Алланың Барлығына, Бірлігіне, Оның зати һәм субути сипаттарына, көркем есімдеріне (әсмәу хуснә) күдік келтірген адамның діннен шығу қаупі бар. Қасиетті Құранның 112-ші сүресі «Ықылас» аталып, сонда таухид ілімінің негізгі шарттары қамтылған. Онда Алланың жалғыздығы, ешкімге мұқтаж еместігі, тумағандығы және туылмағандығы, сондай-ақ жаратылыста ешкімге де ұқсамағандығы ашып айтылған.

Таяммум – Дәреттің бір түрі. Әдетте су болмаған жағдайда шариғат топырақпен дәрет алуға бұйырады. Таяммум Құран мен хадисте ашып айтылған. Негізгі төрт парызы бар. Олар: Ниет ету, таза топырақты жерді табу, екі қолын жерге ұрып, жүзіне сұрту және ұрып, екі қолының білегіне дейін сұрту.

Тәжуид – Құранды қырағатпен, өзіне тән мақаммен оқу. Құранды жанадан үйренушілерге тәжуид үйретіледі. Тәжуид акырын (тәртил), орташа (хадр) және тез (тәдуир) деп үшке бөлінеді.

Тәнбиһул-ғафилин – Әбу Ләйс Нәсір ибн Мұхаммед ибн Ахмет ибн Ибраһим әс-Самарқандидың (?-1003 ж.) ақида мен фикһқа қатысты еңбегі. «Ғапілдарға ескерту» деп аталатын бұл еңбекте Исламның негізгі шарттары мен құндылықтары жеке-жеке баптарға бөлініп, жүйелі түрде берілген.

Тәпсір – Адам баласының шамасы келгенше Алланың кітабына түсінік беруі. Құранға тәпсір жасау Мұхаммед пайғамбар тұсында бастау алған. Пайғамбар Қасиетті Құран аяттарындағы түсініксіз жерлерді сахабаларға түсіндіріп берген. Кейіннен сахабалар да табиндерге үйреткен. Кейіннен жеке ғылым ретінде қалыптасты. Мұхаммед пайғамбардан кейінгі тәпсіршілер ретінде Әбу Бәкір Сыддық, Омар ибн Хаттаб, Оспан ибн Аффан, Әли ибн Әбу Тәліп, Абдулла ибн Аббас, Абдулла ибн Аббас, Убәй ибн Кағбтардың есімі зор құрметпен аталады. Тәпсірден ең алғаш кітап жазған ғалым Әбдімәлік ибн Журайж. Бүгінде тәпсір кітаптары көптеп саналады.

Тәспі – Алланы ұлықтау, пәктеу. Намаздан кейін әр мұсылман «Субханалла» сөзін 33 рет, «Әлхәмду лилләһ» сөзін 33 рет және «Аллаһу әкбәр» сөзін 33 рет айтып, тәспі тартады.

Тәурат – Алла Тағаланың Мұса пайғамбарға жіберген кітабы. Қасиетті Құранда Тәурат туралы: «Күдіксіз Тәуратты түсірдік, онда тура жол және нұр бар. Аллаға бой ұсынған пайғамбарлар, Яһудилерге онымен үкім етер еді» (Мәид, 44), – деп анықтама берген. VIII–X ғғ. бастап Тәурат грек, көне йәһуди және латын тілінен арабшаға тәржімаланған. Содан бастап Ислам ғұламалары ондағы Мұхаммед пайғамбарға қатысты жерді айғақ ретінде пайдалана бастаған. Ислами көзқарас бойынша, бұрынғы Тәурат пен бүгінгі Тәураттың арасында жер мен көктей айырмашылық болып, көптеген өзгерістерге ұшыраған. Соның нәтижесінде бүгінгі йәһудилердің кітабы Талмуд дүниеге келген.

Тіләуәт – Құран аяттарын тәжуидпен, белгілі бір мақаммен оқу. Қырағаттан айырмашылығы – Құран аяттарынан басқа өлең-жырларды да өз әуенімен оқуды қырағат десе, ал тіләуәт деп тек Құран аяттарын ғана мақаммен оқуды айтады.

У

Уарақа ибн Нәуфал – Мұхаммед пайғамбардың алғашқы әйелі Хазірет Хадишаның немере бауыры. Инжілді көп оқитын болған. Мұхаммед пайғамбарға алғаш уахи келе бастағанда Хазірет Хадиша оны Уараканың алдына ертіп барған. Сонда Уарақа пайғамбарға келіп жүрген Алланың барша елшілеріне келетін Жебірейіл періште екенін айтқан.

Уахи – Алла Тағаланың өз пайғамбарларына періштелер арқылы жеткізген қаулы-үкімдері. Уахи анық етіп жіберілген. Кейде кейбір уахилар түс арқылы да түскен. Мысалы Хазірет Ибраһимға «Ұлың Исмайылды құрбандыққа шал» деген бұйрық түсте келгенімен де, уахи деп есептеледі. Соңғы пайғамбар Мұхаммедке қырық жасқа келген уақытта уахи түсе бастаған. Соның нәтижесінде Қасиетті Құран аяттары түсіп, Ислам діні жайылды.

Уәжіп – Исламда орындалуы шарт болған амалдың бірі. Орындалуы жағынан парыздан кейін, сүннеттен алдын тұрады. Деректерде пайғамбарларға парыз болған амал, үмметке уәжіп болады делінеді. Уәжіп амалын орындамаған адам діннен шықпаса да, үлкен күнә болып есептеледі.

Умаия ұлдары – Омаядтар династиясының өкілдері. Хазірет Әли қайтыс болғаннан кейін атақты сахаба Әбу Суфиянның ұлы Мұғауия Омаядтар династиясының негізін қалаған. Орталығы Дамаск болған. 661–750 жылдар аралығында билік басында болған бұл әулеттің кезінде Солтүстік Африка, Мәураннаһр, Табаристан секілді ірі аймақтар фатх етілген. Халифалықтың соңғы жылдарында халық наразылығы күшейген. Әбу Муслим бастаған көтерілісшілер 750 жылы Умаия ұлдарын биліктен қуып, орнына Аббас әулетін алып келді.

Ұ

Ұһүд соғысы – 625 жылы 23 мартта Мәдинаның жанындағы Ұһүд тауында мұсылмандар мен мүшіріктер арасында болып өткен соғыс. Бәдір соғысында жеңіліс тапқан меккеліктер мұсылмандардан өш алу үшін жолға шыққан. Мекке мүшіріктері 3000 тарта адам болып, оның 200 атты әскер және 800 тарта адам сауыт-сайман киген. Ал мұсылмандар 700 адам болып, оның 100 ғана сауыт асынған. Екі жақта да әскери айла-тәсілдер жасалған. Пайғамбардың әмірін орындамаған садақшы сахабалардың өз міндеттерін толық орындамауынан мұсылмандар жеңілуге мәжбүр болды. Мұхаммед пайғамбар қоршауда қалып қойып, жараланған, қасиетті тісі осы соғыста сынған, 70-тен артық мұсылман шейіт болған, ал мүшіріктерден 19 адам қайтыс болған.

Ү

Үммет (үмбет) – Мәдинада Мұхаммед пайғамбардың артынан барып, Ислам дінін қабылдаған адамдар тобы. Алғашында соларды ғана үммет деп атаған. Алайда, кейіннен мұсылмандардың синонимі ретінде қолданылған.

Үммү Күлсім – Мұхаммед пайғамбардың төрт қызының бірі. Анасының аты – Хазірет Хадиша. Хазірет Оспан алғашында Пайғамбардың қызы Рұқияға үйленген. Ол қайтыс болғаннан кейін Үммү Күлсімді алған. Пайғамбардан бұрын қайтыс болған.

Ф

Фақиһ – фих ілімінің маманы. Исламдағы шариғат шарттарын жетік білген ғалымдарды айтады. Ислам әлемінде фақиһтар мыңдап саналады. Солардың негізгілері қатарында Имам Ағзам, Имам Шафиғи, Имам Ханбал және Имам Мәліктердің аттары зор құрметпен аталады.

Фатима – 1. Мұхаммед пайғамбардың төрт қызының бірі. Анасының аты – Хазірет Хадиша. Толық аты-жөні – Фатима бинт Мұхаммед әз-Заһра (605–632 жж.). Меккеде туылған. Мұсылмандар әмірі Хазірет Әлиге тұрмысқа шыққан. Пайғамбардың немерелері Хазірет Хасан мен Хазірет Хусейннің анасы. Пайғамбардың ұрпағы Фатимадан тарайды. Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін алты айдан соң дүниеден өткен. 2. Мұхаммед пайғамбардың ұлық сахабаларынан болған Әбу Зар Фифаридың қызы.

Ферғауын – Ежелгі Мысыр патшаларының аты (не титулы). Тарихта Ферғауындардың отыз бір династиясы белгілі. Ал Құранда аты аталған Ферғауын Мұса пайғамбардың заманында өмір сүрген. Залымдығымен аты шыққан патшаға Алла Мұса пайғамбарды жібереді. Алайда, ол Хақты танудан бас тартып, өзін Құдаймын деп жариялайды. Хаққа мойынсұнғандарды қудалайды. Мұса пайғамбар өз қауымымен Мысырды тастап шығуға бел байлайды. Алланың құдіретімен Ніл өзенін кешіп өткен уақытта артынан қуып келе жатқан Ферғауын мен оның әскері суға батып өледі. Ферғауын аты Қасиетті Құранның 74 жерінде кездеседі.

Фих – Мұсылмандардың жүріп-тұру, өмір сүру қағидалары туралы мұсылман құқығы. Кең мағынада шариғат деп те қолданылады.

Х

Хадис – Сөздікте «хабар», «жаңалық» деген мағына береді. Діни термин ретінде Мұхаммед пайғамбардың айтқан сөздері, істеген істері және көрсеткен амалдары. Хадис келіп түсуі жағынан екіге бөлінеді: мағынасы Алла Тағаланыкі болып, пайғамбар тарапынан айтылған хадистерді – Құдси хадис, ал пайғамбардың өзінің айтқан сөздері мен істеген амалдарын Нәбәуи хадис дейді. Сондай-ақ хадистер мазмұны жағынан үшке бөлінеді. 1. Сахих хадис; 2. Хасан хадис; 3. Заиф хадис.

Пайғамбар заманында хадистерді топтастыруға тыйым салынған болатын. Ондағы мақсат Қасиетті Құран аяттары мен пайғамбардың хадистерін араластырып жіберуден сақтанғандық болатын. Алайда, пайғамбар дүниеден өткеннен кейін Алла елшісінің өсиеттерінің бұрмаланып кетуінен қорқып, ғұламалар хадистерді жинауды қолға алды. Бұл үрдіс, әсіресе, VIII ғасырдан бастап мықтап қолға алынды. Ислам әлемінде хадис ілімдерінің білгірлері көптеп саналады.

Солардың ішінде ең танымалдылары – Имам Бұхари, Имам Муслим, Имам Термизи, Әбу Дәуіт және т.б.

Хайбар – Мәдинаның солтүстігінде орналасқан өлке. VI–VII ғғ. ол жерлерде негізінен йәһудилер мен солардың дінін қабылдаған арабтар тұрған. Жері шалғын, егінге ыңғайлы, құрма ағаштары көп өсетін мекен болған. Ислам дұшпаны саналатын Хайбар йәһудилерін жазалау үшін мұсылмандар сол жерлерді фатх еткен, содан бастап Хайбар мұсылмандар қарамағына өткен.

Хаммад ибн Әбу Сүлеймен – Ислам әлеміне танымал факих. Толық аты-жөні – Әбу Исмайыл Хаммад ибн Әбу Сүлеймен Муслим ибн Йәзид әл-Исфәһани әл-Куфи (641–738 жж.). Куфада фикһ мәселесімен айналысқан. Ханафи мәзһабының негізін қалаушы Имам Ағзам Хаммад ибн Сүлейменнен дәріс алған.

Харам мешіті – Меккедегі Қағба орналасқан мешіт. Құранда «Мәсжидул-харам» яғни «Қасиетті мешіт» деп аталған. Бұл жер Исламнан алдыңғы Жәһилиет дәуірінде де көшпелі араб тайпаларының табынатын орны болған. 630 жылы мұсылмандар Меккені фатх еткеннен кейін, ол жер қасиетті деп саналған. Харам мешітінің ортасында Қағба, ауласында Зәмзәм бұлағы, төңірегінде Сафа мен Маруа таулары бар. Мұсылмандар үшін құлшылық орны. Алайда өзге діндегілер мен имансыздар үшін онда кіруге қатаң тыйым салынған. Бұл мешіт әлемде ең үлкен мешіт деп саналып, онда бір мезетте 1 миллионнан артық адам құлшылық ете алады.

Харун – Қасиетті Құранда аты аталған пайғамбарлардың бірі. Мұса пайғамбардың бауыры. Алла Тағала Мұсаға пайғамбарлықты беріп, оған сол заманның залым патшасы Ферғауынды дінге шақыруды бұйырады. Мұса пайғамбар тез әрі сәл сақауланып сөйлейтіндіктен де, ағасы Харунды өзіне көмекші етіп беруін Алладан сұраған. Тілге шешен әрі көркем сөйлейтін Харун Мұса пайғамбарға көмекші бола білген. Екеуі Ферғауынды Хақ дінге үгіттеген. Алайда, залым патша оларға құлақ аспаған, ақырында Алла оны опат еткен.

Харун әр-Рашид – Аббасидтер династиясының халифы (786–809 жж.). Толық аты-жөні – Әбу Жағфар Харун әр-Рашид ибн Мұхаммед әл-Мәһди Билләһ ибн Абдулла әл-Мансұр (763–809 жж.). Деректерде оның халифалық кезінде ғылым мен білімге көңіл бөлініп, сарай маңына ғалымдар мен шайырлар көптеп топталғандығы айтылады.

Хасан – Мұсылмандар әмірі болған Хазірет Әлидің (Хазірет Фатимадан туылған) ұлы. Мұхаммед пайғамбардың немересі. Толық аты-жөні – Хасан ибн Әли (625–669 жж.). Мәдинаде дүниеден өткен.

Хашим – Араб түбегін мекендеген араб руларының бірі. Мұхаммед пайғамбар Құрайыш тайпасының осы Хашим руынан шыққан. Исламнан алдыңғы дәуірде Меккедегі беделді рулардың бірі болған. Бұл рудан Исламның белгілі көптеген

ғалымдар мен оқымыстылар шыққан. X ғасырдан бастап Хижаз, Ирактағы саяси биліктерге кеңінен араласқан. Бүгінде Йордания мен Марокко корольдіктерінде осы Хашим әулеті басқарып келеді.

Хәндәк – 627 жылы Мәдинаның төңірегінде болған соғыс. Меккеден Әбу Суфиян бастаған он мың әскер мұсылмандарды жеңу үшін Мәдинаға қарай жолға шыққан. Сонда мұсылмандар Мәдинада тұрып, қорғану жағын камдастырған. Салман Фарсидың кеңесімен Мәдинаның төңірегіне ор (Хәндәк) қазылған. Үш апта бойы Мәдинаны қоршап алған мүшіріктер еш нәрсе істей алмастан қайтуға мәжбүр болған.

Хор – Жәннәттағы қыздар. Діни деректерде жәннәтқа түскен иманды жанның қасында хор қыздары қызмет ететіндігі туралы айтылған. Қасиетті Құранда хор қыздарының бүкіл кемшіліктен ада, сұлу, адам баласы тұрмақ, жындардың да қолы тимеген таза екендігі айтылған.

Хуләфәи рашидин – Мұхаммед пайғамбар дүниеден өткеннен кейін (632 ж.) билік басына келген төрт әділ халифке берілген жалпы атау. Ислам әлемін отыз жыл басқарған Хазірет Әбу Бәкір, Хазірет Омар, Хазірет Оспан және Хазірет Әли халифтардың заманында әділдік, туралық орнаған әрі өздері де елді әділ басқаруға тырысқан. Сондықтан да оларды «әділ халифтер» деп атаған.

Хусейн – Мұсылмандар әмірі болған Хазірет Әлидің (Хазірет Фатимадан туылған) екінші ұлы. Толық аты-жөні – Хусейн ибн Әли (626–680 жж.). Мұхаммед пайғамбардың немересі. Омаядтар династиясы билік басына келген уақытта Куфа халқы одан басшы болуын сұраған. Содан жетпіс адаммен Меккеден Куфаға қарай жолға шыққан. Алайда, оның халық арасындағы беделінен қорыққан Язид оны төрт мың әскермен қоршап алған. 680 жылы Хазірет Хусейн Кербалада шейіт болған.

Худайбия – Меккенің батыс жағында 17 км. қашықтықта орналасқан жер. Ескі Жидданың жолында. Мекке мүшіріктері мен Мәдина мұсылмандарының арасындағы келісім шарт осында жасалғандықтан да Ислам тарихында Худайбия келісімі деген атпен қалған.

h

Һәдие – сыйлық, тарту.

Һижрет – Мұхаммед пайғамбар мен оның жарандарының Меккеден Мәдинаға қоныс аударуы. Мекке мүшіріктерінен көп зәбір көрген мұсылмандар 622 жылы Мәдинаға қоныс аударуға мәжбүр болған. Қоныс бірнеше айға созылған. 638 жылы Хазірет Омардың халифалық кезінде мұсылмандар күнтізбесі ретінде һижри жыл санағы енгізіліп, 622 жыл мұсылмандар жыл санағының басы деп жарияланған.

Ш

Шағбан – Мұсылманша һижри жыл санағы бойынша сегізінші айдың аты. Исламдағы қасиетті төрт айдың бірі. Мұсылмандар осы айдың 13-15 күндері сүннет ораза ұсталады. Деректерде шағбан айының 3-күні пайғамбардың немересі Хазірет Хусейн, 5-күні екінші немересі Хазірет Хасан дүниеге келген делінеді. Сондай-ақ осы айдың 15-күні қыбла Құдыстан Меккеге қарай өзгертілген.

Шайқы – қараңыз: Шейх

Шайтан – Аланың қаһарына ұшыраған жынның аты. Алла оны оттан жаратқан, алайда әміріне мойынсұнбағаны үшін кейін лағынеттеген. Алла адамзат баласын сынап көру үшін шайтанға уақыт берген.

Шариғат – Алла Тағаланың үкімдерінің жиынтығы. Оны кейде фикһ деп те атайды. Шариғат үкімдері Құран, сүннет, ижмағ және қиястан тұрады. Орта ғасырлық Шығыс мұсылман елдерінде шариғат үкімдері қатаң орындалып, негізгі саяси-құқыққа ие болған. Бүгінде де кейбір Ислами елдерде шариғат шарттары негізгі ата заңның орнында қолданылады.

Шейіт – Алла Тағаланың разылығы үшін дін тарату жолында жан тапсыру. Шейіттікті Ислам ғұламалары орындалуы жағынан «Дүние шейіті», «Ақирет шейіті» және «Алла жолында шейіт» болып үшке бөледі. «Дүние шейіті» деген соғыста Алла разылығы үшін емес, дүние табу, олжалы болу, атакқа қол жеткізу үшін шығып, жан тапсырғанға қарата айтылады. Ғазауатшының қай ниетпен шыққаны белгісіз болғандықтан да, ол да нағыз шейіттер секілді жерленеді. Бірақ оның шынайы ниеті ақиретте белгілі болады. Ал, ақирет шейіттері тек қана Алланың құзырында шейіт болып есептеледі. Дүниеде кәдімгі адамдар секілді жерленуі мүмкін. Олар қырғын аурудан қайтыс болғандар, суға кеткендер, жығылған үйдің астында басылып өлгендер, өртеніп өлгендер, жүкті кезде жан тапсырғандар, мал-жанын қорғаймын деп көз жұмғандар және т.б. Шынайы Алла жолында ғазауатқа шығып, жан тапсырғандар шейіт болып есептеледі. Олар жуылмайды, қанды киімімен жерленеді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) бір хадисінде: «Тозақтың отын үш нәрсе өшіреді. Шейіттің қаны, ғалымның қаламының сиясы және Алладан қорыққан жанның көзжасы», – деген. Шейіттер туралы Қасиетті Құранда «Бақара» сүресінің 154, «Әли Ғымран» сүресінің 69-шы аяттарында да баяндалған.

Шейх – Ислам діні тараған елдердегі білімді адамдар, ғалымдар, діндарлар, ғұламалар және фақиһтар. Кейіннен сопылық тариқаттар пайда болғаннан кейін сол сүліктің (жолдың) рухани жетекшісі де шейх деп атала бастаған.

Шейх Әбу Йәзид Бистами – Тайфурия сопылық ағымының негізін қалаушы. Толық аты-жөні – Баязид Тайфур ибн Иса Әбу Йәзид Бистами (? – 875 жж.). Арғы-тегі отқа табынушылардан болған. Кейін Исламды қабылдаған. Өмірін Бистамда өткізген. Дүниеден өткеннен кейін оны «Султанул-арифин» яғни «Ғаріптердің

сұлтаны» деп атай бастаған. Ол сопылықтың теориясын жасап, иләһи (лахут) мен адами (насутты) рухты біріктіруге әрекет жасаған. Сол үшін де қатты қудаланған.

Шейх Жунейд Бағдади – атақты сопы-ғалым. Толық аты-жөні – Әбул Қасым әл-Жунейд ибн Мұхаммед әл-Қауарири әл-Хаззаз әл-Бағдади (?-910 ж.). Бағдадта дүниеге келген, әкесінен жастай айырылып, нағашысының қолында тәрбиеленген. Шафиғи мәзхабының фикһи мен хадис ілімін Әбу Саруа Ибраһим әл-Бағдадидан үйренген. Сопылық ілімнің қыр-сырын нағашысы Сари әс-Сақати мен әл-Харис әл-Мұхасибиден үйренген. Жунейд Бағдадидың «Рисала» деген шығармасы сақталған.

I

Ібіліс – Алланың қаһарына ұшыраған жындар қауымының басшысы. Шайтандардың үлкені. Өзәзілде Аллаға мойынсұнған, Жаратушы Адамды жаратқаннан кейін барша періштелерге оған сәжде жасауын бұйырған. Алайда, оттан жаратылған Ібіліс тәкаппарланып, Адамға сәжде жасаудан бас тартқан. Содан Алланың қаһарына ұшыраған. Алла адамзат баласын сынап көру үшін Ібіліске белгілі бір ақытқа дейін уақыт берген.

Інжіл – Иса пайғамбарға көктен түскен кітаптың аты. Алла Тағала Қасиетті Құранда Мәриям ұлы Исаға Інжіл түсіргендігін бірнеше жерде айтып өтеді. Інжіл кітабы алғашында дұрыс болған. Алайда, бергін келе адамдар тарапынан өзгертілген. Себебі Иса пайғамбардың тұсында Інжіл бір кітап етіп жиналмаған әрі оны жазып алушылар да болмаған. Иса пайғамбар көкке ұшып кеткеннен кейін бізге уахи келді бірнеше адам Інжілдің нұсқаларын жазып шыққан. Уақыт өтісімен Інжілдің нұсқалары көбейе берген. Христиан дінін ұстанушылар арасында қайшылықтар көбейген. Содан 325 жылы император Константин Никеяда үлкен мәжіліс шақырып, сонда Інжілдің барлық нұсқаларын жинатқан. Бұл мәжіліске 2048 патриарх қатысқан. Сонда 2000 аса пірадар Інжілдің ондаған нұсқасын алып келген. Сол жерде Інжілдің асыл нұсқасын анықтау мәселесін күн тәртібіне қойған. Ұзақ айтыс-тартыстардан төрт нұсқаны қалдырып, басқаларды жою керектігіне тоқталған. Сол төрт нұсқа мыналар: 1. Мұтта немесе Матфей нұсқасы; 2. Маркос (Марк); 3. Лука; 4. Йуханна. Алайда, мұсылмандар бұл нұсқалардың бәріне де күмәнмен қарайды. Себебі мұны жазушылардың бәрі де Иса пайғамбардан кейін өмір сүрген. Ең бастысы – Иса пайғамбар арамей тілінде сөйлеген болса, аталмыш нұсқаның бәрі де латын тілінде жазылған. Інжілдің арамей тіліндегі нұсқасының болмауы жаңағы нұсқаларға деген күдікті арттыра түскен. Сондай-ақ кейінгі кездегі зерттеулерде Інжілдің Варнава жазған нұсқасы да бар екені анықталып отыр. Ғалымдардың пікіріне қарағанда, бұл нұсқа басқа нұсқаларға қарағанда түпнұсқаға ең жақын болып есептеледі. Алайда, мұның өзінде де ауытқушылықтар жетіп-артылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы: Мектеп, 1971.
2. Аджи М. Полюнь половецкого поля. - М., 1994.
3. Argunşah M. Kirdecı Ali Kesikbaş kitabı. Ankara, 2002.
4. Ахметгалеева Я.С. Исследование тюркоязычного памятника «Кисекбаш китабы». – М.: Наука, 1979.
5. Ахметов З. Казахское стихосложение. - Алматы, 1964.
6. Әдеби жәдігерлер. 20 томдық. Насируддин Бурхануддин Рабғұзи. Пайғамбарлар қиссасы. 8 том. Алматы: Таймас, 2008.
7. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы, 1991.
8. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Ауд. Б. Әбілқасымов. - Алматы, 1992.
9. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Шығармалары. - Алматы, 1989.
10. Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. - М., 1963.
11. Баскаков Н.А. Тюркские языки. - М., 1960.
12. Бердібай Р. Дәстүр қуаты. - Алматы, 2005.
13. Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература. Избранные труды. - М., 1965.
14. Васильев Л.С. История религии Востока. - М., 1983.
15. Грюнебаум Г.Э. Классический ислам. - М., 1986.
16. Госман Х. Жәмжәмә солтан. Татар әдебиаты тарихынан студентларның практик дәресләре өчен уқу материаллары. – Казан: КДУ нәшр, 1970.
17. Гумилев Л. Көне түріктер. Ауд. Ә.Жұмабаев, П.Бейсенов. - Алматы, 1994.
18. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. - Алматы, 1974.
19. Дербісәлі Ә. Ислам және заман. - Алматы, 2003.
20. Ежелгі дәуір әдебиеті. Екінші кітап. Хрестоматия. - Алматы, 1991.
21. Eckmann J. Nehcül-Feradis. Uştmahlarning açuq yolu /Cennetlerin açık yolu/. Ankara, 2004.
22. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. - Алматы, 1983.
23. Егеубаев А. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі. - Алматы, 1999.
24. Екі мың жылдық дала жыры. - Алматы, 2000.
25. Исламова А.И. Исследование языка тюрко-татарского памятника XIV века «Дастан-и Джумджума султан» Хисама Кятиба: автореф. дис....канд. филолог. наук: 10.02.06 / Каз. гос. ун-т. – Казань: [б.и.], 1998.

26. Жолдасбеков М. Асыл арналар. - Алматы, 1986.
27. Закиров С. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом. - М., 1966.
28. Каскабасов С.А. Золотая жила. Избранные исследования. - Астана, 2000.
29. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. - Алматы, 1973.
30. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Алматы: Жазушы, 1986.
31. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. - Астана, 2000.
32. Кесікбас кітабы. Қазан: Черков хатун, 1895.
33. Китәбун мустәтаб рәунәкул исләм. Қазан: Университет баспаханасы, 1883.
34. Конрад Н.И. Запад и Восток. - М., 1972.
35. Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджана. - М., 1983.
36. Қасқабасов С. Абай және фольклор. - Алматы, 1995.
37. Қиссә-е Жумжумә. Казань: Типография В.Л.Домбровского, 1910.
38. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. - Алматы, 1988.
39. Қоңыратбаев Ә. Түркітану және шығыстану мәселелері. // Шығармалар жинағы. 2-том. - Алматы, 2004.
40. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности (тексты и исследования). - М.-Л., 1951.
41. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. - М.-Л., 1959.
42. Мәхмүд әл-Болғари. Нәһжел-Фәрадис. Казан, 2002.
43. Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. - Алматы, 1986.
44. Өмірәлиев Қ. VIII—XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. - Алматы, 1985.
45. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV в. «Гулистан» С.Сараи. Часть I и II, - Алматы, 1975.
46. Наджип Э. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIY века. Туркестан: Туран, 2004.
47. Наджип Э. Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур. Туркестан, 2007.
48. Нуриева Ф. Исторические и лингвистические условия формирования тюрко-татарского литературного языка золотоордынского периода. Казань: Казанский государственный университет, 2004. – 375 б.
49. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. - М.-Л., 1959.

50. Поспелов Г.П. Проблемы исторического развития литературы. - М., 1972.
51. Самойлович А. Тюркские языковедение. Филология. Руника. М.: Вост. лит., 2005.
52. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. Т.І. - Астана, 2003.
53. Севортян Э.Ю. Этимологический словарь тюркских языков. - М., 1974.
54. Сиражул-кулуб. Қазан: Университет баспаханасы, 1875.
55. Стеблева И.В. Поэзия тюрков VI—VIII вв. - М., 1965.
56. Стеблева И.В. Поэтика древнетюркской литературы и ее трансформация в раннеклассической период.-М., 1976.
57. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы, 1997.
58. Толстое С.П. По следом древнехорезмской цивилизации. - М., 1948.
59. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Том II.-М.-Л., 1941.
60. Тюркологический сборник. - М., 1973.
61. Тюркоязычный мир. - Алматы, 1997.
62. Тугушева Л.Ю. Раннесредневековый тюркский литературный язык. СПб., 2001.
63. Федоров-Давыдов Г.А. Искусство кочевников и Золотой Орды. - М., 1970.
64. Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. - М., 1966.
65. Хорезми. Мухаббат-наме. (Перевод Э.Н. Наджиба), - М., 1969.
66. Чалоянов.К. Восток-Запад. - М., 1968.
67. Şeyh Şeref Nace. Mu'inü'l-mürid. /hazırlayan Doç.dr. Ali Fehmi Karamanlıoğlu. İstanbul: Beşir kitabevi, 2006.
68. Щербак А.М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. - М., 1959.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов пятитомной «Антологии древней литературы» серии «Сокровища Великой степи» в рамках государственного задания «Разработка и изучение письменных литературных памятников древнего, средневекового периодов и подготовка антологии древней литературы» Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Основная цель настоящей антологии, впервые системно осуществляемое в нашей стране, – издание литературных памятников, вышедших отдельными книгами; 2) издание всех текстов, хранящиеся в рукописях; 3) издание текстов литературных памятников средневековья в первоначальном виде, в том, в каком они дошли до нас.

Третий том серии «Сокровища Великой степи» включает в себя памятники тюркской религиозно-дидактической литературы периода Золотой Орды.

